

М. Кемали

**АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ
және оларды қорғаудың
тетіктері**

NURPRESS

М. Кемали

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ және оларды қорғаудың тетіктері

«ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ОҚУ ЗАЛЫ 00226624

NURPRESS

Алматы

2019

УДК 347.1(075.8)
ББК 67.404я73
К 29

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің ғылыми кеңесі ұсынған*

Рецензенттер:

Бусурманов Ж. Д.— заң ғылымдарының докторы, профессор,
заң ғылымдары академиясының академигі;
Баймаханова Д. М.— заң ғылымдарының докторы, профессор;
Журсимбаев С. К.— заң ғылымдарының докторы, профессор.

Кемали М. С.

К 29 **Адам құқықтары және оларды қорғаудың тетіктері:**
Оқу құралы.— Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2019.— 396 бет.

ISBN 9965-830-29-0

«Адам құқықтары және оларды қорғаудың тетіктері» — жоғары оқу орындарындағы заң факультеттеріне қажетті өте маңызды оқулық, себебі Қазақстан Республикасы Конституциясында «ең қымбат қазына — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» — деп көрсетілген. Осындай деп Ата заңда бекіту мемлекеттен адам құқығы мен бостандығын тек қана мойындау емес, оны міндетті түрде қорғауды талап етеді. Оқулықта адам құқықтарының түсінігі мен мәні, құқықтық мәртебенің ұғымы және құрылымы, оны қорғаудың халықаралық тетіктері, республикада адам құқықтарының сақталуы жөнінде мемлекеттік бақылау жүйесі және басқа да мәселелер қаралған.

Оқулық заң саласындағы жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттер мен магистранттарға және басқа де оқырмандарға арналған.

УДК 347.1(075.8)
ББК 67.404я73

ISBN 9965-830-29-0

© Кемали М. С., 2019
© «NURPRESS» баспасы, 2019

АЛҒЫ СӨЗ

Халықаралық деңгейде адам құқықтары XX ғасырдың екінші жартысында үлкен қарқынмен дами бастады. Егер бұрын адамның құқықтары тек ішкі мемлекеттік құқықпен ғана реттелсе, бұдан әрі мемлекеттердің өз дамуында тұтастай алғанда адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған халықаралық-құқықтық шараларды әзірлеп, қабылдау қажеттілігі туындады. Халықаралық қауымдастық баршамен танылған құқықтар тобын конвенциялар, пактілер мен келісімдер арқылы заңдастыра отырып, адам құқықтарын қорғаудың халықаралық тетіктерін әзірлеп, туындаған мәселенің маңыздылығын ұғынды.

Қазақстан — егеменді жас мемлекет. Қазіргі таңда халықаралық қауымдастықтың құрамдас бөлігі және толық құқықты, дербес субъектісі бола отырып, онда тиісті орынды иеленіп отыр. Кез келген елдің шынайы демократизмі мен ізгілігінің басты, анықтаушы белгісі сол мемлекеттің Конституциясында тұлға бостандықтарының кепілдіктерін, сол сияқты оның заңсыздықтан қорғалғандығын бекіту болып табылады. Сондықтан республика тәуелсіздік алған күннен бастап құқықтық мемлекет және азаматтық қоғамды құруға стратегиялық бағытты қолға алды.

Қазақстанның тәуелсіздігі кезеңінде халықаралық-құқықтық актілерде бекітілген құқықтардың жай-күйін түбегейлі жақсартуға бағытталған іс-шаралар біртіндеп және толассыз жүргізіліп жатыр. Қазіргі уақытта осы процестерді әрі қарай тереңдету және кеңейту мақсатында мемлекеттің белгілі бір стратегиясы қалыптасқан.

Негізінен алғанда мемлекетте қолданыста жүрген заңнама базасы едәуір түрде жаңартылды. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланды. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылды.

Адамның негізгі құқықтары және бостандықтарымен тікелей байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Әкімшілік, Еңбек, Азаматтық іс жүргізу кодекстері тәрізді жаңа кодификацияланған актілер қабылданды. Жаңаланған қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес қылмыстық сот төрелігі тараптардың тең құқықтылығы және сайыскерлігі негізінде жүзеге асырылады. Қылмыстылықпен күрес жүргізу құралы ретінде қылмыстық сот ісін жүргізудің орнына азаматтар құқықтарының кепілдерін қамтамасыз ету жүйесі ретінде қылмыстық сот ісін жүргізу қағидалары қалыптасты. Қылмыстық ізге түсудің барлық сатыларында алдын ала тергеу және прокуратура органдарының шешімдері мен әрекеттерінің заңдылығына және негізділігіне сот бақылауын жүргізу қағидасы кең ауқымда жүзеге асырылуда. Біздің мемлекетіміздің қызметінің басымды бағыттарының бірі — бас бостандығынан айыру орындарында жаза өтеп жатқан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау болып табылады. Бірқатар шаралар кешенін қабылдау арқылы сотталғандардың құқықтарын қамтамасыз ету саласында жағдайды біршама өзгертуге және түрмедегі адамдар санын едәуір азайтуға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап қылмыстық сот ісін жүргізуге алқа билердің қатысуымен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін «Алқа билер» туралы заң қолданысқа енгізілді. Мемлекетте әкімшілік және ювеналды соттар қызмет етеді, бұл өз кезегінде сот қызметін мамандандыру процесінің жалғасы болып табылады.

Мемлекет және қоғамның институттарын одан әрі демократияландыру мақсатында 2009 жылдың 11 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білікті заң көмегін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу» туралы Заң қабылданды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылдың 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында «...елде құқықтық мемлекет принциптерін одан әрі бекіту процесінде, бір жағынан, адамның және азаматтың

конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың ең жоғары ықтимал кепілдігіне қол жеткізу, ал екінші жағынан барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, азаматтар мен ұйымдардың конституциялық міндеттерді бұлжытпай және толық орындауы маңызды», деп әділ көрсетілген.

Адам құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесі саласындағы заңнаманы және құқыққолданушылық тәжірибені жетілдіру жөнінде нақты іс-шараларды қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 5 мамырдағы қарарымен мақұлданған «Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарын қорғау саласындағы іс-әрекеттердің 2009-2012 жылдарға арналған Ұлттық жоспары» қабылданды. Ұлттық жоспар «Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының жай-күйі туралы» Негізгі баяндаманың, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес құқық қорғаушы ұйымдардың, әлеуметтік сұрау салудың мәліметтерін пайдалана отырып жасалған халықаралық ұйымдардың зерттеулерінің нәтижесіне негізделіп, әзірленген.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымында (ЕҚЫҰ) төрағалық еткен жыл Қазақстан үшін демократияны дамыту және адам құқықтарын қамтамасыз етудегі маңызды кезең болды. 2010 жылы мемлекет халықаралық байланыстардың едәуір кеңеюімен, бірлескен ауқымды іс-шараларды жүзеге асырумен, қазіргі заманның алуан түрлі мәселелері бойынша ашық диалог жүргізумен сипатталған халықаралық қауымдастықтың жоғарғы назарында болды. Халықаралық қауымдастық өз азаматтарының құқықтарын қорғау үшін қажетті жағдайларды жасау және дамыту жөніндегі Қазақстанның жігеріне жоғары баға берді.

Адам құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құндылық ретінде бекіту аталған құқықтар мен бостандықтарды танып қана қоймай, мемлекеттің оларды сөзсіз орындау, сондай-ақ осы құқықтар мен бостандықтарды қорғау міндетінсіз мүмкін болмайды. Оған қоса, Негізгі Заңда көрініс тапқан құқықтық пікірлерді, қағидалар мен конституциялық нормаларды нақты іске асыру үшін қосымша тетіктер қалыптастыру қажет, аталмыш тетіктердің көмегімен республиканың әрбір азаматы өз құқықтарын қорғауға қабілетті болады. Билікте қандай саяси күштер болғанына қарамастан, адамның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік

беретін көптеген заңдардың ешкімнің озбырлығынан ерікті түрде және жедел түрде әрекет ететінін қарастыру қажет.

Мемлекетте осы нормалардың жүзеге асырылуын бақылап, қамтамасыз етуге қабілетті тиімді әкімшілік және сот органдары, парламенттік және ұлттық институттар болуы тиіс. Осы тұрғыда адамның құқықтары мен бостандықтарын соттан тыс тәртіпте қорғаудың мемлекеттік институттарын одан әрі дамыту, атап айтсақ, бақылаушы және қадағалаушы органдар мен омбудсман институтының қызметін жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Аталған курстың болашақ құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналғанын ескере отырып, осы оқу құралы құқықтық пән ретінде оқу профилі сипатында баяндалған. Оқу құралының мақсаты — білімгерлерге адам құқықтарын отандық, сол сияқты халықаралық заңнаманың, құқықтық актілердің, құқық қорғау және құқық қолданушы органдардың, сондай-ақ адам құқықтарын қорғау үшін құрылған ұлттық институттардың құқық қорғаушылық мүмкіндіктері тұрғысынан таныту болды.

Егер неғұрлым дамыған батыс елдерінің заң әдебиеттерінде адамның құқықтары, тұлғаның конституциялық-құқықтық мәртебесі, оны қорғаудың тетіктері мен рәсімдері нормативтік-құқықтық актілерде жан-жақты зерттеліп, бекітілген болса, керісінше ислам мемлекеттеріндегі тұлғаның құқықтық мәртебесінің құқықтық тәртібі іс жүзінде зерттелмеген, одан көп оқырман хабардар емес. Осыған байланысты мұндай олқылықтың орнын толтыру және исламдағы адамның құқықтары туралы белгілі бір ұғымдарды таныстыру мақсатында оқу құралына бұл жөнінде арнайы тарау енгізілген.

Болашақ заңгерлер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қамтамасыз етудің заңмен ұсынылған тәсілдерін қолдана алу үшін Конституцияда және республиканың салалық заңдарында бекітілген маңызды нормалар мен қағидалар туралы білуге тиіс. Тек заңи тұрғыдан сауатты адам ғана азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғай алады. Осы тұрғыда аталған басылым адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелеріне қызығушылық танытқан барлық оқырмандарға пайдалы болады деп есептейміз.

1 ТАРАУ

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ: ТҮСІНІГІ МЕН МӘНІ

1.1. Адам құқықтарының түсінігі мен генезисі

Адам құқықтары көптеген мыңжылдықтар бойы адамзаттың назарында болды, жеке адамдар мен биліктің өзара қарым-қатынас әдістері үнемі ізденіс жолында еді. Адам құқықтарының мәселесі үнемі өзекті топтық күрестердің, әртүрлі соғыстардың және көтерілістердің себептері болып келді, өйткені өмірге, ар-намысқа, жеке басына қол сұқпаушылыққа, ар-ұятына және көзқарастарына құқық адам өмірінің қажетті талаптары болып табылады. Адамзат дамуының әр сатысында жаңа ұрпақ өз құқықтарын қорғай отырып, өз өмірлерін құрбандыққа шала отырып, бостандықтың кеңеюіне және оны барынша кең субъектілердің шеңберіне таратуға, сонымен қатар мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың өз бетінше әрекеттерін шектеуге қол жеткізді.

Жеке адам өзінің барлық күрделі байланыстары мен тәуелділіктерін ескере отырып, тек өркениет тұрғысынан ғана ашылды. А. Тойнби өркениет тарихына талдау жасай отырып, өркениеттің негізінде дін жатыр деген қорытындыға келді¹.

Дегенмен, дін қаншалықты маңызды болса да, өркениетті философия да, мәдениет те, психология да, өмір сүру жағдайы да анықтайтындығын ескерген жөн. Еуропалық өркениет Антик әлемі, Қайта өрлеудің, Реформацияның ілімдерінен бастау алған және бұл бастау жеке тұлғаның бостандығын, оның даралығын анықтау үшін, жалпы тарихи прогресс үшін өз құндылығы бойынша қайталанбайды. Еуропаның орталығында пайда болған өркениеттің түрі әлемнің басқа аймақтарына тарала отырып, үнемі кеңейіп отырды. Дәстүрлі құрылымдар мен құнды стереотиптерді «жуып-шаюдың» бастапқы сатысы басталды².

¹ Тойнби А. Постижение истории.— М., 1991. 304 б.

² Формация или цивилизация? («Дөнгелек стол материалдары») // Вопросы философии. 1989. № 10. 45 б.

Әрбір тарихи кезеңге құқықтар мен бостандықтар үшін күрестің өз кезеңі сәйкес келіп отырды. Алғашқы қауымдық адамға қарағанда, антикалық құл айтарлықтай ерікті болып келді. Ортағасырдағы басыбайлы адам ежелгі құлға қарағанда ерікті болды. Сонымен қоғам дамуының әр сатысы бостандықты иелену және кеңейту жолындағы бір қадам болып табылды. Барлығымызға Ежелгі Римде құлдықтың өмір сүргені және оларды адам деп санамағаны белгілі. Дегенмен, құл иеленушілік қоғамда адам құқықтары деп айтуға болатындай алғашқы бүршіктері пайда болды. Біздің дәуірімізге дейін VI ғасырда архонт (Ежелгі Грекияның жоғарғы лауазымды тұлғасы) *Солон* демократияның кейбір элементтерін белгілеуге және мемлекеттік шенеуніктерді жауапкершілікке тартуға құқықты бекітуге ұмтылған Конституция әзірледі. Сондай-ақ табиғи құқық идеялары да енгізілді. Ол борыштық құлдықты жойды және Афинада білгірлер мен демостардың, байлар мен кедейлердің тепе-теңдік идеясымен қамтылған ақылға қонымды ценздік демократияны енгізді¹.

Б.д.д. V—IV ғ.ғ. ежелгі полистарда (Афинада, Римде) адам құқықтары идеяларының, азаматтық қағидасының пайда болуы даму және бостандық жолындағы үлкен қадам болып табылды. Құл иеленушілік мемлекеттің ерекше бір түрі болып құлиеленушілік демократия, тирания, аристократия түрінде көрініс тапқан полистік нысаны табылды.

Полис — азаматтық ұжым ретінде анықтауға болатын адамзат тарихындағы алғашқы меншік нысаны. Ежелгі полис тарихын терең зерттеушілердің бірі — С. Л. Утченко былай дейді: «Өздерінің ерекшеліктерінің арқасында полис өзінің болашақ ұрпақтарына үлкен рухани байлық, азаматтықтың, демократияның, республиканизмнің идеяларын өңдеп, жеткізе алды»². Полистік демократия «адам құқықтары» деп аталатын құбылыстардың бүршігін жарды. Бұл азаматтар болып табылатын тұлғалардың тең саяси құқықтары үшін жағдай жасайтын белгілі бір бостандық кеңістігінің пайда болуымен байланысты.

Адам және азаматтың құқықтары туралы идеялар антикалық өкілдердің саяси және философиялық тұжырымдарынан ыңғайлы

¹ Права человека. Оқулық. // Е.А. Лукашеваның ред.— М., 1999. 38 б.

² Утченко С.Л. Политические учения Древнего Рима.— М., 1977. 41 б.

түрде өз орнын тапты. Ежелгі демократиялардың дамыған саяси ойлары тең құқықтылық идеяны уағыздап отырған (Перикл, Демосфен).

Гераклит (б.д.д. VI—V ғғ.) «халық өз заңдары үшін өз қамалдары үшін күрескендей күресу керек» деп, қоғамдағы заңның мызғымастығымен байланысты идеяны білдірді.

Демокрит (б.д.д. V—IV ғғ.) этикалық санат ретінде полистің аман-саулығы туралы әрбір азаматтың қамқорлығын білдіретін азаматтың борышы туралы идеяны білдірді.

Полистің ақылға қонымды объективті табиғаты мен олардың заңын ұғымдық-теориялық (логикалық дефинициялар мен жалпы ұғымдар көмегімен) зерттеудің бастамасы *Сократтың* (б.д.д. 469—399 жж.) атымен байланысты. Сократтың рационалистік идеялары оның шәкірті *Платонмен* дамытылған (б.д.д. 427—347 ж.ж.). Оның идеалды мемлекет жобасында жеке меншік ұғымы мен адамдарды ерікті және құлдарға бөлу қарастырылмаған. Пифагорлықтардан кейін Платон әйелдер мен еркектердің тең құқықтылығын таниды, бірақ платондық идеалдық мемлекетте жоғарғы басшылардың қатарына әйелдер жіберілмейді¹.

Азаматтық бостандықтардың дамуына биліктің бөлінуін енгізген және табиғи құқық идеяларын қабылдап, жетілдірген римдіктер үлесін қосты. Шындық нормалары туралы, қоғамдағы адам қатынастарын реттейтін әділдік туралы мәселені философ, әрі ғалым *Аристотель* (б.д.д. 384—322 жж.) терең жетілдірді. Аристотель табиғи және шартты (адамдармен белгіленген) құқықты бөліп көрсетеді. Аристотельдің идеялары кейінгі дамуы әйгілі рим мемлекеттік қайраткері, философ, заңгер, оратор *Марк Туллий Цицеронның* (б.д.д. 106—43 жж.) еңбектерінде көрініс тапты. Цицерон үшін мемлекет — бұл «мүдделердің ортақтығымен» ғана емес, сонымен қатар «құқық мәселесінде өзара келісе отырып байланысқан» адамдардың бірлестігі. Цицерон мемлекетті адамдардың құқықтық байланысы, заңи одағы ретінде түсінеді².

Адам құқықтарының мәселесі ортағасыр дәуірінде де жақсы болған жоқ. Барлық жерлер, байлық, билік және басыбайлы

¹ Права человека. Оқулық. // Е.А. Лукашеванын ред.— М., 1999. 43 б.

² Права человека. Теория и практика.— Бишкек, 1998. 8-11 б.

шаруалардың өздері руханилыққа және дворяндарға тиесілі болғандықтан, қандайда бір адамдардың құқықтары туралы сөз де болған жоқ. Артықшылығы бар сословиелердің еркінен дәулетті қолөнершілер мен сауда адамдары да зардап шекті. Сонымен қатар заңсыздыққа және ерікке қарсы наразылық білдірді және адам құқықтары үшін күрес жүргізілді. Ең бірінші, барондар патшаның дәстүрлі феодалдық құқықты сақтамағанына наразылық білдірді, және олар өз мүдделерін қорғай отырып, Иоанн патшасын жер иеленушілердің, білгірлердің және шіркеулердің қорғалған мүдделерінен тұратын құқықтарды көздейтін, 63 баптан құралған «*Ұлы Еркіндіктер Хартиясына*» қол қоюды мәжбүрледі. Ұлы хартияның 39 бабын ерекше атап өткен жөн, мұнда заңды тең үкім бойынша және елдің заңы бойынша еріктілерге қатысты жаза қолдану мүмкіндігін көздейді. 1215 жылы қабылданған «Ұлы Еркіндіктер Хартиясы» осы жолда «алғашқы өтуші» ретінде Англияны атап көрсетіп, билігі бар адамдардың өкілеттілігі мен бостандық әрекеттерін шектейтін белгілі бір нормалардың бастамасына жол салды. Нәтижесінде бірқатар ережелер Англияның барлық халқына қолданыла бастады. Құжаттар моральдық қағидалардың англо-американдық құқықтық институттарға енгізілгендерін куәландырады, әсіресе бұл қылмыстық іс бойынша айыпталушының құқықтарын кеңейтуде айқын көрінді. Бұл құжатта ең бастысы — соттардың, шерифтер мен констебльдердің еріктерін шектеуге бағытталған баптардың мазмұны.

Әрине, бұл құқықтық актіде орын алған тұжырымдар сол кезде толығымен іске асырыла алмады. Бірақ бұл Хартияда адам құқықтарын қорғау үшін келешек мәні бар ережелер көзделген, заңдар мен еркіндіктерді сақтауға монархты мәжбүрлеген құжат. Сондықтан, көбісі адам құқықтары туралы заңнаманың дамуы, кінәсіздік презумпциясы туралы алғашқы қадам Ұлы еркіндіктер хартиясынан басталады деп санайтындығы бекер емес. Ұлы хартияның үш бабы бүгінгі таңда да үлкен мәнге ие, өйткені олар заңмен қорғалатын бостандықтар мен әділдіктің дамуына ықпал етті.

Ежелгі антикалық дәуір — қырлары білгір ойшылдармен ғана анықталатын, табиғи адам құқықтары идеяларының тарихи бастауы. Адамның табиғи құқықтары мен бостандықтары

доктринасының алғашқы ағартушылық әзірлемесі голландиялық құқықтанушы Гуго *Гроцийдің* (1583—1654 жж.) еңбегі болып табылады. Гроцийдің пікірі бойынша, адам — бұл өзі сияқтылармен сұхбаттасуға бейімділігі бар жан, ал құқық сұхбаттың бір қалыпты жағдайын қамтамасыз ететін және санамен бағытталатын нормаларды құрайды. Мемлекет «құқықты сақтау және жалпы пайда үшін жасалған ерікті адамдардың қазіргі одағы». Бұдан әрі табиғи құқық өз дамуын голландиялық философ *Б. Спинозаның* (1632—1677 жж.) еңбектерінен тапты. Гроцийге қарағанда, Спиноза адамдардың өмір сүруге және қызмет етуге, ар-ұят және ойлау бостандығына деген құқықты қоса алғанда, табиғи құқықтардың мәнісін тереңірек түсінеді¹.

Кейіннен, адам құқықтары кепілдіктерін күшейту және билік еркіндігін шектеу саласындағы келесі қадам 1679 жылы қабылданған *Хабеас корпус акті* болып табылады, мұнда «тиісті процедура» ұғымы енгізілді, жеке тұлғаға қол сұқпаушылық кепілдіктері мен жеке тұлға құқықтарын қорғау үшін маңызды болып табылатын басқа да ережелерді бекітті. Аталған құжат тек Англияның ғана емес, сонымен қатар көптеген шетел мемлекеттердің тәжірибесінде берік орын алған жеке тұлғаға қол сұқпаушылықтың аса маңызды процессуалдық кепілдіктерін бекітті. «Хабеас корпус» процедурасы континенталды Еуропаның барлық дерлік елдерінде кеңінен қолданылады. Ол ГФР, Италия, Испания, Австрия және басқа елдердің конституциялары мен заңдарында бекітілген. Заңға сәйкес, ұсталған немесе қамауға алынған тұлға, сонымен қатар кепілге босатуға рұқсат берілмеген тұлға сотқа «хабеас корпус» негізінде өндірісті жүзеге асыру өтінішімен жолдануға құқылы.

Адам құқықтарының идеясы бұдан әрі өз дамуын XVII ғасырдағы ағылшын философы *Томас Гоббстың* (1588—1679 жж.) еңбектерінен алды. Мұнда адамдар бастапқыда тең болып жаратылған және оның әрқайсысының басқалармен «барлығына құқылы» ие болатын индивид табиғаты туралы идея енгізілген.

1689 жылы ағылшын парламенті *Құқық туралы билль* қабылдады, мұнда парламентке сайлау еркіндігін және ондағы сөз және жарыссөз еркіндігін бекітті. Корона пайдасына салықтар мен

¹ Права человека. Теория и практика. Сонда. 19-20б.

алымдарды жинау және бейбіт кезде армияны бағу, сонымен қатар заңдардың әрекет етуін тоқтата тұру тек парламенттің келісімімен ғана мүмкін болды. Яғни Құқық туралы билль парламенттің рөлін көтеріп, адам құқықтарының дамуына үлкен үлес қосты. Билль сотталғанға дейін жеке тұлғаға салынатын шексіз салықтарға, айыппұлдарға, қатаң және өзгеше жазаларға, тәркілеуге қарсы бірқатар кепілдіктерді белгіледі.

Құқықтың, мемлекеттік өмірдің, құқықтық ұйымдарының, билікті бөлу және заңның ұлықтылығы идеясының негізінде адамдардың иеліктен алынбайтын табиғи құқықтары мен бостандықтарының кейінгі либералды доктринасы ағылшындық *Джон Локкпен* (1632—1704) әзірленді. 1690 жылы Джон Локк «Басқару туралы екі трактат» еңбегінде, үкіметтің құқықтары емес, адам құқықтары алғашқы орында болу керек деп көрсетті. Ол толығымен табиғи құқықтың, қоғамдық шарттың, жеке тұлғалардың иеліктен шығарылмайтын бостандықтарының, биліктің тепе-теңдігінің, тиранға қарсы көтерілістің заңдылығы идеясын қолдады. Оның пікірі бойынша, мемлекет оның құралған адамдарынан саяси қоғамның басты мақсаттарына жету үшін қажетті және жеткілікті болатындай билікті ала алады. Жеке индивид мемлекеттің еріксіз бодандастығындағы тұлға емес, ол ерікті мүше. Адам құқықтары туралы Локк ілімдерінің үлкен жетістіктері болып бостандық пен заңның арасындағы қажетті ішкі байланысты талдау болып табылады. «Мүмкін болатын барлық жалған талқылауларға қарамастан,— деп жазды Локк,— заңның мақсаты болып жою мен шектеу емес, бостандықты сақтау және кеңейту болып табылады... Заң жоқ жерде, бостандық та жоқ»¹.

Адам құқықтарының тұжырымдамасы француз заңгері *Шарль Луи Монтескьенің* (1689—1755) шығармашылығында кейінгі дамуын тапты. Локк секілді Монтескьенің адам құқықтарының баяндамасы билікті бөлу қағидасымен тығыз байланысты. 1748 жылы өзінің «Заңдар рухы туралы» әйгілі туындысында биліктің заң шығару, атқару және сот тармақтарының арасында өкілеттілікті бөлу және оның тепе-теңдігінің нақты артықшылықтарын түсіндірді. Билікті бөлудің негізгі мақсаты — билікпен зиян келтіруді болдырмау. Мұндай мүмкіндіктерді

¹ Локк, Д. Избранные философские произведения. Т. 2.— М., 1960. 346.

болдырмау үшін, дейді Монтескье, «әртүрлі биліктер бір — бірін өзара ұстап тұратындай, заттардың тәртібі қажет»¹. Монтескьеде саяси бостандық идеясы азаматтардың қауіпсіздігінде немесе өз қауіпсіздігіне сенімді болуымен көрініс тапқан азаматтық бостандық идеясымен байланысты. Ол саяси бостандық экономиканың, өнеркәсіптің, сауданың дамуына ықпал етеді деп пайымдады. Ол баспа бостандығының, ар-ұят бостандығының идеяларын қолдады. Монтескьенің билікті бөлу туралы идеясы үлкен бір теорияға айналады, оның мақсаты — заңдылық қағидасын негіздеу, саяси бостандықты қамтамасыз ету және құқықты мемлекет пен азаматтың арасындағы өзара қарым-қатынастарының реттеушісі ету. Адам құқықтарының дамуындағы шешуші сатысы болып XVII—XVIII ғғ. буржуазиялық-демократиялық төңкеріс болып табылды. Мұнда адам құқықтарының жалпы жиынтығы ғана емес, сонымен қатар шынайы демократиялық мән беретін адам құқықтарының әмбебаптылығының негізі болып табылатын бостандық қағидасы мен формалдық теңдік қағидасы көрініс тапты².

Либералды-гуманистік тұрғыдан адам құқықтары мен бостандықтары мәселелерінің терең философиялық әзірлемесі **И. Канттың** (1724—1804) атымен байланысты. Канттың пікіріне сәйкес, «мемлекет — бұл құқықтық заңға бағынатын көптеген адамдардың бірлестігі». Кант уақыт келе жеке индивидтің бостандығын көздейді және мораль мен құқыққа қатысты нақты саясаттың екіжүзділігіне сын тағады. Билік етуші биліктің құрбаны болғанына қарамастан, адам құқықтары ардақты деп саналады³.

Бостандық пен құқық идеяларының философиялық негіздемесіне **Гегель** (1770—1831) үлкен үлес қосты. Гегель пікірі бойынша, адам бостандықтарының идеясы тек конституциялық тұрғыдан рәсімделген және дамыған мемлекеттерде ғана толығымен іске асырылады.

1762 жылы **Жан Жак Руссо** адам құқықтарының төңкерістік потенциалы туралы мәлімдеді. Ол деспоттық режимге сын тағып, буржуазиялық демократия мен азаматтық бостандықтарды, ту-

¹ Монтескье Ш. Избранные произведения.— М., 1955. 289 б

² Общая теория прав человека // Е.А. Лукашеваның ред., 1996. 1 б.

³ Кант И. К вечному миру. Трактаты о вечном мире.— М., 1963. 185 б.

мысына қарамастан, адам теңдігін қолдады. Өзінің заң туралы ілімімен, жалпы ерікті және заң шығару билігі туралы, қоғамдық шарттың тұжырымдамасы мен мемлекет ұйымдарының қағидаларын білдіре отырып, Руссо мемлекеттік-құқықтық ойдың және әлеуметтік-саяси тәжірибенің кейінгі дамуына үлкен үлес қосты.

Адам құқықтары мен бостандықтары мұратының кейінгі дамуы АҚШ-та ұлы тарихи құжаттарға айналды. Табиғи құқық ілімі Томас Пейн мен Томас Джефферсонның буржуазиялық-демократиялық және антиколониалдық төңкерістегі жеңіс үшін күрестерінде көрініс тапты.

Т. Пейн (1737—1809) табиғи және иеліктен шығарылмайтын адам құқықтары идеясын қолдаушысы болды. Пейн адам құқықтарын барлық өркениетті халықтардың республикалық басқару нысанындағы ажырамас бөлігі деп қарастырды.

1776 жылдың 12 маусымында мақұлданған Вирджиния құқықтарының декларациясы (авторы Джордж Мейсон) аса маңызды болып табылады, мұнда: «Барлық адамдар табиғатынан ерікті және тәуелсіз болып табылады және тумысынан берілген белгілі бір құқықтарға ие болады, ол қоғамдық жағдайға түскен кезде өздерін және өздерінің ұрпақтарын қандай да бір келісімдермен мына құқықтардан айыра алмайды, атап айтқанда: меншікті иелену және билік ету құралдарымен қоса алғанда, өмірге және бостандыққа құқық, бақытқа ұмтылуға және оларды иеленуде оның қауіпсіздігіне құқық». Мәнісі бойынша ол адам құқықтарын анықтайтын ең алғашқы мемлекеттік құжат болып табылды.

К. Маркс осы тарихи құжатты бағалай отырып, Америка — бұл «ең алғаш ... ұлы демократиялық республика идеясы пайда болған, ең бірінші адам құқықтарының декларациясы жарияланған және XVIII ғасырдағы еуропалық төңкеріске алғаш түрткі жасалған» ел деп жазды ¹.

Вирджиния құқықтары декларациясының идеялары Тәуелсіздік декларациясында дамыған болатын. Америка Құрама Штаттары ұлы демократиялық республикасының идеясын жариялаған алғашқы мемлекет болды.

¹ Маркс К., Энгельс Ф. Шығ. 2-бас. Т. 16. 17 б.

1776 жылғы 4 шілдеде Филадельфияда *АҚШ тәуелсіздігінің декларациясы* жарияланды. Адам құқықтары мен үкіметтердің оларды қорғау міндеттері туралы дәстүрлі түрде жариялай отырып, Америка Штаттарының он үш біріккен делегаттары былай деп жариялады: «Біз, барлық адамдар тең болып жаратылған және өмір сүруге, бостандыққа және бақытқа ұмтылу құқығы сияқты Жаратушымен берілген иеліктен шығарылмайтын құқықтарға ие болу шындығын растаймыз. Осы құқықтарды жүзеге асыру үшін, басқарушылардың келісімінен тұратын өздерінің заңды өкілеттіктерін алатын, адамдармен мемлекеттер құрылады. Егер мемлекеттің қандайда бір нысаны осы мақсаттарды жоюға әкеп соғатын болса, халық адамдардың бақытқа қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей, билік ұйымдарының осындай қағидалары мен нысандарына негізделетіндей етіп, мемлекетті өзгертуге немесе таратуға не жаңа мемлекет құруға құқығы бар»¹.

Бұл құжатта XVIII—XIX ғғ. ұлы ойшылдар Локктың, Монтескьенің және Руссоның еңбектерінің, АҚШ тәуелсіздігінің Декларациясының американдық авторы мен үшінші президенті *Томас Джефферсонның* (1743—1826) интеллектуалдық ықпалы байқалды. Ол американдық тәуелсіздік пен демократияның атасы, табиғи құқық теориясы мен адамдар теңдігін кезекті қолдаушысы, қоғамда байлықты әділсіз бөлу және адамдарды қанаушылықтың қарсыласы болды.

Ол, үндістердің еуропалықтардан айырмашылығы жоқ деп жазды және Американдық континентте африкандық құлдықтың сақталуына қарсы болды. Джефферсонның пікірі бойынша, мемлекет сыртқы қауіпсіздікті және елдің ішінде бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін «күшті» болу қажет және жеке тұлғаның бостандығына, жеке бастамашылықты және ерікті бәсекені шектеуге қатысты «әлсіз» болу қажет.

АҚШ Конституциясында (1787 ж. 17 қыркүйек) Тәуелсіздік декларациясында жазылған иеліктен айырылмайтын табиғи адам құқықтарының тізбесі көрсетілмеген. Оның авторлары, сөзсіз тиесілі болатын құқықтарды тізіп отырудың қажеті жоқ деп санады. Бірақ, қоғамдық пікірдің қысымы нәтижесінде 1789 жылы қайта сайланған АҚШ Конгресінде 1791 жылдың аяғында

¹ Международные акты о правах человека.— М., 1998. 21 б.

бекітілген, Құқық туралы федералдық Билді құрайтын, саяси және жеке құқықтар туралы ережелерді қамтитынында, жобаға 10 алғашқы түзетулер енгізілді¹.

Д. Мэдисон және Т. Джефферсон Конституцияға бірқатар түзетулер енгізді және 1791 жылдың 15 желтоқсанында аса маңызды адам құқықтарын бекіткен американдық **Құқық туралы билль** күшіне енді. Негізгі мақсаты қоғамда зорлық-зомбылықты болдырмау, адамға қатысты мемлекет билігінің шегін белгілеу болды².

1787 жылғы **АҚШ Конституциясы** — тарихта ең алғаш ірі мемлекетте жазылған және әлемдегі көптеген мемлекеттердің конституциялық дамуына тарихи ықпал еткен конституция. Ол деспоттық басқаруға шек қоя отырып, биліктің зорлық-зомбылығынан адамдарды қорғауға кепілдік берді.

Руссоның, Гроцийдің, Локктың, Монтескьенің доктриналарында дамыған иеліктен шығарылмайтын табиғи адам құқықтарының идеялары Ұлы француз төңкерісіне күшті түрткі болды. Соның нәтижесінде, өзінің тарихи маңыздылығы бойынша құнды болып табылатын 1789 жылы 27 тамызда Ұлттық жиналыспен қабылданған құқықтық акт — **Францияның адам және азамат құқығының декларациясы** пайда болды.

Декларация, адамдар тумысынан ерікті болуы олардың құқықтары. Кез келген саяси одақтың мақсаты — адамның табиғи және ажырамас құқықтарын, қауіпсіздігі мен бостандықтарын, меншіктерін қамтамасыз ету, қысым көрсетуге қарсылық білдіру, деп жариялады.

Декларация кінәсіздік презумпциясын, ар-ұят бостандығын, ой-пікірлерін еркін білдіру, баспа бостандығы, азаматтардың жеке және өзге құқықтарына кепілдік беруді жариялады³.

Сол сәттен бері ұзақ уақыт өткеніне қарамастан, бұл құжат бүгінгі таңға дейін маңыздылығын жоймады. 1958 жылғы Негізгі заңда құқықтар мен бостандықтар туралы арнайы бөлім немесе тарау жоқ, бірақ ол 1946 жылғы Конституцияның преамбуласына толықтырылған, 1789 жылғы Адам және азамат құқықтарының

¹ Права человека накануне XXI века.— М., 1994. 224—245 беттер.

² Международные акты о правах человека.— М., 1998. XI.

³ Общая теория прав человека.— М., 1996. 9 б.

Декларациясына сілтемелік норма көзделген. 1789 жылғы Декларация адам мен азаматтардың табиғи құқықтарын, яғни үнемі жеке индивидке тән құқықтарды жариялады.

Декларацияда теңдік қағидасы: «Адамдар тең құқылы болып туылады және қалады, өйткені олардың барлығы тең мөлшерде адам болып туылады деп көрсетілген. Теңдік құқықтардың табиғи сипаттағы қажетті салдары болып табылады». «Надандық, адам құқықтарын ұмыту немесе оларды елемеу қоғамдық апаттың және үкіметтің бұзылғандығын білдіретін басты себеп болып табылады» деп көрсетілді.

Декларация көптеген елдің қазіргі Конституцияларына және адам құқықтары туралы халықаралық-құқықтық актілеріне енген қағидаларды алғаш рет баяндайды: «бостандық бұл басқаларға кедергі келтірмейтіндей, барлық нәрсені істеу мүмкіндігі; сондықтан, әрбір адамның табиғи құқықтарын жүзеге асыру тек осы құқықтарды пайдаланатын басқа қоғам мүшелері қамтамасыз етілетін ретте ғана шектеледі. Бұл шектеулер тек заңмен ғана белгіленеді».

XVII—XVIII ғғ. Еуропа мен АҚШ-та адам құқықтары мен бостандықтары идеялары кең таралып жатқан кезде, *Ресейде* оның тарихи дәстүрімен, демократия мен бостандықтың болмауына байланысты, аталған құқықтар оларға жат болды, әрі сәйкес келмеді. Басыбайлық пен абсолютизм кезеңінде құқық идеалы, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету халықтың қоғамдық санасымен қабылдана қойған жоқ. Әрине, үш жүзжылдық бойы Ресей империясының, ал кейін Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстан үшін де бұл институттың дамуы метрополиядағы құқықтық жүйелердің, әртүрлі құқықтық институттардың және мемлекеттік билік механизмдерінің дамуымен тікелей байланысты.

II Екатерина «Наказдарды» дайындау үшін француз ағартушыларын ықпалымен комиссия құрды. Мұнда құқықтық саясат пен құқықтық жүйенің қағидалары қалыптастырылды. Мәтіннің едәуір бөлігі Монтескьенің «Заңдар рухы туралы» трактатынан алынған. Монархия — қоғамның үздіксіз кемеліне ықпал ететін ең жақсы басқару нысандарының бірі деп саналды. «Наказда» барлық азаматтар үшін бірдей бостандық пен мемлекеттік

биліктің алдында барлығы теңдей міндетті екендігі жарияланды. Дегенмен, қоғамның өркениетті бөлігі басыбайлықты және оның игіліктерін қорғау мақсатында «Наказдардың» идеяларын қолдаған жоқ. Өзіндік державия өзінің халқына бейнелеп айтқанда, тек басыбайлық реформадан кейін ғана құрметпен қарай бастады. Император 1861 жылдың 19 ақпанында шаруаларды босату және жер үлестерін беру тәртібі мен жағдайлары көзделген шаруалар реформаларының нақты ережелері бойынша бірқатар заң шығару актілерін бекітті.

Кейінгі дамуын ол 1906 жылғы Столыпіндік аграрлық реформадан тапты. Мемлекеттік қызметке қатысты барлық салықтар үшін бірыңғай құқықтар жарияланды. Жан басына салық төлеу жойылды, шаруалардың мүліктік және сайлау құқықтары кеңейтілді. Сот процесін ырықтандыру әрекеттері орын алды. 1909 жылы заңнамада қылмыстық-мерзімнен бұрын босату институты пайда болды. 1910 жылдан бастап, алдын ала қамауда болған тұлғаның уақыты қамауға алу мерзіміне жатқызылды. 1913 жылы сотқа құқықты қалпына келтіру және оңалту құқықтары ұсынылды.

1917 жылғы Қазан төңкерісі сот әділдігінің бастапқы мемлекеттік құрылымдарын жойды. Адам құқықтары мен бостандықтары және жеке тұлғаға қол сұқпаушылық қағидалары төңкерістің негізгі концепцияларына — пролетариат диктатурасына сәйкес келген жоқ.

№ 1 Сот туралы Декрет (1917 ж.) бұрынғы барлық сот мекемелерін, соның ішінде, алқабилер сотын, сотта жария айыптау қызметін жүзеге асыратын прокуратураны, мемлекеттен тәуелсіз адвокатура жүйесін жойып, бір мезгілде революциялық трибуналдарды құруды жариялады.

Н.П. Фарберов атап өткендей, Кеңес мемлекеті өмір сүрген алғашқы жылдардан бастап, «заң шығарушы актілердің маңында бүкіл халыққа тиесілі демократиялық құқықтар мен бостандықтар енгізіліп, бекітілді»¹. 1917 жылғы 11 қарашада ХКК Декретімен сегізсағаттық жұмыс күні енгізілді, 1917 жылғы 14 қарашада еңбек қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда әлеуметтік қамсыздандыру

¹ Фарберов Н.П. Конституционные основы организации сов-кого общенародно-го государства.— М., 1982. 8 б.

құқығы баяндалған үкіметтің арнайы мәлімдемесі жарияланды¹. «Сословиелерді және азаматтық шендерді жою туралы» Декрет Ресейдегі азаматтардың құқықтық мәртебесі туралы бұрын қолданыста болған заң нормаларын жойды. Сол кездегі сословиелер мен азаматтық шендер толығымен жойылды.

Сонымен, Кеңес билігінің алғашқы заң актілерінде жаңа кеңес мемлекетінің көптеген халқын қорғау және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұқпаушылық үшін берік кепілдіктерді құру тенденциялары көрініс тапты. Кеңес тарихында адам мен азаматтың құқықтарына қатысты екі тенденция болғандығын атап өткен жөн. Бір жағынан, жеке тұлға құқықтарына қатысты тұтастай кешенді құқықтарды бекіту тенденциялары көрініс тапса, екінші жағынан, 20 жылдың аяғы мен 30 жылдың басында қалыптаса бастаған бюрократиялық әкімшілік-ұжымдық жүйе азаматтардың жаппай құқық бұзушылықтарымен, жеке тұлғаны кемсітумен, өмір сүру деңгейінің түсуімен ұштасқан миллиондаған адамдардың өліміне әкеп соқты².

Жоғарыда айтылғандарды түйіндейтін болсақ, АҚШ тәуелсіздігінің Декларациясы, Адам және азамат құқықтарының француз Декларациясы және Құрама Штаттардың құқықтары туралы биллі XVIII ғасырдың кейінгі екі жүзжылдығында адам құқықтарын заңды түрде қорғауды жүзеге асыруға мүмкіндік берген интеллектуалдық және құжаттық негізді болды. Қазіргі таңда адам құқықтарының конституциялық кепілдіктері айтарлықтай кеңінен қолданылуда.

1.2. Адам құқықтары және құқықтық мемлекет

Белгілі болғандай, құқық тек мемлекеттің тікелей қатысуымен ғана қалыптастырылады. Мемлекет тікелей жалпы нормаларды бекітеді. Ол құқықты қорғайды, оның мүмкіндігін мемлекеттік саясат мақсаттарына жету үшін қолданады. Мемлекеттің құқыққа ықпал етуі құқықшығармашылық пен құқықты іске асыру саласында айқын көрінеді.

¹ СУ РСФСР. 1917. № 5, ст. 56.

² Рудинский Ф.М. Советские Конституции: права человека и гражданина // Советское государство и право. 1991. № 9, 5 б.

Мемлекет құқық қайнар көздерінің барлық жүйесін дамытуды қамтамасыз етеді. Мемлекеттің құқықты іске асыруды қамтамасыз етудегі рөлі маңызды болып табылады, ол құқықтың қорғалуын және билік етуші қоғамдық қатынастарды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік мәжбүрлеу — бұл құқықты нығайтайтын әрдайым кепілдік болып саналады. Құқық қоғамдық қатынастардың реттеушісі болып табылады. Мемлекетпен белгіленген құқықтық нормалар мәжбүрлеу күштерін көздейтін тиісті нормативтік актілерде бекітіледі. Құқықтық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету мемлекеттің басты қызметі болып табылады. Мемлекеттің мұндай жағдайдағы әрекетсіздігі *құқықтық мемлекет* болмайтындай құқықтық нигилизмді қалыптастырады.

«Құқықтық мемлекет» теориясының дамуына Цицерон, Аристотель, Руссо, Монтескье, Локк, Кант және тағы басқа ойшылдар өз үлесін қосты.

«*Құқықтық мемлекет*» термині ХІХ ғасырдың 30 жылдарында кейбір неміс заңгерлерінің еңбектерінде пайда болды. Атап айтқанда, «құқықтық мемлекет» категориясы саяси-құқықтық әдебиеттерде ХІХ ғасырда бекітілді және Карл Велькермен «халықтың есте қаларлық заңдарына сәйкес философиялық-тарихи тұрғыдан дамыған құқықтың, мемлекеттің және жазаның соңғы негіздері» (1813 ж.) атты кітабында енгізілген. К.Велькердің таңдамалы еңбектерінде деспотия, теократия, «азаматтық құқықтық мемлекет» бір-бірін алмастырып тұратын басқару нысаны ретінде көрініс табады. Әсіресе, мұнда құқықтық мемлекетті азаматтардың мемлекеті деп айтқанша, «құқықтық» ұғымының «азаматтық» ұғымына жақынырақ болғаны анық¹.

М. Новицкий бұл мәселені анығырақ, әрі барлығы түсінетіндей етіп көрсетті. Ол былай дейді: құқықтық мемлекет — бұл адам мен биліктің арасындағы нақты, тұрақты және барлығына белгілі ойын ережелері бар мемлекет. Бұл адамның жүріс-тұрысына билік органдары қалай әсерін тигізетінін нақты қарастыруға мүмкіндік беретін мемлекет, өйткені бұл мемлекетті өз бетінше шенеуніктер мен лауазымды тұлғалар емес, нақты заң басқарады деді².

¹ Мамут Л.С. Народ в правовом государстве.— М., 1999.— 2 б.

² Новицкий М. Что такое права человека // Хельсинск комитеттеріне арналған анықтамалық.— Варшава, 1997. 17 б.

Құқықтық мемлекет — бұл халықаралық стандарттар бойынша өмір сүретін, биліктің бөліну қағидасы мен заңның ұлықтылығы бар мемлекет. Құқықтық мемлекеттің негізгі мақсаты — жеке индивидке заңмен белгіленген барынша толық бостандықты қамтамасыз ету, оның бостандық кеңістігін бұзуға жол бермеу, және құқықтық емес шараларды қолдануға тыйым салу. Құқықтық мемлекетте билік пен саясат тек құқыққа ғана бағынады. Әрине, Республиканың Конституциясында құқықтық мемлекет қол жеткізілгенді конституция тұрғысынан көрсету емес, қалыптасудың бірінші сатысынан екіншісіне өтуді білдіреді. Бұл соңғы шегі жоқ сатылық процесс.

К.А. Мами дұрыс атап өткендей: «Белгілі біртүрлендіруден өткен құқықтық мемлекеттің концепциясы (идеологиясы)» құқықпен шектелген билік синонимы ретінде саяси-құқықтық лексиконға берік орналасты. Құқықтық мемлекеттің пайда болу және даму концепциясының қысқаша тарихи көрінісі мүмкін болатын және соны тілейтін жария биліктің құрылымы туралы елестің өзіндік синтезі түріндегі теория»¹.

Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері болып құқықтың басшылығы мен заңның ұлықтылығын қамтамасыз ету, билікті бөлу және берік әрекет етіп жүрген құқықтар мен бостандықтар жүйесі болып табылады.

Тумысынан берілген табиғи құқықтар — бұл жеке өміріне, жеке басына қол сұқпаушылыққа, жеке өмір саласындағы автономиялық құқық және басқа да құқықтар. Адамдардың табиғи құқықтары мен бостандықтары оларға мемлекетпен берілмеген, олар тұрып жатқан мемлекеттің азаматы болып табыла ма, табылмай ма оған қарамастан, барлық адамдарға тумысынан беріледі. Бұл құқықтардың оған тиесілі болуының себебі, ол — адам. Адам құқықтарының табиғи сипатын тану, яғни оған табиғатпен берілген құқықтарды тану адаммен әлеуметтік қатынастың еркін субъектісі ретінде санасуды, оның ажырамас құқықтарын қорғауды және олардың бұзылуына жол бермеуді талап етті. Табиғи құқық деп адамның табиғатынан туындайтын және әлеуметтік жағдайларға тәуелді болмайтын, негізгі қағидалар мен құқықтардың жиынтығы.

¹ Мами К.А. Развитие судебной системы и утверждение судебной власти в Республике Казахстан // Тураби, 2003. — № 5. — 24-25 б.

«Табиғи, иеліктен шығарылмайтын, ажырамас құқықтар» ұғымы кеңестің конституцияларында қолданылмаған. Ол мемлекеттік биліктің шектелгенін білдіретін еді.

Ежелгі Римнің саяси ағартушысы Марк Тулий Цицерон: «табиғи құқыққа қайшы келетін мемлекет заңы заң ретінде қарастырыла алмайды. Әлеуметтік құқықтық мемлекетте табиғи құқық пен позитивтік құқықты қарама-қарсы қоюға негіз жоқ, өйткені соңғысы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің бірыңғай жүйесін құрай отырып, адам мен азаматтың табиғи құқықтарын бекітеді және қорғайды» деді ¹.

Адам құқықтары биліктен тәуелсіз пайда болған, сондықтан оның тартып алынуы мүмкін емес. Адамның табиғи құқықтары жазбаша рәсімдеуді қажет етпеді, бірақ заңи нысан оған «қорғаушылықты» қамтамасыз етеді, сондықтан мұндай қажеттілік оларға позитивтік құқық деп аталатын заң нысанын беруді талап етті. Мемлекет осы құқықтарды танып, оларды конституцияда бекітіп және барлық мүмкін болатын құралдармен қорғауға міндетті.

А.Б. Венгеров: «Қоғамдық қатынастар — бұл қандай да бір абстрактілік, субъектісіз, нысандандырылған, жансыз байланыс емес, бұл темпераменті, құштарлығы, қызығушылықтары, тәжірибесі бар тығыз орналасқан адамдардың әлеуметтік кеңістігі, мұнда әрбір жеке индивид басқа адамдармен, әртүрлі органдармен және ұйымдармен белгілі бір қатынаста болады. Ал бұл жерден жаңа мәселе — басқа тұлғалардың бостандығымен арақатынасындағы адам бостандықтарының мәселесі туындайды» деп жазды. Қоғамдық жан ретінде адамның бостандығы үнемі басқа адамның бостандығымен шектеледі, және осы бостандықтарды, осы мүдделерді жеке индивидтер арасында бөлу қоғамдық қатынастың ұғымына кіреді ².

Құқық белгілі бір аумақта орналасқан және олардың орындалуын талап ететін барлық индивидтерге таралатын заңның көмегімен бостандықтың шеңберін айқындайды. Заңда бір жағы-

¹ Копаяев В.С. Права и свободы человека и гражданина в социальном правовом государстве // Проблемы совершенствования прокурорского надзора.— М., 1977.— 199 б.

² Венгеров А.Б. Теория государства и права.— М., 1998. 312 б. (624 б).

нан мемлекет, ал екінші жағынан азаматтар ондағы бекітілген құқықтық нормаларға сүйенеді. Құқықтың ұлықтылығын тану құқықтық жүйедегі заң басымдылығын қамтамасыз етумен байланысты. Бірақ құқықты танытудың жоғарғы нысаны *заң* болып табылады. *Заң* — бұл ерекше тәртіпте қабылданатын, қоғамдық және мемлекеттік өмірдің негізгі мәселесін реттейтін, мемлекеттің еркін білдіретін нормативтік құқықтық акт. Маңыздылығына қарай заңдар негізгі және жай заңдар деп бөлінеді. *Негізгі заңдарға* конституция, сонымен қатар конституцияны өзгертетін және толықтыратын заңдар жатады. *Жай заңдар* — бұл кодекстер мен ағымдағы заңдар түрінде шығарылатын, оқшауланған қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік актілер ¹.

1.3. Адам құқықтары және әлеуметтік мемлекет

XIX ғасырдың соңында пайда болған мемлекеттілік, еркін экономикалық қатынас жағдайындағы мемлекет пен азаматтың өзара қарым-қатынас мәселесі саяси, экономикалық, құқықтық ойдың басты назарында еді, өйткені оның негізгі қағидалары — бостандық пен теңдік мәселесі болатын.

Осы мәселеге қатысты екі жол қалыптастырылды. Адамның дербес бостандығы теориясын жақтаушылар (А. Смит, Дж.С.Милль, Дж. Локк, Б. Констан), адамға экономикалық бостандық беру қажет деп санады. Бұл бостандық, олардың пікірі бойынша, тұлғаның үйлесімді дамуын және адамның дербестігін дамытуын қамтамасыз етеді. Мемлекет осы бостандыққа кепілдік беріп, осы салаға басқалардың араласуына жол бермеуі тиіс. Осы мәселенің екінші жолы жеке тұлғаның теңдігін қамтамасыз етуде мемлекеттің қатысуын жоққа шығарған жоқ. Оның негізін салушы *Руссо* болды, ол тең қағидасына барлығы, соның ішінде билік те тәуелді болуы керек, себебі оның міндеті — теңдікті қамтамасыз ету деп санады. Қоғамның дамуына қарай, теорияда да, тәжірибеде де мемлекеттің әлеуметтік функциясының өсуімен, әлеуметтік бағдарламаның кеңеюімен, нарықтық қатынастармен туындайтын әділетсіздікті түзетумен байланысты жолдар орын ала бастады.

¹ Назаренко Г.В. Общая теория права и государства.— М., 2003. 64 б. (176 б.)

Әлеуметтік мемлекет бұл әлеуметтік әділдік туралы, өз азаматтарының амандығын, олардың әлеуметтік қорғалуы туралы қамқорлық міндеті жүктелетін мемлекет.

Әлеуметтік және экономикалық құқықтардың басты қағидасы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 25 — бабының 1 тармағында баяндалған. «Әр адамның тамақтануға, киінуге, медициналық тексеруден өтуге және денсаулығын бір қалыпты ұстау үшін және оның отбасының амандығы үшін қажетті болып табылатын тиісті әлеуметтік көмек алу құқықтары, жұмыссыздық, науқастану, мүгедектік, жесірлік, кәрілік жағдайының туындауы және оған байланысты емес басқа мән-жайлар бойынша өмір сүру қаражаттары жоғалған жағдайда, қамтамасыз ету құқықтарына құқығы бар» ереже болып табылады. Бұл қағида экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пактінің 11-бабының 1 тармағында көрсетілген. Ол XX ғасырдың соңында қоғамның тиісті түрде дамуы мүмкін болмайтын жағдайларды ескере отырып, мемлекеттің қызметінде әлеуметтік бейімделуге, адам құқықтарының «кейінгі ұрпақтарын» қамтамасыз етуге міндеттейді.

Әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтардың қатарына: еңбекке, әділ жалақыға және тең құндылығы бар еңбек үшін бірдей сыйақы алуға құқық; қауіпсіздік және гигиена талаптарына сәйкес келетін жұмыс жағдайларына құқық; тынығуға, бос уақытқа, ақылға қонымды шектелген жұмыс уақытына және төленетін кезекті демалысқа шығу құқығына; әлеуметтік сақтандыруды қоса алғанда, әлеуметтік қамсыздандыру құқығына; отбасын, ана мен баланы қорғауға құқық; білім алуға құқық; мәдениет өміріне қатысуға құқық; мәдениет жетістіктерін пайдалануға құқық және басқалары жатады. Кейінгі ұрпақ құқықтарының қарапайым тізбесін жүзеге асыру мемлекеттің белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пактінің 2 — бабының 1 тармағында бекітілген: «Осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет дербес тәртіпте және халықаралық көмек пен ынтымақтастық тәртібінде, атап айтқанда, экономикалық және техникалық салада, әсіресе, заң шараларын қабылдауды қоса алғанда, барлық тиісті әдістермен осы Пактіде танылатын құқықтарды бірте-бірте толық жүзеге асыры-

луын қамтамасыз ету үшін барынша барлық шараларды қолдануға міндетті».

Сонымен, мемлекеттің әлеуметтік бейімділігі, кейінгі ұрпақтардың құқықтарына бірте-бірте кепілдік беру туралы қажеттілік мәселесі халықаралық қауымдастықпен танылды. Бірақ кейбір мемлекеттердің бейберекет жағдайлары осы топтың барлық маңызды құқықтарын қорғауға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты, мемлекеттің экономикаға араласу шегі туралы мәселе туындайды, өйткені, бір жағынан, оның дамуы тоқтап қалмас үшін, екінші жағынан — азаматтардың әлеуметтік қорғауылын қаматамысз ету үшін. Аса күрделі мәселелердің бірі — нарықтық бостандық пен экономикаға мемлекеттің ықпал етуі арасындағы тепе-теңдіктің қамтамасыз етілуі болып табылады. Сондықтан өндірісті ынталандыру, оның үздіксіз өсуін қамтамасыз ету жөнінде ғана емес, сонымен қатар қоғамның барлық топтарының лайықты жағдайын қамтамасыз ете алатындай мемлекеттің ыңғайлы салықтық саясаты, оның басқарушы рөлі жөніндегі мемлекеттік шаралар да маңызды болып табылады.

Қазіргі таңда әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтарды қамтамасыз етумен байланысты іске асыру бағдарламасы күрделенген сайын, көптеген жоғары дамыған мемлекеттердің өздері де үлкен экономикалық қиыншылықтарға тап болуда. Сондықтан бүгінгі таңда мемлекеттің негізгі міндеті — экономикалық мәселенің қолайсыз жағдайларын төмендету, жұмыспен қамту деңгейін көтеру және жұмыссыздық бойынша халыққа жәрдемақы төлеуді қолдау.

Әлеуметтік мемлекет идеясы күннен — күнге танылып келеді және тәжірибеде орын алып, қазіргі мемлекеттердің конституцияларында бекітіледі. Мәселен, ГФР конституциялық тұрғыдан өзін әлеуметтік құқықтық мемлекет деп жариялады. XVIII ғ. ортасында Германияда кедейлер туралы заң қауымдарды мұқтаж тұлғаларға үлкен көмек көрсетуді міндеттеді. XIX ғ. бұл жауапкершілік коммуналдық деңгейден жалпы мемлекеттік деңгейге ауысты. ГФР-дің Әлеуметтік тапсырыстар кодексінде өзінің өмір сүруіне қаражаттарды дербес таба алмайтын және сырттай ешқандай көмек алмайтын кез келген тұлға оның ерекше қажеттіліктеріне сәйкес келетін, өзіндік көмекке түрткі болатындай, қоғамдық

өмірге қатысуды қамтамасыз ететін, адамның лайықты өмір сүруіне кепілдік беретін жеке және материалдық қолдау алуға құқығы бар¹.

Әлеуметтік мемлекет қағидасы Францияның, Италияның, Португалияның, Туркияның, Испанияның, Грекияның, Нидерландының, Данияның, Швецияның және басқа мемлекеттердің Конституцияларында көрініс тапты. Жалпы алғанда, олар конституцияда бекітілген-бекітілмегеніне қарамастан, батыс елінің дамыған мемлекеттері маңызды халықаралық-құқықтық актілерде көрініс тапқан осы құқық санаттарының маңыздылығын жоққа шығармайды.

Мемлекеттердің әркімге лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету міндеті қазіргі мемлекеттердің үлкен көлемдегі әлеуметтік шығындарға ауысқанын көрсетеді. Әлеуметтік мемлекеттілікті қалыптастыру — тұрақты және үздіксіз процесс. Әлеуметтік мемлекеттің негізгі қағидалары — адамның адамгершілігі, әділдік, жауапкершілік, жеке индивидтердің материалдық сәйкессіздігін жою мақсатында фактілік теңсіздікті жеңіп шығу еді. Онсыз экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды ғана емес, сонымен қатар бастапқы ұрпақтардың саяси және жеке құқықтарын да жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан, Қазақстан Республикасының Негізгі заңында әркімнің еңбек бостандығына, қызмет және кәсіп түрін еркін таңдау құқығы туралы конституциялық нормалар бекітілген.

Бақылау сұрақтары

1. Адам құқықтары дегеніміз не?
2. Адам құқықтарын қамтамасыз етудің маңыздылығы неде?
3. Адам құқықтарының табиғаты қандай?
4. Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері қандай?
5. Әлеуметтік мемлекетті қалыптастыру жолдары қалай?

¹ Права человека / Е.А. Лукашеваның ред.— М., 1999.— 208-209 б.

2 ТАРАУ

ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Құқықтық мәртебе: ұғымы және құрылымы

Қоғамдағы тұлғаның құқықтық жағдайы немесе құқықтық мәртебесі — бұл заңмен кепілдік берілген адамның құқықтары мен бостандықтарының жиынтығы. Мемлекет және индивид арасында, сондай-ақ азаматтардың бір-бірінің арасында қалыптасатын өзара қарым-қатынастар мемлекет арқылы белгілі бір заңи нысанда — азаматтың құқықтық мәртебесін құрайтын құқықтар, бостандықтар және міндеттер нысанында бекітіледі. Осылайша, тұлға мен мемлекет арасындағы қатынастар заңмен бекітіліп, реттеледі.

Құқықтар мен бостандықтардың жүйесі — құқықтық саланың жүрегі, орталығы болып табылады және мұнда негізгі заңи мәселелерді шешудің кілті орналасқан¹. Құқықтар мен міндеттер арқылы мемлекет әлеуметтік жүйенің қалыпты өмір сүруі үшін міндетті, пайдалы және тиімді деп санайтын жүріс-тұрыстың үлгілері, стандарттары бекітіліп қана қоймай, мемлекет және тұлғаның өзара қарым-қатынастарының негізгі қағидаларының мәні ашылады.

Конституциялық құқықтар және бостандықтар, мемлекет пен тұлғаның өзара байланыстары нақты реттілік пен тәртіптілікті талап етеді, себебі жеке индивидтің құқықтық мәртебесі оның азамат, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адам ретінде шығуына байланысты ерекшеленеді. Тұлғаның құқықтық мәртебесі бірыңғай болады. Мемлекеттің барлық азаматтары олардың қоғамдық немесе қызметтік жағдайына, біліміне, тұрғылықты жеріне, ұлттық тиесілілігіне қарамастан бірдей құқықтық жағдайда болады. Кез келген мәнді жан-жақты ашу үшін әуелі ұғымдарды айқындап алған жөн. С.С. Алексеев әділ атап көрсеткендей, ұғымдардың

¹ Мальцев Г.В. Права личности; юридическая норма и социальная действительность. Конституция СССР и правовое положение личности.— М., 1979. 50 б.

жүйесін қалыптастыра білу¹, затты немесе құбылысты әртүрлі қырынан көруге мүмкіндік береді. Әрбір жаңа термин неғұрлым қарапайым, қолжетімді және құқықтық құбылыстың ұғымын балама түрде сипаттайтын болуы тиіс.

«Тұлға» ұғымы әртүрлі қырынан қарастырылуы мүмкін. В.П. Тугаринов, В. А. Кучинский² «тұлға адам болып дүниеге келіп, тұлға ретінде қалыптасады» деп есептейді. Олардың пікірі бойынша, адам тұлға болуы үшін жеке даралыққа ие болуы тиіс, табиғи және ақыл-ой дамуының тиісті кезеңдерінен өтіп, өзге адамдармен қарым-қатынас барысында қажетті әлеуметтік тәжірибе жинақтауы тиіс.

Біздің ойымызша, «тұлға» термині адамның әлеуметтік маңыздылығын баса көрсете отырып, тұлға — кез келген адам деп кең ұғым ретінде пайдаланылуы тиіс. М.С. Строгович³ былай деп дұрыс көрсетіп кеткен: «Әрине, тұлғалар әртүрлі болады. Жоғарғы даму деңгейіндегі тұлғалар бар, бірақ әрбір адам өзіне тұлға ретінде қарым-қатынасқа лайықты». Заңдарда жиі қолданылатын «тұлға» термині жеке индивидке қатысты болады және мәні бойынша «тұлға» мен «адам» бір нәрселік ұғымды болып табылады.

Тұлғаның құқықтық мәртебесі *жалпы, арнайы және жеке* болуы мүмкін. Тұлғаның қоғамдағы жағдайы оның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымымен, қолданыстағы заңнамамен анықталады. Заң азаматтар, тұлға мен қоғам, тұлға мен мемлекет арасындағы қатынастарды бекітеді және реттейді. Мемлекеттің Негізгі заңында адам және азаматтың барлық маңызды құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ олардың міндеттері белгіленген. Қазақстанның барлық азаматтарының құқықтық мәртебесі жалпы деп танылады, ол Қазақстан Республикасының Конституциясымен анықталған және ағымдағы мән-жайларға байланысты болмайды.

Студенттердің құқықтық мәртебесі арнайы мәртебеге жатқызылады, ол азаматтардың жекелеген санаттарының жағдайының ерекшеліктерін көрсетеді, ал А. деген азаматтың құқықтық мәр-

¹ Алексеев С. С. Проблемы теории права. Т. 2. Свердловск, 1972. 316 б.

² Тугаринов В. П. Личность и общество.— М., 1965. 41, 88 б.; Кучинский В. А. Личность, свобода, право.— М., 1978. 27 б.

³ Строгович М. С. Конституция общенародного государства // Правоведение, №8. 1979. 54 б.

тебесі жеке дара бола отырып, оның тұлғасының ерекшеліктерін: жынысын, жасын, кәсібін, отбасылық жағдайын, қызмет түрін және құқықтық мәдениетінің деңгейін көрсетеді.

Адам құқықтары — қазіргі әлемдік өркениеттің басты құндылықтарының бірі — өте күрделі ұғым болып табылады. «Адамның құқықтары» және «азаматтың құқықтары», «адамның құқықтары мен бостандықтары», «адамның негізгі (түпкілікті) және өзге құқықтары», «индивидтің құқықтары» және «ұжымдық құқықтар» ұғымдары арасында белгілі бір айырмашылықтар бар.

«Адамның құқықтары» және «азаматтың құқықтары» деген сөздерді қолдана отырып, бұл санаттарының мазмұны бойынша ұқсас еместігін байқау қажет. Екеуінің де ажырамас сипатта болатынына қарамастан, адамның құқықтары табиғи құқықтан, ал азаматтың құқықтары — позитивті құқықтан туындайды. *Адамның құқықтары* оларды мемлекеттік тұрғыдан танымай және заң жүзінде бекітпей-ақ, құқық иеленушінің қандай да бір мемлекетпен байланысына қарамастан өмір сүре алады. Атап айтар болсақ, бұл — барлық адамға және әрқайсысына тумысынан тиесілі табиғи, иеліктен шығарылмайтын құқықтар. Сондықтан олар *адамның табиғи құқықтары* деген атауға ие болды.

Саяси қайраткер Марк Туллий Цицерон «табиғи құқыққа қайшы келетін мемлекеттің заңы заң ретінде қарастырыла алмайды» деп айтқан. Әлеуметтік құқықтық мемлекетте табиғи және позитивті құқықтарды бір-біріне қарама-қайшы қою үшін негіздер жоқ, себебі соңғысы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің бірыңғай жүйесін құрай отырып, адам мен азаматтың табиғи құқықтарын бекітеді және қорғайды¹.

Ал азаматтың құқықтары өз кезегінде сол тұлға тиесілі болатын мемлекеттің қорғауында болады. Азамат — бұл заңи санат, ол адамның белгілі бір мемлекетпен байланысын көрсетеді. *Азаматтың құқықтары* — бұл мемлекет арқылы қорғалатын және оның мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған заңи тұрғыдан мүмкін болатын жүріс-тұрыстың нормасы. Бұдан басқа,

¹ Копаев В. С. Права и свободы человека и гражданина в социальном правовом государстве. // Проблемы совершенствования прокурорск. надзора. — М., 1977. 199б.

әлемдегі көптеген адамдардың азамат (азаматтығы жоқ адам, апартид) деген мәртебесі мүлдем жоқ және сәйкесінше олар формалды түрде адам құқықтарын иеленгенімен, азаматтың құқықтарын иеленбейді. Басқаша айтқанда, адамның құқықтары әрқашан заңи санат ретінде емес, тек моральдық немесе әлеуметтік санат ретінде қарастырылады.

Заңнамада «құқықтар мен бостандықтар» деген сөздер жиі қолданылады. Негізінен алғанда олар ұқсас ұғымдар. Алайда, «адам-мемлекет» қатынастарындағы құқықтық өкілеттіліктерге қатысты олар бір-бірінен ерекшеленеді. Адамның **құқықтары** — заңмен белгіленген саладағы мемлекет арқылы бекітілген және кепілдік берілген адамның мүмкіндіктері, құқықтық өкілеттігі. Оған қоса, мемлекет заңмен белгіленген саладағы адамның құқыққа сай әрекеттерін қорғауға міндеттенеді. Заңи нысан, жазбаша құқық аталған құқықтардың «қорғалуын» қамтамасыз етеді, соған байланысты **позитивті құқық** деген атауға ие болды.

Адамның **бостандықтары** — бұл мемлекет араласуға тыйым салынатын адам қызметінің саласы. Мемлекет тек құқықтық нормалардың көмегімен шекара сызып, соның шегінде адам өз таңдауы және қалауы бойынша әрекет етеді. Осы тұста мемлекет нақты адамның бостандықтарына қол сұғудан бас тартуы тиіс, сондай-ақ өзге тұлғалардың аталған бостандықтардың шекарасына қол сұғудан қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Ю.П. Еременко былай деп көрсетеді: «Бостандық — адамның сыртқы мәжбүрлеу бойынша емес, қоғамдық және жеке мүдделерін қанағаттандыру мақсатында өз еркіне және ішкі сеніміне сәйкес ойлау және әрекет ету мүмкіндігін білдіреді». Тек бостандыққа ие адам ғана өз құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыра алады. Адамның құқықтары рұқсат етілген нәрсенің бөлшегі ретінде анықталады және адам құқықтарын бекіту адамның өз мүмкіндіктерін білуі үшін қажет болып табылады¹.

«Бостандық — тұлғаның органикалық өмір сүру ортасы, мұнда бостандықты шектеу орын алады, сәйкесінше тұлға психологиялық деформацияға ұшырайды». Азаматтың құқықтары мен бостандық-

¹ Еременко Ю. П. Советская конституция и законность.— Саратов, 1982. С. 86.

тары — мемлекеттің қорғауында болатын және әрбір адамға тиесілі құқықтары болып саналады¹.

Егер «құқық» термині адамның нақты әрекеттерін анықтаса, мысалы, «сайлау құқығы және сайлануға құқық», онда «бостандық» термині нақты нәтиженің шеңберін көрсетпей, жекелеген таңдау жасаудың неғұрлым кең мүмкіндіктерін белгілеуге көмектеседі: «әркімнің ар-ождан бостандығына, діни сенім бостандығына кепілдік беріледі...»; «әркімнің ой және сөз бостандығына кепілдік беріледі». Осылайша, бүгінгі күні тұлғаның құқықтары және бостандықтарының көлемі жалпыадамдық құндылықтар мен мәдениеттің деңгейіне байланысты болып отыр.

Құқықтар мен бостандықтар — бұл адамның қадір-қасиетін мемлекет тарапынан орын алатын қол сұғушылықтардан қорғайтын қалқан болып табылады. Құқықтары жоқ адам өзі тәуелді адамдарға өтініш жасауы мүмкін. Бостандыққа ие жеке индивид өз құқығын қызметші ретінде сұрамайды, оны тікелей талап ете алады. Талап ету адамдық қадір-қасиеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. өз кезегінде, қадір-қасиетті қорғау адам құқықтарын қорғаудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Конституцияда, Қылмыстық іс жүргізу кодексінде және өзге заң әдебиеттерінде «*қорғау*» және «*сақтау*» деген ұғымдар кездеседі. «*Қорғау*» ұғымы бұзылған құқықты қалпына келтіру жөніндегі шараларды қарастырады, ал «*сақтау*» субъективті құқықтар мен бостандықтардың қалыпты жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қызметті білдіреді. Осылайша, Н.И. Матузов «құқықтар мен мүдделер үнемі сақталады, ал олар бұзылған жағдайда қорғалады» деп есептейді².

«Сақтау» ұғымы құқықтар мен бостандықтардың заңсыз бұзылуына қарсы тұруды, осындай бұзушылықтың алдын алуды, сондай-ақ зиянның орнын толтыруды білдіреді, ал «қорғау» — бұл жалпы құқықтық режимді қалыптастыру, яғни құқықтар мен бостандықтар бұзылғанға дейін жүзеге асырылатын қызмет. «Сақтау» терминін

¹ Лукашева Е. А. Правовое государство и обеспечение прав личности // Права человека в истории человечества и современном мире.— М., 1995. С.65.

² Матузов Н. И. Правовая система и личность.— Саратов, 1987. 130-131 б.

қолдана отырып, заң шығарушы құқықтар мен бостандықтардың бұзылуын жоюға және оған қарама-қайшы тұруға бағытталған қызметті, сондай-ақ олардың бұзылмайтындығының кепілдерін анықтауды қоса алғанда, осындай бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі қызметті білдіреді.

Қазіргі әлемде адам құқықтарының мәселесі әрбір жекелеген мемлекеттің шегінен асып кеткендіктен, адамның негізгі құқықтары болып табылатын әмбебап халықаралық-құқықтық стандарттар қалыптастыру қажеттілігі туындады. «Негізгі құқықтардың» болуы басқа «негізгі емес, екінші дәрежелі құқықтардың» болуын білдірмейді.

Азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары тұлғаның құқықтары мен мүдделерінің жалпыадамдық стандарттарын белгілеген бірқатар маңызды халықаралық актілерде көрініс тапқан, бұларға сәйкес мемлекет алдында жауапкершілікті тек азаматтар ғана иеленбейді, мемлекетте азаматтардың алдында олардың бостандығын, тұлғаға және оның жеке өмірге қол сұғылмаушылығын, азаматтардың барлық құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуі үшін жауапкершілікті иеленеді. Жеке индивидтің негізгі құқықтары — бұл оның конституциялық құқықтары болып табылады. Конституцияда және халықаралық-құқықтық актілерде көрініс тапқан *негізгі, түпкілікті құқықтар* индивидтің құқықтық мәртебесінің өзегі және оларды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттің көп күшін талап етпейтін туынды, бірақ неғұрлым маңызды құқықтар үшін құқықтық негіз болып табылады.

Құрамында адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пакт, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакттің факультативтік хаттамалары бар *Адам құқықтары туралы халықаралық Билль* тек ішкі мемлекеттік емес, сондай-ақ халықаралық құқықтың да субъектісі болып табылатын адамның құқықсубъектілігіне түбегейлі өзгерістер енгізді.

Халықаралық заңдарға сәйкес, Пактіге қатысушы-мемлекетте өмір сүретін немесе осы мемлекеттің юрисдикциясының қол астындағы барлық тұлғалар, нәсіліне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге көзқарастарына, ұлттық не әлеуметтік шығу тегіне, мүлікті не өзге жағдайына қарамастан пактілерде көзделген құқықтарды иеленуге мүмкіндігі болады. Бұл құжатты мойындаған барлық мемлекеттер өзінің ұлттық заңнамасын Пактінің талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.

Қатысушы мемлекеттер Пактілерге қосылғаннан кейін халықаралық құқықтық актілер ішкі заңнамадан басым болатын құқықтық жағдайда қалыптасады. Сондықтан саяси немесе азаматтық құқықтары бұзылған азамат егер барлық ішкі құқықтық қорғау тәсілдері таусылған жағдайда, БҰҰ жанындағы адам құқықтары жөніндегі Комитетке тікелей жүгіне алады (Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің №1 Факультативтік хаттамасының 2 -бабы).

1950 жылғы Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық Конвенция (ЕКПЧ) құқықтарды қорғаудың ұлттық заңнамада қарастырылған барлық ішкі мемлекеттік құралдарды пайдаланғаннан кейін де сондай жағдайларда адамның бұзылған құқықтарды қорғау үшін Еуропалық сотқа жүгіну мүмкіндігін қарастырады.

Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясы, халықаралық Пактілер, Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық Конвенция және өзге де бірқатар халықаралық-құқықтық актілер конституциялық құқықтарымен бірге индивидтің қалыпты өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған негізгі құқықтар мен бостандықтардың әмбебап жиынтығын анықтады. Сондықтан қазіргі жағдайларда адамның негізгі құқықтары деп мемлекеттің Конституциясында және адам құқықтары жөніндегі халықаралық-құқықтық актілерде, атап айтсақ, Адам құқықтары туралы халықаралық Билльде, 1950 жылғы Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық Конвенцияда, 1961 жылғы Еуропалық әлеуметтік Хартияда көрініс тапқан құқықтарды түсіну қажет. Адамның кез келген негізгі құқығы оның конституциялық

тұрғыдан бекітілген-бекітілмегеніне қарамастан әрбір қатысушы-мемлекетпен танылуға тиіс. Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтың ішкі мемлекеттік нормаларға қатысты ба-сымдылығы халықаралық қауымдастықтың баршамен танылған қағидасы болып табылады ¹.

Негізгі құқықтар мен бостандықтар индивидтің құқықтық мәртебесінің өзегін құрайды, мұнда адамның қалыпты өмір сүруіне қажетті өзге көптеген құқықтардың пайда болу мүмкіндігі жинақталған. Бұл құқықтар жеке индивид, оның басқа адамдармен, қоғам және мемлекетпен өзара әрекет етуі үшін өте маңызды болып келеді. Негізгі құқықтардың ішінен басқа құқықтар бөлініп шығуы мүмкін. Сондықтан мемлекеттің Конституциясында, Адам құқықтары жөніндегі халықаралық-құқықтық актілерде бекітілген *негізгі, фундаменталды құқықтар* адамның туынды, бірақ неғұрлым маңызды құқықтарының құқықтық базасы болып табылады ².

Өмір сүру салалары бойынша адамның құқықтары *жеке (азаматтық), саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен бостандықтарға* бөлінеді.

Қолданыстағы Конституцияның 98 бабының ішінен тұтас бір тарау — 30 бап, яғни, барлық баптардың үштен бірі осы құқықтар мен бостандықтарды айқындайды. Қазақстанның Конституциясында бекітілген құқықтар мен бостандықтарды шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

Жеке (азаматтық) құқықтар мен бостандықтар. Бұл — өмір сүруге құқық, адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуге құқығы, жеке бостандық пен теңдікке құқық, ар-намысы мен беделін қорғауға құқық, орын ауыстыру бостандығына және тұрғылықты жерін таңдауға құқық, тұрғын үйге қол сұғылмаушылық құқығы, сөз бостандығына құқық, ар-ождан және дін бостандығына құқық. Заң әдебиеттерінде адамның жеке құқықтары мен бостандықтары азаматтық құқықтар мен бостандықтар деп те аталады. Осы санаттағы құқықтар мемлекеттің жеке индивидтің

¹ Общая теория прав человека / Е.А. Лукашеваның ред.— М.: Норма-Инфа, 1996.— 18-19 б.

² Права человека / Е.А. Лукашеваның ред.— М.: Норма-Инфа, 1998. 135-136 б.

қарауына берілген қатынастардың белгілі бір саласындағы тұлға бостандығын тануы арқылы сипатталады және мемлекет тарапынан талап объектісі бола алмайды. Бұл құқықтар заңи тұрғыдан жеке мүдделердің әрекет ету кеңістігін қорғауға, жеке адамның өзін-өзі анықтау және тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктеріне кепілдік беруге арналған.

Осы құқықтардың пайда болуының әртүрлі кезеңдерінде олар адамның жеке бостандығы саласына мемлекеттің заңсыз кіруінен қорғауға мүмкіндік береді. Алайда азаматтық құқықтарды әрі қарай жүзеге асыру үшін адамның жеке бостандығы саласына мемлекеттің заңсыз кіруден енжар түрде міндеттенуі жеткіліксіз бола бастады. Жеке индивидтің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға көмек беру қажеттілігі туындады. Бұл жеке бостандық және жеке өмір саласына, соның ішінде мемлекеттің тарапынан құқыққа қайшы қол сұғудан қорғайтын тікелей тыйым салу жеткіліксіз болатынын білдіреді. Адамның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін мемлекеттің белсенді әрекеттері өте қажет.

Жеке (азаматтық) құқықтар мен бостандықтар кез келген демократиялық тұрғыдан ұйымдасқан қоғамның ізгілікті қағидаларын айқындай отырып, тұлға бостандығының негізгі қырларын қамтиды.

Саяси құқықтар мен бостандықтар — азаматтың субъективті құқықтары мен бостандықтарының маңызды санаты. Оларды мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне қатысуға, сондай-ақ мемлекеттік билікті жүзеге асыруға қатысу үшін заң және жария билік арқылы адамға қамтамасыз етілген мүмкіндік ретінде қарастырған жөн. Азаматтардың саяси құқықтары басқа құқық түрлерінің қызмет етуінің қажетті шарты болып табылады, өйткені олар демократия жүйесінің табиғи негізін құрайды және билікке шек қоятын, оған бағдар жасайтын құндылық ретінде қарастырылады.

Саяси құқықтарға: ақпаратты алу және таратуға құқық, бірлесу бостандығына құқық, бейбіт жиналыстар, демонстрациялар, шерулер мен пикеттер өткізуге құқық, тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекеттің істерін басқаруға қатысу құқығы жатқызылады.

Азаматтар саяси құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыра отырып, қоғамдық-саяси өмірге, мемлекетті басқаруға қатысады. Демократиялық мемлекеттегі саяси құқықтар мен бостандықтар жаппай қоғамдық сана арқылы екінші дәрежедегі емес, керісінше негізгі ізгілікті құндылықтардың бірі ретінде қабылданады.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар (мәдени құқықтармен бірге) екінші дәрежедегі адам құқықтарына жатқызылады. Бұл — еңбекке құқық, өзін материалдық өндіріс саласында жүзеге асыруға мүмкіндік, өз мүлкін иеленуге құқық, неке және отбасын құруға, ана мен бала құқығы, денсаулығын сақтауға құқық, мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға құқық, адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы болатын қоршаған ортаны қорғауға құқық, жалақы мен зейнетақының ең төменгі мөлшеріне құқық, жасы бойынша, науқастануына, мүгедек болуына және асыраушысының қайтыс болуына, т.б. байланысты әлеуметтік қамсыздандырылуға құқық, шығармашылық бостандығына құқық. Азаматтар кепілдендірілген тегін медициналық көмек алуға құқылы. Бұл құқықтар жеке индивид өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын қолдап отыру және нормативті тұрғыдан бекітуге қатысты болады, адамның еңбек пен тұрмыс, жұмыспен қамтылу саласындағы жағдайын анықтайды. Олардың көлемі мен жүзеге асырылу дәрежесі көп жағдайда экономика мен жиналған қордың жайкүйіне байланысты болады, сондықтан бірінші дәрежедегі азаматтық және саяси құқықтармен салыстырғанда оларды жүзеге асыру кепілдіктері неғұрлым аз дамыған.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қорғау саласындағы мемлекеттің міндеті — ілгерілеуші экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру, экономикалық даму үрдісіне және пайдасына өз халқының толық қатысуын қамтамасыз ету, барлық адамдарға аталған құқықтарды пайдаланудың тең мүмкіндіктерін ұсыну үшін өз ресурстарын пайдалану арқылы көрініс табады. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтарды құқықтық реттеу көздерінің арасында негізгі рөлді халықаралық-құқықтық нормалар атқарады.

Әлеуметтік құқықтар адамға өмір сүрудің тиісті деңгейін және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Басты құқықтардың бірі — әлеуметтік сақтандыруды, зейнетақымен қамтамасыз етуді және медициналық көмек көрсетуді қоса алғанда, әлеуметтік қамсыздандырылуға құқық болып табылады. Аталған құқықты жүзеге асыру өмір сүрудің қанағаттандырылғы деңгейіне, отбасын, ана мен баланы қорғау және қолдауға, дене және психикалық денсаулығының ең жоғарғы деңгейіне құқық тәрізді басқа құқықтарды жүзеге асырумен тікелей байланысты.

Мәдени құқықтар адамның рухани дамуына кепілдік береді, әрбір жеке индивидке саяси, рухани, әлеуметтік және мәдени прогрестің пайдалы қатысушысы болуға көмек береді. Мұндай құқықтарға: білім алуға құқық, мәдени құндылықтарға қол жеткізу құқығы, қоғамның мәдени өміріне еркін қатысу құқығы, шығармашылыққа құқық, ғылыми прогресс нәтижелерін пайдалануға және оларды тәжірибе жүзінде қолдануға құқық және т.б. жатқызылады.

2.2. Азаматтық. Азаматтықты алу және тоқтату

Тұлғаның қоғамдағы құқықтық жағдайының маңызды заңи алғышарты азаматтық жағдайы, яғни индивидуумның аталған мемлекетке саяси тиесілілігі болып табылады, бұл тиесілілік тұлға мен мемлекет арасындағы өзара қатынастардың сипатын белгілейді.

Халықаралық-құқықтық стандарттарға сәйкес әрбір адам азаматтық алуға құқылы, бірақ азаматтықты алу белгі — өлшемдері сан алуан. Тууы бойынша азаматтықты ұсыну негізінде екі қағида — «қан құқығы», яғни нақты мемлекеттің азаматтарынан туылу, және «топырақ құқығы», яғни белгілі бір мемлекеттің аумағында туылу қағидасы жатыр. Көптеген мемлекеттердің заңнамасында аралас көзқарастар қалыптасқан. Жалпы ереже бойынша, егер адам мемлекетпен белгілі бір мән-жайлар арқылы — оның аумағында туылуы не өмір сүруіне байланысты болмаса, шетел мемлекетінің азаматтығын алу мүмкіндігі көп емес. Шетел аза-

маттарын натураландыруға әр түрлі көзқарастар бар. Мемлекеттің қол астына алу (натураландыру) құзыретті органның шешімі негізінде белгілі бір тұлғаларға ұсынылатын басымдық болып табылады.

Азаматтық ең алдымен мемлекет пен азаматтың неғұрлым өзара маңызды құқықтары мен міндеттерін бекітетін мемлекеттік-құқықтық институттардың бірі болып табылады. Бұдан басқа, осы нормалар азаматтықты алу, оны тоқтату және азаматтықты қалпына келтірумен байланысты пайда болатын қатынастарды реттейді.

Азаматтық былай деп анықталады:

- тұлғаның мемлекетке тиесілілігі ретінде;
- тұлғаның мемлекетпен құқықтық, саяси-құқықтық немесе әлеуметтік-саяси байланысы ретінде;
- ерекше құқықтық қатынас.

Азаматтық — адамның мемлекетпен тұрақты саяси-құқылық байланысын айқындайды, бұл байланыс олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығынан көрінеді. Аталған анықтама «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңның преамбуласында берілген. Бұдан шығатыны, азаматтық — бұл ең алдымен тараптардың өзара құқықтары мен міндеттерінен құралатын екіжақты саяси-құқықтық байланыс. Осылайша, аталған заңның 1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары арқылы Республика азаматтары алдында жауапты, ал Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасы алдында жауапты. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға, Қазақстан Республикасының мүдделерін, оның аумақтық тұтастығын қорғауға, мемлекеттік тіл мен оның аумағында тұратын барлық ұлттардың тілдеріне, әдет-ғұрпына, дәстүрлеріне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының күш-қүдіретін, егемендігін және тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдесуге міндетті. Осы құқықтар мен міндеттер кез келген мемлекеттің азаматтығының мазмұнын құрайды. Тиісінше, құқықтық құбылыс ретіндегі азаматтықтың мазмұны мемлекет пен тұлғаның бір-біріне қатынасындағы құқықтары мен міндеттерін қамтиды, сондай-ақ ішкі мемлекеттік құқық саласына жатқызылады.

Алайда өзара құқықтар мен міндеттердің жай, қарапайым жиынтығы азаматтық мазмұнын құрамайды. Тек олардың бірыңғай құқықтық байланысын құрайтын жиынтығы азаматтық туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді. Басқаша айтсақ, азаматтықтың қалыптасуы үшін тек жеке құқықтар немесе бостандықтардың ғана емес, олардың жиынтығы болуы тиіс. Азаматтықты тұлғаның белгілі бір мемлекетке тиістілігі деп анықтай отырып, ең алдымен тұлғаның аталған мемлекеттің юрисдикциясында болуын білдіреді. Тиістілік тарихи қалыптасқан мұрагерлік қағидасын ескере отырып анықталады.

Тұлғалардың қандай да бір мемлекеттің азаматтығына тиістілігі олардың шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға жүктелмейтін мемлекетке қатысты міндеттерін белгілейді, соның ішінде: азаматтың жоғары атағын ерекше дәрежеде иелену, республиканың мүдделерін қорғау, оның беделін, тәуелсіздігін арттыру, т.б. міндеттерін жүктейді. Өз кезегінде мемлекет әрбір азаматқа қатысты құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз етуге, қоғамның барлық салаларында азаматтардың тең құқықтылығын, шетелде тұрақты тұратын өз азаматтарын қорғап, оларға қамқорлық жасауға міндетті.

Тұлға, мемлекет аумағында өмір сүргендіктен немесе мемлекеттік билікке бағынышты болғандықтан емес, азаматтықпен байланысты қатынастардың мазмұнын құрайтын тұлға мен мемлекет арасындағы ерекше байланыстар болғандықтан, азамат ретінде танылады. Тұлға мен мемлекеттің байланысы әрқашанда құқық арқылы реттеліп отыратындықтан, азаматтық — азамат пен мемлекеттің құқықтық байланысы болып табылады. Азаматтықты заңи тұрғыдан рәсімдеу үлкен маңызды саяси және тәжірибелік мазмұнға ие. Осылайша, азаматтың іс жүзінде шетелде болуына қарамастан азаматтық өздігінен тоқтатылмайды және алынып тасталмайды. Уақытша немесе тұрақты негізде мемлекеттің аумағынан тыс жерде бола отырып, тұлға толық көлемде өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің юрисдикциясында болады.

Азаматтық — тек заңи ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-саяси ұғым болып табылады. Азаматтық саласындағы қатынастарды реттей отырып, мемлекет нақты қалыптасқан әлеуметтік-саяси

және экономикалық қатынастарды ескере отырып, әрекет етеді. Мемлекеттің даму деңгейі жоғары болған сайын, азаматтарды қорғау деңгейі сол ғұрлым жоғары болады. Әрбір егеменді мемлекет өз азаматына топырақ құқығы (адамның дүниеге келген мемлекеті) бойынша немесе қан құқығы (яғни ата-анасының азаматтығы) бойынша ол туған сәттен бастап *ұлттық азаматтығын* береді.

1991 жылғы 20 желтоқсандағы «ҚР Азаматтық туралы» Заңға сәйкес, азаматтықты алудың өзге тәсілі *натурализация (қол астына алу)* болып табылады. Аталған тәсіл Қазақстанда үш жолмен жүзеге асырылады: бір мемлекеттің азаматының екінші мемлекеттің азаматымен некеге тұруы; тұлғаның азаматтыққа алу туралы өтініш жасауы; азаматтардың басқа мемлекеттің азаматтығындағы баланы асырап алуы.

Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан оның бүкіл аумағында бірыңғай және тең болып табылады (ҚР Конституциясының 10-бабының 1 тармағын қараңыз). Азаматтық — адамға қоғамның өміріне толық көлемде қатысуға құқық береді, тұлғаның құқықтық мәртебесін, яғни оның белгілі бір мемлекетке тиістілігін анықтайды, Қазақстан Республикасының азаматтары шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, кәсібінің түріне, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан заң алдында тең болады.

Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжат Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе Қазақстан Республикасы азаматының паспорты болып табылады. 16 жасқа дейінгі баланың азаматтығы оның туу туралы куәлігімен, ата-анасының қайсысының болса да төлқұжатымен расталады.

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға адамның Заңда белгіленген тәртіппен жасаған өтініші негізінде рұқсат етіледі. Егер шығу туралы өтініш жасаушы адамның Қазақстан Республикасы алдындағы міндеттемелерінің немесе мүліктік міндеттемелерінің орындалмағандары болып, олармен азаматтардың немесе Қазақстан Республикасы аумағында

орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің елеулі мүдделері байланысты болса, Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығарудан бас тартылуы мүмкін. Егер шығу туралы өтініш жасаушы адам айыпкер ретінде қылмысты жауапқа тартылған болса не заң жүзінде күшіне енген сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе, немесе ол адамның Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуы Қазақстан Республикасының мемлекет қауіпсіздігі мүдделеріне қайшы келсе, Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы азаматтығынан:

1) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген реттерді қоспағанда, адамның басқа мемлекетте әскери қызметке қауіпсіздік қызметіне, полицияға, әділет органдарына немесе өзге де мемлекеттік өкімет және басқару органдарына орналасуы салдарынан;

2) егер Қазақстан Республикасының азаматтығы көрінеу жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар табыс ету нәтижесінде алынса;

3) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша;

4) егер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адам дәлелсіз себептермен үш жыл бойы консулдық есепке тіркелмесе;

5) егер азамат басқа мемлекеттің азаматтығын алса, ол республика азаматтығынан айырылады.

Қазақстан Республикасында азаматтық мәселелер жөнінде шешім қабылдайтын лауазымды адам Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті:

— Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылдау туралы;

— Қазақстан Республикасы азаматтығын қалпына келтіру туралы;

— Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығару туралы шешімдер қабылдайды;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, облыстардың, қалалардың, аудандардың және қаладағы аудандардың

ішкі істер басқармалары, бөлімдері: Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде арыздар қабылдайды және оларды қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жібереді; Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделгендей, Қазақстан Республикасының азаматтығына алынғандығын және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққандығын тіркеуді жүзеге асырады; Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылуын тіркейді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері, Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттердегі өкілетті өкілдіктері: Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде арыздар қабылдайды және оларды қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жібереді; Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылуын тіркейді; Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының есебін жүргізеді.

Белгілі бір елде Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері болмаған ретте бұл органдардың міндеттерін тиісті шарттар негізінде басқа мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері атқарады.

Азаматтық мәселелерді алдын ала қарау үшін Қазақстан Республикасының Президенті *азаматтық мәселелер жөнінде комиссия* құрады. Азаматтық мәселелер жөніндегі арыздар мен ұсыныстарды қараған кезде Комиссия арыз берушінің дәлелдеріне, ұсыныс мазмұнына, мемлекеттік органдар қорытындыларына, өзге де құжаттарға және куәлардың тиісті түрде ресімделген айғақтарына жан-жақты баға береді.

Комиссия өзі жүргізіп отырған іс жөнінде тиісті мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерден құжаттар мен материалдар талап етуге құқылы, олар қажетті ақпаратты комиссия белгілеген мерзімде табыс етеді. Комиссия әрбір арыз немесе ұсыныс бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыныс енгізеді. Азаматтыққа қабылдау, оны өзгерту мәселелері жөнінде және өтініш қабылданбаған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шығарылады.

Азаматтық мәселе жөнінде қайталап берілген арыз бұл мәселе жөніндегі осының алдындағы шешімнен кейін бір жыл өткен соң қаралады. Іс үшін арыз берушіге мәлім болмаған және мәлім болуы мүмкін болмаған елеулі мән-жайлар туған ретте қайталап жасалған өтініш ертерек те қаралуы мүмкін. Азаматтық мәселелер жөніндегі шешімдердің орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Азаматтық мәселелер жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

Егер Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш жасаушы адам:

1) азаматқа қарсы халықаралық құқықта көзделген қылмыс жасаса, Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне әдейі қарсы шықса;

2) Қазақстан Республикасы аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

3) мемлекет қауіпсіздігіне, халықтың денсаулығына нұқсан келтіретін құқыққа қарсы іс-әрекет жасаса;

4) мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты қоздыратын болса, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің қолданылуына қарсы әрекет жасаса;

5) ланкестік әрекеті үшін сотталған болса;

6) сот ерекше қауіпті баукеспе деп таныса;

7) басқа мемлекеттің азаматы болса, Қазақстан Республикасының азаматтығына оның өтініші қабылданбайды;

1) Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу;

2) Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылу салдарынан тоқтатылады.

2.3. Адам құқықтарының «ұрпақтары»

Адам құқықтары пайда болу уақытына байланысты алуан түрлі болып келеді, сондықтан адам құқықтары пайда болған уақытты ескере отырып, «*адам құқықтарының ұрпақтары*» деген ұғым қалыптасты.

Соңғы он жылдық ішінде барлық адамдар иеленетін белгілі бір құқықтардың жаратылыс табиғаты туралы ой-пікірлер халықаралық құқықтың негізгі қағидаларына айналды. Негізгі, түпкілікті құқықтар жеке индивидтің құқықтық мәртебесінің өзегі және оларды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттің көп күшін талап етпейтін туынды, бірақ неғұрлым маңызды құқықтар үшін құқықтық негіз болып табылады.

Адам құқықтарының бірінші ұрпағы — бұл тұлғаның ой бостандығына, ар-ождан және діни бостандыққа құқығы, әрбір азаматтың мемлекеттік істерді жүргізуге қатысу құқығы, заң алдындағы теңдікке құқығы, өмір сүруге құқық, тұлғаның бостандық пен қауіпсіздікке құқығы, негізсіз қамалуға, тұтқындалуға немесе қудалануға жол берілмеу құқығы, істі әділеттіктің барлық талаптарын сақтай отырып, тәуелсіз және бейтарап сотпен қаралу құқығы. Бұл құқықтар адам құқықтары үшін ұзақ уақыт күрес жүргізу барысында қалыптасып, демократиялық мемлекеттердің заңнамаларында нақтыланған.

Бірінші ұрпақтағы құқықтардың айрықша белгісі — бұлардың барлығының бостандықтың жағымсыз тұжырымдамасына сүйенетіндігі болып отыр, оның шеңберінде бостандық-мәжбүрлеудің болмауын, сондай-ақ басқалардың тарапынан кедергісіз, өз еркі бойынша әрекет ету мүмкіндігін білдіреді. Бірінші ұрпақтағы құқықтар — бұл адамның бостандығына (әкімшілік, сол сияқты заң шығарушылық қызмет үрдісінде де) мемлекеттің негізсіз қол сұғуынан қорғайтын құқықтар. Бірінші ұрпақтағы құқықтар — бұл адам құқықтары институтының (basic rights) негізі деп есептеледі. Олар халықаралық құжаттарға сәйкес иеліктен шығарылмайтын және шектелуге жатпайтын құқықтар (осы құқықтарды жүзеге асыру тәсілдерін реттеумен шатастырмау қажет) деп түсіндіріледі. Кейбір батыстық мамандар екінші

және үшінші ұрпақтағы құқықтарды тек «әлеуметтік талап» деп тани отырып, бірінші ұрпақтағы құқықтарды ғана тікелей «адам құқықтары» ретінде қарастырады.

Адам құқықтарының екінші ұрпағы — бұл еңбек етуге және қызмет түрін еркін таңдауға құқық, әлеуметтік қамсыздандырылуға, демалысқа және тынығуға құқық, ана мен баланың қорғалуына, білім алуға, қоғамның мәдени өміріне қатысуға құқық. Аталған құқықтар халықтың өз экономикалық жағдайын көтеру үшін күрес процесінде қалыптасқан. Бұл құқықтарды жүзеге асыру үшін мемлекеттің араласуы қажет, себебі ол жария етілген әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтарға кепілдік беруге тиіс. Аталған құқықтарды тану ең алдымен капиталистік елдерде, содан соң Қазан төңкерісі және екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдік әлеуметтік жүйелер арасындағы қатаң күрес нәтижесі болды.

Екінші ұрпақтағы құқықтарды тануда белгілі бір рөлді КСРО атқарды, — идеологиялық және саяси тұрғыдан емес — себебі, екінші ұрпақтағы құқықтарды халықаралық-құқықтық құжаттарға енгізуді әрдайым талап етті. Нәтижесінде екінші ұрпақтағы құқықтар алдымен Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында (1948 г.), содан кейін Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пактіде (1966 г.) көрініс тапты. Екінші ұрпақтағы құқықтарды тану адам құқықтарының тұжырымдамасына елеулі өзгерістер әкелетінін білдірді. Бұл өзгерістер бостандықты басқа адамдармен тең негізде өз еркін жүзеге асырудың нақты мүмкіндігі ретінде позитивті тұрғыда түсінуге негізделген. Осындай ұғымдағы бостандықты иелену өзге адамдардың тарапынан мәжбүрлеудің болмауын, сол сияқты белгілі бір мүмкіндіктердің, соның ішінде материалдық ресурстардың болуын қарастырады. Олай болмаған жағдайда, әдетте адам өз құқығын пайдалана алмайды.

Екінші ұрпақтағы құқықтарды жүзеге асырудың тетіктері мүлдем басқа болады және мемлекетке жаңа міндеттер жүктейді. «Классикалық» либералды көзқарастарға сәйкес, мемлекеттік құқықтық реттеу белгілі бір қағидаларға сүйенеді: жалпы «ойын ережелері» жария салаға қатысты болады және формалды тұр-

ғыда азаматтардың барлық санаттарына бірдей болады. «Тиісті дәрежеде өмір сүру құқықты» қамтамасыз ету жөніндегі міндетті мемлекетке жүктеу талабы бұл сызбанұсқаны түбегейлі өзгертті. Бір жағынан, жария салаға тән құқықтық реттеу әдістері белгілі бір мөлшерде жеке шарттық қатынастар саласына көшірілді (мысалы, еңбек етудің әділетті және қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету); бұл өз кезегінде жеке бостандықты шектеу ретінде қабылданды. Екінші жағынан, екінші ұрпақтағы құқықтарды қамтамасыз ету шеңберінде мемлекеттің иеленген билік етуші функциялары әртүрлі санаттағы азаматтарға алуан түрлі қарым-қатынастың (заңи теңдік қағидасын бұзу деп есептеледі) қажеттілігін білдіреді.

Ақыр соңында екінші ұрпақтағы құқықтар адам құқықтары ретінде халықаралық құжаттарда танылды. Сонымен қатар, аталған құқықтар бірінші ұрпақтағы құқықтарға қарағанда неғұрлым салыстырмалы сипатқа ие болады. Халықаралық қауымдастық бұл құқықтарды жүзеге асыруға қандай да бір қатаң талаптарды қоймайды. Атап айтсақ, «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пактінің» 2-бабында «осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет дербес түрде және халықаралық көмек пен ынтымақтастық ретінде, атап айтқанда, экономикалық және техникалық салаларда, осы Пактіде танылған құқықтарды барлық тиісті тәсілдермен, атап айтқанда, заңнамалық шаралар қабылдауды қоса алғанда, бірте-бірте толық жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін қолда бар ресурстарды барынша ауқымды шегінде шаралар қабылдауға міндеттенеді» деп көрсетілген. Екінші ұрпақтағы құқықтарды жүзеге асыру, бір жағынан, материалдық ресурстардың болуына, екінші жағынан — қайта бөлудің неғұрлым тиімді ауқымына қатысты әртүрлі көзқарастардың орын алуына байланысты болады.

Адам құқықтарының үшінші ұрпағы — бұл адам құқықтары және халықтың құқықтары: бейбітшілікке құқық, таза қоршаған ортаға құқық, өзін-өзі анықтауға құқық, қарусыздандыруға құқық, адамзаттың жалпы мұрасын иеленуге құқық, сапасы адал өнімдерге құқық, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптаса бастаған азшылықтың құқықтары. Адамның үшінші ұрпақтағы

құқықтары негізінен ұжымдық құқықтарды қамтиды және жеке адаммен емес, ұжыммен, қоғаммен, ұйыммен жүзеге асырылады. Мұнда жеке және ұжымдық құқықтар тығыз байланысты болады. Ұжымдық құқықтар еш уақытта жеке адамның құқықтарына үстемдік етпеуі тиіс. Осылайша, өзін-өзі анықтауға құқық — халық пен ұлттың ажырамас құқығы болып табылады және аталған аймақта өмір сүретін әрбір адамның құқықтарын шектемеуі тиіс.

Үшінші ұрпақтағы құқықтарға қатысты ғалымдардың пікірлері сан алуан және қарама-қайшы болып келеді. Олардың иеленушісі негізінен халық пен ұлт болып табылатын және көптеген даулар мен теориялық пікірталастар тудырған «Адам құқықтарының үшінші ұрпағының» Тұжырымдамасы біздің жүзжылдықтың 70 жылдарында пайда болған. Аталмыш тұжырымдаманың идеялық авторы және кеңінен таратушылардың бірі Карел Васак, ол адам құқықтары және бейбітшілік жөніндегі ЮНЕСКО Департаментінің бұрынғы директоры болған. Оның еңбектері 70 жылдардың басы мен 80 жылдардың аяғындағы ынтымақтастық құқығының қалыптасуы мен мазмұнына қатысты пікірталастардың негізіне енгізілген. «Ынтымақтастық құқығы» терминінің өзі немесе «үшінші ұрпақтағы құқықтар» алғаш рет «Курьер ЮНЕСКО» атты ай сайынғы басылымда Васактың «Отызжылдық күрес» мақаласында жарық көрген. Осы жұмыста Васак ынтымақтастық құқығының туындап келе жатқанын көрсетті, оның пікірінше, олар «үшінші ұрпақтағы құқықтар» деп танылып, адам құқықтарының ұсынылған жіктемесіне негіздеме жасады.

Адам құқықтарының *екінші ұрпағы* 1917 жылғы Қазан төңкерісі нәтижесінде қалыптасқан экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар; бұлар — жария биліктің тарапынан позитивті әрекеттерді талап ететін позитивті оң құқықтар; бұл теңдікке құқық. Және соңғысы, адам құқықтарының *үшінші ұрпағы* ынтымақтастық қағидасына негізделген және үшінші әлем мемлекеттерінің отарсыздандыруы мен талаптарының нәтижесі ретінде қалыптасқан; бұл жеке индивидтердің емес, ең алдымен ұжымның құқықтары, және «әлеуметтік сахнадағы барлық тұлғалардың — жеке индивидтің, мемлекеттің, жария және жеке ұйымдардың, халықаралық қауымдастықтың келісілген

әрекеттерінің көмегімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін». Осындай ынтымақтастық құқықтарының ішінде Васак бейбітшілікке құқықты, дамуға құқықты, таза қоршаған ортаға құқықты, адамзаттың жалпы мұрасына қатысу құқығын, және жекелеген еңбектерінде гуманитарлық көмек алуға құқықты атап көрсетеді.

Бақылау сұрақтары

1. Адамның негізгі құқықтары дегеніміз не?
2. «Адам» және «азамат» ұғымдарының айырмашылығы неде?
3. Саяси, экономикалық және әлеуметтік құқықтар нені білдіреді?
4. Азаматтықты алу шарттары қандай?
5. Адам құқықтарының үшінші ұрпағы қашан қалыптаса бастады?

3 ТАРАУ

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНСТИТУТТАРЫ

3.1. Халықаралық қатынастар тарихындағы адам құқықтары

Әртүрлі тарихи кезеңдерде адам құқықтары мен бостандықтарының ұғымы, мазмұны мен көлемі бірдей болған жоқ. Айтарлықтай, көп ұзамай, осы ғасырдың басына дейін, адам құқықтары тек ішкі мемлекеттік құқықпен ғана реттелді. Халықаралық қатынастардың мемлекет қатысушылары бұл мәселе олардың ішкі юрисдикциясына ғана қатысты екендігін көрсетеді. Жалпы қабылданған қағидат мемлекет пен әр мемлекеттің ішкі ісі ретінде оның азаматтарының арасындағы өзара қарым қатынастарды қарастыру болып табылады.

Белгілі болғандай, мемлекеттердің ішкі юрисдикцияларының шекарасы өзгеріссіз, тарихи қозғалыссыз болып табылады. Мемлекеттер белгілі бір ішкі мемлекеттік қатынастар мәселесін халықаралық-құқықтық реттеуге жібере отырып, мұндай шектеулердің шегін өздері анықтайды. Көне, дәстүрлі халықаралық құқық, ішкі юрисдикцияға жататын мемлекет пен оның азаматтары арасындағы өзара қарым-қатынастарды зерттей отырып, бір ғана ерекшелік жасады. «Ізгілік» мақсатында басқа мемлекеттің аумағындағы өз азаматтарының өмірі мен мүлкін, сонымен қатар ұлттық және өзге азшылықты қорғау мақсатында біржақты тәртіпте күш қолдану, соғысқа дейін баратын әрекеттер құқыққа сай деп саналды. «Ізгілік» интервенцияға құқық қай жерде бұзылғанына қарамастан, негізгі құқықтар мен бостандықтарға кепілдік беруге әрбір мемлекеттің халықаралық міндеттемесі секілді алғышартқа негізделді. Өмір сүруге, ар-ұят пен дін бостандығына құқық сияқты құқықтарды «қорғау» және «қамтамасыз ету» сылтауымен басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласу саясатының теориялық

негізделуі халықаралық құқық ғылымының заңгер өкілдерінің еңбектерінде көрініс тапты.

Абстрактілік адамның қай мемлекетке тиесілі екендігіне қарамастан, оларға белгілі бір құқықтар мен бостандықтар тиесілі болатындығын ескере отырып, халықаралық құқық ғылымының негізін салушы заңгер *Гуго Гроций* 1625 жылы басып шығарылған «Соғыс пен бейбітшілік құқығы туралы» еңбегінде басқалардың азаматтарын қорғау үшін, егер оларға «заңсыздық» әрекеттерін көрсетіп жатса, онда әділ соғыстарды жүргізген жөн деп, ақтап отырған¹. Халықаралық құқық саласындағы ғалымдар адам құқықтарының табиғи-құқықтық теориясын кеңінен қолданды. Петербург университетінің әйгілі профессоры *Ф. Мартене* былай деп жазды, «барлық құрылған мемлекеттер адамның азаматтығына немесе ұлтына қарамастан, адамның жеке тұлғасымен тікелей байланысты, белгілі болған негізгі құқықтарды таниды»².

Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін «ізгілік» қағидасы керек, себебі интервенцияның құқыққа сай болуы және басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпаушылықтың заңдылығы туралы өй-пікір көптеген халықаралық заңгерлерімен XVIII ғасырда және XIX ғасырда да мақұлданған. Оған батыс елдеріндегі Ливиядағы жағдай және Муамар Каддафидің билігін құлату мысал бола алады.

Кейбір ғалымдар, «ізгілік» интервенция теориясын жақтаушылар — оны тек «өркениетсіз» мемлекеттерге қарсы қолдану ғана құқыққа сай болып табылады, деп санады.

«Ізгілік» мақсат үшін интервенцияның заңдылығы туралы көзқарасты бөлісе отырып, бірқатар ғалымдар «ізгілік» интервенциясына құқық біржақты тәртіпте емес, мемлекеттер тобының шешімі нәтижесінде пайда болады, деп санады. *Ф.Лист* былай деп жазды: «Жеке мемлекеттің негізделген пікірі бойынша, адамзаттың жалпы мүдделерін қорғау үшін басып кіруге, ішкі істеріне араласуға құқығы бар... Араласушылық құқығы бірлесіп бірнеше мемлекеттермен ұсынылуы мүмкін (ұжымдық араласушылық)»³.

¹ Гроций Гуго. О праве войны и мира, три книги.— М., 1956. 562-563 б.

² Мартене Ф. Современное международное право цивилизованных народов. Т. 1.— СПб., 1882. 327 б.

³ Лист Ф. Международное право в систематическом изложении.— Юрьев, 1917. 87 б.

Бірінші дүниежүзілік соғысынан және Ұлттар Лигасы құрылғаннан кейін мемлекеттердің интервенцияға құқығы белгілі бір шектеулерге тап болды. Егер Ұлттық Лиганы құруға дейінгі кезеңде халықаралық құқық әртүрлі себептермен негізделетін, мемлекеттің соғысқа құқығын таныған болса, Ұлттар Лигасының Статуты (уставы) Лига мүшелері-мемлекеттерінің соғысқа құқығын шектеп, Статут қаулыларын бұза отырып соғысатын оның мүшелеріне қатысты санкцияларды көздеді. Ұлттар Лигасының шеңберінде құлдық пен құлдарды сатумен күреске, сонымен қатар әйелдер мен балалардың саудасына жол бермеуге бағытталған бірқатар келісімдер жасалды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылғанға дейінгі кезеңде шектелген мемлекеттердің санымен алғашқы халықаралық келісімдер жасалды. Мұнда белгілі бір деңгейде адам құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері реттелді. Олардың қатарына құлдық пен құлдарды сатумен күрес туралы, әйелдер мен балалардың саудасына жол бермеу туралы, діни, этникалық және діни азшылықтарды қорғау туралы, сонымен қатар қарулы қақтығыс кезінде адамның бірқатар құқықтарын қорғау туралы ережелерді қамтитын шарттар мен конвенциялар жатады. Осы келісімдердің мақсаты адам құқықтарын халықаралық жанжақты қорғау жүйесін құру емес, тек жеке тұлғалардың кейбір құқықтарын ғана қамтамасыз ету болып табылды. Сол кезеңде егемендік теңдік қағидасына сәйкес, адам құқықтары мемлекеттің айрықша ішкі юрисдикциясына кіретін және ұлттық заңнамамен реттелуге жататын құқық ретінде халықаралық қауымдастықпен қарастырылды.

Сол кезеңде, жаңа мыңжылдықтың табалдырығында көптеген халықтар бостандық пен тәуелсіздікке қол жеткізді. Жаңа дәуір — Адам Құқықтарының Дәуірі басталды. Халықаралық қатынастардың қатысушы-мемлекеттері көптеген мәселелер олардың ішкі юрисдикциясына тиесілі болғанымен, адам құқықтарын қорғау мәселесі әр жеке мемлекеттің аумағынан тыс шыққанын мойындады. Осыған байланысты адамның негізгі құқықтары болып табылатын әмбебап халықаралық-құқықтық стандарттарды құру қажеттілігі пайда болды. Бұл адамның құқықтары мен бостандықтары нақты мемлекеттің ісі емес, барлық халықаралық қауымдастықтың объектісі екендігін білдіреді.

Адам құқықтарын баршаның құрметтеп, сақтауы бүгінгі таңда әлемдік қауымдастықпен шешу қажеттілігі бар, аса маңызды міндеттердің бірі. Бұл ереже тек БҰҰ Жарғысы, Адам құқықтары туралы Пактілер мен басқа да келісімдер қабылданғаннан кейін түпкілікті өзгерді, өйткені олар адам құқықтары саласында мүшелер-мемлекеттерге заңды міндет жүктеп қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттердің өз міндеттемелерін сақтау үшін бақылаудың халықаралық тетіктер жүйесін құруды көздейді. Бұл жүйе қазіргі таңда екі деңгейде: *әмбебап және аумақтық* деңгейде дамуда.

Халықаралық органдардың көпжылдық тәжірибесі көрсеткендей, олар адам құқықтарын қорғаудың қажетті элементі мен қосымша кепілдігі болып табылады. Олар ішкі мемлекеттік органдарды алмастырмайды, тек оларды толықтырады.

Осы саладағы адам құқықтарының тұжырымдамасы мен халықаралық құжаттарды қатып қалған доктрина ретінде қарастыруға және мәңгі, өзгеріссіз деп қарауға болмайды. Белгілі болғандай, олар нақты тарихи және уақыт шеңберінде пайда болады, сондықтан олар халықаралық өмірдің дамуын бейнелей отырып, үнемі өзгереді және жетілдіріліп тұрады.

Адам құқықтары саласындағы жалпыға бірдей танылған халықаралық нормалар бүгінгі таңда ұлттық заңнама нормаларының алдында басым болып табылады. Сонымен, Пактінің қатысушылары — мемлекеттерінде тұратын барлық тұлғалардың немесе осы мемлекеттің юрисдикциясы таралатын тұлғалардың Пактіде көрсетілген құқықтармен қолдану мүмкіндігі бар. Бұл мұндай мемлекеттерді өздерінің ұлттық заңнамаларын Пакт талаптарына сәйкестендіруді міндеттейді. Азамат, егер оның саяси немесе азаматтық құқықтары бұзылған жағдайда, әрине, құқық қорғаудың ішкі құралдары таусылған соң, БҰҰ маңындағы адам құқықтары жөніндегі Комитетке тікелей жолдануға құқылы. Өкінішке орай, адам құқықтары әлемде барлық жерде және толығымен іске асырылмаған, сондықтан олар оны сақтауды және оның сақталуына үнемі бақылау жүргізуге мұқтаж.

Адам құқықтары туралы халықаралық құжаттар — бұл халықаралық құқықтық нысанда бекітілген, адамның еркін және лайықты өмір сүрудің, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың негізгі кепілдіктері. Бұл құжаттардың негізгі мақ-

саты — адам құқықтары мен олардың өзара қатынастарындағы мемлекеттің міндеті көзделген адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету саласында ұлттық заңды қалыптастыруда нормативтік-құқықтық көмек көрсету.

Адам құқықтары мен бостандықтарын халықаралық реттеудің ерекше қажеттілігі Екінші дүниежүзілік соғыс барысында анықталды. 1945 жылы 24 қазанда Сан-Францискода қабылданған және күшіне енген **БҰҰ Жарғысы** адам құқықтары жөнінде мемлекет ынтымақтастығын кеңінен дамытудың негізін салған халықаралық қатынастар тарихындағы алғашқы көпжақты шарт болып табылады. Сонымен қатар ол қандай да бір дискриминацияға жол бермей отырып, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтау үшін мемлекеттерге заңи міндет жүктеді. Қазіргі таңда БҰҰ-ның мүшелері болып әлемдегі 194 мемлекет танылады. Қазақстан Республикасы 1992 жылдан бастап БҰҰ-ң тең құқылы мүшесі болып саналады.

Бас Ассамблея — халықаралық ұйымның барлық мүшелер — мемлекеттерді біріктіретін БҰҰ органы. Ол Нью-Йоркте қыркүйек пен желтоқсан айларының аралығында жыл сайын жиналады және мұнда жекелеген елдердегі мән-жайларды қоса алғанда, адам құқықтарымен байланысты барлық мәселелерді өзінің Үшінші Комитетінде талқылайды.

Сонымен, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) — халықтар арасындағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау және нығайту мақсатында егеменді мемлекеттердің ерікті бірлестігі негізінде құрылған ең ірі халықаралық ұйым, адам құқықтары саласында мемлекетаралық қатынастардың жаңа сатысына жол ашты.

Бірақ халықаралық тәжірибе көрсеткендей, халықаралық құқықты бұзғаны үшін жеке тұлғалар да жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Мәселен, 1946 жылы Нюрнберг трибуналымен шығарылған үкім, жеке тұлғалар да, мемлекет те халықаралық құқықтың қарапайым субъектісі болып табылады деген позитивісті емес норманы растады. Нюрнберг трибуналының үкімінің моральдық және заңи императивке сәйкес, жеке тұлғалар халықаралық құқықты бұзғаны үшін тартылатын жауапкершілікті көздеп қана қоймай, сонымен қатар жеке адамдардың құқықтарын халықаралық құқықтық деңгейде қорғау керек екендігін

белгілейтін қарапайым халықаралық-құқықтық норманың растаушысы болып табылды.

1946 жылы БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесі өзінің көмекші органы ретінде адам құқықтары жөніндегі Комиссияны құрды және оған Адам құқықтары туралы Халықаралық Билльге қатысты сұрақтарды дайындауды тапсырды. Адам құқықтары жөніндегі Комиссиямен дайындалған жоба, әртүрлі көзқарастардан және даулардан кейін БҰҰ Бас Ассамблеясына ұсынылды.

1946 жылғы 10 желтоқасанда БҰҰ Бас Ассамблеясы онымен қабылданған барлық декларациясының ішінде аса маңызды құжат болып табылатын, адамзаттың адамгершілік эталоны деп саналатын, *Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясын* қабылдады. Осы сәттен бері бұл күн *Адам құқықтарының Күні* ретінде аталып өтіледі.

Жалпыға бірдей Декларация ең алғаш рет жеке тұлғалардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын бекітті. Жалпыға бірдей Декларацияның негізгі, бастапқы идеясы — адам құқықтары оған тумысынан берілген және олар иеліктен шығарылмайды.

Өркімнің еріксіз қамауға алудан және ұстаудан, адамның адамгершілігін кемсітуден және жазадан еркін болуға, сот арқылы қорғануға және кінәсіздік презумпциясына құқығы бар. Декларация жеке және отбасылық өміріне еріксіз араласушылықтан, тұрғын-үйге қол сұғу озбырлығынан, хат алмасу құпиясын, арнамысы мен іскерлік беделін қорғайды. Сонымен қатар, Декларациямен адамның саяси және әлеуметтік құқықтары жарияланды.

Топтық мүдделер жалпы адамзаттық, жеке мүдделерден жоғары өмір сүрген идеология мен тәжірибенің әсерінен, Кеңес Одағы Жалпыға бірдей декларациямен қабылданған №217А қарарға дауыс беру барысында оны қолдай алмады, сондықтан дауыс беруден қалыс қалды. Олар қарсы дауыс бере алмады, өйткені өркениетті халықаралық қауымдастықтан тыс қалуға қорықты.

Сол кезде өмір сүрген режим әр адам өз құқықтарын тек мемлекеттен ғана алады және оны өз қалауы бойынша заңнамада бекітеді деп санады, ал өз кезегінде, адамның оған табиғатынан тиесілі болатын құқықтардың табиғи сипатын тану осы табиғи құқықтардың қорғалуын және оның бұзылуына жол бермеуін талап етті.

Жалпыға бірдей Декларация оның ырыққа көнбейтін мемлекеттердің нормаларын іске асыруды қамтамасыз ететін қандайда бір құқықтық тетікті көздеген жоқ. Сондықтан, ең алдымен, Еуропада тиісті құқықтарды шын мәнісінде жүзеге асыруға қабілетті, адам құқықтарын қамтамасыз ететін аумақтық халықаралық тетіктерді құру мәселесі пайда болды.

Нәтижесінде Бас Ассамблея Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес арқылы Адам құқықтары жөніндегі Комиссияға негізгі құқықтар мен бостандықтардың кең тізбегін қамтитын адам құқықтары туралы бірыңғай пакт әзірлеуді тапсырды.

Көптеген кеңестер мен пікірталастардан кейін екі Пактіні дайындау туралы шешім қабылданды: Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пакт және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пакт. Адам құқықтары туралы Пакт Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірнеше жылдар бойы дайындалып, тек 1966 жылы 16 желтоқсанда мақұлданды.

Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясын, Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіні, Экономикалық, әлеуметтік және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіні қамтитын *Адам құқықтары туралы Халықаралық Билль* адамның құқықсубъектілігіне өзгерістер енгізді, оған сәйкес, адам ішкі мемлекеттік қана емес, сонымен қатар халықаралық құқықтың субъектісі болатындығын көрсетеді.

Сонымен, Біріккен Ұлттар Ұйымына тарихи халықаралық-құқықтық құжаттардың қабылдануына қол жеткізуі үшін жиырма жыл бойы үлкен күш пен сабырлық қажет болды.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіде көрініс тапқан негізгі құқықтар мен бостандықтардың кең тізілімін әрбір мемлекет-қатысушы «оның аумағында орналасқан және оның юрисдикциясындағы» барлық тұлғаларға қандайда бір шектеусіз ұсыну қажет. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пакт әскери қақтығыс кезеңдерін қоса алғанда, кез келген жағдайда белгілі бір негізгі құқықтар мен бостандықтар сақталуы тиіс болатын қазіргі халықаралық құқық қағидасын бекітті.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт еңбекке құқық, әркімнің қолайлы, әрі әділ еңбек жағдайларына құқығы, әлеуметтік қамсыздандыру құқығына, әркімнің лайықты өмір сүруге, білім алуға және т.б. құқықтардың нақты тізілімін қамтиды.

3.2. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық институттар

Адам құқықтарын қорғау туралы нормаларды қабылдаған халықаралық ұйымдар мән-жайларды талдаудың және оларды бұзудың алдын алудың белгілі бір тетіктерін қарастырды. Халықаралық құқықтың көзқарасы бойынша, әркім өз елінің халықаралық шарттарына сәйкес, егер ішкі мемлекеттік құқықтық қорғау құралдары тәмамдалған болса, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде мемлекетаралық органдарға жүгінуге құқылы.

Адам құқықтарын сақтауға байланысты мәселелер Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық құрылымдарында дерлік қаралады, бірақ адам құқықтарын қорғау тұрғысынан, БҰҰ Бас Ассамблеясы, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, Халықаралық Хатшылық, сонымен қатар конвенциялық (шартты) органдар, яғни пактілерге, конвенцияларға, хаттамаларға сәйкес құрылған әртүрлі комитеттер басты рөлді атқарады.

БҰҰ Бас Ассамблеясы — осы ұйымның негізгі органы. БҰҰ Жарғысына сәйкес, ол «адамның нәсіліне, тіліне және дініне қарамастан, барлығына бірдей адам құқықтары мен негізгі міндеттерін жүзеге асыруға ықпал ету» мақсатында «зерттеулерді ұйымдастырады және ұсыныстар береді». Зани тұрғыдан қарағанда, оның ұсыныстары міндетті болып табылмайды, бірақ олардың моральдық беделі айтарлықтай жоғары.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі — БҰҰ Жарғысымен халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті бірқалыпты ұстау үшін басты жауапкершілік жүктелетін орган. Қауіпсіздік Кеңесі «халықаралық қайшылықтарға немесе дауларға алып келетін кез келген дауды немесе кез келген мән-жайларды, осы дау немесе мән жай халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті бірқалыпты ұстауға қауіп төндіретінін анықтау үшін тергеу жүргізуге» уәкілетті. Қауіпсіздік Кеңесі маңызды халықаралық гуманитарлық құқықты бұзғаны үшін жауапты тұлғаларды сот арқылы тергеу үшін Халықаралық трибуналдарды құрады (мысалы, Югославия және Руанда бойынша).

Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес (ЭКОСОС) — адам құқықтары саласындағы жұмыстың келісімділігі жөніндегі зертте-

улер жүргізетін және ұсыныстар шығаратын маңызды орган. 1946 жылы ЭКОСОС Адам құқықтары туралы Халықаралық билльді әзірлеген Адам құқықтары жөніндегі Комиссияны құрды.

Халықаралық сот — Бас Ассамблеямен және Қауіпсіздік Кеңесімен тағайындалатын 15 соттан тұратын БҰҰ сот органы болып табылады.

Сонымен қатар, жеке тұлға өзінің бұзылған құқықтарын қорғау үшін (көпшіліктің арасында таралған қате тұжырымға қарамастан), ол БҰҰ Халықаралық Сотына жолдана алмайды. БҰҰ Халықаралық Сотының Статуты (жарғысы, ережесі) осы сотпен қаралатын істер бойынша тараптар болып тек мемлекеттер табылатындығын көрсетеді.

БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі Комиссиясы — БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі мамандандырылған орталық органы. Комиссия зерттеулер жүргізеді, ЭКОСОС үшін баяндама дайындайды, конвенциялар мен декларациялардың жобасын әзірлейді, сонымен қатар адам құқықтарымен байланысты басқа да қызметті жүзеге асырады.

Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ Жоғарғы комиссары, барлық адамдармен азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды қорғау және тиімді жүзеге асыру, ынталандыру мақсатында БҰҰ Бас Ассамблеясымен құрылған лауазым.

Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ Орталығы адам құқықтарын қорғау және заңдылықты сақтау жөнінде ұлттық және аумақтық институттар мен инфрақұрылымдарды құруға көмек көрсетуге бағытталған нақты жобаларды жүзеге асырады.

БҰҰ жүйесінде сонымен қатар, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде басқа да тар шеңберде мамандандырылған органдар әрекет етеді.

Әйелдердің жағдайы жөніндегі Комиссия 1946 жылы қоғамдық өмірдің барлық саласында әйелдер құқықтарын жүзеге асыру және қорғау туралы ЭКОСОС баяндамалары мен ұсыныстарын дайындау үшін құрылған. Комиссия бірқатар сұрақтарды шешумен айналысады: некеге тұрған әйелдің азаматтығы, әйелдің саяси құқықтары, некеге тұру үшін оның келісім беруі және т.б. дербес наразылықтардың құпия рәсімдері де қарастырылған. Комиссия жеке қарарларын қабылдайды немесе ЭКОСОС үшін қарарлар

мен шешімдер дайындайды. Оның атымен әйелдер құқықтарына қатысты конвенциялар мен декларациялар әзірленеді.

Азшылықты қорғау және кемістушіліктің алдын алу жөніндегі шағын комиссия 1946 жылы құрылды. Ол зерттеулерді жүзеге асырады және адам құқықтарымен және нәсілдік, ұлттық, діни және тіл азшылықтарын қорғаумен байланысты кез келген түрдегі кемістушіліктің алдын алуға қатысты Адам құқықтары жөніндегі Комиссияға ұсыныстар береді.

Адам құқықтары жөніндегі Комитет Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге сәйкес құрылған. Комитет пактінің мемлекет — қатысушыларынан тағайындалатын тәуелсіз сарапшылардан тұрады. Ол барлық қатысушы мемлекеттер ұсынуға міндетті адам құқықтарының жағдайлары туралы кезекті баяндамаларды қарастыруға уәкілетті. Осы баяндамаларды қарап шығып, Комитет жалпы ескертулер мен ұсыныстарды әзірлейді, ал қажет болған жағдайда дауды шешу жөнінде өз қызметтерін ұсынуы мүмкін. Пакт Адам құқықтары жөніндегі Комитетке дербес жолдану тәртіптерін қарастырмайды, бірақ Азаматтық, саяси және әлеуметтік құқықтар туралы Халықаралық пактіге Бірінші Факультативті хаттамаға сәйкес, Комитет осы хаттаманың қатысушы мемлекеттерге әрекет ететіндей, жеке тұлғалардың наразылықтарын қарауға құқығы бар. Бірақ оның өкілеттілігі айғақтарды анықтау және ескертулер мен ұсыныстарды әзірлеумен шектеледі.

Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі Комитет барлық нысандағы нәсілдік кемсітушілікті жою туралы Халықаралық конвенцияға сәйкес құрылған және осы конвенцияны орындау туралы қатысушы мемлекеттің баяндамаларын қарауға, ескертулер мен ұсыныстарды әзірлеуге уәкілетті.

Азаптауға қарсы Комитет — азаптауға және басқа да қатал, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысқа нұқсан келтіретін жаза түрлеріне қарсы Конвенцияға сәйкес құрылған. Комитет Конвенцияның қатысушы мемлекеттерінің оны орындау барысы туралы кезекті баяндамаларын қарастырады. Ол тиісті органның рұқсатымен құпия тергеу жүргізе алады. 1991 жылы Комитетпен шығарылған Жалпы деректерге сәйкес, Конвенцияны ратификациялаған кез келген мемлекет баяндаманы екі бөлімде ұсыну қажет.

Бірінші бөлімі жалпы сипаттағы ақпаратты қамтуы тиіс.
Мұнда:

(а) Конвенцияның 1 параграфы, 1 бабында анықталғандай, азаптау және басқа да қатал, адамгершілікке жатпайтын және арнамысқа нұқсан келтіретін жаза түрлері осы мемлекетте тыйым салынатын жалпы заңнамаға қысқаша сипаттама;

(ә) осы мемлекет халықаралық шарттардың қатысушысы екендігі немесе Конвенция ережелеріне қарағанда, кең қолданыстағы ережелерді қамтитын ұлттық заңнамасы бар екендігі көрсетіледі;

(б) Осы салада қай сот, әкімшілік және басқа да құзыретті органдардың өкілеттігі бар екендігі көрсетіледі және баяндамада көрсетілген мерзімде осы органдармен шешілген мәселе туралы ақпаратты ұсыну қажет;

(в) Мемлекет-баяндамашының заңнамасында Конвенцияның тәжірибелік имплементацияға қатысты мән-жайдың қысқаша сипаттамасы және Конвенцияға сәйкес, мемлекеттің өзіне орындауға алған міндеттеменің деңгейіне ықпал ететін факторлар мен қиыншылықтарды көрсету қажет.

Екінші бөлімінде Конвенцияның бірінші бөліміндегі баптардың әрқайсысының орындалғаны туралы дәлме-дәл мазмұны көрсетіледі. Осы бөлімде Конвенцияның 2-16 баптарына қатысты кезегімен, барлық көзделген ережелерге сәйкес, имплементтікке қатысы бар мемлекет-баяндамашымен нақты ақпарат ұсынылады. Әр баптың ережелеріне қатысты баяндау қажет:

(а) Заң шығару, сот, әкімшілік және осы ережелерді тиімді орындайтын басқа да әрекет етуші шаралар;

(ә) Тәжірибеде осы ережелердің имплементтігіне әсер ететін кез келген факторлар мен қиыншылықтар;

(б) Нақты жағдайлар мен осы ережелердің тиімді орындалуын қамтамасыз ететін шаралар туралы, статистика жөнінде кез келген ақпарат.

Заңнамада, мысалы, Қазақстанның азаптауға қарсы бағытталған көптеген заңдары бар. Комитет заңдардың көптігіне емес, осы заңның тәжірибеде қалай қолданатындылығына, сонымен қатар егжей-тегжейлі статистикалық ақпаратқа және жәбірленушіге өтемақы төлеу туралы ақпаратына назар аударады.

Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі Комитет 1979 жылғы әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық

нысандарын жою туралы Конвенцияға сәйкес құрылды. Оның міндеті — Конвенция ережелерін орындау үшін қатысушы-мемлекеттермен қабылданған заң, сот, әкімшілік және басқа шаралар туралы баяндамаларды қарау, сонымен қатар ұсыныстарды әзірлеу.

Баланың құқықтары жөніндегі Комитет — Баланың құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес құрылған және Конвенцияның қатысушы-мемлекеттердің баяндамаларын қарауға уәкілетті. Көптеген конвенцияларда, осы конвенцияға сәйкес құрылған комитеттерге жеке наразылықтармен жолдану құқығы туралы айтылмағанымен, тәжірибеде, мысалы БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитетке жолдану жағдайлары орын алған.

1970 жылы БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің (ЭКОСОС) құрамында Адам құқықтары жөніндегі Комиссия әрекет етеді. Ол «Процедура 1503» деп аталатын «адамның бұзылған негізгі құқықтары мен бостандықтарына қатысты хабарламаларды қарау процедурасы» түрінде адам құқықтарын қорғау әдісін бекітті. Осы процедураға сәйкес, келіп түсетін хабарламалардың негізінде белгілі бір елде негізінен жүйелі түрде бұзылатын адам құқықтары қаралады. Осы процедура бойынша мемлекеттер адам құқықтарын сақтау және қорғауда өзінің еркін білдіре отырып және растай отырып, оларға келіп түскен наразылықтар мен хабарламалар бойынша жауаптар ұсынады. Бұл қатынас хаттар Комиссия ЭКОСОС-қа баяндама жасамайынша, құпия сипатта болады. «Процедура 1503» негізінен, жеке наразылықтарды емес, мән-жайларды қарауды көздейді.

Еуропа Кеңесінің құрамына кіретін мемлекеттер үшін адам құқықтарын қорғаудың екі тетігі әрекет етеді: Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Комиссия және Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот (Страсбург соты).

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сотқа 1950 жылғы 4 қарашада Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияға қол қойған және ратификациялаған, және, ең бастысы, адам құқықтары жөнінде консультативтік шешім шығаруға Еуропалық Сотқа құзырет беретін, осы Конвенцияға № 2 Хаттаманы ратификациялаған, Еуропа Кеңесінің мүшесі болып табылатын елдердің азаматтары ғана жолдана алады.

Сонымен, әрине, Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сотқа жолданатын тұлға, ең алдымен, ұлттық сот әділдігінің барлық жүйесін өту керек. Егер Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Соттың юрисдикциясындағы мемлекеттер адам құқықтарын бұзған жағдайда Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сотқа басқа мемлекеттердің азаматтары да арыз жолдай алады. Қазақстан Еуропалық Кеңестің мүшесі болып табылмайтындықтан және жоғарыда аталған құжаттарды ратификацияламағандықтан Қазақстан азаматтары үшін бұл құрал әзірше қолданылмайды.

Тәуелсіз Қазақстан кеңес дәуіріндегі көптеген республикалар секілді толық мемлекеттік егемендікке ие болған соң, әлемдік қауымдастықпен мақұлданған құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды құруға стратегиялық курсты жариялады.

Қазіргі таңда Қазақстан үшін адамның құқықтары мен бостандықтарын тиімді қамтамасыз ету ішкі және сыртқы саясаттың басымды бағыттарының бірі болып табылады. Республикада құқықты қорғау саласында жоғары белсенділік айқындалады. Соңғы жылдары маңызды жалпыға бірдей танылған халықаралық-құқықтық актілер ратификацияланған. Елбасшысының тапсырмасы бойынша елде «Еуропаға жол» атты арнайы бағдарлама әзірленген.

2007 жылдың желтоқсан айының қарсаңында ЕҚЫҰ 2010 жылы Қазақстан Республикасының басшылық етуі туралы шешім қабылдады. Бұл Қазақстан үшін халықаралық қауымдастықтағы қосымша абырой. Осыған байланысты Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Ұйымның қызметі туралы нақты білу өте маңызды.

ЕҚЫҰ — Ванкуверден Владивостокқа дейінгі географиялық кеңістікте орналасқан 56 қатысушы-мемлекеттен тұратын, қауіпсіздік мәселесімен айналысатын жалпыеуропалық орган. ЕҚЫҰ БҰҰ Жарғысының VIII тармағының мазмұны бойынша аумақтық келісім ретінде ерте пайда болған қайшылықтардың алдын алу, болдырмау, дағдарысты және қайшылықтан кейінгі мән-жайды қалпына келтіруді реттейтін маңызды құрал болып табылады.

ЕҚЫҰ Шығыс пен Батыс арасында диалог пен келіссөздерді жүргізу үшін көпжақты форум ретінде Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөнінде Кеңес (*ЕҚЫК*) шақырылды. Көптеген кездесулер мен келісімдерден кейін 1975 жылдың 1 тамыз айын-

да Еуропада қауіпсіздік және ынтымақтастық жөнінде Кеңестің Хельсинки Қорытынды Актісі жарияланды. Бұл құжатта («үшінші себетте») «Хельсинки процесінің» негізі болып табылатын адам құқықтары саласында негізгі міндеттемелер бекітілді.

Онда сонымен қатар, мемлекеттердің өздерінің азаматтарына қатысты, сондай-ақ өзара қатынастарында жүріс-тұрыстарының негізгі қағидалары («декалог») бекітілген. Қорытынды Акт шартта, келісім де болып табылмайды, сәйкесінше, оның ережелері заңи міндеттемелерді жүктеген жоқ.

1990 жылға дейін ЕҚЫК қатысушы-мемлекеттердің міндеттемелері дамитын және кеңесетін кездесулер мен конференция түрінде қызмет етті, сонымен қатар олардың орындалуына кезеңімен тексеру жүргізді. Париж хартиясында жаңа Еуропа үшін ЕҚЫК алдында Еуропадағы тарихи өзгерістерді басқару процесінде өз үлесін қосуға және тұрақты институттар мен жедел потенциалдарды құрып, салқын соғыс аяқталғаннан кейін пайда болатын жаңа үндеулерге жауап беруге міндетті.

1990 жылдардың басында бірнеше мекемелер мен институттар құрылды, кездесулерді өткізу тұрақты болып табылды, миссиялар ашылды, ал Кеңестің жұмысы жүйелік сипатқа айналды. 1994 жылғы жоғарғы деңгейдегі Будапешт кездесулерінде қатысушылар ЕҚЫК тек қарапайым кеңес болып табылмайтындығын белгілей отырып, ол тұрақты орган болып табылатын *Еуропада қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым* болып өзгертілді. ЕҚЫҰ қызметіне қатысатын барлық мемлекеттер бірдей мәртебеге ие, ал шешімдер консенсус негізінде қабылданды.

ЕҚЫҰ құрамына 56 Қатысушы-мемлекеттер — негізінен барлық еуропалық мемлекеттер, оған қоса Құрама штаттар мен Канада кірді.

1996 жылы жоғарғы деңгейдегі Лиссабон кездесулерінде ЕҚЫҰ рөлін қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту ісінде жоғарылату болды. Бұл кездесу ЕҚЫҰ-де Еуропалық қауіпсіздік Хартиясын әзірлеуге ынталандырылған, нәтижесінде, 1999 жылы қараша айында жоғарғы деңгейде Стамбул кездесулерінде қабылданды. Сонымен, Ұйымның потенциалын жедел нығайтуда және өз әріптестерімен ынтымақтастықты дамытуда пайдалы үлес қосылды.

Бүгін ЕҚЫҰ жалғыз жалпы еуропалық қауымдастық болып табылады және еуропалық қауіпсіздік институттарының арасында ерекше орынға ие. Ол бірнеше факторлармен түсіндіріледі: оның мүшелік құрамының кеңдігімен; оның қауіпсіздікке жан-жақты және ынтымақтастыққа негізделген жолымен; қайшылықтарды алдын алу құралдарымен; ашық диалог пен консенсусты қалыптастыру дәстүрімен; орындарында миссия жүйелерінің әрекет етуімен, сонымен қатар басқа халықаралық ұйымдармен ынтымақтасу тетіктерінің болуымен.

ЕҚЫҰ органдары келіссөздер жүргізу және шешімдерді қабылдау үшін *Венада «Хофбург» конгресс-орталығында* жиі отырыс өткізеді.

Жеке орган болып құрамына ЕҚЫҰ барлық қатысушы-мемлекеттерінен үш жүзден астам парламентарий кіретін ***ЕҚЫҰ-нің Парламенттік Ассамблеясы*** табылады. Оның міндеті — ЕҚЫҰ-нің жұмысына қатысы бар мәселелерді талқылау және резолюциялар мен ұсыныстарды қабылдау арқылы Ұйымның қызметіне парламентарий институттардың қатысуына ықпал ету. Одан басқа, оның мүшелері сайлауды бақылауда маңызды рөл атқарады.

Жер бетінде адам құқықтарын бекіту өте ұзақ әрі қиын процесс, сондықтан оған қол жеткізу үшін бүкіл әлемдік қауымдастықтың үлкен күш салуы қажет.

Адам құқықтары жөніндегі сайлау жүргізу және ұлттық сайлау органдары мен институттардың тұрақтануына, үкіметтік емес ұйымдарды қалыптастыруда және азаматтық қоғам құруға ықпал етуде белсенді рөлді ***ЕҚЫҰ-нің адам құқықтары мен демократиялық институттары жөнінде Бюро (АҚДИБ)*** атқарады. Бастапқыда «Еркін сайлау жөніндегі Бюро» деп аталған, 1990 жылы құрылған адам құқықтары мен демократиялық институттары жөніндегі Бюро Варшавада орналасқан. АҚДИБ міндеті — ЕҚЫҰ-нің барлық аумағында тұрақты демократиялық институттарды дамытуға ықпал ету. Бюро екі бөлімге бөлінеді: Сайлау жөніндегі Бөлім және Адамзат өлшемі мен демократияны құру жөніндегі Бөлім.

Сайлау жөніндегі Бөлім сайлауға ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді бақылау жүргізумен, техникалық тұрғыдан көмектесу және мамандарды дайындауға ықпал етумен айналысады. Бақылау жөніндегі миссияның жұмысы сайлау туралы баяндама жасаумен

аякталады, мұнда сайлау өткізу барысында ЕҚЫҰ шеңберінде сайлауға қатысты міндеттемелер және тиісті мемлекеттің ұлттық заңнамасы сақталған-сақталмағаны туралы қорытынды беріледі. Баяндамада, сонымен қатар келесі сайлауды жақсырақ өткізу үшін қажетті шаралар туралы ұсыныстар көзделеді.

Адамзат өлшемі жөніндегі Бөлім демократияға ықпал етуге, заңның ұлықтылығын қамтамасыз етуге және ЕҚЫҰ аумағындағы елдерде азаматтық қоғамды құруға бағытталған нақты жобаларды жүзеге асырумен айналысады.

Екі бөлімнің де тұрақты функциясы болып адамзат өлшемі саласында бақылау және міндеттемені орындауына ықпал ету табылады. АҚДИП ром және синтиді (сығандарды) халықтандыруға қатысты мәселе жөніндегі байланыс үшін пункт ретінде әрекет етеді және адамзат өлшемі мәселесіне қатысты (жылына екі рет өткізіледі) және адамзат өлшемі мәселесі жөнінде семинардың (жылына бір рет ұйымдастырылады) орындалуын қадағалау жөнінде ЕҚЫҰ кеңестерін жүргізу барысында ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Бюро директоры және қызметшілер Варшавада (Польша) орналасқан. Қайшылықтарды ерте алдын алу және болдырмау саласында басты рөлді Гаагада (Нидерланды) орналасқан *Ұлттық ашыылықтардың істері жөніндегі Жоғарғы комиссар бюросы* атқарады.

3.3. Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық тетіктері

Адам құқықтарын қорғаудың алғашқы халықаралық тетіктері екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды. Адам құқықтарын қорғаудың екі халықаралық тетіктері бар — БҰҰ жүйесінің шеңберінде әрекет ететін, әмбебап, және Еуропа Кеңесі шеңберінде құрылған аумақтық тетік.

Аталған жүйелерден басқа, әлемде адам құқықтарын қорғаудың өзге де аумақтық тетіктер бар: Америкааралық және Африкандық, бірақ олар кешірек құрылғандықтан, жалпылама тәжірибе құрған жоқ.

Жоғарыда аталып көрсетілгендей, Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт Біріккен Ұлттар Ұйымы адам

құқықтары жөніндегі комитетті құруды көздейді. Ол Факультативті Хаттамаға сәйкес, жеке тұлғаға Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіге және Пактінің Факультативтік Хаттамасына қол қойған және ратификациялаған мемлекеттердің бірі адам құқықтарын бұзғаны туралы жеке наразылықпен БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитетке жолдануына мүмкіндік береді.

Жеке жолдану құқығы Факультативтік Хаттаманың 1 бабында көзделген. Мұнда: «осы Хаттаманың қатысушысы болып табылатын Пактінің қатысушы-мемлекеті Пактіде баяндалған құқықтарды бұзғаны үшін Комитет осы бұзушылықтың жәбірленушісі болып табылатын оның юрисдикциясындағы тұлғалардың арыздарын қабылдайтын және қарайтын Комитеттің құзыретін мойындайды» делінген.

Біріккен Ұлттар Ұйымы адам құқықтары жөніндегі Комитет Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің мүшесі болып табылатын мемлекет азаматтарынан БҰҰ Бас Ассамблеясымен тағайындалатын 18 мүшеден тұрады. Бірақ мемлекет БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитетке бір мүшеден артық ұсына алмайды. БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитеттің мүшелері 4 жыл мерзімге тағайындалады. Комитет мүшелері жеке сипатта әрекет етеді, яғни өздері азамат болып табылатын мемлекетті танытпайды. Комитет мүшелері қайта тағайындалуы мүмкін.

Біріккен Ұлттар Ұйымы адам құқықтары жөніндегі Комитет квазисоттық орган болып табылады, сондықтан, жіберілген арыздарды қарастыра отырып, Комитет істі сотта қарау барысында ұстанатын процедураға жүгінбейді. БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитет жабық отырыста істерді қарастырады және арызданушы мен мемлекетпен ұсынылған жазбаша материалдарды ғана қарайды. БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитетте наразылықтарды қарау екі сатыдан өтеді. Ең алдымен, Комитет қолданыстық туралы шешім қабылдайды, яғни бұл наразылықтың мәнісі бойынша қаралатыны-қаралмайтыны анықталады. Содан кейін Комитет ұсынылған материалдарға негізделе отырып, арызданушыға қатысты адам құқықтарының бұзылғандығы орын алғандығы туралы өз пайымдауларын шығарады.

Комитеттің шешімі 12 адам — кворум болғанда көпшілік ұжымдық дауыспен қабылданады. БҰҰ адам құқықтары жөніндегі

Комитет арызды мәнісі бойынша қарап шыққан соң, мемлекетке өз көзқарастары туралы жеткізеді және, егер бұзушылық орын алған жағдайда арызданушыға қатысты адам құқықтарының бұзушылықтарын жоюға ұсыныс береді.

Еуропалық адам құқықтарын қорғау жүйесі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, тез арада пайда болды. Еуропалық жүйенің негізгі айырмашылығы — адам құқықтарын қорғау тетіктері шешімінің орындалу міндеттілігін және орындалудың қамтамасыз ету процедурасын көздейтіндігінде.

Еуропалық адам құқықтарын қорғау жүйесі Еуропа Кеңесінің шеңберінде әрекет ететін аумақтық шарт болып табылатын адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияның негізінде құрылған.

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенция 1950 жылы 4 қарашада қабылданды және 1953 жылы 3 қыркүйекте күшіне енді. Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияның жаңа редакциясы 1998 жылы 1 қарашадан әрекет ете бастады. Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияға қосымша 12 Хаттама қабылданды. 1, 4, 6, 7 және 12 Хаттамалар Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияда тікелей бекітілмеген құқықтардың кепілдіктерін қарастырды. Қалған Хаттамалар процедуралық сұрақтарға қатысты болды.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот өз қызметін 1959 жылы бастады және оны 40 жыл бойы жүзеге асырып келуде. Өз қызметін жүзеге асыру барысында Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот бүгінгі таңға дейін көптеген наразылықтарды қарап, нақты жағдайда адам құқық бұзушылықтары болған-болмағандығы туралы өз пайымдауларын шығарды. Бұл пайымдаулар соттар үшін әрбір істі қарау барысында өнеге іс (прецедент) ретінде басшылыққа алатын құқықтық ереже болып табылады.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Соттың қызметін үш сатыға бөліп қарастыруға болады. *Бірінші сатысы* 1994 жылы 1 қазан дейін созылды. Бұл кезде Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот екі палатадан — Адам құқықтары жөніндегі Комиссиядан және Соттан тұрды, Комиссияға және Сотқа әр мемлекеттен бір өкіл қатысатын болды. Бұл сатыда жеке наразылықтарды

қабылдау және қарау функциясы Комиссияға тиесілі еді, тек Комиссия немесе қатысушы-мемлекеттер ғана Соттың қарауына істі беруге құқылы болды.

Екінші сатысы 4 жылға 1994 жылдан 1 қазанынан 1998 жылдың 1 қарашасына дейін созылды. Бұл кезде егер Комиссияның әрекеті нәтижесіз болған жағдайда ғана мүмкін болмаса арызданушылар Сотқа жолдану құқығына ие болды.

Қазіргі кезде Сот үшінші кезеңде өз қызметін жүзеге асыруда, және ол 1998 жылдың 1 қарашасынан басталды. Осы күннен Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияда 11 Хаттама күшіне енді, ол жеткілікті мөлшерде Адам құқықтары жөнінде Еуропалық Соттың қызметін өзгертті. Біріншіден, Сот айына 1 рет бір апталық сессияға жиналмай, тұрақты негізде жұмыс істей бастады. Екіншіден, Сот бір палаталық болды, яғни Адам құқықтары жөніндегі Комиссия таратылды.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сотқа Еуропа Кеңесінің және Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияға қатысушы-мемлекеттің санына сәйкес, қазіргі кезде 41 судья тағайындалған. Сот төрт секцияға бөлінген. Оның құрамына кіретін судьялар санынан тұратын секциялар тікелей наразылықтарды қарайтын Сот органын қалыптастырады. Сот Комитеттерді, Палаталар мен Үлкен Палаталарды құра отырып, өз қызметін жүзеге асырады.

Комитеттер қарауға тұрарлық сұрақтар бойынша нақты наразылықтарды қарау үшін құрылады. Егер, Комитет құрамына кіретін судьялар наразылықты қарауға тұрарлықсыз деп бір ауыздан шешім қабылдаса, онда наразылық Палатаның қарауына берді. Палата жеті судьядан құралады. Наразылықтарды қарау, әдетте бір мезгілде қаралмайды, себебі тараптардың істі мәнісі бойынша тыңдауға дайындалу керек екендігімен байланысты.

Наразылықты мәнісі бойынша қарауға, әдетте, арызданушы, оның адвокаты, сонымен қатар наразылық келіп түскен мемлекеттің өкілі қатысады. Сондай-ақ, Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот, егер арызданушы өзі шығындарды төлей алмаса, арызданушы мен оның өкілінің Страсбургке келуі мен онда тұруына материалдық көмек ұсынылады. Егер Палата адам құқықтарының бұзылғанын таныса, онда ол арызданушының пайдасына мемле-

кеттен әділ өтемақыны өндіруін, сонымен қатар сол мемлекетке жеке және жалпы сипаттағы бірқатар шараларды қолдануға мәжбүрлеуі мүмкін.

Үлкен Палата 17 судьядан тұрады. Үлкен Палатаның құзыретіне нақты анықталған сұрақтар шеңбері жатады. Біріншіден, Үлкен Палата апелляциялық өкілеттіктерді жүзеге асырады, егер тараптар Палатаның шешімімен келіспесе және ол туралы 3 айдың ішінде хабарласа.

Екіншіден, Үлкен Палата қолданыстағы шешімдерге қайшы келетін шешімдер шығарылған жағдайда, Адам құқықтары жөнінде Еуропалық Соттың алдыңғы прецеденті қозғалуы мүмкін болатын арыздарды қарай отырып, мәнісі бойынша қарайды.

Үшіншіден, Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Соттың шешімі қатысушы-мемлекет үшін міндетті болып табылады. Мемлекеттер шешім қабылданған сәттен бастап үш ай мерзімнің ішінде Соттың шешімін орындауға міндетті.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Соттың шешімінің орындалуы Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитетімен қамтамасыз етіледі. Әдетте, мемлекеттер шешімдерді 2—3 жыл ішінде орындайды.

Бақылау сұрақтары

1. Адам құқықтарын құрметтеу қағидасы қай құжатта бекітілген?
2. БҰҰ Жарғысы қашан қабылданған?
3. Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясының мәнісі қандай?
4. Адам құқықтарын қорғау жөнінде қандай халықаралық институттарды білесіз?
5. Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық тетіктері?

4 ТАРАУ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ИНДИВИДТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

4.1. Индивидтің халықаралық құқықсубъектілігі

Халықаралық құқықтың кеңестік доктринасы жеке индивидті халықаралық құқықтың субъектісі ретінде танымайтын және адамның құқықтарын реттеу мәселелерін мемлекеттің ішкі ісі ретінде қарастыратын ескірген концепцияларды дәстүрлі түрде қолдады. Мұндай ұстаным тоталитарлық режимнің қағидаларымен орнады, ол адам құқықтарын халықаралық қорғауға бағытталған қандай да болмасын халықаралық деңгейдегі негізгі шараларға қарсы болды. Бұл сияқты шаралар әдетте мемлекеттің ішкі істеріне араласу ретінде сараланды.

Құқық теориясының құқық субъектісі ұғымы негізінде қоғамдық қатынастардың қатысушысы ретінде құқықтар мен міндеттерге ие болуы туралы жалпыға мәлім ережесі тұлғаның құқықтық мәртебесін халықаралық-құқықтық мойындау оның халықаралық құқықсубъектілігін мойындауға әкелу керек екені туралы қорытынды туындайды. Басқаша айтқанда, құқықтық тұлғаның құқықсубъектілігін мойындау, яғни оның қолданыстағы құқықпен көзделген құқықтар мен міндеттерге ие болуы тиімді құқыққабилеттілікті анықтаудағы тек алғашқы қадам болып табылады.

Құқықсубъектіліктің келесі элементі әрекетқабилеттілік болуы керек. Индивидтің әрекетқабилеттілігі арқылы оның халықаралық құқықтық аяда өзінің құқықтарын пайдалану мен міндеттерін атқаруы оған нақты халықаралық құқықсубъектілікті берді. Құқықсубъектіліктің үшінші жағы — халықаралық деликтқабилеттілік — бұл субъектінің өзі жасаған қылмысқа жауап беру құқығы, ол ұлтшылдықтың басшылары жасаған қылмыстары үшін жазалау қажеттігі нәтижесінде пайда болды және

индивидтің халықаралық құқыққабілеттілігі туралы ойдың бекітілуін тездетуге әсер етті. Индивидтің халықаралық құқықсубъектілігін мойындаудың теориялық-тәжірибелік дайындығының аяқталуы Нюрнберг процесімен белгіленген, ол құқыққабілеттілік пен әрекетқабілеттілікке жетіспеген элементті-деликтқабілеттілікті қосты.

Индивидтің өзінің құқыққабілеттілігін әрекетқабілеттілікті жүзеге асыру арқылы алудағы бірінші қадам болып Ж.Селлдің оны іс жүргізудің тарабы, жеке-дара әрекет ететін тұлға ретінде халықаралық әділеттілікке жетуге мүмкін туралы ойы табылады.

Теорияда және тәжірибеде индивидтің халықаралық құқықсубъектілігінің жаңа концепцияларының ұсынушысы Рене Кассен болды, ол БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комиссияның вице-төрағасы және 1948 жылы *Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясының* құрастырушыларының бірі. Ол өзінің концепциясын «Адам халықаралық құқықтың субъектісі ретінде және дүниежүзілік бірлестіктегі адам құқықтарын қорғау» атты мақаласында ұсынды. Онда индивидтің халықаралық құқықсубъектілігінің адам құқықтарын халықаралық қорғау мақсаттарымен байланыстылығын көрсетті.

Индивидтің халықаралық құқықсубъектілігі туралы мәселені қарау кезінде бірінші кезекте көңіл Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясының келесідей ережелеріне бөлінуі қажет: «Кезкелген адамдардың, ол қай жерде болмасын, өзінің құқықсубъектілігін мойындаттыруға құқығы бар» (6-бап), ол құқық әмбебап сипатқа ие.

Адамзат тарихында бірінші рет тұлғалардың құқықтық мәртебесінің құрамдас бөлігі ретінде, бұрын мемлекеттілікпен шектелген, халықаралық мойындалған құқықтар мен бостандықтар танылды. Жалпыға бірдей Декларация, өзінің Преамбуласында аталғандай барлық халықтар мен мемлекеттер жетуге тырысатын, стандарт болып кеткен, адамдардың әдеттегі құқықтары мен бостандықтарының минималды каталогынан тұрады.

Декларация мазмұны бойынша әмбебап, яғни қандай да болмасын ұлттық құқықтық режиммен байланысты емес: өз елінен еркін шығу (13-бап), немесе адамдардың саяси баспанаға құқығы (14-бап) мемлекеттік шекараларға бағынбайды. Декларация қолда-

нылу жағынан да әмбебап болып келеді, тек оның бұған дәлел болып келетін «барлық адамдар», «бәрі» деген негізгі сөздерін қамтитын баптарын оқу жеткілікті.

Алайда, Декларация өзінің қолданылу аясын Преамбулада шектейді: «ұйымның мүше-мемлекеттерінің халықтарының арасында, сондай-ақ олардың қарамағындағы аумақтардың халықтарының арасында да...».

Декларацияның мәтінінде индивидтің бір елден екінші елге еркін орын ауыстыруы сияқты құқығы кірмеген, ол иммиграцияға, және оған симметриялы болып келетін эмиграцияға құқықты қамтымаған. Декларацияның мәтіні адам құқықтарының стандарттарының «тек» үлгі тізбесі ғана, бірақ бұл тізбе осы бағытта әрі қарай ілгерілеудің негізін қалайды.

Кезкелген декларация мемлекеттің нақты міндеттерін қамтымайды, ол тек болашақтағы міндетті құқықтық нормалардың жалпы бағыттарын береді. Мұндай нормалар Жалпыға бірдей Декларацияның екі пактілерінде көрсетіледі: *Экономикалық, әлеуметтік және мәдениеттік құқықтар туралы Халықаралық Пакт және Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакті*, олар 1966 жылы 16 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданды және мемлекет — қатысушылар қол қоюы, ратификациялау және қосылу үшін ашық болды, мемлекеттер үшін бұл пактінің ережелерін орындау міндетті еді.

Адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясы, сондай-ақ бірінші рет әмбебап, әлемдік қарқынды сипат алған, ғасырлар бойы отбасы, ру, тайпа, кейін мемлекетпен шектелген адамдардың құқықтық тұрмысы туралы ережелерді де қамтиды. Индивид мемлекеттің тұтқыны болмады, әрине ол азаматтық арқылы онымен тұрақты құқықтық байланыс сақтайды. Бірақ, ол халықаралық құқықтық құжаттармен бекітілген өзінің құқықтарын мемлекеттің үстінен қарайтын органдарда қорғауға құқық алды.

Осыған ұқсас мәселелермен соқтығысатын шетелдік зерттеушілердің қорытындысы бойынша қазіргі заманғы халықаралық құқықта «жеке тұлғалар өзінің құқықсубъектілігін мәні бойынша да, сондай-ақ іс жүргізуде де кеңейтуде.

Жеке тұлғалардың құқықтық мәртебесін әмбебаптау, оған халықаралық құқықсубъектілікті беру оны халықаралық-құқық-

тық қорғау мүмкіндіктерінің кеңеюіне әкелді. Бұл адамның халықаралық құқықтың субъектісі ретінде өзінің құқықтарын қорғауды, өзінің мемлекетінің органдарының келісімінсіз, тікелей халықаралық органдардан сұрауға болатынын білдіреді. Алғашында БҰҰ мүше-мемлекеттерінің көбі және Еуропалық Кеңестің мүшелерінің көбі жеке тұлғаларға өзі қарайтын мемлекетке қарсы олардың құқықтарының бұзылғандығы туралы жеке шағымдарымен халықаралық органдарға жүгінуге құқық беру пікіріне қарсы шықты. Оған «мемлекеттік егемендік» және «мемлекеттің ішкі істеріне араласпаушылық» сияқты қағидалары кедергі болды, өйткені олар 50-жылдары қабылданған болатын.

1946 жылы БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Комиссия құрды, ол азаматтар мен мемлекеттер арасындағы делдалы. Комиссия БҰҰ-ға келіп түскен шағымдар бойынша тікелей шешімдер қабылдаған жоқ, ол оларды сәйкес мемлекеттерге оның азаматтарының құқықтарын бұзғандығы туралы пікіріне жауап беру туралы өтінішімен жіберетін. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Пакті мен оның Факультативті хаттамасы қабылданғаннан кейін және Пактінің мемлекет-қатысушыларының қарауындағы тұлғалардан шағымдарды қабылдау мен қарауға құқығы бар Адам құқықтары жөніндегі Комитет құрылғаннан кейін, жеке тұлғалардың өзіне Пактімен айқындалған міндеттемелерді алған мемлекеттер билігінің әрекетіне шағым беру мүмкіндігі туды.

Комитеттің шағымды қарауға қабылдаудың негізгі шарты болып құқықты қорғаудың қолжетімді ішкі мемлекеттік құралдарының таусылуы табылады. Шағымды қабылдауға іс жүзінде мүмкін болған жағдайда ғана ол мәні бойынша дәстүрлі жарыссөздер жүргізу арқылы қаралады, ерекшелігі ол тек жазбаша түрде жүргізіледі: Комитет мемлекет-жауапкерге сұрату жібереді, жауап алғаннан кейін оны берілген түсіндірмелер бойынша ойларын білдіру үшін арызданушыға жібереді.

Кейбір рәсімдері бойынша «БҰҰ-ға» ұқсас болып келетінімен адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың Еуропалық жүйесі өзінің қазіргі заманғы күйінде одан ерекше болып келеді. Еуропалық жүйе өзінің құрылуының бастапқы кезеңінде БҰҰ жүйесінде де болған мәселелермен қақтығысқа ұшырады. Ымыраға келу шешімдерінің бірнешеуінен кейін 1980 жылы 4

қарашада Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенция қабылданды (Еуропалық Конвенция, АҚЕК). Жеке шағымдар тікелей Сотқа келіп түскен жоқ, олар лайықтығы жағынан комиссиямен қаралды және олар лайықты болса ғана Сотқа мәні бойынша қаралуға және ол бойынша шешім шығарылу үшін беріледі. Бұл құрылым 40 жылдай қызмет етті, алайда оны жеңілдету қажеттігі туды, өйткені Еуропалық Кеңесіне Орталық және Шығыс Еуропадан жаңа мүше-мемлекеттердің кіруі Сот мәні бойынша шешім шығару тиіс шағымдарының санын кенеттен өсірді, сондай-ақ Батыс Еуропа мемлекеттерінен шағымдар ағымы өсті. Сонымен қатар, арызданушылардың істерді қарау рәсімдерінің тым ұзақтығына наразылықтары да көбейді.

1998 жылы 1 қарашада күшіне енген №11 хаттама қабылданған және ратификацияланғаннан кейін Адам құқықтары жөніндегі *Еуропалық Сот* тұрақты әрекет ететін сот органы ретінде жұмыс істей бастады. Бұдан кейін Сот шағымдардың қаралуының бүкіл кезеңдерін жеке қамтамасыз етті: олар түскеннен және тіркелгеннен бастап лайықтығы жөнінде шешім және мәні бойынша қаулы қабылданғанға дейін.

Еуропалық конвенцияның 50 жылдық әрекет етуі халықаралық құқықта адамдардың жарияланған құқықтарын сақтауды бақылаудың бірегей жүйесінің құрылуына әкелді. Халықаралық құқық заңсыз әрекеттердің құрбанына әділеттікті өздерінің қолдарына алуға құқық береді. Мемлекет ондай әрекеттердің орын алмағандығын дәлелдеу қажет, ал оның кінәсі дәлелденген жағдайда ол нақты жауаптылық тартады.

Соңғы уақытта Сот бірнеше мемлекеттердің сот органдарының Еуропалық Конвенциясының нормаларының тікелей әрекет етуін, сондай-ақ индивидтің халықаралық құқықсубъектілігін сынға алуына қатаң қарауда. Жалпы, индивидтің халықаралық құқықсубъектілерінің мәселелерінің бар екендігін қабылдау қажет, сондықтан индивидтердің халықаралық құқықтағы ерекше құқықсубъектілігін әрі қарай «ерекшелігін» анықтау үшін, бұл мәселелерді мойындау туралы келісу орынды.

Халықаралық құқықтың даму қарқыны мемлекеттер арасындағы түрлі қатынастарды реттеуден тұрмайды, сондай-ақ халықаралық құқықтың субъектісі және халықаралық қатынастардың

қатысушыларының бірі болған адам рөлінің күшеюімен байланысты. Бұл жерде, сондай-ақ халықаралық құқықтың бірінші кезектегі субъектілері болып табылатын мемлекеттің халықаралық құқық бойынша тек құқықтар мен міндеттерге ие болып қана қоймай, индивидтерге қарағанда оның нормалары мен қағидаларын құратынын атап өту қажет. Сондықтан индивид халықаралық құқықтың шектеулі құқықсубъектілігіне ие екендігі туралы қорытынды жасауға болады. Алайда халықаралық құқықтың және мемлекетаралық қатынастардың дамуына қарай индивидтің құқықтары мен міндеттерінің көлемі кеңейеді, ал оның халықаралық аренадағы рөлі өседі.

4.2. Индивидтің құқықсубъектілігі және оның халықаралық құқықты бұзған қылмыстары үшін жауаптылығы

Әмбебап және аумақтық деңгейде адам құқықтарының аясында мемлекеттердің ынтымақтастығының дамуы жылдан-жылға түрлі халықаралық келісімдермен индивидке берілетін құқықтардың көлемін кеңейтеді. Бұл процесс индивидтің халықаралық құқықтың тікелей субъектісі болуына әкелді. Жалпы халықаралық құқықсубъектілік және ерекше түрде халықаралық құқықтағы индивидтің мәртебесі жөніндегі мәселе заң ғылымында даулы болып келеді. Мемлекет және құқықтың жалпы теориясында құқық субъектісі құқықтар мен міндеттер иесі ретінде анықталады¹.

Осы түсінікке негізделе отырып көптеген ресейлік халықаралық заңгерлер оны толығымен халықаралық құқықта да жаяды. Мысалы, Е.А. Шibaева бұл ойға қосыла отырып былай деп жазады: «жалпы құқық теориясымен берілген түсінікті халықаралық құқықта да қолдануға болады. Бұл пікірмен келіспеуге болмайды, өйткені құқық саласына қарамастан, құқық субъектісінің ұғымының негізін құқықтар мен міндеттерге ие болу құрады»². Көп жылдар бұрын айтылған бұл пікір қазіргі уақытта да ресейлік халықаралық заңгерлермен қолдау тапты. Н.А. Ушаков «Халықаралық

¹ Теория государства и права.— М., 1970. 562 б.

² Е.А. Шibaева, Правовой статус межправительственных организаций.— М., 1972. 41-42 бб.

құқық курсына» былай деп көрсетеді: «Халықаралық құқықтың субъектілері — бұл халықаралық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастарда заңи құқықтар мен заңи міндеттерге ие тараптар, тұлғалар»¹.

Әлбетте халықаралық құқықтарға ие болу және міндеттерді атқарудың заңи қабілеттілігі — бұл халықаралық құқық субъектісінің сипаты. Алайда бұл анықтамамен шектелу халықаралық құқықтың ерекшелігін, яғни оның мемлекетішілік емес, мемлекетаралық құқық екенін ескермеуді білдіреді. Сондықтан, халықаралық құқық субъектісінің көптеген анықтамаларында басқа да қасиеттер көрсетіледі, мысалы, халықаралық құқық қатынастарына және халықаралық құқық нормаларын әзірлеу мен құруға қатысуы².

Біздің көзқарасымыз бойынша халықаралық құқық субъектісінің қасиеттеріне оның халықаралық құқық нормалары мен қағидаларын бұзғаны үшін жауаптылығын да қосуымыз керек. Бұл ішкі мемлекеттік құқықта тұлғалардың құқықтық мәртебелерінің ажырамас элементі болып табылады, ол оның тек құқықтарға ғана емес, сондай-ақ міндеттерге де ие екенін көрсетеді. Осы қасиеттерді ескере отырып халықаралық құқық субъектісіне келесідей түсінік беруге болады: бұл халықаралық құқық қатынастарына, халықаралық құқық нормалары мен қағидаларын әзірлеуге қатысатын және оларды бұзғаны үшін жауаптылықта болатын, халықаралық құқықтар мен міндеттерді иеленуші.

Халықаралық құқық тарихи түрде мемлекетаралық құқық ретінде құрылды. Ол қазір де сондай болып келеді. Алайда, мемлекеттер тек олардың өзара қатынастарын реттейтін нормаларды ғана емес, сондай-ақ халықаралық үкіметтік емес ұйымдар мен индивидтерге қатысты нормаларды жиі-жиі әзірлеп, қабылдайды.

Мұндай нормалар индивидтерге тікелей және тікелей де емес, яғни ішкі мемлекеттік құқық нормалары арқылы қолданылады. Олар мемлекетті индивидтердің нақты құқықтарын қамтамасыз етуге міндеттейді, бірақ кейбір жағдайларда тікелей құқықтар мен міндеттерді береді. Индивид мемлекеттен халықаралық құқық субъектілікпен алынған халықаралық міндеттемелерін орын-

¹ Курс международного права. I том.— М., 1989. 160 б.

² С.В. Черниченко, Личность и международное право.— М., 1974. 15 б.

дауды талап етуі мүмкін және бұл мақсаттарда халықаралық органдарға жүгінуге құқылы.

Мемлекет адам құқықтары жөніндегі халықаралық келісімдерді ратификациялай отырып, тек басқа мемлекеттер алдындағы ғана міндеттемелерін сақтап қана қоймай, өзінің қарамағындағы азаматтары мен барлық тұлғаларының алдында міндеттемелерін сақтауы тиіс. Халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларын бұзғаны үшін жауаптылықты тек мемлекеттер ғана емес, жеке индивидтер де көтереді. Индивидтер халықаралық құқыққа белсенді түрде «енеді» және кейбір жағдайларда адам құқықтары аясындағы халықаралық стандарттарды қамтамасыз ету процесіне қатысады. Бұл ЕҚЫҰ мемлекет-қатысушыларының Веналық кездесулерінің Қорытынды құжатында көрініс табады, ол мемлекеттерді «өзінің азаматтарының, жеке немесе басқалармен біріге отырып адам құқықтары мен негізгі бостандықтарының дамуы мен оның қорғалуына белсенді үлес қосуға құқықтарын, тұлғалардың СБСЕ құжаттары ережелерінің жүзеге асырылуына және олардың орындалуына қадағалау жүргізуге және осы мақсатта басқаларға қосылуға құқықтарын құрметтеуге» міндеттейді.

Бұдан, индивид халықаралық құқықтар мен міндеттердің иесі ретінде халықаралық құқықатынастарына қатысады, халықаралық құқық нормаларын орындайды және оларды бұзғаны үшін жауаптылықта болады. Ол ие болмаған жалғыз қасиет — халықаралық құқық қағидалары мен нормаларын құруға қатыса алмау. Бұл индивидтің халықаралық құқық субъектісі емес екендігін білдіреді ме?

Мұндай қорытынды көптеген уақыт бойы халықаралық құқық бойынша ғылыми әдебиеттерде негізгі орынды алуда. Ресейлік ғалымдар құқықсубъектіліктің түрлі анықтамаларына негізделе отырып барлығы дерлік индивидтің халықаралық құқықсубъектілігін мойындамайды¹. Олардың көбі тіпті индивидте халықаралық құқықсубъектіліктің элементтерінің бар екендігін жоққа шығарады. Мысалы, С.В. Черниченко 1974 жылы былай деп жазған болатын: «индивидтер ешқандай жағдайларда халықаралық құқық

¹ Международная правосубъектность. 7-23 бб.; А.П. Мовчан. Международная защита прав человека.— М., 1958, 28- 40 б.; С.В. Черниченко. Личность и международное право.— 9-35 б.

субъектісі болмаған және бола алмайды»¹. Және 20 жыл өткеннен кейін де 1993 жылдың аяғында ол индивид «халықаралық құқық нормаларының тікелей әсеріне бағынбайды. Ол халықаралық құқықсубъектіліктің элементтеріне ие емес және ие бола алмайды» деген пікірін жалғастырады².

Н.В. Захарова, халықаралық құқықтың жеке нормалары индивидтерге қолданылады деген ойды ұстана отырып, оларда халықаралық құқықсубъектіліктің бар екенін мойындайды³.

Батыс заңгерлердің арасында жеке тұлғалардың халықаралық құқықсубъектілігі теориясының жақтастары да, оған қарсы шығушылар да бар. Мәселен, А. Фердростың ойынша «жеке тұлғалар жалпы халықаралық құқықтың субъектісі емес, өйткені халықаралық құқық индивидуумдардың мүдделерін қорғайды, алайда ол құқықтар мен міндеттерді тікелей жеке тұлғаларға емес, олар азаматтары болып табылатын мемлекеттерге береді⁴.

Алайда батыстық ғалымдардың көпшілігі индивидтердің халықаралық құқықсубъектілігі теориясын мойындайды. Әйгілі ағылшын заңгері Лаутерпахт әділетті жазғандай: «БҰҰ Жарғысы мен басқа да халықаралық шарттарда көрсетілгендей, халықаралық құқық мемлекеттің ішкі құқығына қарамастан, индивидтердің негізгі құқықтарын мойындайды және бұл арқылы ол индивидті халықаралық құқық субъектісі ретінде нақтылайды⁵.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық құқықта күрделі өзгерістер болды. БҰҰ Жарғысы, Адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясы және Адам құқықтары жөніндегі Пактілер қабылданғанның нәтижесінде индивид халықаралық құқық субъектісі болды. Мұндай субъекті бола отырып, ол нақты құқықтар мен міндеттерге ие болды, халықаралық құқық қатынастарына қатысты, сондай-ақ халықаралық құқық нормалары мен қағидаларын бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылықта болады. Өзінің құқықтарын қорғау үшін индивидке өзі азама-

¹ С.В. Черниченко. Личность и международное право.— 149 б.

² С.В. Черниченко. Международное право: современные теоретические проблемы.— М., 1993. 99 б.

³ Н.В. Захарова. Индивид — субъект международного права//Советское государство и право. 1989. № 11.112 б.

⁴ А.Фердросс. международное право.— М., 1959. 146 б.

⁵ Lauterpacht fi. International Law and Human Rights. L., 1950. P.4

ты болып табылатын мемлекеттің заңдарын қолдануға немесе халықаралық органдарға жүгінуге болады.

Алайда халықаралық құқықтың бірінші кезектегі субъектілері — мемлекеттер сияқты индивидтер олардың нормалары мен қағидаларын құра алмайды. Сондықтан, индивид шектеулі құқық-субъектілікке ие деген қорытындыға келуге болады. Индивидтің халықаралық құқық субъектісі ретінде оларды бұзғаны үшін жауаптылығы Халықаралық қылмыстық соттың Статуты қабылдануымен жалпы мойындалды.

Халықаралық гуманитарлық құқықтың бұзылғаны үшін қылмыстық жауаптылықтың *заңи негіздері* мен қағидалары болған «күрделі бұзушылықтар» деп айқындалатын нақты әрекеттердің тізімі табылады, олар халықаралық гуманитарлық құқықтың нормалары мен талаптарын орындамаған жағдайларда халықаралық қылмыстық жауаптылықты тудырады.

Оларға мыналар жатады: қасақана кісі өлтіру; азаптау мен адамгершіліксіз қатынас, соның ішінде адамдарға биологиялық тәжірибелер жүргізу; кезкелген тұлғалардың физикалық және психикалық жағдайларына қауіпті қасақана ауыр азаптар көрсету; денсаулыққа күрделі зақым немесе зиян келтіру; әскери қажеттіліксіз, заңсыз, өз еркімен және үлкен көлемде мүлікті бүлдіру мен иелену (Қолданыстағы әскердегі жаралылардың және науқастардың жағдайын жақсарту туралы Женева конвенциясының 50-бабы). «Күрделі бұзушылықтарға» ұқсас тізім Әскери тұтқындар туралы Женева конвенциясының 130-бабында, сондай-ақ Соғыс уақытында жай халықты қорғау туралы Женева конвенциясының 147 — бабында орын алады.

Соңғысында, бұл тізім заңсыз жер аудару немесе орын ауыстыру; бостандық еркінен заңсыз айыру; тұтқындар алу; дос еместердің қарулы күштерінде қызмет етуге мәжбүрлеу және бейтарап әрі қалыпты сот өндірісіне деген құқықтарынан айыру сияқты «күрделі бұзушылықтармен» толықтырылған.

«Күрделі бұзушылықтардың» аясы I қосымша хаттаманың 11 және 85- баптарымен маңызды кеңейді. Мұнда сарапталатын жағдай ретінде қасақана және қисынсыз әрекеттер немесе жіберілген оқшылықтар арқылы денсаулықтың физикалық немесе психикалық жағдайларына зиян келтіру алынады.

Сондай-ақ «күрделі бұзушылықтарға» қасақана жасалған әрекеттер мен себебі болып келетін немесе күрделі дене зақымдары не денсаулыққа зиян келтіруге әкелетін әрекеттер; жай халыққа немесе жеке тұлғаларға шабуыл жасау; іріктеусіз сипатта шабуыл жасау, егер оның жай халық арасында шектен шығатын шығындарға әкелетіні белгілі болса; қауіпті күшті қамтитын қондырғылар мен құрылыстарға шабуыл жасау, егер мұндай шабуыл жай халық арасында шектен тыс өлім мен жаралануға әкелетіні белгілі болса, осындай әрекеттер де жатады.

Гуманитарлық құқықтың «күрделі бұзушылықтары» әскери қылмыстар ретінде анықталады (I Қосымша хаттаманың 85-бабының 5-тармағы). Халықаралық гуманитарлық құқық бұл қылмыстарға дара жауаптылықты бекітеді, ол қылмысты істеген немесе оны істеу туралы бұйрық берген тұлғаларға қатысты әрекет етеді. Сондай-ақ соңғы уақыттарға дейін «күрделі бұзушылық» туралы нормалардың ішкі қарулы ққтығыстарға таралмай (халықаралық емес), тек халықаралық деңгейде қолданылатыны жалпы мойындалған болатын. Расында, халықаралық сипаттағы емес қарулы шиеленістердің құрбандарын қорғауға қатысты II Қосымша хаттамада олар туралы аталмаған. Бұл құжат қабылданған кезеңде (1977 ж.) күрделі бұзушылықтар жүйесін ішкі шиеленістерге қолдану мемлекеттің ішкі істеріне араласу, оның егемендігіне қол сұғу ретінде қабылдау туралы пікірлер әлі де орын алған болатын. Қазіргі уақытта көптеген қарулы шиеленістер халықаралық емес сипатқа ие, және бұл шиеленістер кезінде, адам құқықтарын үлкен көлемде өрескел бұзуы бойынша әскери қылмыстар болып табылатын «күрделі бұзушылықтар» ретінде сараланатын әрекеттерден қалыспайтын, халықаралық гуманитарлық құқықтың көптеген бұзушылықтары орын алады.

Халықаралық бірлестік олардың жауапсыз қалуына көне алмайды. Сондықтан халықаралық құқықтық доктринада да, және халықаралық хүкіметте де «күрделі бұзушылықтарды» ішкі қарулы шиеленістерге жол бермеу механизмін тарату қажеттілігін мойындау орын алады.

Бұл ұстанымның 1998 жылы 17 шілдеде Римде қабылданған Халықаралық қылмыстық сот Статутында құқықтық негізде бекітілгендігін атап өткен маңызды. Бұл Соттың қарауына жа-

татын әскери қылмыстардың тізіміне, 1949 жылы Женева Конвенциясының ережелеріне сәйкес, халықаралық деңгейде, сондай-ақ ішкі (халықаралық емес) қарулы шиеленістерде орын алатын «күрделі бұзушылықтар» енеді (Статуттың 8 томы, 2 тарм. «с»).

Халықаралық гуманитарлық құқықтың белгілеуінше «күрделі бұзушылықтарды» жасағаны үшін кінәлі тұлғаларды қылмыстық қудалау мемлекетке жүктеледі. Бұл мақсатта олар өздерінің ұлттық заңнамаларын (қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік, әскери) гуманитарлық құқықтың нормаларына сәйкестендіруге міндетті. Қазіргі уақытта көптеген өркениетті елдердің қылмыстық заңнамалары халықаралық гуманитарлық құқық бойынша шарттардың мемлекет-қатысушыларының осы шарттарды сақтау және талап ету міндеттемелерінен туындайтын заңи міндетке сәйкес келеді.

Барлық төрт Женева конвенцияларында ұқсас мазмұндағы, сәйкес баптар бар, оларға сәйкес «Жоғарғы Келісуші Тараптар күрделі бұзушылықтарды жасаған немесе жасауға бұйрық берген тұлғалар үшін тиімді қылмыстық жазаларды қамтамасыз ету үшін қажетті заңнаманы қабылдауға міндеттенеді...». Бұл негізінен маңызды талап, өйткені халықаралық гуманитарлық құқықтың тиімділігі бұл нормалардың ұлттық деңгейде орындалу механизмдерінің жүзеге асырылуына тәуелді.

Ұлттық соттардың әмбебап қарауының негізіне халықаралық қылмыстық әділеттіліктің әйгілі қағидасы «aut dedere aut iudicare» (не ұстап бер, не сотта) қойылған. Бұл қағидаларға сәйкес мемлекеттер «күрделі бұзушылықтарды» жасады деген немесе оларды жасауға бұйрық берді деген сезіктілерге іздеу салуға және қылмыстық қудалауға, оларды азаматтығына және қылмыстың жасалу орнына байланыссыз өздерінің әділ соттарына беруге тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттер оларды басқа мемлекеттердің сотына да бере алады, егер ол елде бұл тұлғаларды қылмыстық тәртіпте айыптау үшін қажетті айғақтары болса.

Халықаралық гуманитарлық құқық бойынша жауаптылық жүйесінде, егер олармен құқықбұзушылықтардың алдын алу немесе жол бермеуі үшін қажетті барлық шаралар орындалмаған болса, «басшылардың» (әскери командирлердің) өздерінің қарамағандағылардың әрекеттері үшін қылмыстық немесе тәртіптік жауаптылығы туралы ережелер маңызды болып келеді (I Қосым-

ша хатманың 86-бап,2-т). Мұнда әскери қылмыстар деп саналатын «күрделі бұзушылықтарға» әкелген әрекеттерді жасауды бұйырған тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы сөз болып отыр. Бұл тұлғалар табылуы және сотқа берілуі тиіс (Женева Конвенциясының 49-б.).

Басшылар мен бағыныштылардың, яғни жеке тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы нақты және толық қамтылған ережелерін Югославия бойынша Халықаралық Трибуналдың жарғысының 7-бабы қамтиды. Онда қылмыс жасаудың барлық мүмкін нысандары үшін жауаптылық қарастырылған: жоспарлау, арандатушылық, бұйрық беру, жүзеге асыру, қылмысты жасауға дайындыққа көмектесу және қатысу, олардың нақты тізімі Жарғының 2-5 баптарында көрсетілген. 7- бабының 2-тармағында айыпталушы ретінде мемлекеттің, не үкіметтің басшыларының немесе жауапты шенеуніктердің болуы оны қылмыстық жауаптылықтан босатпайтындығы және жазаны жеңілдетудің негізі болып табылмайтындығы туралы қағида орын алған.

Осы баптың 3-тармағында бағыныштының «күрделі бұзушылықтарды» жасағаны үшін басшылардың да жауаптылықтан босамайтыны бекітілген, егер ол оның бұл әрекетті жасайтынын не жасағандығын білсе, не егер басшы мұндай әрекеттердің алдын алу немесе оны жасаған тұлғаларды жазалау бойынша қажетті және орынды шаралар қабылдамаған болса. Ал айыпталушылардың үкіметтің немесе жетекшілердің бұйрығы бойынша әрекет етуі оны қылмыстық жауаптылықтан босатпайды және жазаны жеңілдету негізі ретінде қарастырады, егер Халықаралық Трибунал оны әділеттік мүдделеріне қажет деп мойындаса. Осыған ұқсас түсініктер мен қағидалар Халықаралық қылмыстық соттың Статутында бекітілген (27, 28, 32, 33-баптар).

4.3. Халықаралық Қылмыстық Сот. Құру алғышарттары мен өкілеттіліктері

XX ғасырдың басына дейін халықаралық құқықта халықаралық қылмыс ұғымы болмады. Әлемдік бірлестіктің құрбандар саны, сондай-ақ түрлі агрессия көрсетушіліктерден туындайтын

қауіптердің деңгейі мен көлемі үшін алаңдауы, мемлекет өздері шарттардың нормаларын құрметтейтін бейбітшілікті қамтамасыз ететін тиімді құралдар құрудың қажеттігін түсінуге әкелді. XX ғасырдың соңғы онжылдығының тек бір жылында геноцид, саяси және діни кемсітушіліктердің құрбандарының саны 120 000 адамға жеткендігі туралы құжаттандырылған мәліметтер бар¹.

Халықаралық қылмыстық әділеттіктің пайда болу тарихы 1386 жылдың өзінде соғыс уақытындағы жүріс-тұрыс ережелерін реттеу және регламенттеу әрекеттері жасалғандығын көрсетеді. Мәселен, Англия Королі II Ричардтың Әскери басқарушылық үшін жарлығында әскери әрекеттерді жүзеге асыру кезінде тиісті емес жүріс-тұрыс үшін жауаптылық қарастырылған болатын. Өліммен жазаланатын қылмыстар ретінде сол кездегі комбатант еместерге (әйелдер және қарусыз дін қызметшілері) күш көрсету, үйлерді өртеу және шіркеулерді қорлау саналатын.

Мұндай жауаптылықтың қағидалары 1526 жылы Венгрия Королі Фердинандпен, 1570 жылы император II Максимилианмен және 1621 жылы Швеция Королімен шығарылған Жарлықтарда көрініс тапты. Густав II Адолфус бекіткен Әскери заңдар жинағының 100-бабында былай делінген: «ешкім кезкелген діни қызметкерлерге, қарт адамдарға, әйелдер мен еркектерге, есі ауысқандар мен балаларға зорлық көрсетпеуі тиіс. Бірақ құрлықта және теңізде жауынгерлік әрекеттер жүргізу ережелерін регламенттеген алғашқы халықаралық-құқықтық құжаттар — Бірінші (1864 жылы) және Екінші (1906 жылы) Женева Конвенциялары.

Қазіргі заманғы халықаралық әділеттіктің басқа қайнар көздері болып *Гаага Конвенциялары* (1899, 1907) табылады, олар соғыс жариялаудың, жауынгерлік әрекеттер жүргізудің тәртіптерін, бейтарап елдердің құқықтары мен міндеттерін толық регламенттеген. Алайда халықаралық құқықтың қазіргі деңгейіне жету XIX—XX ғасырлардың арасында жасалған қарапайым әрекеттерсіз мүмкін болмаушы еді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға дейін тұрақты және тіпті уақытша әрекет ететін сот органдарының қажеттігі туралы мәселе өзекті болған жоқ. Әскери қылмыстарды қарайтын халықаралық

¹ Хосе Лассо, БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі Бас Комиссары. «Индекс» журналы.

сотты құру ойы бірінші рет Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1919 жылы Версаль бейбітшілік конференциясында айтылған болатын.

Басқыншылықі соғысқа тыйым салу ойы 1928 жылғы Ұлттық саясат құралы ретіндегі соғыстан бас тарту туралы Париж шартында түсіндірілді. Ол Бриана-Келлог Пактісі деп те аталады. Үшінші Женева Конвенциясының (1929 ж.) ережелері де негізі болды, бұл ережелерге сәйкес соғыстың заңдары мен әдеттері тек оларды ратификациялаған елдердің азаматтарына ғана емес, сондай-ақ азаматтығына қарамастан, жалпы барлық адамдарға қатысты.

Бұдан, Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында халықаралық құқықта Қарулы шиеленістердегі жүріс-тұрыс Кодексі болды, бірақ оларды бұзушыларды жауаптылыққа тарту тәртібі болған жоқ. Алайда ресми деңгейлерде нақты әрекеттер жасалды: халықаралық шартқа жеке баптар енгізуден арнайы келісімдерге отыруға дейін. Сондай-ақ Халықаралық қылмыстық сотты құру мәселелері 1920 және 1935—1937-жж. Ұлттар Лигасында жан-жақты қарастырылып жатты.

Адамзаттың бірге өмір сүру заңдарын, ізеттіліктің негізгі қағидаларын ұлтшыл Германия мен олардың одақтастарының ашық, айқын және арсыз түрде олармен жүргізілген әскери әрекеттер кезінде құрметтемеуі халықаралық кертартпалықтың шұғылдық қажеттігін тудырды. Белсенді әрекеттер жүзеге асырылды. Одақтас державалар олардың әрекеттеріне сәйкес тергеу жүргізу, сотқа беру және әскери қылмыскерлерді, яғни одақтас аумақтарда соғыс заңдары мен әдеттерін бұзған тұлғаларды ғана емес, сондай-ақ «Берлин-Рим осі» аумағындағы одақтас емес державалардың азаматтарына қарсы жасаған айуандықтары үшін жазалау туралы өтініштерімен шықты.

1945 жылы 8 тамызда КСРО, АҚШ, Ұлыбритания, Франция елдері Лондондық келісімге, және оған қоса «осьтік» еуропалық елдердің басты әскери қылмыскерлерін соттық қудалау мен жазалау үшін *Халықаралық әскери Трибуналдың Жарғысына қол* қойды.

Біріншісі — 1945 жылы 8 тамызда Ұлыбритания, Франция, КСРО, АҚШ үкіметтерінің арасындағы Келісімге сәйкес Халықаралық әскери Трибунал құрылды, ол гитлерлік Германияның

мемлекеттік және әскери басшыларына қатысты сот қызметтерін жүзеге асырды.

Екінші Халықаралық трибунал басты жапондық қылмыскерлерді соттау үшін арналған және ол Токиялық деген атқа ие болды. Оның да құқықтық негізі мемлекеттер тобымен арнайы қабылданған Жарғы болды.

Трибуналдардың ең маңызды нәтижелері — ол басқыншылық соғыстың адамзатқа қарсы ең ауыр қылмыс ретінде сыналуы, және нақты айыптылардың қатаң жазалануы.

Халықаралық қылмыстық сотты құру ойы біріншіден халықаралық қылмыстар санатының болуымен туындады: халықаралық қоғамдастықта халықаралық құқықтық нормаларын қатаң бұзғаны үшін әділеттік механизмі болуы керек. Халықаралық құқықты қатаң бұзғаны үшін әділетті жазамен қамтамасыз етудің доктриналық қажеттілігімен қатар тәжірибелік қажеттігі бар. Халықаралық өмірдің түбегейлі өзгеруі сәйкесінше халықаралық құқық пен оны жүзеге асыру механизмдерін өзгертуді талап етеді. Сондықтан терең әлеуметтік күйзелістер кезеңінде Халықаралық қылмыстық сотты құру мәселелері 80-жылдың аяғы мен 90-жылдың басында қайтадан өзекті бола бастады.

1993 жылы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімі бойынша бұрынғы Югославия аумағында адам құқықтарын бұзғаны үшін айыпты болған тұлғаларды соттық қудалау үшін уақытша Халықаралық әскери трибунал құрылды.

1994 жылы қарашада Қауіпсіздік Кеңесі Бурундида және көрші мемлекеттерде орын алған жаппай кісі өлтіру үшін тұлғаларды жауаптылыққа тарту мақсатында Бурунди бойынша Халықаралық әскери Трибунал құрды.

1995 жылы Бас Ассамблея көптеген мемлекеттер үшін арналған Халықаралық қылмыстық сот Статутының соңғы мәтінін жазу мақсатында дайындық комитетін құру туралы шешім қабылдады.

1998 жылғы 15 маусыммен 17 шілде аралығында жоба Римде өткен Халықаралық конференцияда талқыланды, оған қатысуға Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүше-мемлекеттері және оның мамандандырылған мекемелері шақырылды. Жобаны кең және нақты қарау нәтижесінде оны қабылдауды 120 мемлекет қолдады, 7 мемлекет қарсы дауыс берді, ал 21 мемлекет дау-

ыс беруден қалыс қалды. Бұл халықаралық шарт халықаралық қылмыстарды жасағаны үшін жеке тұлғаларға жеке қылмыстық жауаптылық қағидаларын бекітті.

Халықаралық Қылмыстық Сотты құру туралы шартты 66 мемлекет ратификациялады. Жарғыға сәйкес Римдік Статуттың әрекет ету уақыты 2002 жылдың 1 шілдесінен басталды. Тұрақты сотты құру тарихының негізгісі — ол Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің екі Трибуналдарын құруы болып табылады. Олар — 1991 жылдан бері бұрынғы Югославия аумағында жасалған халықаралық гуманитарлық құқықбұзушылықтар үшін жауапты тұлғаларды соттық қудалау үшін халықаралық трибунал, және 1993 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1994 жылдың 31 желтоқсанына дейін Руанда және оған көрші мемлекеттер аумағында жасалған халықаралық құқықтық күрделі бұзушылықтар мен геноцид үшін жауапты тұлғаларды соттық қудалау үшін Халықаралық қылмыстық трибунал болып табылады.

Римдік Жарлықтың негізгі идеясы — өздерінің қызметтік жағдайына қарамастан, геноцид, адамгершілікке қарсы қылмыстар, әскери қылмыстар және басқыншы қылмыстары сияқты ауыр халықаралық қылмыстарды жасаған жеке тұлғаларды жазалау. Бұл жерде Римдік Жарлықтың ережесі Нюрнбергте қабылданған Халықаралық әскери Трибуналдың нормасына негізделеді: «халықаралық құқыққа қарсы қылмыстар абстрактілі категориялармен емес, адамдармен жасалады және осындай қылмыстарды жасаған жеке тұлғаларды жазалау арқылы ғана халықаралық құқықтың талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге болады.

Сот нақты тұлғаларды жазалау үшін құрылды және ол жерде президентке, депутаттарға арналған иммунитет жоқ. Тәжірибе көрсеткендей, бүкіл мемлекетке қолданылатын санкцияға қарағанда тұлғалардың жеке жауаптылығы тиімдірек болып келеді. Сонымен қатар, Сот тек жәбірленушілердің ғана емес, сондай-ақ айыпталушылардың құқықтарын да қорғайды, өйткені кінәлі еместілерді айыптау жағдайлары да кездеседі.

Бұдан, соңғы онжылдықта халықаралық құқықтың толық бекітілмеген жаңа нысаны туындады, оған сәйкес тұлғаны қорғау бір егемен мемлекеттің ғана емес, керісінше қоршаған ортаны қорғау аясы сияқты бүкіләлемдік бірлестіктің мүдделері аясы ретінде қарастырылады.

Соңғы онжылдықтарда халықаралық құқықтың адам құқықтарына қатысты көптеген нормалары мен қағидалары аумақтық ұйымдар шеңберінде нақтыланды. Барлық мемлекеттер заңнамасындағы адам құқықтары жөніндегі келісілген және талданған нормаларды инкорпораттау құқықтық жүйелерді жақындастыруға, демократия мен негізгі құқықтар және бостандықтарды сенімді қорғауды нығайтуға үлесін қосты. Барлық мемлекеттердің халықаралық құқықтың ішкі мемлекеттік құқықтан басымдығын мойындауы өте маңызды болып табылады. Мұндай мойындау әрбір мемлекеттің соттық және әкімшілік тәжірибесінде халықаралық құқық қағидалары мен нормаларын тікелей қолдануға көмектеседі.

Бақылау сұрақтары:

1. Индивид халықаралық құқықтың субъектісі болып табылады ма?
2. БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы қашан құрылды?
3. Индивидтің құқық субъектілігі дегеніміз не?
4. Халықаралық құқықты бұзғаны үшін жауаптылықтың негіздері қандай?
5. Халықаралық қылмыстық соттың өкілеттіліктері қандай?

5 ТАРАУ

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

5.1. Адам құқықтарының сақталуы жөніндегі мемлекеттік бақылау жүйесі

Қазақстан егеменді жас мемлекет ретінде таныла отырып, әлемдік қауымдастықтың бір бөлігі болып табылады және онда беделді орынды иеленеді. Егеменді Қазақстан басқа кеңес дәуіріндегі мемлекеттер сияқты өзінің стратегиялық маңызды модернизациясының бірін әлемдік қауымдастықпен танылып мақұлданған, жалпы адам құндылығы мен демократиялық институттарға бағыштады. Қазақстан толық мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздікке қол жеткізе отырып, азаматтық қауымдастық пен құқықтық мемлекетті құруды басшылыққа алды.

Құқықтық мемлекет — бұл халықаралық стандартпен, заңның үстемдігі мен биліктің бөліну қағидаларын ұстанатын мемлекет. Жеке және қоғамдық қатынастың басқа да субъектілері статустарын нормативтік тұрғысынан белгіліп қолдайтын мемлекет. Құқықтық мемлекеттің негізгі мақсаты — ол жеке тұлғаларға мүмкіндігінше кең еркіндікті қамтамасыз ету, сонымен қатар заңмен қарастырылған еркіндіктердің қамтамасыз етілу шектерінің бұзылуына және құқыққа қайшы әрекеттердің болуына жол бермеу. Сонымен қатар құқықтық мемлекеттің негізгі қызметтерінің бірі болып адам құқықтарын қорғау танылады.

Адам құқықтары барлық кезде конституцияда міндетті түрде бекітілуі тиіс. Қазіргі кезде, мемлекеттердің негізгі заңдарында бұл мәселеге байланысты қайшы көзқарас жоқ шығар. Керісінше, қазіргі кезде күннен-күнге адам құқықтары жөніндегі мәселелер негізгі заңдарда жан-жақты қарастырылып, басқа мәселелер кейінге қалдырылуда¹.

¹ Баймаханова Д.М. Проблемы прав человека в системе конституционализма в Республике Казахстан.— Алматы, 2010.— 14 б. (368 б.)

Адамды конституциялық қорғау идеясы мемлекет, қоғам, адам құқықтарын тиісті дәрежеде қорғалуын қамтамасыз етумен тығыз байланысты болып келеді.

Қоғам, адам еріктерінің көзі ретінде танылып мемлекетке адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету қызметін жүктеді. Осыған орай, қазіргі кезде азаматтық қоғам институттарын дамытуды қамтамасыз ететін мемлекеттік инструменттерді тиімді қолдануды үйретуіміз тиіс.

Адамзат өзінің дамуы кезінде мемлекет, адам және қоғам арасындағы қатынастарды реттеу барысында сол қатынастардың негізі мен оның қорғалуын қамтамасыз ететін кепілдікті анықтау қажет болды.

Сондай бір заңды конструкциялардың бірі мемлекет, адам және қоғам арасындағы қатынастардың пайда болып, олардың қорғалуына кепіл болатын осы конституция табылады.

Ал кезкелген ондай шарттардың белгілері ретінде сол қатынасқа түсуге байланысты тараптардың келісімдігі болғандықтан, нақты конституцияны құру үшін сол қарым-қатынастардың пайда болуына ықпал етіп, түсініп, оны жүзеге асыратын тараптар болады¹.

Құқықтық мемлекетте билік пен саясат тек қана құқыққа бағынады. Ондағы билікте қандай саяси күштердің барлығына қарамастан, адам құқықтары мен бостандығы тек қана заңдар мен Конституциямен ғана кепілденуі мүмкін. Көптеген заңдар тікелей әрекет етілуі мүмкін. Әрине, Конституцияда мемлекетті құқықтық мемлекет ретінде бекіту — болған заңды конституциялық белгілеу емес, ал тек қалыптасудың бір түрінен екінші түріне өтуі болып табылады. Бұл — шегі жоқ кезекті процесс.

«**Конституция**» термині, латын тілінен аударғанда «*constitutio*» — «белгілеймін», «жасау» дегенді білдіреді. Ол Ежелгі Рим заңдарында императормен белгіленген әртүрлі актілерді білдірген, «ондай негізгі нысандағы конституцияларға: эдиктілер — жалпы халық алдында жария етілетін император шешімдері; рескриптілер — құқықтық мәселелерге байланысты жеке тұлғалар мен магистратураларға берілетін императордың кеңестері; декреттер

¹ Аюпова З.К. Механизм конституционной защиты прав человека в Республике Казахстан // Правовая реформа в Казахстане, 2011. №2 (54) 3-66.

— сот істері бойынша шығарылатын император шешімдері; мандаттар — шенеуніктерге байланысты император ережелері¹.

Қазақ мемлекеті бірнеше мың жылдықтан бұрын пайда болғанымен, барлық Қазақстан Конституциясы кеңес одағы кезеңінен қабылданған.

Қазақстанның бірінші Конституциясы СССР қабылданғаннан кейін 1926 жылдың 18 ақпанында ҚАЗ АССР Орталық атқарушы комитетін қаулысымен қабылданған. Екіншісі, 1937 жылы Қазақ кеңесінің X съезінде қабылданды. Үшіншісі Қазақ ССР-нің Конституциясы (Негізгі заң) 1978 жылы 20 сәуірде қабылданды.

Тәуелсіздік Қазақстанның бірінші Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда Жоғарғы Кеңестің XII шақыруының сессиясында қабылданды. Республикамыздың қазіргі қолданыстағы Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.

Еліміздің Конституциясы демократиялық қоғамның негізгі фундаменті болып табылады, сондықтан да оны *Негізгі Заң* деп атайды. Өркениетті қоғамда бәрі оның талабына көнуге міндетті. Қажетті саяси, материалдық, рухани қажетін қанағаттандыру үшін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясы оларға кең мүмкіндіктер ашады.

Ата заңда Қазақстан халқы саяси пікір алуандығын қамтамасыз ету үшін қажетті конституциялық мүмкіндік ашылады, толық демократиялық, өркениетті жолдармен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, мемлекеттің егемендігі мен заңды мүдделері қорғалатыны нақты көрсетілген. Егер Негізгі Заңның баптарымен адам және азаматтың құқықтары мен бостандығы туралы бұл жүйедегі қажетті халықаралық құқықтық құжаттарды салыстырсақ, онда құқық пен бостандық жүйесі бізде дүниежүзілік тәжірибеге «үйлесетіндігін» байқауға болады.

Біздің Конституция құрылысына негіз болатын барлық қағидалар бекітілген. Олар — халықтық билік, мемлекеттік егемендік, біртұтастық, биліктерді бөлу қағидасы, құқықтың үстемдігі, мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелерін демократиялық жол-

¹ Конституционное право Республики Казахстан. Оқулық. — Алматы, 2010. 33б. (652б.)

мен шешу, идеологиялық және саяси әр алуандылық және басқа қағидалар. Қазақстанның Негізгі заңында бірінші рет адам және азаматтың құқығы мен бостандығы бөліміне, Конституциядағы 98 баптың ішінде 30 бап арналған. Сөйтіп, саяси пікір алуандығын қамтамасыз ету үшін қажетті конституциялық мүмкіндік ашылады, екінші жағынан, толық демократиялық, өркениетті жолдармен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, мемлекеттің егемендігі мен заңды мүдделері қорғалады.

Конституцияның заңды күші республикамыздың барлық жерінде әрекет етеді. Конституцияның үстемдігі және жоғары заңдық күші басқарудың осындай нысанын тандаудың заңдық негізі болып табылады. Адам құқығы мен бостандығын қорғау мақсатында бірінші рет конституциялық норма, арнайы нормативтік құқықтық акт ретінде қабылданды. Сонымен қатар осы норманы бақылау механизмі ретінде оларды тіркеу тәртібі орнатылды. Конституцияда адамның негізі құқықтары, бостандығы мен міндеттері ғана көрсетіледі. Кейіннен олар конституциялық және жай заңдарда, және басқа нормативті актілерде нақтыланады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылдың 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған, еліміздегі конституциялық саяси партиялардың, құқықтары мен заңды мүдделерін сақтаудың кепілі қызметін атқарады, Конституцияда тікелей көрсетілгеннен өзге жағдайларда адамдардың, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектей алмайды. Конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адам құқығы мен бостандығын, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін сақтау мақсатында қажетті деңгейде ғана адам мен азаматтың құқығы мен бостандығының шектелуіне жол берілмейді. Біртұтас мемлекет ретінде Республика өз алдына дербес мемлекеттікке ие емес әкімшілік-аумақтардан тұратын бірыңғай, саяси біртекті құрылымдарымен сипатталады. Біртұтастық бірыңғай азаматтыққа, заңдарға және мемлекеттік органдар жүйесіне негіз болады.

Қазақстан Республикасында билік біртұтас, дегенмен ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік және тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Алдыңғы Конституциядан айырмашылығы, қолданыстағы Негізгі заң еліміздің азаматтарына өздерінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін түрлі заң көмектерін көрсетеді. Мәселен, шағым арыз беру әрекеттері мен әрекетсіздікері бойынша және басқа да заңды көмек көрсете алады.

Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Сот пен заң алдында барлық адамдар тең екені белгіленген.

Заңнамада көрсетілген әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Ешкім адам өміріне қол сұғуға құқығы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету құқығы бар.

Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне

байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады. Азаматтардың жеке құқықтары мен бостандықтары, адам мәртебесінің құқықтық базасын құрайды. Олардың көбісі абсолюттік сипатқа ие, яғни иеліктен де шығарылмайды, шектелуге де жатпайды.

Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Қылмыстық құқық пен іс жүргізу нормаларында адам мәртебесін қадірлеу туралы айтылған. Қылмыстық кодексте жала жабу мен қорлау сияқты қылмыс құрамы қарастырылған. Азаматтық кодекстегі азаматтық құқықтық кепілдіктерді ескере кетпеу мүмкін емес. Бұл дегеніміз өмір, денсаулық, қызметтік мәртебе жеке немесе отбасылық құпия, авторлыққа немесе т.б. құқық.

Республикалық басқару нысаны халықтың еркіне негізделіп қана қоймайды. Ол мемлекеттік органдарды азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауды, оларды мемлекет мүддесімен сәйкестендіруді көздейді. Сөйтіп, адамдардың құқықтары мен бостандықтары мемлекет мүддесінен жоғары тұруын қамтамасыз етеді. Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, арнамысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар, өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі. ҚР Конституциясының 16-бабында көрсетілген. Әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар. Заңда көзделген реттерде

ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүліктен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін. Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

Ол қазақ халқының мәдениетінің басты негізі Қазақстанның аумағында дамығандығын білдіреді. Мұндай процестің дәл осы аумақта жүруі біріншіден, қазақ ұлттық мәдениеті ғасырлар бойы осында қалыптасқандығынан. Екіншіден, этникалық өзегі қазақ ұлты болып табылатын Қазақстан мемлекеті қазақтың ұлттық

мәдениетінің дамуына кепіл болады. Мемлекет қазақ мәдениетінің дамуына қолайлы белгілі бір ұйымдастырушылық құқықтық жағдайлар жасайды.

Қазақстанның аумағы онда тұрып жатқан барлық ұлттық топтардың мәдениетін дамыту кеңістігі болып табылады. Бұл жерде аталмыш процестің өзіндік ерекшелігі бар, ол төменде берілді. Әр ұлттық топтың мәдениетінің үш ықтимал даму көзі бар: 1) Қазақстанда өмір сүрген кездегі жинақталған ұлттық мәдени даму тәжірибесі; 2) халықтың шыққан елі мәдениетінің әсері. Қазақстан аумағында тұрып жатқан кез келген ұлттық топ үшін табиғи және тартымды болып табылатыны соңғы дерек. Мемлекеттің өз қызметінде осы объективті факторды есепке алуы және байырғы ұлттық мәдениет жетістіктерін қабылдау үшін қолайлы жағдайлар жасауы ұлттық келісім мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін өте маңызды негіздердің бірі болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу жолдарының бірі — мемлекетаралық келісімдер жасасу. Сонымен қатар, әр мәдениетте қуатты идеологиялық өзектің бар екенін естен шығаруға болмайды. Әр ұлттық топ сырттан ұлттық мәдениет ықпалына түскендіктен, ол Қазақстанның біртұтас мәдени кеңістігінің шектерінен тыс шығады. Осының нәтижесінде ұлттық топтардың мәдениетіне қажетсіз идеологиялық элементтердің енуіне мүмкіншілік туады.

Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы органы қорғауды мақсат етіп қояды. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады. Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар. Республика азаматтарының мемлекеттік органдар

мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ. Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және заңмен белгіленеді.

5.2. Адам құқықтары мен бостандықтарын шектеу үшін жалпы негіздер

Адам және азаматтың құқығының шектелуі мағынасын түсіну үшін, бірінші азамат құқығы дегенді анықтау қажет. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

Адам құқығы — бұл азаматтың құқығынан ерекшеленеді, өйткені мемлекет азаматқа мейлінше кең құқықтар мен бостандықтар беріп, мемлекеттің өз азаматтарына деген ерекше қатынастарына орай оған айырықша міндет жүктеген. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Осыған байланысты тағы бір анықтама бар: «адам құқығы туралы түсінік, ол мемлекетке байланысты адамның құқықтық мәртебесі, оның экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени саласынан мүмкіншіліктері»¹.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның

¹ Большая российская юридическая энциклопедия / А.Я. Сухаревтың.— М., 2000. 49 б.

құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады. Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді. Бұл даусыз жорамал Адам құқығы туралы Жалпыға бірдей Декларациясында орын алған, «Әр адамның өзінің құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылу барысында тек басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тану және құрметтеуді қамтамасыз ету және мораль талаптарын, қоғамдық тәртіпті және жалпы әл-ауқатты демократиялық қоғамда әділ қанағаттандыру мақсатында ғана заңмен белгіленген шекте шектелуі мүмкін».

Халықаралық құқықтық құжаттарда, мемлекеттер конституциясында нақты адамның құқықтарына шектеу туралы анықтама жазылмаған. Халықаралық келісімде азаматтық және саясаттық туралы құқықтарда көрсетілген, мысалы төтенше жағдайларда кейбір баптардың ережелерінен (36., 46) шектеу қойылуы мүмкін, бірақ, бұл шектеудің нақты дәрежесі көрсетілмеген.

Құқықтық шектеулер Халықаралық келісімнің 19 бабында, азаматтық және саясаттық туралы құқықтарда көрсетілген, адам өз ойын ауызша, жазбаша немесе баспа, тағы басқа сурет салу арқылы басқада түрлерімен өз таңдауын жасай алады. Сонымен 19 баптың 3-тармағында көрсетілген, бұл құқықтарды пайдалану ерекше міндет пен ерекше жауапкершілікті талап етеді делінген, «бұл басқа да шектеулермен байланысты болуы мүмкін, сондай-ақ, Заңмен бекітілген болуы қажет және:

1. Басқа тұлғаның беделі мен құқығын сыйлау үшін;
2. Мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен тыныштығы үшін қажет».

А.В. Мальконың жұмысында құқықтық шектеу «контрсубъектілердің мүдделерін қанағаттандыру үшін және қоғамдық мүдделерді қорғау үшін қолайлы жағдай туғызатын заңға қарсы әрекеттерге құқықтық тыйым салу, тұлғалардың әрекетінде белгілі бір мүмкіндіктерді болдырмау жолы ретінде көрініс табады». Ол тұтастай қоғам мүдделерін немесе басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету пікірі бойынша жеке тұл-

ғалардың негізгі құқықтарының шектелу мүмкіндігін байқайды және ол зиян келтірмеген жағдайда да, қорғалатын қоғамдық мүддеге шектеу шараларын қолдану қаупін төндіріп тұрады¹.

Басқа мысал ретінде кәмелеттік жасқа толмағандарды әділ сотқа жіберуге қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының Минималды стандарт ережесін («Пекиндік ережелер») алуға болады. Ол құжатта құқық жүйесінде кәмелеттік жасқа толмаған азаматтардың қылмыстық жауаптылықта жастары туралы түсінік айқындалған. Кәмелеттік жасқа толмағандардың төменгі жасының деңгейі өте төменде болмауы керек делінген.

Соттардың адам мен азаматтың заңмен баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ. Егер сот, қолдануға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адам мен азаматтың Конституциямен баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп ұйғарса, ол іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және сол актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтарын шектеу негіздері адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкіндігін белгілейтін Конституциямен (39-б.) бекітілген.

Конституция бұл құқықтар мен бостандықтардан айырудың мүмкін еместігін және оған жол берілмейтіндігін баса көрсетеді. Дегенмен, егер азамат қоғам және оның өмірінің белгіленген тәртібі мен ережелеріне нұқсан келтіретін қылмыс жасаса, онда мемлекет мұндай жағдайларда оның негізгі құқықтары мен бостандықтарын шектеуге мәжбүр болады.

Шектеулердің басты мақсаты қоғамдағы негізгі құндылықтарды сақтау, оларға өмір, бостандық, қадір-қасиет және т.б. жатады. Негізгі құқықтарды шектеу жеке тұлғаның конституциялық

¹ Малько А. В. Стимулы и ограничения в праве: теоретико-информационный аспект.— Саратов, 1994, 112-115 б.

мәртебесінің іргелі санаты болып табылады. Шектеулерсіз негізгі құқықтар тәжірибеде іске аспай, тек әдемі мәлімдеме болып қалады. Іс жүзінде шектеулер кейбір негізгі құқықтарды тану үшін қызмет етеді. Ең алдымен, бұл — бостандықтарды мемлекет тарапынан қол сұғудан қорғауды жүзеге асыратын негізгі жеке және саяси құқықтарға байланысты. «Шектеу» санаты құқықсубъектіліктен, азаматтықтан, сондай-ақ құқықтар мен міндеттерді іске асырудың шарты болып табылатын кепілдіктерден де көрінеді және олардың көлемін анықтайды.

А.А. Подмаревтің пікірінше — бұл заңнамамен бекітілген, олардың болуы конституциямен танылған құндылықтарды қорғау қажеттілігімен алдын ала белгіленген және міндеті жеке тұлға, қоғам мен мемлекеттің мүдделерінің арасындағы қажетті тепе-теңдікті қамтамасыз ету болып табылатын тыйымдар, қол сұғу, міндеттерден, жауапкершіліктерден көрінетін адамның (азаматтың) құқықтарын (бостандықтарын) іске асыру шектері (шекарасы)¹.

Бұдан шығатыны, шектеулердің әрқашанда қоғамдық қажеттілік пен құқық иеленушінің мүдделерінің арасында парасатты келісім табу мақсаты болуы керек. Әрине, құқықты шектеу құқықтың шынайы мақсатымен қайшы келмейтіндей шектерде ғана болуы мүмкін.

Мемлекеттің жеке тұлғаның қадір-қасиетін қорғауы азаматтың жеке өміріне қол сұқпаушылықтың негіздері мен шектеу нысандарын нақты анықтауынан көрінеді. Айталық, қылмыстық іс жүргізу заңымен белгіленген тәртібі мен жағдайларда жүзеге асырылатын тергеушінің дәлелдемелерді ұсыну туралы әділ және заңды талабы тіл тигізу болып табылмайды.

Бостандыққа құқық, кезкелген заңды әрекеттерді (яғни заңға қайшы емес) жасауға мүмкіндік кіреді. Жеке тұлғаға қол сұқпаушылық жеке бостандық ретінде ешкім де адамның заң шегінде өз әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын басқаруға бостандығын, еркін жүріп-тұру бостандығын пайдалануға күштеп шектей алмайтындығын білдіреді. Қазақстан Республикасының

¹ Подмарев А. А. Конституционные основы ограничения прав и свобод человека и гражданина в Российской Федерации: Дисс. ... канд. юрид. наук. Саратов, 2001. — 28-б.

Конституциясында бостандыққа және жеке қол сұқпаушылыққа құқық адамды азаптауға, күштеуге, өзге де қатал немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын жағдайларда ұстауға не жазалауға, сондай-ақ өзінің келісімінсіз медициналық, ғылыми және басқа да тәжірибелер жасауға тыйым салатын кепілдікпен толықтырылған.

Негізсіз ұстауға, тұтқынға алуға байланысты кепілдіктер енгізілген. ҚР Конституциясының 16-бабы 2-бөлігіне сәйкес бостандықты мұндай түрде шектеу тек соттың шешімімен ғана жүргізілуі мүмкін, соттың шешіміне дейін заңмен белгіленген мерзімнен артық уақытқа ұстауға болмайды. Құқықтарды шектеу осы қағиданы белгілеген заңның нәтижесі және ол тек конституциялық құрылыс негіздерін, адамгершілікті, басқа адамдардың денсаулығын, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, еліміздің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және тек сондай шектерде ғана қажет.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабы. 1-бөлігі: «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар», — деп жариялайды. Жеке өмір деп адамның өмірінің өзінің бостандығына сәйкес басқаларға белгілі болуын қаламайтын жақтарын айтуға болады. Бірінші рет Конституцияда адамның ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бекітілген, сонымен бірге, егер адамның ар-намысы мен абыройлы аты кемсітілсе немесе оған кір келтірілсе, онда заңнамада моральдық зиянды өтеуге құқықты енгізетін соттық қорғау тәртібі анықталған.

Жеке өмірге қол сұқпаушылық түсінігіне жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығына құқық кіреді, әрине, құқық қорғау органдарының лауазымды адамдарының негізсіздігі мен қиянат жасауын болдырмау үшін, мұндай құқықтарды шектеу үшін соттың шешімі талап етілмейді. Жоғарыда аталған ережелер алдыңғы конституциялармен салыстырғанда жаңартылған редакциясында көрсетілген. Осы Конституцияда бұл құқықтарды іске асыру кепілі белгіленген, ол туралы Конституцияның 18-бабында — адамның жеке өмірі туралы ақпаратты жинау, сақтау, пайдалану және тарату оның

өзінің келісімінсіз жол берілмейді делінген. Егер заңда өзгеше белгіленбесе, әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігі берілуі тиіс. Мұндай ерекшелік (ведомстволық нұсқаулық емес, заңмен белгіленген), мысалы, мемлекеттік құпия туралы сөз болғанда жасалуы мүмкін.

Сонымен, қазіргі кезде азаматтардың кезкелген құқықтарын шектеу халықаралық-құқықтық нормаларға сәйкес келуі және ұлт-тық заңнаманың нормаларын дәл сақтай отырып жүзеге асырылуы мүмкін. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауы керек.

Шектеу мәселесінің өзектілігі мынадай жағдайға байланысты, кейбір құқықтанушылардың ойынша, адамдар мемлекеттің машинасы алдында өте қорғансыз және мемлекеттің мүддесі үшін қажет болса, олар өз құқықтарынан ешқандай ойланбастан бас тартатындығына сенімді. Мұндай көзқарас демократиялық қағидалардың жойылуына, мемлекеттік аппаратпен қарым-қатынастың бүлінуіне, ал оның нәтижесінде елімізде азаматтық бейбітшілік пен келісімнің бұзылуына әкеп соғады.

Дегенмен замануи қоғамда өз құқығың аяқталып, басқа біреудің құқығына қысым жасау шекарасын анықтау оңай емес. Кейде бостандықтың хаос және заңсыздыққа айналуы оңай. Және де өз құқықтарын еркін жүзеге асыру ұранымен жамылып, құқықты жүзеге асыруды оны қиянатпен пайдаланудан ажырататын шектен асып кету оңай. Сондықтан да өзіңнің бұзылған азаматтық құқықтарыңды қалай қорғауға болады деген сұрақ қазір өте өзекті. Себебі, жарияланған және іске асырылған құқықтың барлық құндылығы бір мезетте жойылуы мүмкін. Мемлекеттің немесе азаматтың өзі өз құқығын қалай қорғауы және қалпына келтіруіне бүкіл қоғамның дамуы мен әр жеке адамның игілігі байланысты. Сондықтанда қазіргі кезде заң шығарушылар алдында тұрған маңызды тапсырманың бірі — адамдардың құқықтары мен демократиялық қоғамның қызығушылықтары арасындағы тепетеңдікті жасау болып табылады, сонымен қатар жеке тұлғаның дәрежесін негізгі жүгініп отырған конституциясымен қамтамасыз ету.

Осыған байланысты, 2011 жылдың 21 маусымындағы «ҚР конституция заңдарының жағдайы туралы» Конституция Кеңесінің жолдамасында көрсетілген, басқалардың қатарында Конституцияның 39-бабының 1-тармағына сәйкес, заңдарда шектелген адам құқықтары мен бостандықтарының тізілімін ғана емес, сонымен қатар оларды қолдану тетіктерін де бекіту қажеттілігі туралы Кеңестің мемлекеттік органдарға ұсыныстары өз өзектілігін сақтайды¹.

2008 жылдың 27 ақпанында Конституциялық Кеңес өзінің нормативті қаулысында көрсеткен қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда — оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуі, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға, қылмыстың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесуі тиіс.

Мемлекет пен жеке тұлғаның, қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыру мен анықтау жүйесінде негізгі қарым-қатынасы болып, адам мен азаматтың дәрежесінің конституциялық құқықтық заңдарын сөзсіз қадағалау табылады.

Конституцияның 39-бабы 1-тармағындығы «... тек сол шарада ...» сөзін қолдану, қылмыстық құқықтық мәжбүрлеу шаралары, сондай-ақ қылмысты ескерту, қылмыстық жауаптылыққа қарай әділдік қағидасы мен жауап беруі қажет деп болжайды. Негізгі Заңмен қорғалатын бағалы болып адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы табылады.

Республикалық басқару нысаны халықтың еркіне негізделіп қана қоймайды. Ол мемлекеттік органдарды азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауды, оларды мемлекет мүддесімен сәйкестендіруді көздейді. Сөйтіп, адамдардың құқықтары мен бостандықтары мемлекет мүддесінен жоғары тұруын қамтамасыз етеді. Мемлекет Конституцияда тікелей көрсетілгеннен өзге жағдайларда адамдардың, азаматтардың

¹ Послание Конституционного Совета «О состоянии конституционной законности в РК» от 21.06.2011 nomad.su Власть и Политика www.constcouncil.kz, 20 июня.

құқықтары мен бостандықтарын шектей алмайды. Конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адам құқығы мен бостандығын, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін сақтау мақсатында қажетті деңгейде ғана адам мен азаматтың құқығы мен бостандығының шектелуіне жол берілетіндігі Қазақстан Республикасының Конституциясында тура көрсетілген.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі 361-бап 1-бөлігі («Қылмыстық атқару жүйесі мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң шығару актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 26 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының редакциясында) 12-бап 2-тармағы, 20-бап 1 және 2 тармақтары, 39-бап 1-тармағының 1) тармақшаларымен келісілмейді Қазақстан Республикасының Кодексіндегі 77-бап 3-тармағына сәйкес келмейді сондықтанда оны конституциялық емес деп тану қажет деп көрсетілген¹.

5.3. Адам құқықтарын қамтамасыз ететін негізгі қағидалар

Қазіргі заманға сай демократиялық функционалды мемлекет үшін, жеке тұлғаны қажетті құқықтармен қамтамасыз ету елімізде нормаларының орындалуын оны қатаң қадағалау.

Заңның қабылдануы оның орындалуын қамтамасыз етпейді, орындалу үшін арнайы қадағалау органдары талаптарға сай адам мен азаматтардың бостандағын қамтамасыз ететін жағдайлар жа-сауы тиіс.

Мемлекет, заңдылық қағидаларын басшылыққа ала отырып, құқық нормаларының орындалуы үшін түрлі тетіктер мен шараларды қолдану арқылы қатаң тәртіпте орындалуын жүзеге асыруда. Құқықтық қағидалар мемлекет органдарының құқық қолдану мен құқықтық шығармашылық бағдар ретінде қызмет етуде. Қағида, мемлекеттің ерікті актісі ретінде құқықта көрсетілуі қажет және заңда бекітілуі тиіс. Ал егер олар құқық нормаларында бекітілсе, онда негізгі ережелердің орындалуы міндетті сипат алады.

¹ Постановление Конституционного Совета РК «О проверке конституционности ч.1 ст. 361 УК по обращению Капшагайского горсуда Алматинской обл. (2008 ж. 27 ақпан).

«Қағида» сөзі *principium* деген латын сөзі қандай да бір теорияның, оқытудың, ғылымның сыяқты, негізгі бастапқы түрі дегенді білдіреді. Адам құқығын қамтамасыз етуші барлық қағидалар бірдей қажет, әрі маңызды. Қағидаларды жалпы құқықтық (жалпы құқықтарға тән), салааралық (түрлі салаға тән) және сала (жеке құқық саласына тән) деп бөледі.

Жалпы құқықтық қағида, құқықтың жүйенің басында болған заңдылығы, егемендігі, билікті бөлу, заң мен сот алдында азаматтардың теңдігі, жеке меншікке, өмірге және мүлікке қол сұғылмаушылық және т.б.

Салааралық қағида бұл соттың тәуелсіздігі, тараптардың іс жүргізу теңдігі, бір құқық бұзушылық үшін қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартылмауын қадағалау, ішкі көндіру арқылы дәлелдемелерді бағалау, шындықты анықтау, дауыс беру, дәлелдерді зерттеу, қаралған іс бойынша беделі.

Салалық қылмыстық қағида, бұл жасаған қылымысы үшін айыпталушыны қорғаушымен қамтамасыз ету сияқты қорғау артықшылығы.

Заңдылық қағидасы. Республика Конституциясында заңдылық жалпыға бірдей қағида деп тура айтылмаған, бірақ 34 баптың мағынасына қарай «әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті». Аталған қағидаға сәйкес «Соттардың адам мен азаматтың конституциямен баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ. Егер сот, қолдануға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адам мен азаматтың Конституциямен баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп ұйғарса, ол іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және сол актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті».

Сот әділдігін тек соттың ғана жүзеге асыру қағидасы дегеніміз, әділ сот орындаушы органдары конституция заңдарымен шектелген. Қазақстан Республикасында қылмыстық істер бойынша сот әділдігін тек соттар ғана жүзеге асырады. Сот өкілеттігін кімнің болса да иемденуі заңда көзделген жауаптылыққа әкеп

соқтырады. Өзі қарауына жатпайтын іс бойынша қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асырушы, өзінің өкілеттігін асыра қолданған немесе осы Кодексте көзделген қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаларын өзгедей бұзған соттың үкімі мен басқа да шешімдері заңсыз болады және олардың күші жойылуға тиіс.

Өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғау қағидасы ҚР Конституциясының 13-бабында көрсетілгендей, әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі. ҚР ҚІЖК 12-бабына сәйкес, мемлекет заңда белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша жәбірленушіге сот әділдігіне қол жеткізуін және келтірілген залалдың өтелуін қамтамасыз етеді

Кінәсіздік презумпциясы қағидасы дегеніміз, жауапқа тартылған әрбір адамның кінәсі сотта бұлтартпай дәлелденуі қажет. Кінәсіздік презумпциясы қағидасы (латын тілінде *praesumptio* — болжау), қылмыстық сотта іс жүргізуде қажетті қағида болып табылады. Әділ сот қағидасына сәйкес «адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі» деп ҚР Конституциясының 77-бап 3-тармағы 1-тармақшаларында көрсетілген.

Жеке тұлғаға қол сұғылмаушылық қағидасы. Қазіргі кезде адам құқығы ұлттық және халықаралық дәрежеде қорғалады. *Адам құқығының Жалпыға бірдей Декларациясының* 3 және 9 баптарына сәйкес, әр адамның өмір сүруге, бостандыққа және жеке өміріне қол сұғылмаушылыққа құқығы бар. Азаматтың ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластатуға болмайды. Осы ереже Халықаралық Келісімнің азаматтық және саяси құқықтарының 14 бабында да айтылған.

Жеке адамның абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық. *Хат жазысудың, телефон арқылы сөйлесудің, пошта, телеграф және өзге де хабарлардың құпиясы.* Азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпия заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдар мен жинақтардың, хат жазысудың, телефон арқылы сөйлесудің, пошта, телеграф және өзге де хабарлардың құпиялылығы құқығы бар. Қылмыстық процесс барысында бұл құқықтарды шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайлар

мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі. (ҚР Конституциясының 18-бап, және ҚР ҚІЖК 13 және 16-баптарында көрсетілген).

Жек мүлік пен меншікке қол сұғылмауы ҚР Конституциясының 25 және 26-баптарында кепілдік берілген. Тұрғын үйге қол сұғылмайды, ол ҚР ҚІЖК 17-бапта көрсетілген. Қылмыстық құғындау органдары айыпталушының пайдасына кінәсіздік презумпциясы мен күмән келтіруді, онда тұратын адамдардың еркіне қарсы кіруін, оны қарауға және тінту жүргізуіне заңда белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі, яғни прокурордың тиісті санкциясы қажет.

Заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігінің бастамасын жүзеге асыру қағидасы (негізі). Аталған қағидаға жүгінсек, заң мен сот алдында азаматтың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша бәрінің заң алдында теңдігі туралы кепілдік бар.

Заң мен сот алдында бәрінің теңдігі туралы, жалпы құқықтық теңдіктің бастамасы ҚР Конституциясының 14 бабында көрсетілген. Заң алдында теңдік деген, заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Тараптардың бәсекелестік пен тең құқығы негізінде сот билігін жүзеге асыру қағидасы сотта істі қарауда айыптау функциясы қорғау функциясы мен шешім функциясы ісінен бөлек алынып тасталған.

Бәсекелестік процесінде заңдылық негізгі мазмұнын ежелгі рим кезеңінен танымал «*audiatur et altera pars — қарсы тарап тыңдалатын болсын*» деген тараптардың теңдігімен сипатталады.

ҚР ҚІЖК 23 бабында бірінші рет заңда бекітілген, қылмыстық сот ісін жүргізу айыптау және қорғау тараптарының бәсекелестігі мен тең құқықтылығы қағидасының негізінде жүзеге асырылады және бұл азаматтардың құқықтырының қадағалануы мен қамтамасыз етілуіне әрі қылмыстық іс жүргізу аясына тартылған азаматтардың заңды мүдделеріне кепілдік болып табылады.

Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау. Аталған қағида сот төрелігінің қағидасына ұқсас, ҚР Конституциясының 77-бабы 9-тармағында бекітілгенін «заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды» делінген.

Сезіктінің, айыпталушының қорғануға құқығын және білікті заң көмегіне құқығын қамтамасыз ету. ҚР Конституциясының 13-бабы 3-тармағында және ҚР ҚІЖК 26, 28-баптарында бекітілгендей қылмыстық іс жүргізу барысында сезіктінің, айыпталушының қорғануға құқығын қамтамасыз ету көрсетілген. Бұл дегеніміз қылмыстық процесті жүргізуші орган сезіктіге, айыпталушыға, олардың құқықтарын түсіндіруге және олардың айыптаудан заңмен тыйым салынбаған барлық құралдармен қорғану мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың жеке және мүліктік құқықтарын қорғауға шаралар қолдануға міндетті.

Сот ісі талқылауының жариялылық қағидасы қылмыстық істерді талқылау барлық соттар мен барлық сот сатыларында ашық жүргізіледі. Ақпараттың жаппай дамуы Әділ сотының жариялылығын кең пайдалануға мүмкіндік тұғызады.

Іс жүргізу әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану бостандығы қағидасы дегеніміз Сот пен қылмыстық ізге түсу органының әрекеттері мен шешімдеріне кодексте (ҚР ҚІЖК 31б.) белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін. Аталған қағида ҚР Конституциясында кепілденгеніндей, құқық бұзылушылықты қайта қарауды талап етуге құқылы.

Бақылау сұрақтары

1. Адам құқықтарының сақталуын бақылау жүйесі қандай?
2. Адам құқықтары мен бостандықтарын шектеудің қандай негіздемелері бар?
3. Адам құқықтарын қамтамасыз етудің негізгі қағидаларын атаңыз?
4. Кінәсіздік презумпциясы дегеніміз не?
5. Тұлғаның қол сұғылмаушылық қағидасы қалай қамтамасыз етіледі?

6 ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТЕТІКТЕРІ

6.1. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету құқығы

Қазақстан тарихын зерттеушілердің көбі қазақ әйелдерінің, олардың Орталық Азиядағы көрші мемлекеттегі құрбыларына карағанда, еркін болғаны туралы пікірде. Мұнда шындық бар. Жалпы көшпелі қазақтардың өмірі соғыс, ерлік және күштің әлемі болған. Әйелдер негізінен жанұямен, балалармен және отбасы шаруашылығымен айналысқан, еңбек бөлінісі әйелге барлық үй шаруасын жүктеген. Көшпелі өмір әйелге өзінің табиғи мүмкіндіктерін толығымен жүзеге асыруға мүмкіндік бермеген. Бірақ, сонымен қатар, ол қамқорлықта болған: бала кезінде әкесінің қамқорлығында болса, жас шағы мен ер жеткен кезінде жұбайының, ал кәрілік кезінде балаларының қамқорлығында болды. Қазақ әйелдерін ешқайда жібермей, үйге жауып қоймаған, көптеген жағдайларда олар іс жүзінде үй иелері болған және барлығын өз қалауынша басқарған.

1917 жылғы Қазан социалистік революциясы қазақ әйелдерінің жағдайын түбегейлі өзгертті. Әйел, заң алдындағы барлығының теңдігіне сәйкес, советтік конституцияларда көрініс тапқан барлық демократиялық құқықтар мен бостандықтар жиынына ие болды. Социалистік елде әйел еркін болуы тиіс еді. Әйелдердің жағдайының жақсаруына мемлекеттің арнайы әдістері бағытталды: әйелдер еркектермен қатар білім алуға, жұмыс істеуге, саяси және қоғамдық өмірге қатысуға мүмкіндік алды. Білім алған әйелдер, міндетті орналастыру институты арқылы, жұмысқа тұрды.

Алайда, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін әйелдердің жағдайы тұрақсыз болып кетті. Алдында бекітілген құқықтар мен

бостандықтар шынайы өмірде жүзеге асырылған жоқ. Көптеген әйелдер нарықтық экономика жағдайларында жұмысынан, әлеуметтік жеңілдіктер мен тұрақтылықтан айырылды. Мұндай өзгерген күрделі жағдайлар әйелдер ынтымақтастығына әкелді. Жүздеген әйелдер өздерінің құқықтарын қорғайтын қоғамдық бірлестіктер құрды.

Жалпы, көптеген елдерде гендерлік теңдік мәселесіне көңіл бөлінді, ал бұл өз кезегінде, жынысы бойынша дискриминациялауды жою және гендер туралы білімді тарату сияқты, көптеген нәтижелерге әкелді. Кейіннен, *гендерлік теңдік* қағидасын барлық бағдарламалар мен саясаттарда қолдануға мүмкіндік беретін, гендерлік теңестіру әдісі қабылданды.

Гендерлік теория қырық жылдай бұрын уақытта әлеуметтік ғылымдарда пайда болды. Оның негізгі ережелерінің бірі — гендер мен жыныс түсініктері арасындағы ерекшелік. Гендер түсінігі, қоғам адамдарға, олардың биологиялық жынысына негізделі отырып беретін, еркектер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдеріндегі, жұрыс-тұрысындағы және эмоциялық сипаттамаларындағы айырмашылықтарды білдіреді. Жыныс адамның биологиялық, физиологиялық құрылымына жатады. Гендерлік теңестіру бұл әйелдер мен еркектер үшін жоспарланған кезкелген әрекеттердің нәтижелерін бағалау процесі, соның ішінде барлық деңгейдегі заңнамалық, саяси немесе бағдарламалық бағалау.

Адам құқықтары, соның ішінде әйел құқықтары жөніндегі негізгі халықаралық құжат болып 1948 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Ассамблеясымен қабылданған Адам құқықтары жөніндегі жалпыға бірдей Декларация табылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында көрініс тапқан еркектер мен әйелдердің тең құқылық қағидасын жүзеге асыру және әрбір адамның өз елін басқаруға қатысуға құқығы бар екендігін мойындау мақсатында 1952 жылы 20 желтоқсанда *Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция* (1954 жылы 7 шілдеде күшіне енді) қол қоюға және ратификациялануға дайын болды, оған әйелдер сәйкес, қандай да болмасын кемсітулерсіз, еркектермен бірдей жағдайларда, барлық сайлауларда дауыс беру құқығына ие болды.

Конвенцияға сәйкес әйелдер, қандай да болмасын кемсітулерсіз, еркектермен бірдей жағдайларда, ұлттық заңмен жария сайлау талап етілетін барлық мекемелерге сайлана алады. Әйелдерде қоғамдық-мемлекеттік қызметке тұруға және ұлттық заңмен белгіленген барлық қоғамдық-мемлекеттік функцияларды атқару құқығы бар.

1967 жылғы 7 қарашадағы Бас Ассамблеяның Резолюциясы нәтижесінде *Әйелдерге қатысты кемсітушіліктерді жою туралы Декларация* жарияланды, онда әйелдердің еркектермен теңқұқылығын жоққа шығаратын немесе шектейтін кемсітушілік әділетті емес және адамның қадір-қасиетіне қарсы қылмыс болып келеді делінген.

1979 жылы 18 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен *«Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік нысандарын жою туралы конвенция»* (CEDAW) қабылданды және қол қоюға, ратификациялануға және қосылуға жол берілді, ол 1981 жылы 3 қыркүйекте күшіне енді. Бұл Конвенцияға біздің еліміз 1998 жылы 29 маусымда № 248-1 Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік нысандарын жою туралы Конвенцияға қосылуы туралы» Заңымен қосылды.

Әйелдердің құқықтары аясында орталық құжат Конвенция болып табылады. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін «әйелдерге қатысты кемсіту» ұғымы әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кезкелген басқа салалардағы адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын олардың отбасылық жағдайына қарамастан, ерлер мен әйелдердің теңдігі негізінде пайдалануын немесе іске асыруын әлсіретуге немесе мойындалуын жоққа шығаратын жыныс белгісі бойынша кез келген айырмашылық, қоспай қою немесе шектеу дегенді білдіреді.

Конвенцияда көрсетілгендей, қатысушы мемлекеттер әйелдерге қатысты барлық нысандағы кемсітулерді айыптайды, әйелдерге қатысты кемсітулерді жою саясатын кідіріссіз барлық тиісті тәсілдерімен жүргізуге келіседі және бұл мақсатта мыналарға міндеттенеді:

1) ерлер мен әйелдердің тең құқықтық принципін өз ұлттық конституцияларына немесе басқа да тиісті заңнамасына қосуға, егер де бұл әлі жасалмаса, және заңның және басқа да тиісті құралдардың көмегімен осы принципті жүзеге асыруға;

2) әйелдерге қатысты кезкелген кемсітуге тыйым салатын тиісті заңнамалық және керек жерде санкцияны қоса алғандағы басқа да шараларды қабылдауға;

3) әйелдердің құқықтарын ерлермен тең негізде заңгерлік қорғауды қалыптастыруға және құзырлы ұлттық соттар мен басқа да мемлекеттік мекемелер көмегімен әйелдерді кезкелген кемсіту актісіне қарсы тиімді қорғауды қамтамасыз етуге;

4) әйелдерге қатысты қандай да бір кемсіту актілерін немесе іс-қимылдарын жасаудан қалыс қалуға және мемлекеттік органдар мен мекемелердің осы міндеттемелерге сәйкес әрекет ететіне кепілдік беруге;

5) қандай да бір тұлға, ұйым немесе кәсіпорын тарапынан әйелдерге қатысты кемсітуді жоюдың барлық тиісті шараларын қабылдауға;

6) әйелдерге қатысты кемсіту болып табылатын қолданыстағы заңдарды, қаулыларды, әдет-ғұрыптарды және практиканы өзгерту немесе жою үшін барлық тиісті шараларды, соның ішінде заңнамалық шараны қабылдауға;

7) өзінің қылмыстық заңнамасының әйелдерге қатысты кемсіту болып табылатын барлық қағидаларын жоюға.

БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен Адам құқықтары күні қол қоюға берілген *Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік нысандарын жою туралы Конвенцияға Факультативті хаттама* қабылданып, ол 2000 жылы 22 желтоқсанда күшіне енді. Бұл Факультативті хаттама Қазақстан Республикасымен 2001 жылы 4 шілдеде №220-II «Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік нысандарын жою туралы конвенцияға Факультативті хаттаманы ратификациялау туралы» заңымен ратификацияланды.

Факультативті хаттамаға сәйкес Қатысушы-мемлекет Әйелдерге қатысты кемсітушіліктерді жою туралы комитеттің мәлімдемелерді, соның ішінде қатысушы-мемлекеттің қарауындағы тұлғалардың немесе тұлғалардың тобымен немесе оларды атынан,

Конвенцияда көрініс тапқан қандай да болмасын құқықтарының осы Қатысушы-мемлекетпен бұзылғандығы туралы жіберген мәлімдемелерін қабылдау және оларды қарауы бойынша өкілеттіліктерін мойындайды. Егер мәлімдеме жеке тұлғалардың немесе тұлғалар тобының атынан жіберілсе, онда олардың келісімі қажет, бірақ автор олардың атынан жасаған әрекеттерін, олардың келісімінсіз-ақ негіздей алса, онда келісім қажет емес.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігі кезеңінде әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау аясында нақты жетістіктерге жетті. Отбасы, әйел және балалар мәселелерін шешу үшін Елбасымызбен 1995 жылы *Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы отбасы, әйел және демографиялық саясат бойынша Кеңес* құрылды. Қазақстан Республикасындағы Әйелдердің жағдайын жақсарту мемлекеттік саясатының Тұжырымдамасы жасалып, 1997 жылы 5 наурызда Қазақстан Республикасының бұйрығымен мақұлданды. 1998 жылы бұл көрсетілген Кеңес Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы жанұя және әйелдер ісі бойынша *Ұлттық комиссия* болып қайта құрылды.

1999 жылы алғаш рет Ұлттық комиссиямен Қазақстан Республикасындағы әйелдер жағдайын жақсарту бойынша іс-әрекеттердің ұлттық жоспары жасалды, ол 1999 жылы 19 шілдеде Қазақстан Республика Үкіметінің қаулысымен бекітілді. 2000 жылы қыркүйекте болған *Мыңжылдық Саммитте* әлемнің көптеген елдерінің елбасылары Біріккен Ұлттар Ұйымының Мыңжылдық Декларациясы қабылданды, оның *сегіз мақсаттарының бірі — гендерлік теңдікті қолдау*. Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшінші мыңжылдықтағы адамзаттың дамуының негізгі мақсаттары ретінде анықталған.

Бұл мәселеге БҰҰ Бас Ассамблеясының «2000 жылдағы әйелдер: еркектер мен әйелдер арасындағы теңдік, ХХІ ғасырдағы даму мен бейбітшілік» атты Арнайы ХХІІІ сессиясы арналды (маусым, 2000 ж.). Бұл сессия, оған қатысқан үкіметтердің өкілдеріне әйелдердің өмірдің барлық аялары мен барлық деңгейлеріне теңдей қол жеткізуін және оған толығымен қатысуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдануға кеңес берді.

2003 жылы 27 қарашада ҚР Үкіметінің №1190 қаулысымен мақұлданған *Қазақстанның гендерлік саясат Концепциясы* гендерлік саясаттың негізгі қағидаларын — Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдендірілген әйелдер мен еркектер үшін теңдей құқықтар мен бостандықтарды бекітті.

Қазақстандағы гендерлік саясаттың мақсаттарына: әйелдер мен еркектердің билік құрылымдарына теңдей қатысуына қол жеткізу; экономикалық тәуелсіздік, өзінің бизнесін дамыту және қызметі бойынша жоғарылау үшін теңдей мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; отбасындағы құқықтары мен міндеттерін теңдей жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау; жынысы бойынша зорлық-зомбылықтан бостандық жатады.

1998 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік нысандарын жою туралы Конвенциясына қосылды. Бұл Конвенцияның факультативті хаттамасы да ратификацияланды, және 2001 жылы Қазақстан Республикасы конвенцияны орындау туралы БҰҰ-на есеп тапсырды, ол оң баға алды. БҰҰ-ның «Әйелдердің саяси құқықтары туралы», «Тұрмыстағы әйелдің азаматтығы туралы» Конвенциялары, Халықаралық еңбек ұйымының алты конвенциялары, соның ішінде «Әйелдер мен еркектердің тең құндылықты еңбекке тең сыйақы алуы туралы» Конвенциясы ратификацияланған.

2002 жылғы 19 қыркүйектегі № 947 Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы бойынша Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл қызметі құрылды, оның аппаратында гендерлік мәселелер бойынша жұмыс істейтін маман бар.

Елдегі гендерлік қатынастар көрініс тапқан «Қазақстанның әйелдері мен еркектері» атты арнайы жыл сайынғы статистикалық жинақ шығарылады. Отбасы, әйелдер және балалардың мүдделерін заңнамалық деңгейде қорғау үшін Қазақстан Республикасының Парламентінде «Отбасы» атты депутаттық топ құрылды.

Денсаулық сақтау мәселелеріне үлкен көңіл бөлінеді. 1998 жылы 16 қарашада Қазақстан Республикасының Президентінің № 4153 Жарлығымен бекітілген «Халық денсаулығы» («Здоровье народа») Мемлекеттік бағдарламасы, 2001 жылы 14 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Үкіметінің № 1207 қаулы-

сымен бекітілген, 2001—2005 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы жүре пайда болатын иммундық тапшылық синдромы (ЖИТС) эпидемиясына қарсы әрекеттер бойынша Бағдарламасы, сондай-ақ халық денсаулығын бақылау мәселелері бойынша басқа да бағдарламалар жүзеге асырылуда.

2005 жылы 29 қарашада Мемлекет басшысының № 1677 Жарлығымен, қоғамдық өмірдің барлық аясында гендерлік теңдіктің қағидаларын жүзеге асыру мақсатында, **2006—2016 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы Гендерлік теңдік стратегиясы** бекітілді.

Стратегия мемлекеттің гендерлік саясатын жүзеге асыруға бағытталған маңызды құжат, оны жүзеге асыру және мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан мониторинг жасау құралы, демократияның дамуының маңызды факторы болып табылады. Стратегияны жүзеге асыру еркектер мен әйелдердің өздерінің құқықтарын біркелкі жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауға көмектеседі және 2006 жылдан 2016 жылдар аралығында еркектер мен әйелдер құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігіне жету мәселелерін шешуді қарастырады.

Қазіргі уақытта, 2030 жылға дейінгі Қазақстанның дамуының Стратегиясының мәнмәтінінің аумақтық ерекшеліктерін есепке ала отырып, отбасы, әйелдер мен еркектер теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты құру мен жүзеге асырудың артықшылықтарын анықтау бойынша ұсыныстар жасалуда.

2006—2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының гендерлік теңдік Стратегиясы және Қазақстан қатысушысы болып табылатын, отбасы мен гендерлік теңдік мәселелері бойынша халықаралық шарттар, 2006 жылғы 1 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің № 56 Жарлығымен бекітілген Ережеге сәйкес жұмыс істейтін, **Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы Отбасы ісі және гендерлік саясат бойынша ұлттық комиссияға** жүктелген.

Сондай-ақ, Комиссияның негізгі міндеттері болып:

— Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының, Қазақстан Республикасында Гендерлік теңдіктің 2006—2016 жылдарға арналған стратегиясы мен Қазақстан қатысушысы болып

табылатын отбасы және гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі халықаралық шарттардың аясында өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты басымдықтарды айқындау, кешенді мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөнінде ұсынымдарды тұжырымдау;

— мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен отбасының мүдделерін қорғау, Біріккен Ұлттар Ұйымының Мыңжылдық декларациясын, Қазақстан Республикасында Гендерлік теңдіктің 2006—2016 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл жасау;

— әйелдердің жағдайы мен отбасылық-демографиялық ахуал мәселелерін талдау және Қазақстан Республикасындағы гендерлік және отбасылық-демографиялық саясаттың негізгі бағыттары бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау;

— мыналарға: экономикалық салада әйелдер мен ерлер мүмкіндіктері теңдігіне қол жеткізуге, әйелдер арасында кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға, еңбек нарығында әйелдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға;

— еңбек қызметін үй шаруасы міндеттерімен және бала тәрбиесімен ұштастыру жөнінде отбасы мүшелеріне жағдай жасауға; отбасы институтын нығайтуға, отбасы қарым-қатынастарында әйелдер мен ерлер мүмкіндіктері теңдігіне қол жеткізуге; халықтың денсаулығын, оның ішінде ұрпақты болу денсаулығын сақтау мен бекемдеу, өмір сүру деңгейін арттыру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуге;

— отбасындағы және жұмыс орнындағы зорлық-зомбылықты түбірімен жоюға және ерлерге, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің халықаралық тәжірибесін енгізуге;

— халыққа гендерлік білім беру мен оқу-ағартуға, қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени өміріндегі отбасының, әйелдер мен ерлер мүмкіндіктері теңдігінің нақты жағдайын талдау мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізуге, ақпараттық базаны қалыптастыруға;

— демографиялық жағдайды жақсартуға жәрдемдесу;

— Комиссияның құзыретіне кіретін өзекті мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын қарау, олар бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне тиісті ұсынымдар дайындау;

— мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының отбасы және гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету жөнінде Мемлекет басшысы үшін ұсынымдар мен ұсыныстарды тұжырымдау;

— Қазақстандағы отбасы және гендерлік теңдік жағдайы аспектілерінің неғұрлым толық көрініс табуы мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау;

— отбасы мәселелеріне, жыныстар теңдігінің сақталмауына қатысты азаматтардың өтініштерін, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын қарау;

— әйелдер, отбасы және демография мәселелері жөніндегі тұжырымдамаларды, мемлекеттік және салалық (секторлық) бағдарламаларды әзірлеуге қатысу;

— отбасы және әйелдер жағдайын жақсартуға бағытталған заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға және қарауға қатысу;

— гендерлік-құқықтық сараптамаға бастамашылық жасау және оны жүргізу;

— мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық, халықаралық бастамаларды іске асыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау, әйелдер, отбасы және демография жағдайы мәселелері жөніндегі конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысу болып табылады.

6.2. Қазақстан Республикасында гендерлік теңдікке жету бойынша шаралар

Жыныстар арасындағы теңдікті қамтамасыз ету механизмі — бұл әйелдер ролін көтеру мен әйелдердің өз құқықтарын толығы-

мен пайдалануға себепші болу мақсатындағы институционалдық құрылым. Оның негізгі міндеті болып заңның, кемсітпеу қағидасының және әйелдер мен еркектердің арасындағы теңдіктің қолданылуын қадағалау мен қамтамасыз ету табылады.

Конвенциялар мен халықаралық құқықтық құралдардың түгелдей жуығы сексуалды, нәсілі, тілі, діни сенімі, саяси және басқа да пікірі, ұлты, әлеуметтік тегі, мүліктік жағдайы, тегі және басқа да қасиеттері бойынша кемсітушіліктерді айыптайды. Кемсітпеушілік қағидасы жыныстар арасындағы теңдікті қамтамасыз етудің негізгі шарты болып табылады.

Халықаралық пактілердің негізінде теңдік қағидасын толығымен мойындау жатыр. Бұл құжаттардың міндетті заңи күші бар және мемлекеттердің, Келісімге отырған тараптардың, кемсітпеушілік қағидасын және әйелдер мен еркектер арасындағы теңдікті жүзеге асыру мақсатында қажетті шаралар қолдануын қарастырады.

Әйелдерге қатысты кемсітушіліктердің барлық нысандарын жою туралы Конвенция (CEDAW, 1981 жылы күшіне енген) — бұл Келіскен Тараптар үшін міндетті заңи күші бар адам құқықтарының аясындағы құрал. Сондай-ақ, мемлекеттер әйелдер мәселелері бойынша әлемдік конференцияда шешімдер мен әрекеттер жоспарын қабылдау арқылы әйелдерге қатысты шынайы теңдікке жету міндеттемелерін алды. 1975 жылы Мехикода өткен әйелдер мәселелері бойынша БҰҰ-ның Бірінші Конференциясынан кейін көптеген елдер әйелдердің рөлін көтеру бойынша механизм құру ұсыныстарына ерді. Әйелдер рөлін көтеру бойынша болашақ стратегиялар туралы Найробиялық конференцияда тұжырымдалған идея анық болып табылады, онда әйелдердің Онжылдық нәтижелері қаралды және бағаланды: БҰҰ-мен ұйымдастырылған теңдік даму мен бейбітшілік үшін күрес (1985 ж. 15-26 шілде)¹.

Белгіленген тетіктердің тиімді қызмет етуі қоғаммен көрсетілетін қолдауларға байланысты, соның ішінде, саяси партиялардағы

¹ Әйелдің онжылдығы (БҰҰ) 1975 жылы Мехикода әйелдер мәселелері бойынша Конференцияда ашылды. 1980 жылы Копенгагенде бірінші бесжылдық қызмет қорытыланды. Ол 1985 жылы Найроби Конференциясында жабылды.

әйелдер, шешімдерді қабылдаумен байланысты қызметтерде отырған әйелдер, үкіметтік емес ұйымдар, әйелдер топтары және қауымдастықтары, халықтық қозғалыстары, әйелдер мәселелері бойынша зерттеулер топтары, әйелдердің кәсіби топтары, мысалы бұқаралық ақпарат құралдарындағы әйелдер сияқты түрлі қозғалыстардың қолдауына байланысты.

Осы белсенді қатысушылардың арқасында әйелдер өздерінің мүдделерін, қорқыныштарын, үміттерін білдіре алады. Сондай-ақ аумақтық, ұлттық және халықаралық деңгейдегі әрекеттер бағдарламаларына әйелдер мәселелерімен байланысты сұрақтарды енгізуге мүмкіндік туды. Жыныстар арасындағы теңдікті қамтамасыз ету ұлттық тетіктерінің сәтті жұмыс істеуі үшін әйелдер мәселелері бойынша зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру маңызды болып келеді. Ұлттық тетіктер мен зерттеулер процесстері арасындағы тығыз байланысты орнату екі тарапқа да пайдалы. Бұл қосымша зерттеулерді талап ететін аяларды анық және қазіргі қажет мәселелерге қатысты зерттеулер жүргізуді ұсынады. Толымды қатынастар үшін маңызды шарт болып жүргізілетін зерттеулердің тәуелсіздігін сақтау табылады.

Ұлттық тетік биліктің түрлі деңгейлерінде әрекет етеді — жергілікті, аумақтық, ұлттық және халықаралық. Ол әйелдердің мүдделерін білдіру және үкімет, парламент және аумақтық және халықаралық органдардың жанындағы түрлі қоғамдық бірлестіктер атынан өкілдік етеді. Бұл қатынастарды, мұндай бірлестіктермен жүргізілетін диалог және қолдау ұлттық механизмдердің заңдылығын күшейтеді және нығайтады. Шешімдер қабылдау рәсімінде жыныстардың теңдестірілген өкілдіктеріне жетуге бағытталған қызметтердің негізгі қатысушылары болып әйелдер бірлестіктері табылады. Олармен көрсетілетін қолдау жыныстар теңдігін, сондай-ақ жаңа пікірталастар әрі стратегиялармен қамтамасыз етуге бағытталған күш салуларға демократиялық заңдық сипат береді. Жыныстар арасында теңдікті қамтамасыз етудің ұлттық тетігін құру тек үкіметтік емес, сондай-ақ парламенттік деңгейде де қарастырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жылдарында адамның құқықтары аясындағы халықаралық стандарттарды бекіту

бойынша ұлттық заңнамада маңызды шаралар қабылданды. Гендерлік (әлеуметтік) теңдік — бұл Конституциямен бекітілген әйелдер мен еркектердің құқықтарының теңдігі ғана емес, сондай-ақ оларды өмірдің және қызметтің барлық аяларында жүзеге асыру үшін мүмкіндіктер теңдігі.

Өкінішке орай, Қазақстанда әйелдердің көбісі жауапкершілігі жоғары шешімдерді қабылдаумен байланысты емес қызметтерде отыр, сондықтан республикада әйелдердің жағдайы тәжірибелік қолдау мен гендерлік түзетулерді қажет етеді.

Қазақстанда әйелдер халықтың 52% құрайды. 2011 жылы 7 мамырдағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің Қазақстан Республикасымен орындалуы туралы Қазақстанның үкіметтік емес құқыққорғаушылық ұйымдарының мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасының Парламентінде әйелдер саны 21, ол депутаттардың жалпы санының 14% құрайды (Еуропалық Одақтың дамыған елдерінде өкілді органдардағы әйелдердің саны жалпы депутаттардың 30-33 % құрайды). Елдің үкіметтегі құрамында — 1 әйел-министр, 1 агенттіктің төрағасы, 1 премьер-министрдің кеңсесінің жетекшісінің орынбасары, 4 министрліктердің жауапты хатшылары, 5 вице-министрлер бар. Облыстар әкімдерінің арасында әйелдер жоқ. Облыстар әкімдерінің орынбасарларының қызметінде 3 әйел отыр және соншасы аудандарды басқаруда. Аудан әкімдерінің орынбасарларының арасында — 17 %, ауылдық және кенттік округтердің әкімдерінің арасында — 11 % әйелдер бар. Қуанарлық жағдай соңғы сайлауда әйелдер саны Республика Парламентінде біршама көбейді.

Әйелдер денсаулығының индексі 20—30 % құрайды. Әйелдердің 60%-дан көбі қаназдықпен (анемия) ауырады. Жасөспірімдердің жүктілік мәселелерінің көлемдігі мен күрделілігіне қарамастан, елде жасөспірімдердің жүктілігінің, түсіктің, кәмелетке толмаған аналардың жаңа туған сәбилерінен бас тартудың алдын алуға, сондай-ақ кәмелетке толмаған балаларды әлеуметтік, психикалық және заңи қолдауды көрсетуге бағытталған бірде-бір тиімді мақсатты бағдарламалар жоқ. Сонымен қатар, соңғы жылдары Қазақстанда қоғамдағы әйелдердің жағдайлары және гендерлік

теңдік мәселелері әйелдерге қатысты кемсітушіліктердің барлық нысандарын жоюға көп көңіл бөліне отырып қарастырылуда.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңдарының 12-бабына сәйкес мемлекеттік қызметке кірерде жынысқа байланысты қандай да бір тікелей немесе жанама шектеулердің орын алуына жол берілмейді.

2009 жылы 8 желтоқсанда еркектер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету аясындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін және мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық аясындағы гендерлік теңдік үшін жағдайлар жасауға қатысты негізгі қағидалар мен нормаларды бекіткен **«Еркектер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы»** Заңы қабылданды.

Қазіргі уақытта еркектер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаттары:

— мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық аяларында еркектер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

— Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру және дамыту;

— еркектер мен әйелдердің гендерлік теңдігіне жетуге және жынысына байланысты кемсітушіліктерді жоюға бағытталған тұжырымдарды, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды жасау, қабылдау және жүзеге асыру;

— ерлер мен әйелдердің теңқұқылық мәдениетін, жынысы бойынша кемсітушіліктерге жол бермеуді ел тұрғындары арасында тәрбиелеу және насихаттау;

— жалпықабылданған халықаралық құқық қағидалары мен нормаларын және халықаралық міндеттемелерін орындау;

— өмірлік әрекеттердің барлық аясында, соның ішінде саясат, әлеуметтік-еңбектік және отбасылық қатынастарда жыныстардың теңдігін қамтамасыз ету үшін қоғамның құқықтық және саяси деңгейін көтеру болып табылады;

Заңға сәйкес **мемлекет кепілдігі:**

— Қазақстан Республикасының заңнамасын әрі қарай жетілдіру және еркектер мен әйелдердің репродуктивті денсаулығын сақтау бойынша, өлімнің азаюы және еркектер мен әйелдердің орташа өмір ұзақтығының арасындағы айырманы қысқарту бойынша шаралар қабылдайды;

— қайта даярлау және біліктілігін арттырудың барлық түрлеріне еркектер мен әйелдердің қол жетуіне тең жағдайлар жасауды қамтамасыз ету;

— оқуға қабылдау кезінде басымдыққа жол бермеу, Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда;

— жыныстарға қатысты тіл тигізетін сөздер, салыстырмалар, кейіптер пайдалану арқылы жалпы қабылданған ізеттілік және мораль нормаларын бұзатын мәтіндік, көру, дыбыстық ақпараттарын қамтитын жарнамаларға жол бермеу;

— еркектер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету бойынша жүзеге асырылатын мемлекеттік саясатқа сәйкес гендерлік білім беру.

2020 жылға дейінгі Елді дамытудың стратегиялық жоспарының мынадай мақсаттары бар: ол аналық және сәбилік өлімді екі есе азайту, жалпы өлімді 30 %, туберкулезбен ауыруды 20 %, өмір ұзақтығын 72 жасқа дейін ұзарту, тұрғындардың жалпы санын 10%, күнкөріс минимумынан төмен пайда табатын тұрғындардың үлесін 8% төмендету, жұмыссыздықтың деңгейін тұрақтандыру.

Мемлекетті басқару деңгейінде 10 жылда әйелдер саны көбейді. Мәселен, 2000 жылы Парламенттің Мәжілісінде 8 әйел (10,4%) болса, 2010 жылы 21 (18%) болды, саяси қызметкерлер — әйелдер саны 55 адамға көбейіп, 10,3 % құрды.

Сондай-ақ гендерлік саясатты жүзеге асыру Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫУ) төрағалығы басымдықтарының бірі болды, және ЕҚЫУ Венадағы штаб-пәтерінде 2010 жылы 6 мамырда Қазақстанның төрағалығымен өткен «Гендерлік теңдік пен әйелдердің саяси және қоғамдық өмірге қатысуын алға басу» атауымен гуманитарлық шама бойынша өткізілген жиын бірінші шара болды. Қазақстан өзінің осы аядағы халықаралық міндеттемелерін орындай отырып әйелдерге

қатысты кемсітушіліктерді жою бойынша БҰҰ Комитетіне екі рет есеп берді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы әйелдердің физикалық ауыр жұмыстарда және зиянды (аса зиянды), қауіпті (аса қауіпті) еңбек жағдайларында еңбегін пайдалануға тыйым салды. Әйелдердің және он сегіз жасқа толмаған тұлғалардың еңбегін пайдалануға тыйым салынған физикалық ауыр жұмыстар мен зиянды, қауіпті еңбек жағдайындағы жұмыс өндірістерінің, мамандықтарының тізімі бекітілді.

Зиянды және қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарға әйелдерді қабылдау тек алдын-ала медициналық тексеріс болғаннан кейін және оларда денсаулық сақтау аясындағы уәкілетті органдардың нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес және денсаулық жағдайы бойынша жарамайтындығы анықталмаса жүргізіледі. 2008 жылы 1 қаңтардың бастап жүктілік және туу бойынша жәрдемақылар әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорының құралдарынан жүзеге асады, және жұмыс істейтін әйелдердің зейнеткерлік жинақтары олар декретті демалыста және бір жылға дейін бала күтімі бойынша демалыста жалғаса береді. «Қазақстан Республикасындағы зейнеткерлік қамсыздандыру туралы» Заңға сәйкес, әйелдерді (58) зейнеткерлікке шығару еркектерге (63) қарағанда бес жылға ерте жүргізіледі, 5 және одан да көп балалар туған және оларды 8 жасқа дейін тәрбиелеген әйелдерге зейнеткерлікке 53 жасында шығуға құқық берілген.

6.3. Әйелдерге зорлық-зомбылық көрсетудің қылмыстық-құқықтық мәселелері

Мемлекеттің гендерлік саясатын жүзеге асыруға бағытталған әйелдерге қатысты кемсітушіліктердің барлық нысандарын жою туралы Конвенцияны және Конвенцияның Факультативті хаттамасын ратификациялау, 2006—2016 жж. арналған Қазақстан Республикасындағы Гендерлік тендіктің стратегиясын қабылдау, әйелдерге қатысты отбасында және тұрмыста зорлық-

зомбылық көрсетумен байланысты қылмыстар мен басқа құқықбұзушылықтардың мәселелерін терең зерттеуге, олардың жағдайы мен динамикасын бақылап отыруға міндетті.

Қазақстан Конвенцияның 18-бабына сәйкес, әрбір төрт жыл сайын және әйелдерге қатысты кемсітушіліктерді жою бойынша Комитеттің сұрауымен Конвенция ережелерін орындау үшін қабылданған заңнамалық, соттық, әкімшілік және басқа да шаралары туралы баяндама беруі қажет. Сондай-ақ Комитеттің Қазақстанда, ол Конвенцияның Факультативті хаттамасын ратификациялағандықтан, әйел құқықтарының өрескел бұзылғандығына тергеу процесін жүргізуге құқығы бар.

Әйелге бала туу міндеті жүктелгендіктен оған жанұяда ерекше рөл берілуі тиіс. Өкінішке орай, жанұяда *әйелге зорлық-зомбылық* көрсету көп тараған. Зорлық-зомбылықтың психикалық және физикалық нәтижелері әйелдердің репродуктивті денсаулығына кері әсер береді. Расында, тек сау, зорлық-зомбылықтан еркін ана ғана сау баланы дүниеге әкеледі, ол ұлттың генофондының жағдайына әсер етеді.

Теңсіздіктің көрінісі — бұл жанұя мен тұрмыста жынысы бойынша кемсіту. Бұл әйелдердің көшеде ғана емес, сондай-ақ өз үйінде де қауіпке төнетінін көрсетеді. Осыған байланысты отбасы-тұрмыс аясындағы зорлық-зомбылық әлеуметтік маңызды мәселе ретінде қарастырылады, ал оларды қорғау бастапқы мақсаттардың бірі. Физикалық, моральдық немесе басқа да зиян келтіретін зорлық-зомбылық актісі әйелдердің ар-намысын қорлаудан бастап ауыр нәтижелерге апаратын қатал қатынастардың түрлі нысандарын қамтиды. Физикалық және психикалық зорлық-зомбылықтардан жапа шеккендердің іс жүзіндегі саны ресми тіркелгеннен он еседей көп, яғни бұл қылмыстардың беймәлімі өте жоғары болып отыр.

Зорлық-зомбылық нәтижесінде әйелдің еріктілік және жеке қолсұғылмаушылыққа деген құқықтарына, сондай-ақ оның қадір-қасиетіне шек қойылады, сондықтан зорлық-зомбылық көрсетудің кезкелген көрінісі адамдардың табиғи ажыратылмас құқықтарын бұзу ретінде және тек нақты жеке тұлғалардың, отбасы мүшелерінің ғана емес, жалпы қоғамның құқықтары мен заңды мүдделеріне қолсұғушылық ретінде қарастырылуы қажет.

Халықаралық ұйымдар көптеген уақыт бойы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық көрсету мәселелерімен айналысуды қажет деп есептемеді, олардың ойынша халықаралық конвенциялардың қарауына кірмейтін жеке тұлғалардың өз істері деп есептеді. Тек жақын арада ғана бұл ұстаным қайта қаралды.

Жанұяда және тұрмыста әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету біздің республикада, сондай-ақ басқа да көптеген елдерде жеке сипаттағы мәселе ретінде қарастырылады. Қазіргі уақытта Республика Конституциясына сәйкес елде адамдардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беріледі. Қазақстан Республикасы әлемдік бірлестік алдында әйелдерге, балаларға, қарттар мен мүгедектерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оларды жою бойынша міндеттемелерге ие. Азаматтардың бұл категориялары осал және отбасындағы зорлық-зомбылыққа көп ұшырайды. Кейбір зерттеушілердің ойынша Қазақстанда әйелдерге тұрмыста зорлық-зомбылық көрсету соңғы жылдары артқан.

Бұрындары, ҚК 106-бабына сәйкес ұрып-соққан немесе физикалық зардап келтірген басқа да әрекеттерге кінәлі адам қылмыстық жауаптылықта болған. Кейіннен 2004 жылғы 9 желтоқсандағы №10-III Заңымен қылмыстардың кейбір құрамдарын қылмыс қатарынан шығару процесінде бұл бап әкімшілік құқықбұзушылық қатарына енгізілді. Қазіргі уақытта күш қолданып зиян келтірген жәбірлеушінің заң бойынша 15 тәулікке қамауда болуы немесе 20 айлық есептік көрсеткіштіктен 100 айлық есептік көрсеткіштікке дейінгі мөлшерде айыппұл төлеуі көзделген. Алайда, жәбірленушілердің азы ғана құқыққорғау органдарына жүгінеді, өйткені кінәлінің әкімшілік жауаптылығының тиімділігі өте төмен, ал нәтижесінде зорлық-зомбылық көрсететін жұбайына айыппұл салудан жәбірленушінің өзінің отбасылық бюджеті зиян көреді, егер олар әрі қарай бірге тұруды жалғастырса және ортақ балаларын бірге тәрбиелесе.

Отбасы-тұрмыс аясында жәбірленушілердің арасында әйелдердің саны көбірек, өйткені олар өздерінің әлеуметтік мәртебесіне және физиологиялық ерекшеліктеріне қарай осал болып келеді және қылмыстық қолсұғушылықтардың құрбаны болуға бейім. Бұл мәселенің өзектілігі, құқықбұзушылықтардың беймәлімдігі

жанұя мен тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алатын, тиімді әрекет ететін арнайы институттарды құруға мүмкіндік беретін сенімді құқықтық базаны құруды талап етеді.

2003 жылы сексуалды және басқа да қанау мақсатында заңсыз шығару мен заңсыз миграциямен күресумен байланысты сұрақтарды қамтитын «Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Трафикпен күресуге бағытталған басқа да Қазақстан Республикасының заңнамаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық Іс жүргізушілік кодекстеріне ішінара гендерлік сараптама жүргізілді.

2003 жылы 27 қарашада қабылданған Қазақстанның Гендерлік саясатының концепциясына сәйкес, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселелері және оның нәтижелерін бағалау бойынша арнайы ғылыми зерттеулер жүргізілуі тиіс.

Халықаралық бірлестік отбасындағы зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз етуді мемлекеттің әлеуметтік-бағытталған маңызды мақсаттарының бірі ретінде қарастырады. Ұсыныс ретінде БҰҰ-мен отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы Модельдік заңнамасы жасалды. БҰҰ-мен ұсынылған бұл Модельдік заңнамада отбасы өміріне кең түрде араласу қарастырылған, ол жәбірленуші тұлғалардың полицияға немесе әлеуметтік қызметтерге жүгінбеуіне қарамастан отбасы мүшелерін зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз етеді.

2009 жылдың 4 желтоқсанында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдары мен азаматтарының қызметтерінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін анықтайтын *«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы»* Заңы қабылданды. Заңға сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу дегеніміз — бұл отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу субъектілерімен жүзеге асырылатын, адам мен азаматтардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін

қорғауға бағытталған құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жою, сондай-ақ оларды жүзеге асыруға көмектесетін себептер мен жағдайларды анықтау және жою.

Қазіргі уақытта елде зорлық-зомбылыққа душар болған немесе дағдарысты және қауіпті жағдайдағы әйелдерге кәсіби кешенді көмек (заңи, психологиялық, әлеуметтік, медициналық және т.б.) көрсетумен байланысты қызметті атқаратын 28 орталықтар әрекет етеді. Кейбір орталықтардың әйелдер мен олардың балаларына өз мекемесінде пана беруге мүмкіндіктері бар. Орталықтарда зорлық-зомбылық құрбандары көмек сұрап хабарласа алатын сенім телефондары қызмет етеді. Комитеттің берген ақпараттары бойынша 2011 жылы Ішкі істер органдарының қызметкерлері мұндай орталықтарға, психологиялық, әлеуметтік және медициналық көмек алу үшін, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа душар болған 500-ден аса әйелдерді жіберген¹.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің жүйесінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықпен күресу бойынша арнайы бөлім қызмет етеді. 2001 жылғы 12 наурыздағы Қазақстан Республикасының №346 Үкіметінің Қаулысымен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселелерімен айналысатын Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің өзара әрекет етуін ұйымдастыру ережелері бекітілді.

Зорлық-зомбылық құрбандарына физикалық қауіпсіздікті, балаларға қорғаншылықты және экономикалық қолдауды қамтамасыз етуді қажет ететін жағдайларда тиімді әрекет ететін полиция қызметкерлерін, судьяларды, прокурорларды, медициналық және әлеуметтік қызметкерлерді, мұғалімдерді тұрақты кәсіби оқытуды ұсынамыз. Зорлық-зомбылық құрбандары үшін дағдарысты орталықтардың, сенім телефондарының, баспаналар мен паналардың жүйелерін кеңейту қарастырылған. 2010 жылға қарай мұндай орталықтарды барлық қалалар мен аудандық орталықтарда ашу жоспарлануда. Ішкі істер министрлігінің бөлімдерінің, әлеуметтік қызметтер мен үкіметтік ұйымдардың көмегімен отба-

¹ Kazakhstan Today ақпараттық агенттігі — Астана. 6 маусым. Интернет-ресурс.

сында зорлық-зомбылық жасайтын адамдармен оңалту шараларын жасау көзделуде. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша тұрақты ақпараттық науқандарды, әсіресе кіші қалалар мен ауылдық жерлерде өткізу жоспарлануда.

Бақылау сұрақтары

1. «Гендер» термині нені білдіреді?
2. «Гендер» және «жыныс» түсініктері арасындағы айырмашылықтар қандай?
3. Қазақстанда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық орын алады ма?
4. Қазақстанда әйел құқықтары қалай жүзеге асады?
5. Қазақстан Республикасындағы Гендерлік теңдіктің стратегиясы қашан қабылданды?

7 ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТЕТІКТЕРІ

7.1. Бала құқықтарын халықаралық-құқықтық қорғау

Адам құқықтарының идеясы XVIII ғасырда қалыптасқанымен, адамның өз баласына құқықтар беруіне тағы да екі жүзжылдық қажет болды.

Балалар, олардың амандығы мен құқықтары 1945 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылған сәттен бастап әрқашан оның назарында болды. Бас Ассамблеяның алғашқы актілерінің бірі БҰҰ-ның *Балалар қорын (ЮНИСЕФ)* құру болып саналады, аталмыш қор қазіргі таңда балаларға халықаралық көмек көрсетудің басты тетігі болып табылады. БҰҰ-ның Балалар қоры Бас Ассамблеяның 1-ші сессиясында бастапқыда «Балаларға халықаралық төтенше көмек көрсету қоры (ЮНИСЕФ)» деген атпен соғыстан кейінгі кезеңде Еуропа мен Қытайдағы балалардың азық-түлік, дәрі-дәрмек және киім-кешекке деген төтенше қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылған. Кейінірек Ассамблея Қор қызметінің негізгі бағыттарын өзгертіп, дамушы елдердегі балаларға ұзақ мерзімді көмек көрсету бағдарламаларын қабылдады.

Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясының 25-бабында «Ана және нәресте болу жағдайы айрықша қамқорлық пен көмек алуға құқық береді. Балалардың бәрі, некелі немесе некесіз туған, бірдей әлеуметтік қорғауды пайдаланады» делінген. Осыған ұқсас тұжырым балалардың әл-ауқаты мәселелерімен айналысатын мамандандырылған мекемелердің өзге де халықаралық құжаттарында да бекітілген.

Бас Ассамблея өзінің 8-ші сессиясында (06.10.53 ж.) ЮНИСЕФ өз қызметін белгісіз уақыт мерзімінде жалғастыра беруі тиіс деп қаулы етті. Оның атауы БҰҰ-ның Балалар қоры деп өзгертілді,

бірақ оның бұрыннан белгілі «ЮНИСЕФ» акронимі (атауы) сақталып қалды. ЮНИСЕФ — қызметі тек балаларға арналған БҰҰ-ның жалғыз ұйымы. Қазіргі таңда ЮНИСЕФ барлық жердегі балалардың, әсіресе дамушы елдердегі балалардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған бағдарламаларды қолдайды.

Негізінен ЮНИСЕФ көмектің мынадай үш түрін көрсетеді:

— балаларға көмек көрсетудің жоспарлары мен бағдарламаларын құрастыруға ықпал етеді;

— аталған бағдарламаларды жүзеге асыру үшін материалдар мен құрылғыларды ұсынады;

— негізінен ең дамушы елдерде қызметкерлерді даярлау үшін каражаттар ұсынады.

БҰҰ-ның өзге мекемелерімен, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп қызмет атқара отырып, ЮНИСЕФ алғашқы медициналық көмек көрсету, тамақтандыру, бастауыш білім беру, суды тазарту және санитарлық жағдайды жақсарту, гендерлік теңсіздікті жою мен дамыту саласында арзан қызметтерді ұсыну жөніндегі бағдарламаларға көмек көрсетеді. ЮНИСЕФ-тің тарапынан көрсетілетін көмек үкіметтердің өтініші бойынша ЮНИСЕФ-тің басқармасы бекітетін бағдарламаларға сәйкес қысқа мерзімді, сол сияқты ұзақ мерзімді негізде де жүзеге асырылады. ЮНИСЕФ барлық балаларға, әсіресе қыздарға қатысты адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ЮНИСЕФ төтенше оқиғалар жағдайында жедел көмек көрсетуді және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді жалғастырып отыр.

ЮНИСЕФ-тің штаб-пәтері Нью-Йоркта орналасқан. Сонымен қатар оның Абиджанда, Бангкокта, Бейрутта, Делиде, Женевада, Лагоста аумақтық бөлімшелері бар. 1965 жылы ЮНИСЕФ әлемнің Нобель сыйлығымен марапатталды. 1959 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы *Бала құқықтарының декларациясын* қабылдады.

Оның негізгі тұжырымы «адамзат өзінде бар барлық жақсыны балаға беруге міндетті» деген ұғымға сәйкес келеді. Бұл декларацияда ұлттық және халықаралық деңгейде балалардың әл-ауқаты мен оларды қорғауға қатысты 10 әлеуметтік және құқықтық қағидалар жария етілді. Декларация ата-аналар мен жекелеген тұлғаларды, барлық ұйымдар, билік пен үкіметтерді онда

белгіленген құқықтар мен бостандықтарды, қадір-қасиеттерді тануға шақырады. Уақыт және балалардың үнемі нашарлап бара жатқан жағдайы халықаралық қауымдастықтан бала құқықтарын қорғаудың заңи нормалары белгіленетін жаңа құжат қабылдауды талап етті. Баланың Халықаралық жылына дайындық барысында баланың құқықтарына шарттық құқық нормаларының күшін беру қажеттілігі айқын байқалды. 1979 жылы Польша адам құқықтары жөніндегі БҰҰ Комиссиясының қамқорлығымен Конвенцияны дайындауда бастамашысы болып ұсыныс білдірді.

Баланың құқықтары туралы конвенция 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен қабылданған. Бұрын құқықтың әртүрлі салаларына қатысты көптеген құжаттарды оқып-зерттеу жолымен ғана бала құқықтарын табуға болатын нормаларды Конвенция бір құжатқа жинақтады. Аталған оқиға өте маңызды және елеулі болғандықтан, көптеген публицистер мен қоғамдық қайраткерлер конвенцияны балалар үшін еркіндіктің Ұлы хартиясы, бала құқықтарының әлемдік конституциясы деп атай бастады. Конвенция балалық шақты қорғаудағы саясаттың жалпы стандарттарын, адамгершілік және құқықтық нормаларын анықтайды.

1996 жылы жыл сайын 20 қарашаны — БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының Конвенция мәтінін қабылдаған күнді — Бала құқықтарының күні деп атап өту туралы шешім қабылданды.

Конвенция адамды 18 жасқа толғанға дейін бала деп таниды. Баланы құқықтың дербес субъектісі деп тани отырып, балаларды арнайы қорғау жүйесін, өмір сүру үшін қолайлы жағдайлар құруды, әрбір баланың тұлға ретінде дені сау және үндесе дамуы үшін тиісті жағдайларды қажет ететін халықтың ерекше демографиялық тобы ретінде қарастырады. Баланы құқықтың дербес субъектісі деп тани отырып, Конвенция азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтардың барлық кешенін қамтиды. Конвенция баланың өзінің интеллектуалдық, моральдық және рухани қабілетін дамыту үшін қажетті бостандығы дені сау, қауіпсіз қоршаған ортаны, тиісті денсаулық сақтау деңгейін, тамақтанудың, киім-кешек пен тұрғылықты жердің ең төменгі нормаларын ғана емес, осының барлығын ең бірінші кезекте жеңілдетілген тәртіппен балаларға ұсынуды талап етеді.

Бала құқықтары туралы конвенция 1990 жылы 2 қыркүйекте күшіне енді. Қазақстан Республикасы оны 1994 жылы 8 маусымда Жоғарғы Кеңестің қаулысымен ратификациялады. БҰҰ бала құқықтарын қорғау мәселелеріне әлемдік қауымдастықтың назарын аудару мақсатында 1990 жылы жоғарғы деңгейде Әлемдік кездесу өткізілді. Бала құқықтары туралы конвенцияның тұжырымдарын өз беделімен қолдау мақсатында Әлемдік Кездесуге әлем мемлекеттері мен билеушілерінің 71 президенті мен премьер-министрлері қатысты. Кездесуді даярлау мен ұйымдастыруды қамтамасыз ететін Хатшылықтың рөлін ЮНИСЕФ атқарды.

Кездесудің қатысушылары балаларды қорғауды және олардың тиісті өмір сүруін қамтамасыз ету жөнінде Жалпыға бірдей декларацияны және аталған декларацияны 90-жылдары жүзеге асыру жөнінде іс-шаралардың жоспарын қабылдады. 159 делегацияның басшылары 2000 жылға таман қазіргі заманғы ауқымда қарын тоймаушылықты жоюға, әлемдегі барлық балалардың қалыпты физикалық және моральдық дамуының қарапайым кепілдерін қамтамасыз ету туралы шешім қабылдады. Нақты, мақсатқа сай тапсырмалардың ішінде: 5 жасқа дейінгі балалардың өлімін үштің біріне қысқарту, ана өлімі жағдайларының жартысын қысқарту, 5 жасқа дейінгі балалардың аштық жағдайларын қысқарту; барлық отбасыларды ауыз сумен және тиісті санитарлық жағдайлармен қамтамасыз ету; барлық балалар үшін базалық білім алуын және кем дегенде олардың 80 % үшін толық бастауыш білім алуын қамтамасыз ету; ерекше қиын жағдайлардағы көптеген миллиондаған балаларды қорғау, сондай-ақ барлық елдерде Бала құқықтары туралы конвенцияны тану және сақтау, өзге де нақты мақсаттар бар.

Бала құқықтары туралы конвенцияға балалардың қарулы қақтығыстарға қатысуына қатысты Факультативтік хаттама және баланы саудаға салу, балалардың жезөкшелігі және балалар порнографиясына қатысты Факультативтік хаттамалар (2000 ж.) бар екендігін ескеру қажет. Аталған Факультативтік хаттамалар Қазақстан Республикасымен 2001 жылдың 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының № 219-II және №221-II заңдарымен ратификацияланған.

Баланың құқықтары туралы конвенцияның баланы саудаға салу, балалардың жезөкшелігі және балалар порнографиясына қатысты Факультативтік хаттамасында қатысушы-мемлекеттер баланы саудаға салуға, балалардың жезөкшелігі және балалар порнографиясына тыйым салады. Аталған құжатқа сәйкес:

— баланы саудаға салу деп сыйақы немесе өзге ақы үшін кез келген тұлғаның, не кез келген адамдар тобының басқа тұлғаға, не басқа адамдар тобына баланы беруді білдіретін кез келген акт немесе мәміле;

— балалардың жезөкшелігі — сыйақы немесе ақының өзге кез келген түрі үшін баланы нәпсіқұмарлық сипаттағы қызметке пайдалануды білдіреді;

— балалардың порнографиясы — кез келген тәсілдер арқылы ашық түрдегі нәпсіқұмарлық сипаттағы нақты жасалған не үлгіленген әрекеттері белгіленген кез келген бейне немесе нәпсіқұмарлық мақсаттағы баланың жыныс органдары көрініс тапқан кез келген бейнені білдіреді.

Факультативтік хаттаманың 3-бабына сәйкес, әрбір қатысушы-мемлекет осы қылмыстардың ұлттық немесе трансұлттық деңгейде, жеке немесе ұйымдасқан тәртіпте жасалған-жасалмағанына қарамастан, ең кем дегенде келесі іс-әрекеттердің сол мемлекеттің криминалдық немесе қылмыстық құқығымен қамтылуын қамтамасыз етеді:

— баланы саудаға салу;

— баланы нәпсіқұмарлық сипатта пайдалану, баланың органдарын сыйақы үшін беру, баланы мәжбүрлеп еңбекке тарту мақсатында оны қандай да бір тәсілдермен ұсыну, беру немесе алу;

— баланы асырап алуға қатысты халықаралық-құқықтық актілерді бұза отырып, баланы асырап алуға келісімге делдал ретінде заңсыз, құқыққа қайшы қол жеткізу;

— балалардың порнографиясы мақсатында баланы ұсыну, алу немесе беру;

— жоғарыда аталған мақсаттарда балалардың порнографиялық материалдарын өндіру, бөлу, таратуға, импорттайға, экспорттауға, ұсынуға, сатуға немесе сақтауға болмайды.

Әрбір қатысушы-мемлекет осы қылмыстар үшін олардың ауырлық дәрежесін ескере отырып, тиісті жаза шараларын қарастырады. Әрбір қатысушы-мемлекет сол мемлекет үшін осы Хаттама күшіне енген күннен бастап екі жылдың ішінде Бала құқықтары жөніндегі комитетке осы Хаттаманың ережелерін жүзеге асыру мақсатында қабылданған шаралар туралы ақпаратты толық көлемде ұсынады.

БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі конвенциясы және өзге халықаралық құжаттармен кәмелетке толмағандар үшін сот төрелігін жүзеге асырудың арнайы рәсімдерін қалыптастыру қажеттілігі қарастырылған. Ювеналды сот алғашқыда 1899 жылы АҚШ-та пайда болған, ол Еуропа мемлекеттерінде өз дамуын тез тапты. Аталған жүйе өзінің жоғары нәтижелілігін және ізгілікті сипатын дәлелдей білді. Кәмелетке толмағандардың қатысуымен орын алатын құқықтық қатынастар тәрізді ерекше пәнді реттейтін құқық саласы — ювеналды құқық деген атауға ие болды, латынның «juvenis» — жас, балғын деген ұғымды білдіреді.

Ювеналды құқықтың міндеттері болып табылады:

— кәмелетке толмаған адамның құқықтық мәртебесін (құқықтарын, міндеттерін, жауаптылығын) белгілеу;

— кәмелетке толмаған адамның құқықтарын, міндеттерін, жауаптылығын қамтамасыз ететін субъектілердің құқықтық мәртебесін белгілеу;

— кәмелетке толмағандар мен олардың құқықтарын, міндеттерін, жауаптылығын қамтамасыз ететін субъектілердің арасындағы жүріс-тұрыс ережелерін белгілеу;

— кәмелетке толмағандардың құқықтарын, міндеттерін, жауаптылығын қамтамасыз ететін субъектілердің арасындағы жүріс-тұрыс ережелерін белгілеу.

Мұндай субъектілер жеке тұлғалар да (ата-аналары, педагогтер, т.б.), сол сияқты заңды тұлғалар да (қамқоршы және қорғаншы органдар, ПМ органдары, прокуратура, әділет органдары, т.б.) болуы мүмкін¹.

Ювеналды юстиция жүйесі полицияда, прокуратурада, сотта мамандандырылған қызметтер құруды, сондай-ақ адвокаттар тарапынан мамандандырылған білікті заң көмегін көрсетуді

¹ Пронин А.А. Ювенальное право: учебное пособие. 2010. 282 б. 4-5 б.

қарастырады. Аталған жүйеге адам құқықтары жөніндегі уәкілдер және әлеуметтік мекемелердің қызметкерлері кіруі тиіс. Ювеналды соттар істі қарағанға дейін, сол сияқты сот шешімі шыққаннан кейін де ювеналды юстицияның өзге қызметтерімен бірлесе отырып, кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін жүзеге асырудың орталық буыны, негізгі элементі болып табылады.

Б.А. Жетпісбаевтың пікірі бойынша, кең мағынада «ювеналды юстиция» термині мынаны білдіреді:

— кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алуы;

— кәмелетке толмағандар қылмыстылығының статистикасы мен динамикасы;

— кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайлар;

— кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрес жүргізу шаралары;

— кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрес жүргізудегі құқық қорғау органдарының мәртебесі мен қызметі. Ал тар мағынада «ювеналды юстиция» деп кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылық және құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен күрес жүргізу шараларын қамтамасыз ететін құқық қорғау органдарының мәртебесі танылады¹.

2007 жылғы 23 тамыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Астана және Алматы қалаларында кәмелетке толмағандардың істері бойынша ауданаралық мамандандырылған соттар құрылды. Ал 2012 жылдан бастап Қазақстанның барлық облыс орталықтарында 16 ювеналды соттар құрылады, оларды жүзеге асыру судьялардың 40 штаттық бірлігін және кеңсе қызметкерлерінің 114 бірлігін талап етеді.

Ювеналды соттардың құзыретіне Қылмыстық кодекстің нақты баптарында көзделген кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстық істер, кәмелетке толмағандардың қатысуымен қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты қылмыстық істер, тікелей кәмелетке толмағандардың құқықтарын бұзатын қылмыстар туралы қылмыстық істер жатқызылады. Азаматтық істердің ішінен ювеналды соттардың құзыретіне ата-аналық құқықтан айыру (шектеу) тура-

¹ Жетпісбаев Б. А. Ювенальная юстиция.— Алматы. Данскер. 2001. 3 б.

лы, асырап алу туралы, баланың тұрғылықты жерін анықтау туралы, сондай-ақ қорғаншылық пен қамқоршылық туралы даулар бойынша азаматтық істер жатқызылған.

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша мамандандырылған соттардың қызметі неғұрлым негізделген және дәлелді сот шешімдерінің қабылдануына еш күмәнсіз ықпал ететін болады, ал бұл өз кезегінде жас құқық бұзушыларды түзеу және қайта тәрбиелеу процесіне тиімді әсер етеді.

7.2. Қазақстан Республикасында баланың құқықтарын қорғау

Балалардың қорғалу дәрежесі — кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Қазіргі таңда балалардың құқықтарын сақтау және олардың заңды мүдделерін қорғау Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымды бағыттарының бірі болып отыр.

Соңғы жылдары республикада ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санының өсуі байқалады. Жыл сайын олардың саны көбейіп келеді, оған қоса осындай балалардың тек аз ғана бөлігі ата-анасының өлімі нәтижесінде қамқорлықсыз қалған балалар. Ал қалғандары «әлеуметтік жетімдік» деген атауға ие құбылысқа жатқызылады, яғни, ата-анасы тірі бола тұрып, жетім болып табылатын балалар. Ата-анасы тірі бола тұрып жетім балалар санының өсуінің негізгі себептері — отбасының әлеуметтік беделінің құлауы, отбасының материалдық және тұрғылықты жермен байланысты қиындықтары, некеден тыс балалардың туылу фактілерінің өсуі, антиәлеуметтік өмір сүруге дағдыланған ата-аналар санының артуы болып табылады. Осыған орай мемлекетте ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үлкен маңызға ие болды, мұндай қорғаудың бір тәсілі — тиісті нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру болып табылады.

Балалар өмірі сапасының халықаралық стандарттарын қамтамасыз етудегі маңызды қадам — Қазақстанның 1994 жылы БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясын ратификация-

лауы болып саналады. Бала құқықтары туралы Конвенцияның жалпы қағидалары Қазақстанның көптеген заңдарында көрініс тапқан: «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Неке және отбасы туралы», «Отбасылық түрдегі балалар ауылдары мен жасөспірімдер үйі», «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы», «Шектеулі мүмкіндігі бар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық және коррекциялық қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және т.б.

Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялаған уақыт ішінде Қазақстан бала құқықтары жөніндегі БҰҰ-ның Комитетіне конвенция ережелерін орындау туралы екі рет есеп берді. Қазақстан Республикасының Үкіметімен дайындалған екінші және үшінші біріктірілген есеп 2007 жылдың мамыр айында бала құқықтары жөніндегі БҰҰ Комитетінің 45-ші сессиясында талқыланды.

Бала құқықтары жөніндегі БҰҰ-ның Комитеті бала құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстанның қабылдаған іс-шараларына оң баға берді. Баяндаманы талқылау кезінде оң жетістіктердің бірі ретінде, жаңа заңнамалық базаны дамыту мен жетілдіру, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бала мәселелері бойынша халықаралық ұйымдар және БҰҰ-ның әртүрлі органдарымен бірлескен қызмет атқаруы танылды. Осылайша, Бала құқықтары жөніндегі БҰҰ Комитеті ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға балама күтім жасау саласындағы: «үміт үйлерін», жасөспірімдер үйлерін, отбасылық түрдегі ауылдарды құру тәрізді Қазақстан Республикасының тәжірибесіне оң баға берді. Отбасылық тәрбие берудің жаңа нысандарын — қорғаншылық, қамқоршылық, патронат, асыранды отбасылар сияқты нысандарын дамыту бастама-сына қолдау көрсетілді.

Бала құқықтары жөніндегі БҰҰ Комитеті Білім беру, денсаулық сақтау, жастарды қолдау саласында әртүрлі жоспарлар мен стратегиялардың қабылдануын мақұлдады. Алайда, Бала құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметіне оң баға бере отырып, Бала құқықтары

жөніндегі БҰҰ Комитеті осы жөніндегі шешілмеген мәселелерді атап көрсетіп, Қазақстандағы бала құқықтарына байланысты жағдайды әрі қарай жақсарту жөнінде ұсыныстар жасады.

Комитет ұсыныстарының бірі — БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясының ережелерін жүзеге асыру жөнінде дербес уәкілетті органды құру, аталған орган үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, орталық және жергілікті атқарушы органдар арасында тиімді үйлестірілген қызметті (ҰЕҰ) қамтамасыз етуі тиіс болды. Аталған ұсыныстарға сәйкес, 2006 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің Балаларды қорғау жөніндегі комитеті құрылған, ал 2007 жылдың тамыз айында — республиканың барлық аумақтарында Бала құқықтарын қорғау жөнінде департаменттер құрылды. Осындай шара республикада баланың мүдделерін құқықтық қорғау қызметін басқарудың мемлекеттік жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік берді, оның негізгі құрамдас бөлігі — адамның адамгершілік-рухани дамуы болып табылады.

Сонымен қатар, Бала құқықтары жөніндегі БҰҰ Комитеті іс-әрекеттердің ұлттық жоспарын әзірлеуге де ұсыныс жасады. Осыған байланысты 2007 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1245 қаулысымен 2007—2011 жылдарға арналған «Қазақстанның балалары» атты бағдарлама бекітілді.

Аталған бағдарламада балалардың өмір сүру сапасын жақсарту, әлеуметтік жетімдіктің профилактикасы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін отбасылық жағдайға жақындатылған жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың кешені қарастырылған. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында бес арнаулы түзетуші білім беру ұйымдарын, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандар үшін 3 оңалту орталықтарын, 6 отбасылық түрдегі балалар ауылдарын, 12 жасөсірімдер үйін, 15 отбасылық түрдегі балалар үйлерін құру және ашу, сондай-ақ қорғаншылық және қамқоршылық органдары мамандарының санын көбейту жоспарланып отыр. Осы ұсыныстарды жүзеге асыру мақсатында Білім және ғылым министрлігі мүдделі министрліктер мен ведомстволар және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, адам құқықтары

туралы халықаралық гуманитарлық құқық және халықаралық шарттар жөніндегі ведомствоаралық Комиссияның мәжілісінде қаралып, бекітілген Бала құқықтары жөніндегі БҰҰ Комитетінің Қорытынды ескертулерін жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары дайындалды. Қазіргі таңда республикада аталған Жоспарды жүзеге асыру жөнінде жұмыстар жүргізілуде.

Халықаралық және отандық сарапшылардың, Ішкі істер органдары, ҰЕҰ өкілдерінің, ата-аналар қауымдастығының, психологтардың, әлеуметтік педагогтердің және республика мектептері басшыларының қатысуымен әртүрлі іс-шаралар жүргізілуде: тренингтер, конференциялар, семинарлар, консультациялар және т.б.

Әлеуметтік жетімдіктің мәселелерін шешу жөнінде нақты тетіктерді әзірлеуге, нашар, сәтсіз отбасыларды анықтауға қатысты шаралар қабылданып, жүзеге асырылуда.

Елімізде 38 386 бала — әлеуметтік жетімдер. Олардың ішінде 22 067-і — қорғаншылық пен қамқоршылықта, 2 267 бала — патронажды тәрбиеде, 14 052 бала — жетім балаларға арналған ұйымдарда (балалар үйлерінде, мүгедектер үйлерінде, сәби үйлерінде). Осы он төрт мыңнан аса балалардың ішінде тек 2 188-і ғана — тас жетімдер. Қалғандары 11 864-і — ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Бұдан шығатыны, балалардың жалпы санының 15% ғана — не анасы, не әкесі жоқ балалар; ал қалғандары ата-анасының кінәсі бойынша, олардың жауапсыздығынан, ата-анасының моральға қарсы, криминалды жүріс-тұрысының, арамтамақтықтың себебінен жетім атанған балалар болып отыр. Балалар үйлерінде бір отбасының бес-алты баласы тәрбиеленіп жатқан жағдайлары да бар, бұған қоса уақыт өткен сайын олардың саны артып отыр¹.

Қазақстанда шектеулі мүмкіндігі бар 150 000-нан астам бала өмір сүріп жатыр, олардың үштен бірі ғана білім беру және дамытушы бағдарламаларға қол жеткізе алады.

2009 жылдың жай-күйіне байланысты, республиканың білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында тәрбиеленіп жатқан 16008 жетім баланың ішінен 84,2 % — әлеуметтік жетімдер болып табылады. Жақын туыстары бола отырып, осы балалардың 25%-нан көпшілігі жетім балалар және

¹ Малахова О. Чужих детей не бывает. Казахстанская правда. 2011 г. 30 сентября.

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін арналған мемлекеттік мекемелерге жіберіледі, аталған мекемелерде олар мемлекеттің толық қамтамасыз етілуінде болады.

Отбасының қамқорлығы мен қорғаншылығына берілген баланы (балаларды) асырауға арналған жәрдемақыны қамқоршылар мен қорғаншыларға тағайындау және төлеу туралы нормаларды заңнамада бекіту әлі де шешілуі қажет мәселе болып отыр. Мұндай шешім осы жәрдемақыны төлеу мөлшері мен тәртібін бекітетін нормативтік құқықтық актіні әзірлеуге мүмкіндік береді.

Осындай актіні қабылдаудың мақсаты — отбасының қамқорлығы мен қорғаншылығындағы 30 мыңнан астам баланы материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету туралы мәселені шешу, сондай-ақ интернатты мекемелерде тәрбиеленіп жатқан балалар санын әрі қарай азайту қажеттілігі болып табылады. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық, балаларды пайдаланудың әртүрлі нысандары, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуы — шешілуді қажет ететін мәселелер. Тек 2009 жылы 6 мыңға жуық қадағалаусыз және панасыз қалған балалар анықталған. Барлық жерде орта білім алу үшін қажетті жағдайлар жасалмаған. Мектептері жоқ ауыл аймақтар саны жылдан жылға артуда.

Отбасы және балалармен жұмыс жасау үшін кәсіби кадрларды даярлау қажеттілікті, баланың құқықтарын сақтау жөнінде мамандардың, әлеуметтік педагогтер мен психологтардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдары тәрбиешілерінің біліктілігін арттыру жөнінде курстық бағдарламалардың мазмұнын жетілдіруді талап етеді. Отбасының дағдарысы, көптеген отбасылардың ауыр материалдық жағдайы, дәстүрлі отбасылық қатынастардың бұзылуы, некенің бұзылу санының артуы — балалар жағдайының нашарлауына үлкен әсерін тигізуде.

Сонымен қатар, бала өмірінің сапасына ықпал етуі мүмкін бала еңбегінің неғұрлым нашар нысандарына жол бермеу мәселелеріне ерекше назар аударылып келеді. Қазақстан Республикасының заңнамаларымен бала еңбегіне шектеулер қойылып, бала еңбегінің неғұрлым нашар нысандарына тартқаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылық қарастырылғанымен, балалардың физикалық (дене) дамуына, сапалы білім алу мүмкіндіктеріне

зиян келтіруі мүмкін жұмыстарға балаларды тарту фактілері орын алып отыр. Осылайша, мысалы: Алматы облысында балаларды темекіні жинау, ал Оңтүстік Қазақстан облысында мақта жинауға заңсыз тарту жағдайлары да орын алған¹.

Бүгінгі күні Қазақстандағы неғұрлым өзекті мәселелердің бірі жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсау (суицид) фактілерінің жоғары деңгейі болып отыр. Тек 2010 жылы ғана Қазақстанда 237 жасөспірім өзіне-өзі қол жұмсаған².

Жетім балаларға арналған ұйымдардың түлектерін тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі күрделі болып отыр. Балалар үйлері мен интернаттарда тәрбиеленетін балалардың 10%-на жуығының ғана өздеріне бекітілген тұрғын үйлері бар. Жетім балаларға арналған ұйымдар түлектерінің бәсекеге қабілетті кәсіптерді алуында да бірқатар қиыншылықтар бар. Жыл сайын республикада 10 мыңға жуық қадағалаусыз және панасыз қалған балалар анықталып отырады.

Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы іс-әрекеттердің 2009—2012 жылдарға арналған Ұлттық жоспарында ҚР Білім және ғылым министрлігінің жанынан Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитет құру балалардың, соның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелерін үйлестіру жөніндегі елеулі қиыншылықтар өз шешімін таппады деп атап көрсетілген. Қазіргі жағдайларда аталған мәселенің шешімі — жалпыға белгілі халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып, Қазақстанда бала құқықтары жөніндегі Ұлттық Омбудсмен институтын құру болып отыр.

Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының мәртебесі мен функциялары түбегейлі өзгерістерді қажет етеді. Қазіргі уақытта баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауға арналған негізгі мемлекеттік құрылым бола отырып, аталмыш органдар әдетте облыстық білім беру департаменттерінің құрамында қызмет атқаратын бір инспектордан құралады.

¹ Национальный план действий в области прав человека в Республике Казахстан на 2009—2012 годы // Под общей редакцией Абишева Т.Д., Турсунова С.Т.— Астана, 2009.— 136 с.

² Доклад неправительственных правозащитных организаций Казахстана о выполнении МПП и ГП. 2011.

Осы жағдайды шешу мақсатында, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары саласындағы іс-әрекеттердің 2009—2012 жылдарға арналған ұлттық жоспарының авторлары мыналарды қажет деп есептейді:

— мемлекеттік құрылым ретінде заңнамада қолданылып жүрген ұғымды және мемлекеттік тетікте қызмет атқармайтын қамқоршылық және қорғаншылық органын жою;

— кәмелетке толмағандарға, сол сияқты белгілі бір себептер бойынша көмекке мұқтаж кәмелетке толған адамдарға да қатысты қамқоршылық және қорғаншылық жөніндегі функцияларды атқаратын мемлекеттік органдардың аясын анықтау;

— балалардың құқықтары мен мүдделерін сақтау мәселелерін үйлестіруді осы саладағы уәкілетті орган ретінде Бала құқықтарын қорғау жөніндегі комитетке жүктеу;

— әртүрлі органдардың қамқоршылық пен қорғаншылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыру тәртібін анықтауды Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүктеу;

— комитеттің құрылымдық бөлімшелері орналаспаған әкімшілік-аумақтық құрылымдарда қамқоршылық пен қорғаншылық жөніндегі функцияларды заң жүзінде басқа органдарға: олардың штаттық санын, қаржыландырудың саны мен қайнар көзін өзгертпей білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау органдарына жүктеу.

Мамандандырылған балалар мекемелерінің ведомстволық бытыранқылығы шешілуді қажет ететін мәселе болып отыр. Жекелеген нормативтік құқықтық актілерге жасалған таңдаулы талдау кейбір нормаларды жүзеге асыру тетігіндегі жекелеген олқылықтардың бар екендігін ендіреді. Осылайша, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің 76-бабының 1-тармағында тәрбиелік ықпал ету шарасы ретінде, кәмелетке толмаған адамға қатысты бос уақытын шектеу және оның жүріс-тұрысына ерекше талаптарды белгілеу қолданылуы мүмкін деп көрсетілген. Аталған Кодексте осындай шаралар қандай органдармен тағайындалуы мүмкін екендігі қарастырылмағандықтан, онда қазіргі таңда заңның мәні бойынша бұл шараларды соттан басқа, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап отырған кез келген орган тағайындай алады; ал бұл ҚР

Конституциясының 16 және 21-баптарының талаптарына қарама-қайшы келеді.

Бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау оны отбасылық тәрбиеге неғұрлым жақындатылған тұрғыда және оның отбасында тәрбиелену құқығы негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Жетімдердің мәселесі «Әрбір отбасыға — бала» қағидасы бойынша емес, «Әрбір балаға — отбасы» деген қағида бойынша шешілуі тиіс. Осы тұрғыда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың басымды нысаны — бала асырап алу (қыз асырап алу) болып табылады.

Бала асырап алу (қыз асырап алу) деп, нәтижесінде асырап алушылар мен оның туысқандары және асырап алынғандар арасында туғаннан ата-ана мен бала арасындағыдай құқықтар мен міндеттер пайда болатын заңи актіні айтамыз. Бала асырап алу (қыз асырап алу) тек кәмелетке томағандарға қатысты және олардың мүдделерінде ғана жол беріледі, сонымен қатар ағалар (інілерді) және әпкелерді (сіңлілерді) әртүрлі адамдардың асырап алуына жол берілмейді. Асырап алу кезінде Қазақстан Республикасының азаматтарына және азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан баланың туысқандарына басымдық беріледі.

Шетелдіктердің бала асырап алуы — баланың шығу мемлекетінде оның құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда баланы орналастырудың балама тәсілі ретінде қарастырылады. Балаларды «олардың азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан бала туыстарының» асырап алу мүмкіндігі қолданыстағы «Неке және отбасы туралы» ҚР Заңында қарастырылған. Алайда тәжірибеде, асырап алынатын балалардың мұндай туыстарының болмауы себебінен, асырап алу мәселелерін шешкен кезде аталған норма соттармен өте сирек қолданылады.

Сот тәжірибесінің талдауы және іс жүзіндегі жай-күй көрсетіп отырғандай, халықаралық асырап алудың барлық жағдайларында шетелдік асырап алушыларға делдалдық қызметті бала асырап алу (қыз асырап алу) жөніндегі халықаралық немесе шетелдік үкіметтік емес ұйымдар (агенттіктер) жүзеге асырады екен. 2010 жылдың наурыз айында Қазақстан шетелдік асырап алуға қатысты балаларды қорғау және ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялады.

Балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуы, шектеулі мүмкіндіктері бар балалардың жағдайы, балалардың тұрғын үй мәселелерін шешу — ерекше тақырып болып табылады. Осылайша, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңының 14-бабына сәйкес, әрбір баланың Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңдарына сәйкес тұрғын үйге құқығы бар.

Жетім баланың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және тәрбиелеу, емдеу және басқа да мекемелердегі баланың тұрғын үй-жайға меншік құқығын немесе тұрғын үй-жайды пайдалану құқығын сақтайды, ал құқығы болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының тұрғын үй туралы заңдарына сәйкес тұрғын үй-жай алуға құқығы бар. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, оның ішінде жетім балаларды оларға басқа үй-жай берілмейінше олар тұрып жатқан тұрғын үйден шығаруға болмайды.

Тек 2007 және 2008 жылдар ішінде республикада балалар үйлері мен интернаттардан 3741 бала шықты, олардың ішінде 2109 бала немесе 56%-ы тұрғын үй-жайға мұқтаж болды. «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңының 68-бабына сәйкес, көрсетілген санның ішінен олардың 58-і немесе 2,7%-ы ғана тұрғын үй-жай алды. Келесі 2 жылдың ішінде бұл балалар жиырма жасқа толғанға дейін тұрғын үй-жай алу құқығынан айырылады, себебі Заңда мұндай шектеулер белгіленген.

Бұдан басқа, тұрғын үй-жай алуға мұқтаж барлық түлектердің ішінен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тек жетім балалардың ғана тұрғын үй-жай алуға құқығы болады, себебі балалардың осы санаты ғана «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңының 68-бабына сәйкес халықтың әлеуметтік қорғалатын бөлігіне жатқызылады. Бұл топқа ата-анасының қамқорлығынсыз қалған (ата-аналық құқығынан айырылғандар, баладан бас тартқан ата-аналар немесе мекен-жайы белгісіз ата-аналар) балалар жатқызылмаған.

Заңның 68-бабы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үй-жай алу мүмкіндігін мүлдем қарастырмайды. Ал өз кезегінде «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңының 14-бабы жетім балаларға да, өзге себептер бойынша да ата-анасының қамқорлығынсыз қалған

балаларға тұрғын үй-жай алу құқығына кепілдік беріп отыр. Осыған байланысты, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үй-жай алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңына тиісті толықтырулар енгізу қажет деп есептейміз.

2008 жылдың бас кезінде республикадағы 18 жасқа дейінгі халықтың саны 5 021 456 баланы құрады, алайда қамқоршылық және қорғаншылық органдары мамандарының саны тек 185 адам болып отыр. Орта есеппен алғанда, республикада бір маманға 25 782 баланың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттер жүктеледі. Ал әлемдік тәжірибеде балаларды қорғау жөніндегі мамандардың саны «5000 балаға бір маман» деген есеппен анықталады.

Осылайша, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы орын алған мәселелер мен кемшіліктер бала құқықтарын қорғау тетіктерін одан әрі жетілдіру мақсатында көптеген жұмыстар атқару қажеттілігі туралы тағы да куәландіреді¹.

7.3. Балалардың қылмыстылығы және профилактика мәселелері

Тұтастай алғанда қылмыстылық, соның ішінде кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы — өзгермелі құбылыс. Қазіргі таңда Қазақстан өмірінің барлық салаларында орын алып жатқан маңызды өзгерістер кәмелетке толмағандар қылмыстылығының жай-күйіне, құрылымына және динамикасына тез арада ықпал етеді.

Қазақстанда 14—29 жас аралығындағы адамдармен қылмыстардың 57%-ы жасалады. 14—17 және 18—29 жас аралығындағы халықтың криминалдық көрсеткіштері қылмыстардың белгілі бір тұрақтылығын және олардағы өзгерістердің ұқсастығын көрсетеді, бұл тұтастай алғанда қылмыстылықтың жалпы себептерінің және құрылымдық элементтер бойынша орын алуымен түсіндіріледі. Жүргізілген зерттеулер осы жас топтарындағы

¹ Национальный план действий в области прав человека в Республике Казахстан на 2009—2012 годы // Под общей редакцией Абишева Т.Д., Турсунова С.Т.— Астана, 2009.— 136 с.

қылмыстылықтың өзара байланыстылығын көрсетеді: ересектердің қылмыстылығы кешегі кәмелетке толмаған қылмыскерлердің есебінен толықтырылып отыр. Ересектер қылмыстылығының кәмелетке толмағандар қылмыстылығына ықпалы көп жағдайда жанама түрде — жастардың қылмыстылығы арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын оның қазіргі таңдағы жай-күйімен сипаттау дұрыс болмас еді. Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстылығы — бұл тек жалпы қылмыстылықтың бастапқы бөлігі. Басқа жас топтарындағы қылмыстылықпен байланыс жасау кәмелетке толмағандар қылмыстылығының аса қауіпті криминалдық бейнесін қалыптастырады.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының басқа жас топтарындағы қылмыстылықпен өзара байланысының күші қылмыстық қол сұғушылықтардың түріне байланысты өзгеріп отырады. Кәмелетке толмағандардың жалпықылмыстық пайдакүнемдік қылмыстылығы күш көрсетумен байланысты қылмыстарға қарағанда жасөспірімдер мен ересектердің пайдакүнемдік қылмыстылығымен тығызырақ байланысты. Кәмелетке толмағандардың күш көрсетумен байланысты қылмыстылығының ересектер қылмыстылығымен нашар байланысы — ең алдымен осы қылмыстылық түрінің өмірдің әртүрлі салаларында көрініс табатындығымен түсіндіріледі: кәмелетке толмағандар үшін бұл негізінен ермек ретінде бос уақытта жасалса, ересектер үшін — тұрмыстық немесе кәсіби тұрғыда жасалады.

Кәмелетке толмағандар мен жастар қылмыстылығының өзара байланысы үшін, осы негізде аталған контингенттердің өзара қызметі үшін ерекше қауіптілікті — тәуекел топтары деп аталатын санат тудырады. Қылмыстылықтың жас мөлшерінің жасаруына байланысты олардың құрылымында жасөспірімдер мен жастардың жас ерекшеліктері барған сайын айқындала түседі. Тәуекел топтарының әрекеттерінде агрессиялық сипаттағы жүріс-тұрыс көбейіп келеді. Тәуекел топтарын толықтыру үшін жұмыссыздардың, ұсақ-түйек іспен айналысатын жасөспірімдердің, бас бостандығынан айыру орындарынан шығып келген кәмелетке толмағандардың, Қарулы Күштер қатарынан оралып, өмірде өз орнын таппаған ер балалардың, материалдық жағдайы төмен отбасылардан шыққан жасөспірімдердің, және т.б. есебінен әлеуметтік базаның шеңбері кеңеюде.

Соңғы жылдары кәмелетке толмағандар мен жастарды көлеңкелі экономика мен ұйымдасқан қылмыстылық құрылымына төмендегі орындаушылар ретінде тарту процесі байқалып келеді. Ұйымдастырушылық қабілеті мен дағдылары жасөспірімдерге өздеріне «ұнаған» құқыққа қайшы қызметтің түріне монополия орнатуға мүмкіндік беріп отыр. Ересек қылмыскерлер жасөспірімдерді көрінетін аймаққа шығарып, олардың кәсіби қылмыстық қалыптасуы мен өсуіне бақылау жүргізеді, қажет болған жағдайда өздерінің қатарына қосып алып отырады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы көп жағдайда топтық сипатқа ие болады. Кәмелетке толмағандардың топтық құқыққа қайшы жүріс-тұрысында негізінен тұрақсыз, қысқа мерзімді құрылымдар орын алады.

Қылмыстардың жартысына жуығы кәмелетке толмағандармен сағат 22-ден кейін, төрттен бірінен үштен біріне дейін — оқу немесе жұмыс уақытында, оқу мекемелері мен кәсіпорындардан бақылаусыз кету процесінде немесе тікелей жұмыс не оқу орны бойынша жасалады¹.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды.

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **қадағалаусыз қалу** — кәмелетке толмағандардың құқық бұзуына ықпал ететін, олардың мінез-құлқы мен тұрмыс жағдайына тиісінше бақылаудың жоқтығымен сипатталатын әлеуметтік құбылыс;

2) **қадағалаусыз қалған бала** — ата-анасының немесе олардың заңды өкілдерінің, сондай-ақ педагогтердың, тәрбиешілердің және кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті басқа да оқыту, тәрбиелеу және өзге де мекемелер қызметкерлерінің тарапынан оны тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы

¹ Алауханов Е.О. Криминология. Учебник.— Алматы. 2008.— 429 с.

салдарынан, не оның үйден немесе бала құқығын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардан өз еркімен кетуі салдарынан мінез-құлқына бақылау болмаған кәмелетке толмаған бала;

3) **панасыз қалған бала** — тұрғылықты жері жоқ қадағалаусыз қалған бала;

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу — кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алуға, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған, кәмелетке толмағандармен, сондай-ақ оларды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту жөніндегі міндеттерін орындамайтын не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналармен немесе басқа да заңды өкілдермен жеке профилактикалық жұмыстарды қоса жүзеге асыратын құқықтық, педагогикалық, медициналық және өзге де шаралар жүйесі.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы құқықтық саясат мемлекеттік саясаттың бір бөлігі болып табылады және ол кәмелетке толмағандар үшін құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер жасау, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалу профилактикасының жүйесін құрайтын органдар мен мекемелерді материалдық-техникалық, қаржылық, ғылыми-әдістемелік және кадрлармен қамтамасыз етуді қамтиды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдардың **негізгі міндеттері**:

1) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алып, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;

2) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

3) өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту;

4) кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру;

5) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тарту фактілерін анықтап, жолын кесу;

6) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың қызметін үйлестіру болып табылады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықпен күрес жүргізу саласындағы маңызды орынды профилактика мәселелеріне беру қажет. Қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жүйесінің, сондай-ақ қамқоршылық пен қорғаншылықтан қалған кәмелетке толмағандарды әлеуметтендірудің негізгі буындарының бірі — Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтары (КтУОБО -ЦВИАРН) болды. Елімізде мұндай Орталықтар 18, қазіргі таңда олар ҚР ІІМ-нен Білім беру министрлігіне берілді. Бүгінгі күні бұл орталықтар кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары (КтБО — ЦАН) ретінде қайта құрылды. 2011 жылдың басынан бастап осы орталықтарда 939 бала тұрған, олардың 784-і — қадағалаусыз және панасыз қалған балалар, 25-і — ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, және 30-ы — арнайы білім беру мекемелеріне жіберілген балалар.

КтБО жұмысының жаңа нысанының негізгі мақсаты — дағдарыстық жағдайды өткеру үшін әлеуметтік, құқықтық және психологиялық көмек көрсету болып табылады. КтБО-да орналасқан балалармен тәжірибелі әлеуметтік педагогтер, психологтар, дәрігерлер жұмыс жасайды.

Қазіргі уақытта ұлттық заңнаманы осы халықаралық құжаттың нормаларына сәйкестендіру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде, бұл өз кезегінде ең алдымен шетелдіктермен асырап алынған қазақстандық балаларды құқықтық қорғауды күшейтеді. Тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша нормативтік актілерге өзгерістер енгізілді, оған сәйкес мемлекеттік қордан тұрғын үй-жай

алуға мұқтаж деп танылған және есепке алынған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, олар пәтер алғанға дейін есептен алынуға жатпайды.

Жыл өткен сайын білім беру жөніндегі мемлекеттік органдарының белгілі бір мақсатты аудиторияға бағдарланған азаматтық сектормен өзара бірлескен қызметінің ауқымы кеңеюде. ҚР Білім және ғылыми министрлігі БҰҰ-ның Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстанда «Балаға мейірімді қала» атты жобасын жүзеге асыру бастамасына қолдау көрсетті. Республиканың 13 қаласында бала құқықтарын қорғау жөнінде жергілікті атқарушы органдар және департаменттер арасында бірлескен қызмет туралы меморандумдарға қол қойылды. Жыл сайын маусым айының басында МОТ-ИПЕК және зияткерлік еңбек әйелдерінің одағымен бірлесе отырып, «Бала еңбегін пайдалануға қарсы 12 күндік күрес» атты ұлттық ақпараттық науқан жүргізіледі. Балалардың құқықтық нормалары мен заңды мүдделерінің сақталуы жөнінде әртүрлі әлеуметтік зерттеулер, мониторингтер тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Таныстырушылық жобалар жүзеге асырылады, семинарлар, тренингтер, «дөңгелек үстелдер» ұйымдастырылып отырады¹.

Балалар өмірінің әлеуметтік және құқықтық кепілдерін қамтамасыз ету мәселелері 2011—2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында өз көрінісін тапты.

Бақылау сұрақтары:

1. Өздерін қорғау жөнінде арнайы шараларға балалар неге мұқтаж?
2. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы қашан қабылданған?
3. Қадағалаусыз және панасыз қалудың себептері қандай?
4. Балаларға қатысты шектеулер бар ма?
5. Қазақстанда бала құқықтарын қорғау жөнінде қандай шаралар қабылданған?

¹ Р. Шер. Увидеть счастье в глазах ребенка. «Казахстанская правда», № 252 от 11.08.2011 г

8 ТАРАУ

МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТЕТІКТЕРІ

8.1. Мүгедектердің құқықтарын халықаралық-құқықтық қорғау

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың (мүгедектердің) негізгі құқықтарын қамтамасыз ету және олар үшін қоғам өміріне теңдей қатысу мүмкіндігін жасау әлеуметтік мем-лекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Мүге-дектігі бар тұлғаның қоғамда теңдей қатысуы әлеуметтік және құқықтық тосқауылдардың жойылуын ғана емес, со-нымен қатар басқалар сияқты жұмысқа орналасу, білім алу, ақпаратқа және басқа қызмет түрлеріне қол жеткізуді талап етеді.

«*Инвалид*» термині (*valid*-әрекет ететін, толықжарамды, қуатты) латын тілінен дәлме-дәл аударғанда, «жарамсыз», «толық емес» деген мағынаны білдіреді. I Петрдің уақы-тысынан бастап, бұл атауға әскери қызметшілер ауру-сырқат, жарақаттану немесе зақымдану салдарынан әскери қызметін өтеуге жарамсыз деп танылған адамдар ие болды, және оларды өз қызметін аяқтағанға дейін штаттық лауазымға жіберіп отырған. Әдетте, Батыс Еуропада бұл сөз де осы мәнге ие болды, яғни тек жарақат алған әскерилерге ғана тиісті сөз еді. Жалпы және жекелеген санаттардағы адам құқықтарын қалыптастыру және қорғау жөніндегі жалпы қозғалыстың шеңберінде Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін физикалық, психикалық немесе тіршілік әрекетінде санаткерлік шектеулері бар барлық тұлғаларға қатысты «инвалид» ұғымы пайда болды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының сарапшыларының қорытындысы бойынша, мүгедектігі бар тұлғалар жер шарындағы жаппай

халықтың 10%-ын құрайды, оның ішінде 80%-ы дамушы елдерде тұрады, олар әртүрлі физикалық, ақыл-ой және сенсорлық бұзылумен зардап шегеді. Бүгін мүгедектер халықтың әлеуметтік қорғалмаған санаттарына жатады. Олардың кірісі ортадан төмен, ал медициналық және әлеуметтік қызмет көрсетудегі қажеттілігі көп жоғары екені белгілі. Мүгедектер, әдетте балалық шағында да, ересек жасында да базалық білім алуға мүмкіндігі болмағандықтан олар көмекші және аз төленетін жұмыстарды істеуге мәжбүр. Дене кемшіліктері қоғамдық орындарға баруға және көлікпен жүруге көп жағдайда мүмкіндік бермейді.

«*Мүгедек*» — бұл тумысынан немесе оның дене не ақыл-ой қабілеттілігінің кемшіліктерінен қалыпты жеке және/немесе әлеуметтік өмірдің қажеттіліктерін толық немесе ішінара дербес қамтамасыз ете алмайтын тұлға. 1992 жылғы 5 мамырдағы Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясын 44-і сессиясының оңалту бағдарламаларындағы 1185 Ұсыныстарында мүгедектік «мүгедектігі бар адамға қоғамға бірігіп кетуге, отбасы немесе қоғам өміріне басқа қоғам мүшелері секілді қатысуға мүмкіндік бермейтін дене, психологиялық, сенсорлық, әлеуметтік, мәдени, заң шығару және өзге тосқауылдармен негізделген мүмкіндіктерде шектеу» деп анықталады.

1971 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясымен *Жарым есті тұлғалардың құқықтары туралы декларациясы* қабылданды, мұнда осындай мүгедектердің құқықтарын барынша қамтамасыз ету қажеттілігі бекітілді; тиісті медициналық қызмет көрсету мен ем қабылдау құқығы, сонымен қатар кем ақылды тұлғаға өз қабілеттіктері мен мүмкіндіктерін дамытуға мүмкіндік беретін білім алуға, оқуға, еңбек қабілеттілігін қалпына келтіруге және қамқорлыққа құқығы жарияланды.

9 желтоқсан 1975 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 3447 (XXX) Резолюциясымен қабылданған *Мүгедектердің құқықтары туралы декларацияға* сәйкес, мүгедектер барлық мүгедектерге тиесілі шексіз және нәсіліне, терінің түсіне, жынысына, тіліне, діни көзқарасына, саяси немесе өзге көзқарасына, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, материалдық жағдайына, тумысына немесе кез келген басқа фактор белгісі бойынша мүгедектің өзіне немесе оның отбасына қарамастан, ешбір айырмашылықсыз және дискриминациясыз барлық тиесілі құқықтарды пайдалану қажет.

Мүгедектердің олардың адамзаттық ар-намысын құрметтеуге ажырамас құқығы бар. Мүгедектер, шыққан тегіне, олардың ақаулары мен кемшіліктерінің сипаты мен күрделілігіне қарамастан, ең алдымен, толыққанды қанағаттандырылған өмірге құқықты білдіретін өздерімен жасты замандастары секілді негізгі құқықтарға ие болады.

Мүгедектер протездік және ортопедиялық аппараттарды қоса алғанда, медициналық, психикалық немесе функционалдық емделуге, денсаулығын және қоғамдағы жағдайын қалпына келтіруге, білім алуға, қолөнер, кәсіптік дайындықтан өтуге және еңбекқабілеттілігін қалпына келтіруге, көмек сұрауға, кеңес алуға, жұмысқа орналасу жөнінде қызметтерге және оларға өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін барынша ашуға мүмкіндік беретін және олардың әлеуметтік интеграциялық немесе реинтеграциялық процестерін тездететін қызмет көрсетудің басқа түрлеріне құқықтары бар.

Мүгедектердің басқа тұлғалармен бірдей азаматтық және саяси құқықтары бар. Мүгедектер экономикалық және әлеуметтік қамтамасыз етуге және қанағаттандырылған өмір деңгейіне құқығы бар. Олар өз мүмкіндіктеріне сәйкес жұмыс орнына ие болуға және оны сақтауға немесе пайдалы, табысты және сыйақы төленетін қызметпен айналысуға және кәсіптік ұйымдардың мүшесі болуға құқығы бар. Мүгедектер олардың аса қажеттіліктері экономикалық және әлеуметтік жоспарлаудың барлық сатыларында назарға алынуына құқығы бар.

Мүгедектер өз отбасының арасында немесе олардың орнын ауыстырып алатын жағдайда өмір сүруге және шығармашылықпен немесе бос уақытын өткізумен байланысты қоғамдық қызметтің барлық түрлеріне қатысуға құқығы бар. Оның жеке басына немесе оның тұрғылықты жеріне қатысты болса, онда бірде бір мүгедек онымен басқаша қарауға жол берілмейді. Егер мүгедектің арнайы мекемеде орналасуы қажетті болып табылса, онда бұл жердегі орта мен өмір сүру жағдайы қалыпты өмірдегі онымен жасты тұлғалардың өмір сүру ортасы мен жағдайына сәйкес келуі қажет.

Мүгедектер дискриминациялық, ренжітетін немесе кемсітетін сипаттағы регламентациялардың кез келген түрлерінен қорғалуы тиіс.

Мүгедектер кәсіби заң көмегін пайдалану мүмкіндігіне ие болуы қажет, мұндай көмек олардың жеке басы мен мүлкін қорғау үшін қажет болып табылады; егер олар соттық қудалау объектісі болып табылса, онда олардың дене және ақыл ой жағдайын толығымен ескеретін әдеттегі рәсімдегі пайдалану қажет.

1982 жылы Бас Ассамблея мүгедектерге қатысты Бүкіләлемдік әрекет ету бағдарламасын мақұлдады. Бұл мүгедектерге қатысты негізгі қағидалар қалыптастырылған ең алғашқы құжат. Сонымен қатар, БҰҰ Бас Ассамблеясы 1981 жылды Халықаралық мүгедектер жылы деп жариялады, ал 1983—1992 жыл аралығын Мүгедектердің онжылдығы деп жариялады. Онжылдықтың шолуы 1987 және 1992 жылдары көптеген елдерде мүгедектер барлық талпыныстарға қарамастан, тең мүмкіндіктерге ие бола алмады және олар қоғамнан оқшауланып қалды.

Жер шары тұрғындарының шамамен 8%-ы, 650 млн. адам — бұл әр бабы дискриминациядан қорғауға бағытталған және мүгедектерді қоғам қатарына қосатын, мүгедектердің әлеуметтік жолын бекітетін құжаттың қабылдауын тағатсыз күткен мүгедектігі бар адамдар.

Бастапқыда, Конвенцияны қабылдау идеясын көпшілік мақұлдаған жоқ, өйткені қолданыстағы мүгедектер үшін адам құқықтарын қорғайтын тетіктер жеткілікті деп санады. Бірақ, мүгедектерге қатысты қоғамдық ұйымдардың қолдауы және адам құқықтарын сақтау мониторингі мүгедектердің құқықтары туралы жеке құжатты әзірлеу қажеттілігін тануына ықпал етті. Нақты құжатты әзірлеуге 5 жыл уақыт қажет болды.

Сондықтан, 2006 жылғы 13 желтоқсан БҰҰ Бас Ассамблеясымен *Мүгедектер құқықтары туралы конвенция* әлемдік қауымдастық кең көлемдегі маңызды оқиға болып қабылданды. Бұл конвенция қабылданғанға дейін мүгедектердің құқықтары ешқашан бірыңғай халықаралық құқықтық құжатта бекітілмеген.

БҰҰ-ның алдыңғы бас хатшысы, Кофи Аннанның айтуы бойынша, Конвенция жаңа мыңжылдықта мүгедектерге қатысты тұжырымдамалы өзгерістер әкелетін адам құқықтары туралы алғашқы құжат болуы тиіс, өйткені ол әлеуметтік қамсыздандыру мен қайырымдылықты құқықтар мен бостандықтар жүйесімен алмастыру қағидасына негізделді.

Мүгедектер құқықтары туралы конвенция және оған Факультативті хаттама 2007 жылы 30 наурызда қабылданып, қол қойылды. Конвенцияға бір ратификациямен 82 тараптар қол қойды, ал Факультативті хаттамаға 44 тарап қол қойды. Сонымен бұл күні БҰҰ конвенциясына қол қою тарихымен салыстырғанда, Конвенцияға қол қоюға барынша көп тарап қол қойды.

2011 жылдың қыркүйек айына дейінгі мәліметтер бойынша 104 мемлекет пен және Еуроодақ Конвенцияға қатысады, ал 63 мемлекет — Факультативтік хаттама мүшесі болып табылады. Конвенция күшіне енгеннен кейін Мүгедектер құқықтары жөніндегі комитет құрылды (бастапқыда құрамында 12 сарапшы болды, бірақ қатысушы-мемлекеттердің саны 80-ге өсуіне байланысты, 18 адамға дейін кеңейтілді) — Конвенцияның орындалуына қадағалауды жүргізетін, Конвенцияның қатысушы-мемлекеттердің баяндамасын қарауға, олар бойынша жалпы пікірлер мен ұсыныстар шығаруға, сонымен қатар Хаттаманың қатысушы-мемлекеттері Конвенцияны бұзғаны туралы хабарламаларды қарауға уәкілетті орган.

Мүгедектер құқықтары туралы конвенция мүгедектерге деген қатынастар мен оларға қалай қарау мәселесінде «парадигманың алмасуын» білдіреді. Ол барлық мүгедектердің адамдардың барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық және тең жүзеге асырылуын қорғау және қамтамасыз ету, ынталандыру, сонымен қатар оларға тән адамгершілігін мадақтау үшін маңызды болып табылады. Конвенцияға сәйкес, мүгедектерге әртүрлі бөгеттермен қарым-қатынасқа түскен кезде олардың қоғам өміріне басқалармен бірге толық және тиімді қатысуға кедергі келтіретін дене, психикалық, санаткерлік немесе сенсорлық тұрақты кемшіліктері бар тұлғалар жатады.

Конвенцияның қағидалары:

- адамға тән адамгершілігін, оның жеке таңдау жасау және тәуелсіздігін қоса алғанда, жеке дербестілігін құрметтеу;
- кемсітуді болдырмау;
- қоғамға толық және тиімді еліктіру және қосу;
- мүгедектердің ерекшеліктерін құрметтеу және оларды адамдардың көп түрлілігінің компоненті және адамзаттың бір бөлігі ретінде қабылдау;
- мүмкіндіктердің теңдігі;

- қол жетімділігі;
- еркек пен әйелдің теңдігі;
- мүгедек балалардың дамып келе жатқан қабілеттерін құрметтеу және өз даралығын сақтауға мүгедек балалардың құқықтарын құрметтеу.

Қатысушы-мемлекеттердің *міндеттері*:

— заң, әкімшілік және осы Конвенциямен танылатын барлық құқықтарды жүзеге асыру үшін қажетті өзге шараларды қабылдауға;

— мүгедектерге қатысты дискриминациялық болып табылатын қолданыстағы заңдарды, қаулыларды, әдет-ғұрыптар мен қағидаларды өзгерту немесе жою үшін барлық шараларды, соның ішінде заң шығару шараларын қабылдау;

— барлық стратегиялар мен бағдарламаларда мүгедек адамдардың құқықтарын қорғау және ынталандыру;

— осы Конвенцияға сәйкес келмейтін кез келген әрекеттерден немесе әдістерден бас тартуға, және мемлекеттік органдар мен мекемелер осы Конвенцияға сәйкес әрекет етуін қамтамасыз етуге;

— кез келген тұлғаның, ұйымның немесе жеке кәсіпорынның тарапынан мүгедектік белгісі бойынша дискриминацияны жою үшін барлық шараларды қолдануға;

— мүгедектің нақты мұқтаждықтары барынша аз бейімделуді және аз шығынды қажет ететіндей, тауарлардың, әмбебап дизайнды қондырғылар мен объектілерге зерттеу және конструкторлық жұмыстарды жүргізуге және мадақтауға, оларды пайдалануды ықпал етуге, сонымен қатар стандарттар мен басшылық бағдарларын әзірлеу барысында әмбебап дизайнның идеясын ұсынуға;

— мүгедектер үшін қолайлы болатын, қымбат емес технологияларға назар аударып отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оңтайлығын жеңілдететін қондырғылар, құралдар мен ассистивті технологияларды қоса алғанда, жаңа технологиялардың болуына және оларды пайдалануға ықпал етуге, сонымен қатар зерттеу мен конструкторлық әзірлеуді мадақтау және жүргізу;

— мүгедектерге оңтайлығын жеңілдететін қондырғылар, құралдар мен ассистивті технологиялар туралы, соның ішінде

жаңа технологиялар туралы, сонымен қатар басқа көмек нысандары туралы, көмекші қызметтер мен нысандар туралы кол жетімді ақпарат ұсынуға;

— осы Конвенциямен танылған құқықтарды жетілдіру үшін мүгедектермен жұмыс істейтін мамандар мен персоналдардың сабақ беруін мадақтау.

Конвенция адам құқықтары жөнінде әлеуметтік даму аспектісі нақты көрсетілген құжат ретінде әзірленген. Мұнда мүгедектерді санат бойынша жалпы бөліп қарастырылған және барлық тұлғалар мүгедектіктің кез келген нысанына қарамастан, адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын пайдалануы қажет деп көрсетілген.

Конвенцияда барлық санаттардағы құқықтар мүгедектерге қалай қолданылатындығы түсіндіріледі және анықталады, және мүмкіндігі шектелген тұлғаларға өз құқықтарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өзгерістер енгізуді қажет ететін салалар және олардың құқықтары бұзылатын салалар мен құқық қорғау тетіктерін нығайту қажет салаларда көрсетіледі.

Конвенция мүгедектердің денсаулық, білім, еңбек қабілеттілін оңалту, саяси өмірге қатысу саласындағы құқықтарды көздейді, адамның жеке дербестігі мен тәуелсіздігін құрметтеу, қоғамға толық еліктіру және қосу, дискриминацияға жол бермеу қағидаларын бекітеді.

Ал экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға қатысты болса, онда әрбір қатысушы-мемлекет өзінің барлық ресурстарын барынша қолдана отырып, қажет болған жағдайда — халықаралық ынтымақтастыққа жүгіне отырып, халықаралық құқыққа сәйкес, тікелей қолданылатын, осы Конвенцияда бекітілген міндеттемелерге кедергі келтірмей аталған құқықтардың толық іске асырылуына шаралар қолдануы қажет.

Қатысушы-мемлекеттер мүгедектердің қозғылыс бостандығына, тұрғылықты жерін таңдау бостандығына және басқалармен қатар азаматтыққа құқығын таниды, **сонымен қатар мүгедектер:**

— азаматтық алуға және оны өзгерту құқығына ие болуға және азаматтығынан өз еркімен немесе мүгедектік салдарынан айырылмауға;

— олардың мүгедектігі салдарынан азаматтықты растайтын немесе олардың жеке басын куәландыратын өзге құжаттарды алу мүмкіндігінен айырылмауға, осындай құжаттарға ие болуға және оларды пайдалануға немесе тиісті процедураларды пайдалануға, мысалы, иммиграциялық — қозғалыс бостандығына құқығын жүзеге асыруды жеңілдету үшін қажетті болып табылатын;

— өз елін қоса алғанда, кез келген елді еркін тастап кету құқығына ие болуға;

— мүгедектігіне байланысты өз еліне оралу құқығынан айрылмауға кепілдік береді.

Мүгедектердің құқықтарын қорғау бойынша АҚШ-та әлеуметтік салада саясатты жүргізу тәжірибесі көрсетілген. Мүгедектердің құқықтарын қорғау қозғалысын дамытуда американдық мемлекеттердің басшылары үлкен жетістіктерге қол жеткізді. 1975 жылға дейін АҚШ-та мүгедектер үшін тұрғылықты ортаға қол жеткізу жағдайы басқа елдерден өзгешеленген жоқ. 1975 жылы мүгедек американдықтар туралы Заң қабылданған соң, (АҚШ президенті Дж.Форд) жағдай күрт өзгерді. Мүгедектердің өздері дискриминацияға қарсы шыға бастады. Арнайы құрылған құрылысшы-мердігерлер бригадасы бүкіл Америкада құламалар мен пандустарды жасап, мүгедектер үшін американдық қалаларды жақсартты.

АҚШ президенті Б.Клинтонның қолдауымен, қандай да бір мүгедектің нысаны бар тұлғалар үшін тең құқықтар мен тең мүмкіндіктерді беретін, мүгедектердің өмір сүру жағдайын жақсартатын көптеген заңдар қабылданды. Мәселен, 1997 жылдың 4 маусымында Б. Клинтон американдық білімді дамытуына септігін тигізген, *Дамуы мен денсаулығында ауытқушылығы бар тұлғаларға білім беру туралы Актіге* қол қойды. Заңның мақсаты — барлық американдық балалар үшін әлемдік деңгейдегі білім беруді қамтамасыз ету. Осы проблеманың қоғамдық аспектісіне тіреу жасалды: балаларды әдеттегі орта мектептердегі жалпы білім беру процесіне барынша еліктіруге тырысады, қосымша дәріс алуды көздейтін арнайы жеке білім беру бағдарламалары әзірленеді. Дегенмен, білім беру жөніндегі барлық қосымша шығындарды мемлекет өтейді.

8.2. Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қорғау

2009 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасында мүгедектердің саны **466,3 мың адам** (немесе жалпы халық санының 3%-ы), соның ішінде 10%-ы (43,1 мың адам) — балалар.

Ересек халықтардың арасында бастапқы мүгедектіктің алдыңғы қатарындағы себептердің бірі жүрек-тамыр аурулары, онкопатология мен жарақаттар, балалар арасында — тума ауытқушылық, жүйке жүйесі аурулары мен психикалық бұзылушылықтар. Ересек халықтың арасында мүгедектік қан айналым жүйесі ауруларынан (22—23%), қатерлі жаңа құрылымдардан (17—18%), зақымдардан (11—12%) және психикалық бұзылушылықтардан (8—9%) пайда болады.

1991 жылдың 17 желтоқсанында Бас Ассамблеяның 46/119 резолюциясымен қабылданған *Науқас тұлғаларды қорғау және психиатриялық көмекті жақсарту қағидасына сәйкес*, психикалық аурулардан зардап шегетін кез келген тұлғаның қаншалықты мүмкін болғанша қоғамда өмір сүруге және жұмыс істеуге құқығы бар. Психикалық аурулармен ауыратын немесе солай деп саналатын барлық тұлғалар экономикалық, жеңістік және эксплуатацияның басқа нысандарынан қорғалуға, денеге немесе өзге сипаттағы зиян келтіруден немесе адамның адамгершілігін кемсітетін әрекеттерден қорғануға құқығы бар.

Психикалық аурулардың негізінде ешқандай дискриминацияға жол берілмейді. Кез келген психикалық науқас тұлға Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясымен, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактімен, Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактімен және басқа тиісті құжаттарда, атап айтқанда, Мүгедектер құқықтары туралы Декларацияда, қандай да бір нысанда болғанына қарамастан *Ұстауға немесе қамауға алынған барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жиынтығында* танылған барлық азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі БҰҰ Комитеті 2010 жылғы мамыр айындағы 24-і және 25-і отырыстарында Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар Халықаралық пактінің орындалғаны туралы Қазақстанның бастапқы баяндамасын қарау қорытындысы бойынша, Қазақстанда мүгедектігі бар тұлғалар өздерінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын жүзеге асыру барысында қиыншылықтар туындайтынын көрсетті. Бұл Комитет мүгедектігі бар тұлғалардың жоғарыда аталған құқықтарды басқа халықпен қатар пайдалануын қамтамасыз ету мақсатында, мемлекетті ұлттық стратегия мен жоспар қабылдауға шақырды.

Мүгедектерді қоғамға интеграциялау мәселесі, әсіресе, Қазақстан үшін өзекті болып табылады. Қазіргі таңда, адам құқықтары саласында көптеген нормалардың қолданыста болғандығына қарамастан, мүгедектігі бар адамдар күнделікті өмірде көптеген шектеулерге тап болатындығы анық. Көптеген проблемалар дене және әлеуметтік бөгеттердің әрекет етуімен түсіндіріледі, мұнда мүгедектерге қатысты қаншама заңдар жақсы болғанымен олар әрекет етпейді. Ал Конвенция мұндай бөгеттерді жеңуге, нақты теңдік негізінде құқықтар жүзеге асырылатын ортаны қалыптастыруға бағытталған.

Республикалық маңызы бар ірі қалалардың өзінде әрбір әлеуметтік объект немесе тұрғын үй мүгедектер үшін қол жетімді емес, ал синхрондық дыбыс сигналы бар арнайы бағдаршамдар, жол жүру белгісі мен көрсеткіштер негізінен орталық көшелерде орналастырылған. Көшелерде бөгде адамның көмегінсіз қозғалуға қабілетсіз мүгедектерді кездестіру мүмкін емес, өйткені олар қоғамдық көліктің қызметтерімен пайдалана алмайды, биік тротуардан өзі түсіп, көшеден өте алмайды.

Республикада мүгедектер үшін мамандандырылған медициналық оңалту орталықтардың рөлін әлеуметтік қамтамасыз етудің аумақтық орталықтарындағы күндізгі бөлімдер мен көпқырлы медициналық мекемелер (ауруханалар, амбулаториялар, поликлиникалар) атқарады. Яғни, мүгедектерге қатысты оңалту шараларын жүргізуге арнайы негізделген оңалту орталықтар желісін құру қажеттілігі туындайды.

Тиімді дәрілер мен арнайы құралдарға шығындар барлық мүгедектердің бюджетіндегі ең көп шығындар болып табылады. Өтемақылар, жеңілдіктер мен жәрдемақылар материалдық көмекте мүгедектердің қажеттіліктерін қамтамасыз етпейді. Санаторлық-курорттық емді тегін қабылдауға немесе 50%-дық жеңілдікпен алуға тек мүгедектердің аз бөлігінің ғана мүмкіндігі бар. Жеке көмекші ұсыну мәселесі шешілген жоқ.

Тұрғын үймен қамтамасыз ету бөлігінде мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселесі өзекті болып табылады. Ірі қалалар мен облыс орталықтарында олардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй алуға мүмкіндігі жоқ, сондықтан олар жылдап кезекте тұруға мәжбүр.

Мүгедектердің ақпараттық ортаға айтарлықтай қолдары жете бермейді. Саңырау және көздері көрмейтін мүгедектерге радио және теледидардың ақпараттық және көркем бағдарламаларының едәуір бөлігі қолжетімсіз, кітапханалар арнайы шрифт пайдаланылатын әдебиеттермен қамтамасыз етілмеген. Мүгедектерге олардың еңбекке құқықтарын іске асыру мүмкіндігі берілмейді. Мүгедектерді *«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы»* Заңымен және жергілікті атқару органдарының шешімімен жұмыспен қамту үшін кәсіпорында жұмыс орнының жалпы санынан үш пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленеді. Мәселен, мемлекеттік мекемелерде қозғалуға қиналатын немесе жұмыс істеу үшін арнайы коррекциялық құрылғыларды талап ететін көмекшілер, қызметкер-мүгедектерді кездестірмейсіз. Кәсіпорындар мен мемлекеттік емес ұйымдарда олар жалақысы төмен, біліктілігі төмен жұмыстарға қабылданады.

Тұрғын үйлердің тапшы болу, білікті персоналдардың көмектерінің тапшы болу мәселесі бар. Жеткіліксіз қаржыландырудың салдары: техникалық қозғалыс құралдарының, арнайы құралдардың жетіспеушілігі, ескі киім және ескі жиһаз, құнарлы және калориялық заттарда ағзаның тәуліктік қажеттілігін қанағаттандырмайтын ас үлесі, ғимараттарда мүгедектер үшін пандустар мен қолжетімді лифтілердің болмауы болып табылады.

Мүгедектер қоғамға толық қатысу және тең мүмкіндіктер негізінде интеграциялану қажет. Мүгедектердің жағдайын өзгер-

туге олардың құқықтарын қорғау және ынталандыру жөнінде мемлекеттік саясат ықпал ету қажет, осыған байланысты *Мүгедектердің құқықтарын қорғау және оларды қоғамға интеграциялау жөнінде Ұлттық бағдарламаны* әзірлеу және қабылдау қажеттілігі туды. Қоғам мүгедектердің өз құқықтарын іске асыруына мүмкіндіктер беріп, жағдай жасауға ұмтылуы қажет.

Өкінішке орай, қазіргі таңда Қазақстанда мүгедектігі бар тұлғалар бейімделген, бөгетсіз өмір сүру ортасының жоқ болуына байланысты, өздерінің конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін толық көлемде іске асыра алмайды. Бұл шектеулер мүгедектерге көлік пен көшеде арнайы техникалық құрылғылардың жеткіліксіздігімен, мүмкіндігі шектелген тұлғалардың қажеттіліктеріне қоғамдық ғимараттар мен құрылғылардың сәйкес келмеуімен ұштасады.

2010 жылы Мүгедектердің құқық мәселесі бойынша адам құқықтары жөніндегі уәкілетті органның мекен-жайына 21 арыз (1,4%) келіп түсті. Денсаулыққа келтірілген зиян үшін өтемақы сомаларын төлеу мәселесі, медико-әлеуметтік сарапшы комиссиялардың қанағатсыз жұмыс мәселесі, жұмысқа орналастыруға ықпал ету мәселесі, тұрғын үй алу мәселесі жөніндегі арыздар үрдісі тұрақты түрде сақталуда.

Мүгедектігі бар тұлғалардан келіп түсетін жеке арыз топтарын өндірістік зақымдану барысында қызметкер денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы арыздар құрайды, бұл арыздар негізінен, Ресейде, Өзбекстанда, Украинда тұратын бұрынғы Қазақстан азаматтарынан келіп түскен.

Арызданушылар кәсіпорынның құқықмирасқорсыз таратылуының нәтижесінде денсаулығына келтірілген зиян үшін өтемақы сомаларын ала алмай жатқандығы туралы хабарлады. Уәкілетті мекемелер осы арызды қарау аясында арызданушыларға Қазақстанның ұлттық заңнамасына сәйкес, көрсетілген сомаларды төлеу тәртібі түсіндірілді. Мәселен, қызметкерге жарақат, кәсіптік науқаспен немесе еңбек міндеттемелерін орындаумен байланысты денсаулығына келтірілген өзге де зақымдарды өтеуге құқықтарды өзара тану туралы Қазақстанмен ратификацияланған Келісімнің 7 бабына сәйкес, қызметкерге келтірілген зиян үшін жауапты кәсіпорын таратылған жағдайда, және оның құқық мирасқоры болмаған жағдайда, Тарап кәсіпорын таратылған аумақта

ұлттық заңнамаға сәйкес осы қызметкерлерге зиянның өтелуіне кепілдік береді.

Наразылықтың екінші бөлігі өндірістік жарақат барысында қызметкердің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы сот шешімінің орындалмауымен байланысты. Нақты наразылықтарды қарастыру аясында Уәкілетті мекемемен Сот әкімшілігі жөніндегі комитетке сұрау жіберілді. Бұл Комитет Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау жөніндегі комитет деп өзгертіліп, орындалмаған сот шешімдерінің себептері мен мәселені шешу әдістері туралы ақпарат беріп отырады.

Арыздардың едәуір бөлігі медико-әлеуметтік сараптаманы өткізу тәртібіне азаматтардың наразылық туғызуымен байланысты. Уәкілетті органның мекен жайына келіп түскен 10 арыздың арызданушылары медико-әлеуметтік сарапшы комиссияларының мүгедекті анықтау процесін созуы, денсаулығының объективті түрде нашарлауы туралы олардың наразылықтарын назарға алмауы, мүгедектіктің тобын белгілеу немесе қайта қарауға көмек көрсетпеуі туралы хабарлады.

Мүгедектердің пікірі бойынша еңбек нарығында бәсекеқабілеттілігін төмендететін негізгі себеп, ол арнайы жұмыс орындарының болмауы, жұмыс орнына жету үшін қол жетімді көлік құралдарының болмауы, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қол жетпеушілігі, осының бәрі мүгедектердің әлеуметтік белсенділігіне кері әсерін тигізеді.

Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның 16-бабының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы аталған халықаралық құжатты ратификациялаған соң, мүгедектерге қызмет көрсету үшін ұсынылған барлық мекемелер мен бағдарламалардың тәуелсіз органдары тарапынан тиімді бақылауды қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен бірге, Қазақстандағы мүгедектігі бар тұлғалар үшін арналған медико-әлеуметтік мекемелер қоғам үшін жеткілікті деңгейде ашық емес. Мұндай мекемелермен міндетті қоғамдық тәртіпті заң шығару тәртібінде бекіту ондағы мүмкіндігі шектелген тұлғалардың құқықтарын сақтау үшін тиімді бақылау әдісі болар еді¹.

¹ Отчет о деятельности Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан за 2010 год. Астана. 2011 г. Интернет-ресурс.

Жалпы, қазақстандық әлеуметтік саясат реформасы, соның ішінде мүгедектік саласындағы саясат 1999 жылдан басталды. 1999 жылдың сәуір айында «заттай» жеңілдіктер ақшалай төлеммен алмастырылды. Сонымен бірге бір мезгілде жеңілдіктердің түрлері мен оларды алушылардың да түрлері көбейді. Кейінгі жылдары мекен жайы арқылы әлеуметтік көмек көрсетуге өту жүзеге асырылды, ал оның өзі кем бағалы отбасылардың пайдасына әлеуметтік төлемдерді қайта бөлуге мүмкіндік берді. Бұл саясат тұрғын үй қатынастары — әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын халыққа мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй беру және тұрғын үй жәрдемақыларын ұсыну үшін аз табысты өлшемдерді анықтау саласында да өз көрінісін тапты.

Мүгедектерге қатысты әлеуметтік саясатты жетілдіруде ең басты рөлді *«Қазақстан Республикасы халқын әлеуметтік қорғау концепциясы»* атқарады. Бұл Концепция ҚР № 886 Үкіметінің Қаулысымен 2001 жылы 27 маусымда мақұлданған.

Концепцияда көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін 2001—2005 жылдар аралығындағы кезеңде жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылданды және қолданыстағылары модернизацияланды. Тұтастай алғанда, Концепция Қазақстан халқын әлеуметтік қорғаудың барлық жүйесін дамытуда оңтайлы рөл атқарды. Сөзсіз, оңтайлы сәттердің бірі болып, мүгедектерді әлеуметтік қорғау әлеуметтік саладағы жалпы саясаттың, жалпы жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуында көрініс табады.

Қазақстандық әлеуметтік саясатты дамытудағы келесі қадам «Қазақстан Республикасында 2005—2007 жылдарға әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету бағдарламасында» көрсетілген болатын.

Бағдарламаның мақсаты — үш деңгейлі әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін құру:

— бірінші деңгей (базалық) — ең төмен мөлшердегі мемлекетпен кепілдік берілген әлеуметтік жәрдемақы. Бұл әлеуметтік әлсіз халықтың барлық санаттарына еңбек өтілі мен еңбекақысының мөлшеріне қарамастан, бірдей әлеуметтік тәуекелдерде деңгейі бойынша төмен төлем алуға тең құқықтарын іске асыруға мүмкіндік береді;

— екінші деңгей (міндетті) — қызмет етуші (қызмет еткен) халықты міндетті әлеуметтік сақтандыру есебінен жүзеге асыратын әлеуметтік төлемдер. Әлеуметтік сақтандыру төлемдерінің қайнар көзі болып жұмыс берушілердің және/немесе қызметшілердің міндетті сақтандыру жарналары табылады. Мұндай жағдайда әлеуметтік қамсыздандырудың деңгейі әрбір адамның сақтандыру жүйесіндегі қатысу ұзақтығы мен мөлшеріне байланысты;

— үшінші деңгей (қосымша) — ерікті түрде ақша аудару есебінен әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыруды көздейді. Мұндай жағдайда аударымдар жеке, жинақтаушы, ерікті және/ немесе кәсіби болып табылады.

Бірыңғай негізгі әлеуметтік көрсеткіш болып адам денсаулығын сақтау және оның өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қажетті болып табылатын, тұтыну себебінің құны негізінде анықталатын ең төменгі өмір сүру деңгейі болуы қажет. Еңбекақысын төлеу, зейнетақымен қамтамасыз ету, әлеуметтік көмекті ұсыну саласында ең төменгі мемлекеттік стандарттарды анықтау ең төменгі өмір сүру деңгейі негізінде жүзеге асырылады, ал мұның өзі ең төменгі қажеттіліктерді қанағаттандыратын мемлекеттік кепілдіктерді іске асыруға мүмкіндік береді және олардың жүйелік тәуелділігін қамтамасыз етеді. Бірлестік пен бір-біріне бағынуды ескере отырып, әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттары анықталады.

2004 жылғы 31 тамызда «Қазақстан Республикасын 2005—2007 жылдарға әлеуметтік-экономикалық ортамерзімдік дамыту жоспары туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы қабылданды, мұнда мемлекеттік саясат кірістерінің мақсаты болып жалпы еңбекақысының деңгейін көтеру, ең төменгі жалақы мөлшерін ұлғайту, зейнетақы және басқа әлеуметтік төлемдердің мөлшерін ұлғайту табылады. Аталған мақсатты іске асыру үшін әлеуметтік қамтамасыз ету нормативтері мен азаматтардың өмірлерінің сандық және сапалық параметрлерін бекітетін әлеуметтік қызмет көрсету нормативтерін әзірлеу көзделеді¹.

2005 жылы 13 сәуірде «*Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы*» Заң қабылданды, мұнда

¹ Думбаев А.Е., Попова Т.В. Инвалид, общество и право.— Алматы: ТОО «Верена», 2006.— 180 б.

мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында қоғамдық қатынастар реттеледі және мүгедектерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету үшін құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларды анықтайды, олардың өмір сүруі үшін және қоғамға интеграциялау үшін тең мүмкіндіктер жасалады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты Қазақстан Республикасының мүгедектерін әлеуметтік қорғау саласында:

— мүгедектікті емдеуге; әлеуметтік қорғауға, соның ішінде мүгедектерді оңалтуға;

— мүгедектерді қоғамға интеграциялауға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

— мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

— мүгедектерді оңалтудың кешенді бағдарламаларын бекітеді;

— мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында нормативтік құқықтық актілерді шығарады;

— мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша оқитын мүгедектерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, стипендия тағайындау және төлеу тәртібін бекітеді;

— дербес оңалту бағдарламаларына сәйкес, әлеуметтік қызмет ұсыну тәртібін бекітеді: қозғалуға қиналатын бірінші топ мүгедектері үшін жеке көмекші беру; саңырау мүгедектер үшін ымдау тілінің маманын — жылына отыз сағат;

— мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында координациялық кеңес құрады.

8.3. Мүгедек балалардың және қариялардың құқықтарын қорғау

Қоғамда мүгедектігі бар тұлғалардың теңдей қатысуы тек әлеуметтік және құқықтық бөгеттерді жоюды талап етіп қоймай, сонымен бірге олар үшін басқалар сияқты жұмысқа орналастыру, білім беру, денсаулық сақтау, ақпаратпен қамту және басқа қызметтерге қолжетімділігін талап етеді.

2002 жылғы 11 шілдеде *«Мүмкіндігі шектелген балаларды әлеуметтік және медикопедагогикалық коррекциялық қолдау туралы»* Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бұл

Заң мүмкіндігі шектелген балаларды әлеуметтік және медикопедагогикалық коррекциялық қолдау нысандары мен әдістерін және дамуында кемшілігі бар балаларға тиімді көмек жүйесін құруға бағытталған, оларды тәрбиелеумен, еңбек және кәсіби дайындықпен, балалар мүгедектігінің профилактикасымен байланысты мәселелерді шешуге бағытталған.

Мүмкіндігі шектелген балаларды әлеуметтік және медикопедагогикалық қолдау бұл арнайы әлеуметтік, медициналық және білім беру қызметін ұсынатын білім беру ұйымдарының, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының, денсаулық сақтау ұйымдарының мүмкіндігі шектелген балаларға өмірлеріндегі шектеулерді жеңу үшін және қоғам өмірін де басқа азаматтармен қатар бірдей қатысу мүмкіндігін құруға бағытталған жағдайларды қамтамасыз етеді. Мүмкіндігі шектелген балаларды әлеуметтік және медикопедагогикалық қолдау баланың туылған сәтінен кәмелет жасына толғанға дейін кешенді медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тексерулер мен кәсіптік диагностика жүргізу, дербес оңалту бағдарламаларын әзірлеу, медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қызметті және еңбекке үйрету жолымен жүзеге асырылады.

Мүмкіндігі шектелген балалардың құқықтары:

1) әлеуметтік және медико педагогикалық коррекциялық қолдауды тегін кепілдікпен алуға;

2) мемлекеттік медициналық ұйымдарда, психолого-медико-педагогикалық кеңестерде немесе медико-әлеуметтік сараптама бөлімдерінде тегін тексерістен өтуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тегін медициналық көмек алуға;

3) психолого-медико-педагогикалық кеңестің қорытындысына сәйкес, аурудың деңгейіне қарамастан, анықталған сәттен бастап дене немесе психикалық кемшіліктерге тегін медико-психолого-педагогикалық коррекция алуға;

4) медициналық көрсеткіштер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте, протездік ортопедиялық бұйымдармен және аяқ киіммен, арнайы шрифті бар баспалармен, дыбысты күшейтетін аппаратурамен және сигнализаторлармен, компенсаторлық техникалық құралдармен тегін қамтамасыз етілуге;

5) психолого-медико-педагогикалық кеңестердің қорытындысына сәйкес, арнайы білім беру ұйымдарында немесе мемлекеттік жалпы білім беру ұйымдарында тегін білім алуға;

6) мемлекеттік білім беру бағдарламалардың шеңберінде тегін, конкурстық негізде, кәсіби білім алуға;

7) алған біліміне сәйкес оқу аяқталған соң және (немесе) Қазақстан Республикасының заңымен анықталатын тәртіпте кәсіби дайындықтан өткен соң, жұмысқа орналасуға.

Мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі кедей және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған мүмкіндігі шектелген балалар, арнайы білім беру ұйымдарын аяқтап, кәмелет жасына толған соң, заңмен белгіленген тәртіпте жергілікті атқару органдарымен тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Елімізде мүмкіндігі шектелген балаларға медициналық, арнайы білім беретін және арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдар бар.

Медициналық қызметтерге:

1) «кәтерлі» (скрининг) балалардың топтарын анықтау мақсатында ерте жастағы балаларды жаппай стандартты тексеруден өткізу;

2) тума, мұрагерлік және пайда болған паталогияның терең диагностикасы;

3) психофизикалық дамуында ауытқушылықтары бар балаларды оналту және медициналық коррекциялау;

4) Республиканың заңына сәйкес көрсетілетін өзге қызметтер жатады.

Арнайы білім беру қызметтеріне:

1) балалардың санаткерлік даму ерекшеліктерін анықтау және оларды тәрбиелеу мен білім беру нысандары мен түрлерін таңдау үшін олардың мүмкіндіктерін анықтау мақсатында балаларды терең және кешенді зерттеу;

2) мүмкіндігі шектелген балаларды психологиялық-педагогикалық коррекциялау; ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеп, білім беру;

3) еңбекпен тәрбиелеу, кәсіптік диагностика;

4) кәсіптік білім беру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін өзге қызметтер жатады.

Арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдар: халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары, протездік ортопедиялық бұйымдарды жасау жөніндегі ұйымдар, техникалық және көмекші құралдарды дайындайтын ұйымдар.

Арнайы әлеуметтік қызметтерге:

1) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте әлеуметтік көмек көрсету;

2) протездеу бойынша қызметтерді ұсыну және протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету;

3) арнайы техникалық және компенсаторлық құралдармен қамтамасыз ету;

4) мүмкіндігі шектелген балаларды тәрбиелейтін отбасыларға кеңестік көмек көрсету;

5) әлеуметтік қызметкерлердің қызметін ұсыну жатады.

Мүгедек балаларды тәрбиелейтін отбасыларды әлеуметтік қолдау мақсатында 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда бір айлық жалақы мөлшерінде 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларды тәрбиелейтін ата-аналар мен қорғаншыларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төлеу енгізілді. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңын іске асыру аясында 2009 жылы психоневрологиялық ауытқушылықтары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты енгізілді. 2010 жылы мұндай стандарт психоневрологиялық аурулары бар ересек мүгедектер үшін әзірленіп қолданысқа енгізілген.

Ұзақ уақыт бойы әлемдік қауымдастық тарапынан ерекше назарға алынатын тағы бір мәселе бұл **қариялардың құқықтары**. Соңғы он жылдықта халықаралық қауымдастықпен құрылған халықаралық стандарттар мен стратегиялар кешенінің құрамдас бөлігі болып Қария адамдарға қатысты 1991 жылғы 16 желтоқсандағы БҰҰ Қағидалары, Қартаю мәселесі жөніндегі 1992 жылғы 16 қазандағы декларация, сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүгедектер онжылдығын (1983—1992 жылдары) өткізу барысында алған тәжірибенің негізінде әзірленген Мүгедектерге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты ережелері табылады.

Ерекше назардағы қарттар мен мүгедектер үшін интернат үйлеріндегі, психоневрологиялық интернаттарда мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз ету жағдайларын жақсы деп айтуға болмайды.

Қазақстанда 16 мыңнан астам мүгедектер мен қарттар тұратын 102 мемлекеттік медико әлеуметтік мекемелер (51 — қарттар мен мүгедектер үшін жалпы типтегі интернат үйлер, 31 — психоневрологиялық интернат үйлер, 3 — тірек қозғалыс аппарат бұзушылығы бар мүгедек балалар үшін интернат үйлер, 17 — психоневрологиялық балалар интернат үйлері) қызмет етеді ¹.

Қазіргі қоғамның мақсаты мүгедек, қария болып табылатын еркектер мен әйелдердің басқа қоғам мүшелері секілді құқықтар мен міндеттерге ие болуын қамтамасыз ету болып табылады. Әлемнің барлық елдерінде мүгедектер мен қарияларға өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін бөгеттердің барлығы және олар қоғамдық өмірге толық қатысуын қиындатады. Мұндай жағдайда қоғамның міндеті қызмет көрсетуді, еңбек ету және ақпарат секілді әртүрлі қоғам жүйелерін белгілеп, әсіресе мүгедектер мен қарттардың қол жетуі үшін осы бөгеттерді жойып, қажетті шараларды қолданып, яғни барлығына тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету.

Бақылау сұрақтары

1. «Мүгедектік» деген нені білдіреді?
2. Мүгедектер құқықтары туралы Декларация қашан қабылданды?
3. Мүгедектер құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының мәнісі қандай?
4. Қазақстан Республикасында мүгедектер құқықтарын қорғау деңгейі қандай?
5. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заң қашан қабылданды?

¹ Национальный план действий в области прав человека в Республике Казахстан на 2009—2012 годы. Абишев Т. Д., Турсунов С.Т. ред.— Астана, 2009.— 136 б.

9 ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

9.1. Пенитенциарлық жүйе саласындағы адамның құқықтары. Адамның қамауда тиісті дәрежеде ұсталуына құқығы

Сотталғандармен қарым-қатынас жасау саласындағы халықаралық ынтымақтастық тарихи тұрғыда әртүрлі мемлекеттердің қылмыстылықпен күрес жүргізу саласындағы бірлескен іс-қимылдарының қажеттілігінен туындады. Ол өз бастауын XIX ғасырдың ортасынан алады — өзінің ұйымдастырушылық-құқықтық табиғаты бойынша халықаралық конференцияларға жатқызылған алғашқы халықаралық түрмелік конгрестердің қызметінен басталады.

Алғашқы кезде жеке бастамашылық бойынша жүзеге асырылған үш түрмелік конгресс өткізілді. Олардың ең біріншісі 1846 жылы Франкфуртта өткізілді және сотталғандармен қарым-қатынас жасау және түрмелердің құрылымы жөніндегі ұсыныстарға негізделген халықаралық идеялардың қалыптасуына жол салды. Бірінші мемлекетаралық түрмелік конгресс 1872 жылы Лондонда өткізіліп, 22 мемлекеттен 310 қатысушыны жинады¹.

Міне, осы сәттен бастап халықаралық түрмелік конгрестердің жаңа, екінші кезеңі басталады. Аталған конгрестер енді қайырымдылық негізде емес, мемлекеттердің ресми өкілдерінің деңгейінде әрбір бес жыл сайын өткізіле бастады. Лондондық конгресте сотталғандармен қарым-қатынас жасау жөніндегі халықаралық-құқықтық стандарттарды құру ісінде мемлекеттердің ресми халықаралық ынтымақтастығының негізі қаланды.

¹ Рябинин А.А. Исправительно-трудовое (уголовно-исполнительное) право РФ.— М., Юристъ, 1995.— 192 б.

1950 жылы шешім қабылданып, оған сәйкес қылмыстылықтың алдын алу және сотталғандармен қарым-қатынас жасау сала-сындағы халықаралық ынтымақтастық БҰҰ-ның қарамағына ауысты. Қылмыстылықтың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас жасау жөніндегі БҰҰ Конгресінің бірінші мәжілісі 1955 жылы Женевада өткізілді, бұл мәжілісте *Сотталғандармен қарым-қатынас жасаудың ең төменгі стандарттық ережелері* қабылданды. (Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің 1957 жылғы 31 шілдедегі 663 С (XXIV) және 1977 жылғы 13 мамырдағы 2076 (LXII), сондай-ақ 1984 жылғы 25 мамырдағы 1984/47 қарарларымен мақұлданған).

Қазіргі таңда қолданыстағы халықаралық актілердің жүйесінде Сотталғандармен қарым-қатынас жасаудың ең төменгі стандарттық ережелері сотталғандармен қарым-қатынас жасауды ұйымдастыру және бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындаудың халықаралық-құқықтық стандарттарын жүйелі түре айқындайтын алғашқы құжат болды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының қарарлары нысанында қабылданған барлық ең төменгі стандарттық ережелер өзінің зани күші бойынша ұсыныстар болып табылады және қылмыстық-атқару саласында әрекет ететін ішкі мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау және орындау барысында міндетті түрде ескерілуі тиіс.

1989 жылғы 15 қаңтардағы ЕҚЫҰ-ның қатысушы-мемлекеттері өкілдерінің Вена кездесуінің Қорытынды құжатында қатысушы-мемлекеттер БҰҰ-мен қабылданған Сотталғандармен қарым-қатынас жасаудың ең төменгі стандарттық ережелерін сақтайды деп арнайы атап көрсетілген.

2002 жылдың 8—9-шілдесінде Венада өткен ЕҚЫҰ-ның адам өлшемі жөніндегі кезекті қосымша кездесуінде Қазақстан өз аумағында қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді өз жауапкершілігіне алды.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасына, сәйкес мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны қылмыстық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару құқығын, сондай-ақ құқықта

қолдануды кешенді, өзара байланыста түзету арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстық құқықты дамытудың маңызды бағыты, ең алдымен аса қоғамдық қауіп тудырмайтын адамдарға (абайсызда қылмыс жасаған кәмелеттік жасқа толмаған адамдар, өзге де адамдарға — жазаны жеңілдететін мән-жайлар) қатысты қылмыстық жазалаудан босатудың шарттарын кеңейту арқылы қылмыстық қуғын-сүргінді қолдану аясын кезең-кезеңмен қысқарту мүмкіндігін айқындау болып табылады. Сонымен қатар қылмыстық заңды Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен сәйкес келтіру маңызды болып табылады.

Қылмыстық-атқару саласында мынадай шаралар кешенін қабылдаған жөн. Қылмыстық әділет саласына азаматтарды тартуды азайту, қылмыстық қуғын-сүргін шараларын үнемдеу мақсатында қоғамнан оқшаулауға байланысты емес қылмыстық-құқықтық шараларды неғұрлым кеңінен қолдануға жағдай жасау қажет.

Бұл ретте заңнамада және сот тәжірибесінде қылмыстық-құқықтық ықпал ету түрі мен шараларын таңдау ең алдымен, оның нақты бір тұлғаға қатысты неғұрлым ықтимал тиімділігі туралы деректер есебіне негізделетін тұжырымдар әзірленуге тиіс. Сонымен қатар соттардың бас бостандығынан айыруға балама шараларды неғұрлым белсенді қолдануы үшін олардың орындалу тиімділігін арттыру қажет, ол үшін осындай шаралардың орындалуына жауапты мамандандырылған органды институционалдық дамыту талап етіледі.

Бас бостандығынан айыру қылмыстық жазалау түрінің әлі де болса негізгі түрі болып қалғанын ескере отырып, жазалау жағы басым болып отырған бас бостандығынан айырудың тәрбиелік жағын күшейтетін шараларды қабылдау қажет. Атап айтқанда, жазаларды орындауды даралау принципі негізінде сотталғандарды ұстауды, оларға түзеу-тәрбиелік ықпал етудің түрлері мен әдістерін одан әрі дамыту қажет. Бас бостандығынан айырылғандарды қоғамдық пайдалы еңбекке және/немесе оқытуға, әлеуметке қосу, оның ішінде есірткіге қарсы, алкогольге қарсы мазмұндағы әлеуметтік бағдарламаларға тарту арқылы не әлеуметтік белсенді қызметтің өзге түрлерімен жұмыспен қамту проблемаларын шешу өзекті болып табылады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі тәртіпті сақтауға қойылатын жоғары талаптарды сақтаумен және қамтамасыз

етумен қатар қылмыстық жазаларды орындау (өтеу) процесін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесі персоналының мәртебесін арттыру және оларды әлеуметтік-құқықтық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту қажет.

Бұлармен қоса, бас бостандығынан айыру орындары үшін жеке адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жазаның осы түрін өтеп жатқан адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы маңызды болып табылады. Бұл саладағы неғұрлым перспективалы бағыттардың ішінде ұстаудың камералық тәртібіне біртіндеп көшіру қажет, бұл ретте сотталған адам күндізгі уақытта мекеме шегінде жүріп-тұру және жеке қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие бола отырып, түнгі уақытта бөлек үй-жайға қамалады.

Қазақстандағы қолданыстағы заңнама сотталғандарды камералық ұстау режимінің әрекет етуі үшін қолданылатын нормаларды қамтиды. Қазіргі таңда мұндай мекемелер Алматы, Атырау, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында қызмет етеді. Бүгінгі күні сотталғандарды камералық ұстау режиміне бағыт алынды, себебі бұл халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және адам тұлғасын, оның жеке даралығын сақтау үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, сотталғандарды камералық ұстау режимі кезінде бас бостандығынан айыру орындарына алғаш рет келіп түскен адамдардың санасына теріс ой-пікірлі сотталғандардың ықпалы төмендейді.

Айыптыларды жазалау және олардың жазаларын өтеу кезеңіндегі құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы жөнінде қоғам мен мемлекет мүдделері арасындағы теңгермені сақтауға, дамуына баса назар аудару қажет болатын қоғамдық бақылаудың белгіленген тетіктері көмектеседі. Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарға медициналық қызмет көрсетудің, әсіресе қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамдар ауруларының профилактикасы жүйесінің сапасын арттыру да маңызды болып табылады.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды толыққанды қоғам мүшесі ретінде әлеуметке қосу аясындағы тұтас мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі шаралар қажет. Жалпы алғанда қылмыстық жазаларды

атқару жүйесін жалпыға бірдей халықаралық стандарттарға одан әрі жақындата беру керек.

2007—2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару саясатын жетілдіру концепциясында жазаларды атқару кезінде жаңа көзқарастарды пайдалану қажеттілігі туралы баса көрсетілген. Жазаларды атқаруды ізгілендіру, сотталғандарды әлеуметтік оңалту, тұлғаның әлеуметтік деформациялануын жою, оларды бостандықтағы өмірге даярлау, сотталғандардың адамдық қасиетін кемсітпейтіндей ұстау жағдайларын қамтамасыз ету, сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету кепілдіктерін күшейту — басты артықшылықтар ретінде қарастырылуы тиіс ¹.

Ең төменгі стандарттық ережелер мынадай талаптарды қамтиды:

— Камераларда немесе бөлмелерде конатын жерлерде әрбір сотталған адамның жеке камерасы немесе бөлмесі болуы тиіс. Егер ерекше себептер бойынша, мысалы түрмедегі адамдардың саны шамадан тыс болса, онда түрменің орталық басқармасы бұл ережені қолданудан бас тартады. Дегенмен сотталған екі адамды бір камераға немесе бөлмеге орналастыруға жол берілмейді;

— Жалпы камераларға орналастыру кезінде сотталғандарды мұқият тексеріп, олардың осындай жағдайларда бірге тұра алу қабілетін тексерген жөн. Түнгі уақытта ғимараттың сипатымен сәйкес келетін тұрақты бақылау-қадағалау жүргізіп отыру қажет;

— Сотталғандардың пайдаланатын барлық үй-жайлары, әсіресе, ұйықтауға арналған үй-жайлары барлық санитарлық талаптарға сай келуі тиіс, бұған қоса климаттық жағдайларға, осы үй-жайлардың көлеміне (кубатурасына), төменгі мөлшеріне, жарықтандыруына, жылу жүйесіне және желдету жүйесіне баса назар аудару қажет;

— Сотталғандар тұратын және еңбек ететін үй-жайларда терезелердің көлемі жеткілікті өлшемде болып, сотталғандардың күндізгі жарықта еркін жұмыс істеп, оқи алатындай болуы қажет. Сонымен қатар желдету жүйесінің болу-болмауына байланыссыз таза ауаның келуі қамтамасыз етілуі тиіс; ал қолдан жасалған

¹ Концепция совершенствования уголовно-исполнительной политики в Республике Казахстан на 2007—2015 годы, одобренная Указом Президента РК от 25 сентября 2006. № 906 // справочная правовая система ЮРИСТ.

жарық жүйесі сотталғандардың көру қабілетіне қауіп келтірмей оқуға не жұмыс істеуге жеткілікті болуы қажет;

— Өзіне қажет болған жағдайда табиғи қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тазалық жағдайында санитарлық құрылғылар алуы қажет;

— Әрбір сотталғанның өзіне сәйкес келетін температурада, сонымен қатар жиі-жиі шомылуға және душта жуынуға мүмкіндігі болатындай жеткілікті дәрежедегі моншасы мен душтары болуы қажет; сол сияқты жалпы гигиена жағдайлары талап ететіндей және жыл мезгілі мен географиялық аудан ерекшеліктерін ескере отырып, барлық жағдайларға сәйкес болуы қажет;

— Сотталғандардың жиі пайдалануындағы ғимараттың барлық бөліктері тиісті тәртіпте және қатаң тазалық жағдайларында болуы тиіс;

— Азаматтық үлгідегі киім киюге құқықтары жоқ сотталғандарға сол аумақтың климатына сәйкес келетін және олардың денсаулығын қанағаттанарлық жағдайда ұстауға мүмкіндік беретін киім-кешек берілуі тиіс. Бұл киім адамды қорлайтындай, қадір-қасиетін төмендететіндей болмауы тиіс;

— Киім-кешек таза және бүтін болы қажет. Киімді жуу мен таза заттарды беру гигиена талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс;

— Билік органдарының рұқсатымен сотталған адам ғимараттан кететін ерекше жағдайларда, ол өз киімін киюге немесе айқын көзге түсетін киім кимеуі тиіс;

— Әрбір сотталған адамға ұлттық немесе жергілікті нормаларға сәйкес, ұйқыға арналған жабдықтары бар жеке төсек берілуі қажет, ұйқыға арналған жабдықтар берген сәтте таза, бүтін болуы тиіс және олардың тазалығын қамтамасыз ету үшін жиі-жиі ауыстырылуы қажет;

— Түрме басқармасы әдеттегі уақытта әрбір сотталғанға оның денсаулығы мен күшіне қажетті, жоғары сападағы, дәмді дайындалған және тиісті дәрежеде ұсынылған тағамдармен қамтамасыз етуі тиіс;

— Әрбір сотталған адамның өзіне қажет болғанда ауыз суға қолы жетімді болуы тиіс.

Осындай ұқсас талаптар медициналық қызмет көрсету, дене жаттығулары үшін қажетті бөлмелер, құрылғылар және жабдықтармен қамтамасыз ету, хат жазысу немесе кездесу тәртібінде өз отбасыларымен қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне де қатысты

белгіленген. Сотталған шетел азаматтары өз елінің дипломатиялық және консулдық мекемелерімен байланыс жасауға тиімді мүмкіндігі болады.

Қандай да бір діни нанымға тиесілі сотталғандар бір ғимаратта ұсталатын жағдайда, оларға осы діннің білікті қызметшісін тағайындауға немесе сотталғандарға тиісті діни жоралғылары мен ғұрыптарын жүзеге асыруға мүмкіндік беруге ұсыныс жасалады.

Осылайша, бас бостандығынан айырылып, түзеу мекемелерінде жаза өтеп жатқан адамдарға қатысты олардың құқықтары қалай жүзеге асырылуы тиіс екендігі туралы негізгі талаптар халықаралық құжаттарда көрініс табады.

9.2. Соттың үкімдері мен қаулыларын орындау кезіндегі азаматтың құқықтары

Қылмыстық қудалаудан қорғану құқығының конституциялық негізін — қылмыстық іс жүргізу мағынасында адамның арнайы қорғану құқығын кінәсіздік презумпциясы қағидасы заң арқылы былай белгіленген: «Адамның кінәлі екендігі заңда белгіленген тәртіппен және заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша кез келген адам жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі».

Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Айыпталушының кінәлілігіне сейілмеген күдік оның пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңын қолдану кезінде пайда болған күмәндар да айыпталушының пайдасына шешілуі тиіс. Айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол ақиқат дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс.

Қылмыстық сот ісін жүргізу нормаларына сәйкес, айыпталушы заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыты мен мүмкіндігінің болуына құқылы. Айыпталушының басқа құқықтармен қатар айғақ беруге және ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге және түсінісуге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; қорғаушысының болуына құқығы бар.

Сот үкімі шыққаннан кейін сотталған адамның сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер беруге;

соттың үкіміне, қаулысына, судьялардың қаулыларына шағым жасауға және шағымдалған шешімдердің көшірмелерін алуға құқығы болады. Сонымен қатар сотталған адам іс бойынша келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылықтар беруге, сондай-ақ келтірілген шағымдар мен наразылықтардың сотта қаралуына қатысуға құқығы бар.

Қорғаушы ретінде адвокат қатысады. Қорғаушының сот мәжілісінің хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер беруге, процессуалдық құжаттардың көшірмелерін алуға; қылмыстық істі жүргізуші тұлғаның және қылмыстық процеске қатысушы өзге тұлғалардың заңсыз әрекеттеріне қарсылық білдіруге, осы қарсылықтарды процессуалдық құжаттарға енгізілуін талап етуге; прокурор мен соттың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдануға және оларды қарауға қатысуға; қорғаудың кез келген әдістері мен тәсілдерін пайдалануға құқықтары болады.

ҚР ҚІЖК-нің 396-бабына сәйкес, үкімге, қаулыға апелляциялық шағымдану құқығы сотталған адамға, ақталған адамға, олардың қорғаушыларына, өкілдеріне және заңды өкілдеріне, жәбірленушіге (жеке айыптаушыға), олардың өкілдері мен заңды өкілдеріне тиесілі. Азаматтық талап қоюшы, азаматтық жауапкер, олардың өкілдері мен заңды өкілдері үкімнің азаматтық талап қоюға қатысты бөлігіне шағымдануға құқылы.

Сотталған адам апелляциялық шағымдарды, наразылықтарды үкім қабылдаған сот арқылы береді. Істі екінші қайтара қараған кезде шығарылған үкімге дәл осындай тәртіппен шағым берілуі, наразылық білдірілуі мүмкін. Апелляциялық шағымдар, наразылықтар үкім (қаулы) жарияланған күннен бастап он бес тәулік ішінде берілуі мүмкін, ал қамауда отырған сотталған адам оны өзіне үкімнің (қаулының) көшірмесі табыс етілген күннен бастап нақ сондай мерзімде бере алады. Сот актісіне шағым жасау үшін белгіленген мерзім ішінде іс бірінші сатыдағы соттан талап етіле алмайды.

Мерзімі өткеннен кейін берілген апелляциялық шағым, наразылық қараусыз қалдырылады. Апелляциялық шағым беруге, наразылық білдіруге арналған мерзім дәлелді себептермен өтіп кеткен жағдайда шағым беруге, наразылық білдіруге құқығы бар адамдар үкімді (қаулыны) қабылдаған сотқа өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш жасай алады. Мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті істі басты сот талқылауы кезінде төраға-

лық етуші судья, ал ол ұзақ уақыт бойы болмаған кезде осы соттың басқа судьясы сот мәжілісінде қарайды, ол өтінішті қозғаған адамды түсінік беру үшін шақыртуға құқылы.

Апелляциялық шағым беру және наразылық беру үкімнің (қаулының) заңды күшіне енуін және оның орындалуын тоқтата тұрады. Бірінші сатыдағы сот үкімге (қаулыға) шағымдану, наразылық беру үшін белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін бір тәуліктен кешіктірмей, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің талаптарын орындайды, содан кейін істі келіп түскен шағымдармен, наразылықпен және оларға қарсылықтармен қоса апелляциялық сатыға жібереді және процеске қатысушыларға істің апелляциялық сатыда қаралатын уақыты мен орны туралы хабарлайды. Сот талқылауы барысында шығарылған, үкім шығарумен аяқталған қаулыға шағым, наразылық берілген жағдайда іс үкімге шағымдану үшін белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін ғана жоғары тұрған сот сатысына жіберіледі. Үкімге (қаулыға) шағымданған, наразылық берген тұлға өзінің шағымын, наразылығын апелляциялық сатыда сот отырысы басталғанға дейін кері қайтарып алуға құқылы. Прокурордың наразылығын да жоғары тұрған прокурор кері қайтарып алуы мүмкін.

Бірінші сатыдағы соттың қаулысына жеке шағым, наразылық жоғары тұрған сотқа шағымданатын шешім шығарылған күннен бастап он бес тәулік ішінде беріледі және апелляциялық іс жүргізу ережелері бойынша қаралады. Қарау нәтижелері бойынша шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру туралы не шағымданған шешімді жою немесе өзгерту туралы қаулы шығарылады.

Заң соттың үкіміне (қаулысына) *кассациялық тәртіпте* шағым берудің жалпы шарттарын белгілейді. Кассациялық сатыдағы сот үкімді (қаулыны) шығарған соттың қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормаларын сақтауын тексереді және соның негізінде үкімнің (қаулының) заңдылығын, негізділігін және әділдігін тексереді. Іс кассациялық шағыммен немесе наразылықпен бірге келіп түскен кезде сот төрағасы немесе оның тапсырмасы бойынша алқа төрағасы істерді бөлу тәртібіне сәйкес істің қаралатын күнін белгілеп, оны судьяға оқып танысуы үшін береді.

Тараптарға істің кассациялық сатыда қаралатын уақыты мен орны туралы хабарланады. Күзетпен ұсталып отырған сотталған

адамды шақырту туралы мәселені кассациялық сатыдағы сот шешеді. Күзетпен ұсталып отырған сотталған адамнан оның жағдайын нашарлатуға бағытталған шағымды немесе прокурордың наразылығын қарау кезінде кассациялық сатының сот отырысына қатысу туралы өтініш түскен кезде, кассациялық сатыдағы сот істі сотталған адамның тікелей қатысуымен не аталған адамның қашықтан қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып қарау туралы қаулы шығарады, оны орындау үшін тиісті органдарға жібереді.

Кассациялық отырыстың орны мен уақыты туралы уақтылы хабардар етілген тұлғалардың келмеуі істі қарауға кедергі болмайды. Кассациялық сатыдағы соттың отырысына прокурордың қатысуы міндетті.

Кассациялық шағымдар, наразылықтар келтіру құқығы бар тұлғалар, сондай-ақ үкім (қаулы) шығарылғаннан кейін тапсырма алған сотталған (ақталған) адамның қорғаушысы немесе жәбірленушінің өкілі кассациялық сатыдағы соттың отырысына барлық жағдайда жіберіледі. Оларға өздерінің өтініштері бойынша берілген шағымдарды немесе наразылықтарды не оларға қарсылықтарды негіздеп сөйлеу үшін сөз беріледі.

Аудандық және оларға теңестірілген соттар, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сот, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот, гарнизонның әскери соты, облыстық соттың апелляциялық сатысы шығарған бірінші сатыдағы сот үкімдері, егер оларға шағым жасалмаса немесе наразылық берілмесе, тиісінше апелляциялық немесе кассациялық шағымдану немесе наразылық беру мерзімі өткен соң заңды күшіне енеді және орындалуға жа-тады.

Іс апелляциялық, кассациялық сатыда қайта қаралған жағдайда егер үкім бұзылмаса, ол апелляциялық немесе тиісінше кассациялық қаулы шығарылған күні күшіне енеді. Егер апелляциялық, кассациялық шағымдар, наразылық апелляциялық немесе кассациялық сатыдағы сот отырысы басталғанға дейін кері қайтарып алынса, үкім көрсетілген сатылардың шағымның, наразылықтың кері қайтарып алынуына байланысты іс жүргізудің қысқартылғаны туралы қаулылары шығарылған күні заңды күшіне енеді.

Бірінші сатыдағы сот, үкім заңды күшіне енген немесе іс апелляциялық сатыдағы соттан қайтарылған күннен бастап үш тәуліктен кешіктірмей үкімді орындауға кіріседі. Егер сот ақтау үкімін шығарса не сотталушы адам жаза тағайындалмай сотталса немесе жазадан босатылса не бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға кесілсе, ал үкім шығарылғанға дейін ол күзетпен ұсталған болса, мұндай шешім шығарған сот оны дереу күзетпен ұстаудан босатады.

Бірінші сатыдағы соттың қаулысы шағымдану немесе наразылық білдіру мерзімі өткен соң не жеке шағым жасалған немесе наразылық білдірілген жағдайда, істі жоғары тұрған сот қарағаннан кейін заңды күшіне енеді және орындалады. Соттың шағымдануға немесе наразылық білдіруге жатпайтын қаулысы ол шыққаннан кейін дереу күшіне енеді және орындалады. Заңды күшіне енген соттың үкімі мен қаулысы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, заңды тұлғалардың, лауазымды адамдардың, азаматтардың бәріне бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сөзсіз орындалуға жатады. Соттың үкімін, қаулысын орындамау қылмыстық жауапкершілік жүктейді.

Үкім мен қаулыны орындауға кірісу бірінші саты бойынша істі қараған сотқа жүктеледі. Үкімді орындау туралы өкімді судья үкімнің көшірмесімен бірге қылмыстық-атқару заңдарына сәйкес үкімді орындау міндеті жүктелген органға жібереді. Апелляциялық сатыдағы сотқа қамауда ұсталған адамдарға қатысты істі апелляциялық тұрғыда қараудың нәтижелерін хабарлау міндеті жүктеледі. Істі апелляциялық тәртіппен қарау кезінде үкім өзгерген жағдайда үкімнің көшірмесіне апелляциялық саты қаулысының көшірмесі қоса тіркелуге тиіс.

Егер үкімде сотталушыны Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасынан, Қазақстан Республикасының Президенті берген құрметті, әскери, арнаулы немесе өзге атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен немесе біліктілік сыныбынан айыру туралы мәселені қою қажеттігі көрсетілсе, үкімді шығарған сот Қазақстан Республикасының Президентіне сотталушыны мемлекеттік наградасынан, көрсетілген атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен немесе біліктілік сыныбынан айыру туралы ұсынысты, сондай-ақ үкімнің көшірмесі мен оның заңды күшіне енуі туралы анықтаманы жолдайды.

Үкімді орындаушы органдар оның орындалғаны жайында үкімді шығарған сотқа дереу хабарлайды. Түзеу мекемесінің әкімшілігі үкім шығарған сотқа сотталушының жазасын өтеу орны туралы хабарлауы тиіс. Апелляциялық сатының үкімін орындау туралы хабарлама бірінші сатыдағы тиісті сотқа жіберіледі.

Қамауда ұсталған сотталушы қамауға немесе бас бостандығынан айыруға кесілген үкім заңды күшіне енгеннен кейін қамау орнының әкімшілігі сотталушының отбасын жазаны өтеу үшін оның қайда жіберілетіні туралы хабардар етуге міндетті. Үкім орындалғанға дейін іс бойынша төрағалық етуші немесе сот төрағасы қамауда ұсталып отырған сотталушының еріне (зайыбына), жақын туыстарына олардың өтініші бойынша сотталушымен жүздесу және телефон арқылы сөйлесу мүмкіндігін беруге міндетті. Азаматтық талап қанағаттандырылған жағдайда сот атқарушысы азаматтық талапкерді үкімнің орындалғаны туралы хабардар етеді.

Адамды қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тартуға, бас бостандығын шектеуге, қамауға немесе бас бостандығынан айыруға соттау туралы үкімді орындау мынадай негіздердің бірі болған кезде: 1) жазаны өтеуге кедергі келтіретін, сотталушының ауыр сырқаты болса,— ол сауығып кеткенге дейін; 2) сотталған әйелдің жүкті болуы немесе сотталған әйелдің жас балалары болса — Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабында көзделген тәртіпте; 3) өрт немесе кездейсоқ апат, отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше жағдаяттардың салдарынан, сотталған адам немесе оның отбасы үшін жазаны дереу өтеуі аса ауыр зардапқа әкеліп соқтыруы мүмкін болса, сот белгілеген алты айдан артық емес мерзімге, ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 74-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдарға қатысты — үш айдан артық емес мерзімге кейінге қалдырылуы мүмкін.

Айыппұл төлеу, егер оны дереу төлеу сотталушы үшін мүмкін болмаса, алты айға дейін мерзімге кейінге қалдырылуы немесе бөліп өтелуі мүмкін. Үкімді орындауды кейінге қалдыру туралы мәселені сотталушының, оның заңды өкілінің, жақын туыстарының, қорғаушысының өтініші бойынша не прокурордың ұсынуы бойынша немесе өз бастамашылығымен сот шешеді.

Сотталған адам заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларды *қадағалау тәртібінде* қайта қарау туралы өтініш жасауға құқылы.

Заңды күшіне енгеннен кейін:

1) бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың үкімдері мен қаулылары;

2) кассациялық сатыдағы соттың қаулылары сот қадағалау тәртібімен қайта қаралуы мүмкін.

Заңды күшіне енген айыптау үкімін сотталушының кінәсіздігі себептері бойынша, сондай-ақ неғұрлым жеңіл қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігіне байланысты, жазаның қатаң болғаны үшін немесе сотталушының жағдайын жақсартуға әкеп соғатын өзге де негіздер бойынша қайта қарау туралы өтініш, наразылық беру мерзімімен шектелмейді.

Соттың заңды күшіне енген үкімнің, қаулысының күші жойылуы және іс бойынша *жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты* іс жүргізу қайта басталуы мүмкін.

Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың негіздері:

— соттың заңды күшіне енген үкімінде анықталған жәбірленушінің немесе куәгердің айғақтарының, сарапшы қорытындысының көпе-көрінеу жалғандығы, сондай-ақ заңсыз немесе негізсіз үкім не қаулы шығаруға әкеп соққан заңсыз немесе негізсіз үкім не қаулы шығаруға әкеп соққан заттай айғақтардың, тергеу және сот іс-әрекеттері хаттамаларының және өзге де құжаттардың жалғандығы немесе аударманың көре-көрінеу бұрыс жасалуы;

— соттың заңды күшіне енген үкімінде анықталған анықтаушының, тергеушінің немесе прокурордың заңсыз және негізсіз үкім, қаулы шығаруға әкеп соққан қылмыстық іс-әрекеттері;

— соттың заңды күшіне енген үкімінде анықталған судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған қылмыстық іс-әрекеттері;

— заңда көзделген тәртіппен тексеру немесе тергеу арқылы анықталған және прокурордың қорытындысында баяндалған, үкім шығару кезінде сотқа беймәлім болған өзге де мән-жайлар сотталушының айыпсыздығы туралы немесе оның ауырлық дәрежесі жөнінен өзі сотталғаннан гөрі өзге қылмыс жасағаны туралы не ақталған адамның немесе өзіне қатысты іс тоқтатылған адамның айыптылығын өз алдына немесе бұрын анықталған мән-жайлармен бірге айғақтайтын ұйғарымдар;

— өзіне қатысты осы Кодекстің 315-бабы екінші бөлігінің 2) тармағында белгіленген тәртіппен іс қаралған сотталушының, ол қылмыстық процесті жүргізуші органға келген жағдайда ерік білдіруі;

— Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің соттың сот актісін шығару кезінде қолданған заңын конституциялық емес деп тануы болып табылады.

Осылайша, қылмыстық сот ісін жүрізудің қағидалары әрбір қылмыстық істі жан-жақты және объективті қарауды қамтамасыз етеді, себебі тұлғаға айып тағудың негізділігін тексеру сот ісін жүргізудің барлық инстанцияларында жүзеге асырылады.

9.3. Бас бостандығынан айыру орындарында адам құқықтарын қамтамасыз ету

1997 жылғы 13 желтоқсандағы *Қылмыстық-атқару кодексі* сотталғандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін құрметтейді және қорғайды, сотталғандарды түзеу үшін қажетті жағдайларды, әлеуметтік әділеттілік кепілдерін, жазаларды атқару барысында олардың әлеуметтік, құқықтық және өзге қорғалуын қамтамасыз етеді.

Сот үкімі заңды күшіне енген сәттен бастап, мемлекет қылмыстық жазаларды атқаратын тиісті мекемелері және органдары арқылы сотталғандарға белгілі бір жазаға тән құқықтық шектеулерді және түзету ықпалының шараларын қолдануға құқықты иеленеді. Сотталғандарға қатысты қолданылатын аталған құқықтық шектеулердің көлемі оның жынысына, азаматтығына, жасына, жазасының түріне, алдыңғы соттылығының болу-болмауына байланысты болады. Сотталғандардың құқықтары мен бостандықтары тек сот үкімі бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген ретте ғана шектелуі мүмкін. Мемлекет сотталғандардың, олардың туыстарының, заң қатынастары арқылы байланысты болатын жақын жеке және заңды тұлғаларының құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауға кепілдік беруі тиіс.

Қазақстанның тәуелсіздігі кезеңінде енгізілген жаңалық — *пенитенциарлық жүйені* Ішкі істер министрлігінен Әділет министрлігіне беру болып табылады. 2001 жылы Қазақстан Орта

Азия мемлекеттері ішінен бірінші болып қылмыстық-атқару жүйесін азаматтық министрлік — Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің ведомстволығына ауыстырды.

Алайда 2011 жылғы 26 шілдедегі ҚР Президентінің *«Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесі туралы» Жарлығымен* қылмыстық-атқару саласындағы Әділет министрлігінің функциялары мен өкілеттігі қайтадан Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне қайтарылды.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы істің мән-жайы әрқашанда қоғамның басты назарында болған, сондықтан қылмыстық-атқару жүйесін Әділет министрлігінен ПМ-не қайта беру туралы шешім сотталғандардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету бөлігінде үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) тарапынан көптеген даулар мен күмәнді тудырды. Қоғамдастықтың бірқатар өкілдері және осы саланың мамандары қылмыстық-атқару жүйесін Ішкі істер министрлігінің бақылауына қайтару — Қазақстанның демократиялық реформалар бағытынан ауытқуы туралы куәландырады және қылмыстық юстициядағы халықаралық стандарттарға қайшы келеді деп есептейді. Олардың пікірі бойынша, жазаларды атқару қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын ведомствоның құзыретінде болмауы тиіс.

Республика Президентінің пікірі бойынша, қылмыстық-атқару жүйесі комитетін (ҚАЖК) өз уақытында Әділет министрлігіне беру қателік болды деп есептейді, бұл жөнінде ол 2011 жылдың 1-қыркүйегінде өткізілген Парламент Палаталарының бірлескен отырысында мәлімдеген болатын. Шын мәнінде де соңғы жылдары ереуілдер, қашу мен жарылыстар жиілеп кетті.

Негізінен алғанда қылмыстық-атқару жүйесін ПМ-нің қарамағына қайтару сотталғандардың құқықтарын қамтамасыз етуге әсер етпеуі тиіс. Расында да сотталғандармен жұмысты бұрын ҚАЖК құрамында еңбек еткен қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері жалғастыруда. Бұдан басқа, Қазақстанда адам құқықтарын қорғауға қатысты әрекет ететін ережелерді тиімді жүзеге асыруға, сондай-ақ халықаралық нормалар мен стандарттардың орындалуына мүмкіндік беретін ішкі ұлттық заңнамалық тетіктер қалыптасты. Адам құқықтарын қорғау саласындағы барлық қажетті құқықтық тетіктер бар — Омбудсмен институты, Президенттің жанындағы адам құқықтары жөніндегі комиссия, бас бостандығынан айыру орындарындағы заңдылықты

прокурорлық қадағалау. Сондықтан қылмыстық-атқару жүйесін Әділет Министрлігінен ІІМ-нің қарамағына қайта қайтару азаматтардың конституциялық құқықтарын еш шектемейді.

Ең бастысы — түзеу мекемелері органдарының қызметкерлері тарапынан сотталғандарға қатысты жағымсыз қарым-қатынасты жою. Жаза атқару жағдайларын жасау, адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз ету, бас бостандығынан айыру орнынан босағаннан кейін азаматтардың әлеуметтік бейімделуіне көмектесу процесіндегі қоғамдық ұйымдардың рөлін тағы да көтеру қажет.

2009 жылдың 1-қаңтарындағы мәліметтерге сәйкес, сотталғандардың және тергеудегі қамаудағылардың саны 63 848 адамды құрады.

Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің құрылымына 15 аумақтық басқарма, 73 түзеу мекемесі, 20 тергеу изоляторы¹, 218 қылмыстық-атқару инспекциясы, 3 республикалық мемлекеттік кәсіпорны, бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамдар үшін 2 республикалық оналту орталықтары, ҚАЖ Комитетінің Академиясы және Павлодар заң колледжі кіреді.

Мемлекеттердің әлемдік рейтингінде түрме халқының индексі бойынша Қазақстан бұрын ең жоғарғы орындарды иеленген. Қылмыстық заңнаманы ізгілендіруге бағыт алған соң ол түрме халқы тығыздығының төмендеуіне әкелді.

Ізгілендіру туралы қол қойылған заңдар бас бостандығынан айыруға сотталатын тұлғалардың санын едәуір азайтты. Тек 2011 жылдың басынан бері бас бостандығынан айыру орындарынан 1267 адам босап шықты, 664 сотталғандарға жаза мерзімі қысқартылды, 335 сотталған адамдарға балама жаза шаралары қолданылды, 3562 адам мерзімінен бұрын босатылды. Мемлекет тәуелсіздігінің 20-жылдығына орай жүргізілуі жоспарланып отырған рақымшылық актісі де оң жағынан ықпал ететіні күмәнсіз, рақымшылық нәтижесінде 13 мыңға жуық сотталған адамдардың (азаматтардың әлеуметтік мұқтаж санаттары, кәмелетке толмағандар, кәмелетке толмаған балалары бар әйелдер, зейнеткерлер мен мүгедектердің) босатылуы күтілуде.

Қабылданған шаралардың арқасында 2011 жылдың ортасына таман олардың саны 53 мың адамға дейін азайды. Олардың қатарында — бас бостандығынан айыруға сотталған 46,5 мың адам

¹ Вебсайт www.prisonstudies.org Қазақстанская правда. 2010. 19 қаңтар.

және тергеуде қамаудағы адамдар 6,5 мың адам. Сотталғандардың көпшілік бөлігі 88%-ға жуығы ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін жаза өтеп жүргендер. Сонымен қатар бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаның өзге түрлеріне сотталған 19 мың адам қылмыстық-атқару инспекциясының есебінде тұр. Оларға шартты түрде сотталған адамдар да жатқызылады.

Бас бостандығынан айырылған барлық тұлғалар ізгілікті қарым-қатынасқа және адамдық тұлғаға тән қадір-қасиетін құрметтетуге құқылы болады, сондықтан Қазақстан Республикасындағы пенитенциарлық жүйені халықаралық нормалар мен стандарттарға неғұрлым жақындату жөнінде іс-шаралар қабылдануда.

Соңғы онжылдық ішінде қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіру шегінде Қазақстан Республикасында бірқатар бағдарламалар жүзеге асырылды. Осылайша, сотталғандардың құқықтары едәуір кеңейді, олардың әлеуметтік және құқықтық қорғалуы неғұрлым тиімді болды, жазаларды атқарудың прогрессивті жүйесі заң жүзінде бекітілді, түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының материалдық-техникалық базасы күшейтілді, түрме халқының тығыздығы азайды. Хат жазысуға, сағат тағуға, бос уақытта спорттық үлгідегі киім киюге қатысты негізсіз шектеулер мен тыйым салулар алынып тасталды. Камералардағы терезелер кеңейіп, күндізгі жарық пен таза ауаның келуін қамтамасыз ету мақсатында темір жалюзилар алынды, ағаш едендер салынды. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын тұлғалар өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы тұрақты түрде хабардар етіледі. Құқықтар мен міндеттер туралы ақпараттандырудың нысаны — сотталғандарға жаднамалық қағаздар беру, заңнама талаптары мен жалпыадамдық құндылықтарды түсіндіретін көрнекі ақпарат болып табылады.

Сезіктілерге, айыпталушыларға және сотталғандарға діни дәстүрлерге сәйкес осы мақсатта бөлінген тиісті үй-жайларда діни ғұрыптарды жүзеге асыруға мүмкіндік беріледі. Жазаны атқарушы мекемелерде сотталғандарға заңда тыйым салынбаған діни ғұрыптарды орындауына, табыну заттары мен діни әдебиетті пайдалануына рұқсат етіледі. Рухани көмек көрсету үшін дін қызметшілерін шақыруға рұқсат етіледі.

Қазіргі таңда қылмыстық-атқару жүйесінің барлық түзеу мекемелерінде мешіттер мен шіркеулердің 34 ғимараты, алуан түрлі

конфессиялардың 145 сыйыну бөлмелері жұмыс істейді. Түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында ұсталатын тұлғалардың қылмыстық-атқару жүйесі қызметіндегі құқықтарының сақталуын қамтамасыз етудің құқықтық аспектісін реттеу мақсатында пенитенциарлық жүйенің қызметіне азаматтық қоғамның қатысуын кеңейту жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

Атап айтсақ, 2004 жылдың 29 желтоқсанында «Әділет органдарының мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылды, бұған сәйкес қылмыстық жазаларды атқаратын мекемелер мен органдарда ұсталатын тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерінің қамтамасыз етілуіне қоғамдық бақылауды ұйымдастыру тәртібі қарастырылады.

Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін республиканың 15 облысында қоғамдық байқау комиссиялары құрылған. Олардың қызметі адам құқықтарын сақтау мәселелері бойынша әртүрлі іс-шаралар, семинарлар жүргізу түрінде қылмыстық-атқару жүйесінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара тікелей байланыста жүзеге асырылады. Бұған қоса, сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру мақсатында қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне тұрақты түрде барып, тиісті ұсыныстар жасалуда¹.

Заңға сәйкес, сотталғандардың сот тағайындаған жаза түрін өтеудің тәртібі мен жағдайлары, өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат алуға құқығы бар. Ақпаратты жазаны атқарушы мекеме немесе орган береді. Сотталғандар жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне, жазаны атқарушы мекемелер мен органдардан жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, мемлекеттік өкімет органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша және жазбаша ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдануға құқылы.

Сотталғандар түсініктеме беруге және хат алысуға, сондай-ақ ана тілінде немесе өзі білетін кез келген басқа тілде ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдануға, қажет болған жағдайларда аудармашының қызметін пайдалануға құқылы. Сотталғандарға

¹ <http://www.humanrights.kz/other/105.php>.

жауап өтініш жасаған тілінде қайтарылады. Өтініш жасаған тілде жауап қайтаруға мүмкіндік болмаған жағдайда ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде немесе ресми қолданылатын орыс тілінде беріледі.

Жазасын өтеген және сотталуына байланысты атқарып жүрген қызметінен босатылған адамдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еңбекке және тұрмыстық жағынан орналасуға, әлеуметтік көмектің басқа түрлерін алуға құқығы бар. Жазасын өтеп жүрген адамдардың қызметкерлер тарапынан сыпайылық көру құқығы бар. Олар қатаң немесе адамшылық қасиетін қорлайтындай қарауға ұшыратылмауға тиіс. Сотталғандарға мәжбүрлеу шаралары заң негізінде ғана қолдануға болады.

ҚР ҚАК-нің 11-бабына сәйкес, Сотталғандардың және басқа адамдардың тарапынан сотталушының жеке басына қарсы қылмыс жасау қаупі туындаған кезде, ол бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқарушы мекеменің кез келген лауазымды адамына өзін мұндай қатер жоқ қауіпсіз орынға ауыстыру туралы өтініш жасауға құқылы. Бұл жағдайда лауазымды адам сотталушыны қауіпсіз орынға ауыстыру жөнінде дереу шаралар қолдануға міндетті.

Ерекше режимдегі колониялардың карцерлерінде, жалғыз адамдық камераларында, айыптық және тәртіптік оқшаулау орындарында, сондай-ақ камералық үлгідегі үй-жайларда ұсталатын сотталғандарға діни қызметшілер жіберіледі, бұл орайда олардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарт. Ауыр науқасты сотталғандарға, сондай-ақ өлім жазасына кесілгендерге үкімді орындау алдында олардың өтініші бойынша діни қызметшілер шақырылып, осы жағдайда қажетті барлық діни ғұрыптарды жасау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Діни ғұрыптарды орындау ерікті болып табылады. Ол ішкі тәртіпті бұзбауға, сондай-ақ жазасын өтеуші басқа адамдардың құқықтарына нұқсан келтірмеуге тиіс.

Сотталғандардың ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың әкімшілігі қарайды. Гауптвахтада ұстауға, бас бостандығынан айыруға, өлім жазасына сотталғандардың жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне, жазаны атқарушы мекемелер мен органдардан жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, мемлекеттік өкімет органдарына, қоғамдық

бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға жолданған ұсыныстары, арыздары мен шағымдары жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың әкімшілігі арқылы жіберіледі.

Гауптвахтада ұстауға, бас бостандығынан айыруға, өлім жазасына сотталғандардың жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың қызметін бақылау мен қадағалауды жүзеге асырушы органдарға жолданған ұсыныстары, арыздары мен шағымдары цензураға жатпайды және бір тәуліктен кешіктірілмей (демалыс және мереке күндерін қоспағанда) тиісті жеріне жіберіледі. Сотталғандардың жазаны атқарушы мекемелер мен органдар әкімшілігінің шешімдері мен іс-әрекеттері жөніндегі ұсыныстары, арыздары мен шағымдары бұл шешімдер мен іс-әрекеттердің атқарылуын тоқтатпайды. Органдар мен лауазымды адамдар өздеріне сотталғандар жолдаған ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімдерде қарап, қабылданған шешімдерді сотталғандардың назарына жеткізуге тиіс.

Осылайша, тұтастай алғанда республикада қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазаны өтеудің заңнамамен белгіленген тәртібі мен жағдайларын сақтау қамтамасыз етіледі.

Бақылау сұрақтары

1. Сотталғандардың қандай құқықтары бар?
2. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметі қандай заңнамалық актілермен реттеледі?
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіру концепциясы қашан қабылданды?
4. Сотталғандар үшін оларды ұстаудың ең төменгі стандарттық ережелері қандай?
5. Сотталғандардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін Қазақстанда қандай іс-шаралар қабылданған?

10 ТАРАУ

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР

10.1. ҚР Президенті — адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету кепілдігі

Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету — бұл құқықтық мемлекеттің маңызды міндеті. Оның ерекшелігі — бұл аядағы бақылау мен қадағалауды тек прокуратура мен соттар жүйесі ғана емес, сондай-ақ осы мақсатта құрылатын әкімшілік әділеттің арнайы органдары да жүзеге асыра алатындығында. Бүгінгі таңда құқық қорғау қызметіне мемлекеттік билік тармақтарының барлығы дерлік қатысады. Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғауды сот, прокуратура, адвокатура, адам құқықтары жөніндегі уәкіл, ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары және басқа да ведомстволар — әрқайсысы өз өкілеттіліктері шегінде жүзеге асырады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес *Республика Президенті* халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, *адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілі* болып табылады. Негізгі заңның 40-бабы: «Республиканың Президенті — халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі», — деп жариялайды. Республика Президентінің құқықтарды қорғау функциясының мазмұны ол лауазымына кірісерде беретін антнан нақты көрінеді: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін».

Басқаша айтқанда, Республика Президенті елдегі адам құқықтары мен бостандықтары жөніндегі жағдайды үнемі қадағалап отыруды, олардың бұзылуына уақтылы әсер етуді міндетіне алады. Ол биліктің барлық үш тармағының арасындағы өзара қарым-қатынасында төреші сияқты болып табылады. Ол үшін ең маңыздысы билік тарамақтары арасындағы еңсерілмейтін келіспеушіліктер кезінде саяси дағдарысқа жол бермеу.

Республика Президенті кепілдік функциясын өзінің жеке қызметімен қатар заңдар, жарлықтардың бастамашылығы және оған өзінің құқықтарды қорғау функциясын орындауға мүмкіндік беретін шаралар қолдану арқылы іске асырады. Ол бүкіл мемлекеттік машинаны басқарады, ал ол өз кезегінде Конституциямен ерекше юрисдикциялық кең өкілеттіліктер беруді талап етеді. Атап айтқанда, Президент мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтайды, Парламентке сайлауды тағайындайды, референдум өткізу туралы шешім қабылдайды, заңдарға, халықаралық шарттарға және ратификациялық грамоталарға қол қояды, Президент заң шығару бастамашылығына ие.

Президент Парламент Сенатының келісімімен Ұлттық Банкінің Төрағасын, Республиканың Бас Прокурорын және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды, оларды қызметтен босатады.

Президент Конституциялық Кеңестің төрағасы мен екі мүшесін, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы мен екі мүшесін тағайындайды.

Президент Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Ерекше маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді. Сонымен бірге, ол Қауіпсіздік Кеңесін және өзге де консультативті-кеңесші органдарды, сондай-ақ Қазақстан халықтарының Ассамблеясын және Жоғарғы Сот Кеңесін құрады.

Президент Республика азаматтығы, саяси баспана беру мәселелерін шешеді, мемлекеттік наградалармен наградтайды, құрметті, жоғары әскери және өзге атақтарды, сыныптық шендерді,

дипломатиялық дәрежелерді береді және Республиканың Конституциясымен белгіленген басқа да өкілеттіктерді орындайды.

Президент Парламент қабылдаған заңдарға вето қоюға, Үкіметтің және биліктің атқарушы органдарының барлық нормативті актілерінің күшін жоюға немесе тоқтата тұруға құқылы, Қазақстан аумағында міндетті Жарлықтар мен өкімдер, ал 1995 ж. Конституцияда көзделген жағдайларда — заң күші бар заңдар мен жарлықтар қабылдай алады. Президенттің басқа өкілеттіліктерін 1995 ж. 26 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы анықтайды.

Президенттің Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына кепілдік ету функциясы елдің ең жоғары лауазымды тұлға ретіндегі жағдайымен тікелей байланысты. Осы көпжақты қызметті іске асыруға барлық мемлекеттік органдар — жоғары, орталық және жергілікті — биліктің заң шығарушы, сот және атқарушы тармағына жататындығына қарамастан, қатысады. Президент адамдардың құқықтарын сақтау мен қорғау жөніндегі барлық мемлекеттік органдар мен институттардың қызметтерін үйлестіруді жүзеге асырады.

Әлемдік тәжірибе мемлекет пен оның азаматтарының игіліктері мемлекет басшысымен, егер ол:

— біріншіден, нақты мемлекеттің, оның бірлігінің нышаны болып табылып, жоғары мемлекеттік мүдделерді елдің іші мен дүниежүзілік қауымдастықта өкілдік еткенде;

— екіншіден, осы елдің бүкіл халқын, оның мүдделерін білдіріп, халықтың атынан сөйлегенде, қоғамды біріктіріп, қоғамдық-саяси және мемлекеттік өмірді қалыптастырғанда;

— үшіншіден, елдегі жағдай үшін жеке өзі жауапкершілікте болып, тұрақтылықты қамтамасыз еткенде және мемлекеттің қауіпсіздігі мен оның азаматтарын қорғауды қамтамасыз ету бойынша жедел шаралар қабылдағанда;

— төртіншіден, бүкіл мемлекеттік аппараттың қызметін мемлекеттің конституциялық негіздері мен жеке тұлғаның құқықтары және бостандықтарын қорғауға бағыттағанда;

— бесіншіден, қарапайым азаматтардың мүдделерін «жоғары қорғаушы» болып табылып, азаматтардың құқықтарының бұзылуына уақтылы әсер етіп, шағымдарды қарағанда және жеке тұлғаның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру үшін барлық шараларды қолданғанда пәрменді қорғалатындығын көрсетті.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, республикадағы адамдардың бәрі заң алдында тең және ешкім де шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге қарым-қатынасы, көзқарастары, тұрғылықты жері немесе өзге де жағдайлар бойынша кемсітушілікке жол берілмейтіндігі туралы конституциялық норманың сақталуының кепілі болып табылады. Республикада 130-дан астам ұлттар тұрып жатыр, сондықтан ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету барлық деңгейлерде, соның ішінде заң шығару деңгейінде іске асырылатын маңызды мемлекеттік міндет.

Барлық ұлттардың халқының мемлекеттік өмірге қатысуын қамтамасыз ету үшін көпұлтты мемлекетте тұрып жатқан барлық ұлттар мен ұлыстар өкілдік ететін Қазақстан халықтарының Ассамблеясы сияқты институт құрылған және ойдағыдай жұмыс істеп келеді.

Ассамблеяны құру мен қызметінің құқықтық негіздері Республиканың Конституциясында жарияланған. Парламент Мәжілісінің (төменгі палата) 98 депутатының 9 депутаты Ассамблеямен сайланады. Қазақстан халықтарының Ассамблеясының құқықтық мәртебесін күшейту бойынша заң шығару деңгейінде үнемі шаралар қолданылады. Ұлтаралық келісімді бұзуға жол беретін кезкелген әрекеттер конституциялық емес деп танылады.

Республика Президентінің Жолдауларының маңызы аса зор. Олар міндетті нормативті актілер болып табылмайды, бірақ парламенттің заң шығару қызметіне бағдар ретінде қызмет етеді. Жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғауды жүзеге асыратын органдар жүйесі ішінде Парламенттің, негізінен қажетті заң актілерін қабылдау болып табылатын, заң шығарушы функциясын орындайтын өкілді органның қызметін атап өту керек.

Республика Президенті өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша кепіл функциясын, көбіне, биліктің атқарушы органдары арқылы іске асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі, атқарушы өкімет ретінде, өзінің әкімшілік-атқарушы құрылымы арқылы барлық механизмін — конституциялық нормаларын жүзеге асыру әрекетін жасайды және адам құқығын қамтамасыз ету ісінің жағдайы бойынша негізгі жауапкершілікке жауап береді.

ҚР Президенті мен ҚР Үкіметі Қазақстан Республикасының халықаралық келісім шарттарың орындалуын қамтамасыз ету шараларын қабылдайды, ҚР Конституциясының 4-бабына сәйкес, мемлекетпен бекітілген халықаралық келісім шарттар, оның заң алдында басымдылығы болады, сондықтан тікелей қолданылады, тек халықаралық келісім шартында заң баспасы қажет болмаған жағдайдан басқа кездері. Республикаға қатысты барлық халықаралық келісім шарттар мен заңдар жарияланады. Азаматтың бостандығы мен міндеттеріне қатысты құқықтар бойынша ресми түрде жарияланған нормативті құқықтық актілердің қолданылуы міндетті.

Мемлекет Басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 62 сессиясында Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакттың Факультативті хаттамасына, Қинауға қарсы БҰҰ Конвенциясының Факультативті хаттамасына қол қойды. Қазір аталған Хаттамалар бекітілді және ұлттық заңдар алдында басымдылығы бар. Атап кету қажет, азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт Қазақстан Республикасына ешқандай қарсылықсыз бекітілді, сондықтан ұлттық заңдарында басымдылығы бар. Сондықтанда Пакт нормалары республикамыздың аумағында тікелей қолданылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 2007 жылдың 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының 1984 жылдың 10 желтоқсанында қабылданған қинауға қарсы басқа да дәрекілік, адамгершілік немесе ар намысты қорлайтын түрде үндеу мен жазалау туралы Конвенцияның 21 және 22 баптарында қаралған Комитеттің қинауға қарсы міндеттерін тану туралы № 493 арыз мақұлданды.

Айта кету қажет, Республикамыздың қазіргі Конституциясы 1995 жылы қабылданған, сондықтан халықаралық келісім шарттарды аумақта пайдалану мен қадағалауға байланысты, Қазақстан конституция қабылданбай тұрып қатысушысы болған, және Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің ресми түсінігі бар. 2000 жылдың 11 қазан айындағы №18/2 «4 баптың 3 тармағын ресми түсіндіру жөнінде» қаулыға сәйкес Қазақстан 1995 жылға дейін қатысушысы болған халықаралық келісім шарттар, егер ол заңдармен өзіндік түрде анықталса, онда Қазақстан Республикасы заңдары алдында басымдылығы бар.

Сонымен қатар, Конституциялық Кеңестің 2006 жылғы 18 мамырдағы «ҚР Конституциясының 54 бабының 7 тармақшасын ресми талқылау туралы» қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының халықаралық келісім шарты деп таныған жағдайда немесе Республиканың Конституциясына қарсы ережелер болған жағдайда, Конституцияға келісім шарт толығымен немесе бөлімдері сәйкес келмесе орындауға жатпайды деп танылады.

Қабылданған міндеттемелердің орындалуын бақылау мәселелері, сондай-ақ ҚР Президентінің 1996 жылдың 9 сәуірінде «Жоғарғы және үкіметаралық деңгейде кездесулер мен келіссөздердің барысында қол жеткізілген ҚР халықаралық шарттары мен келісімдерді, сонымен қатар мүшесі ҚР болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдерін іске асыру мәселесі туралы» (өзгерістер мен толықтырулар) жарлығымен № 2940 реттеледі.

Аталған жұмыс бойынша барлық мүдделерін туғызған мемлекет органдарының оны қамтамасыз ету мен үйлестіру мақсатында халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқықтары бойынша Ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді, олардың мақсаты Халықаралық келісім шарттар барысында гуманитарлық құқықтар жүйесінде Үкімет үшін қарастыру және ұсыныстар жасау. Комиссия 2003 жылдың 9 желтоқсанын ҚР Үкіметінің «Адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттар мен халықаралық гуманитарлық құқық бойынша Ведомствоаралық комиссия құру туралы» №1251 қаулысымен құрылды.

Қазіргі уақытта қабылданған заң шараларын түзету мақсатында, халықаралық заңнамаларын жетілдіру бағытын анықтау,

және қабылданған халықаралық міндеттемелер мен ұлттық мүдделер үшін Үкімет арнайы 2010-нан 2020-жылдар аралығына ҚР Құқықтық саяси концепциясын өңдеді, бұл 2009 жылы Мемлекет басшысымен бекітілді.

Адам және азамат құқықтары мен бостандықтары тек конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті қорғау, адам құқықтары мен бостандықтары, елдің денсаулығы мен адамгершілігін қорғау мақсатында ғана заңмен шектеледі.

Сондықтан ҚР Конституциясының 39-бабында адам мен азаматтың құқықтарымен бостандықтарына ешқандай жағдайда шек қойылмайтыны туралы айтылған, атап айтқанда:

— қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады;

— республиканың азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластатуға болмайды;

— республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды;

— республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды;

— республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді;

— заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең;

— тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды;

— әркімнің өмір сүруге құқығы бар;

— ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар;

— әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар;
— заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады;

— ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы;

— адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды;

— ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

Ешқандай саяси себептермен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына шек қойылмайды.

Атап өту қажет, Президент азаматтарға кешірім беруді жүзеге асырады. Кешірім беру өтінішін ҚР Президентінің арнайы кешірім беруді қарастыратын комиссиясы жүзеге асырады, ол 2006 жылдың 5 маусымында ҚР Президентті Қаулысымен құрылған. Кешірім беру шешімін ҚР Президенті қабылдайды. Кешірім жасау түрлері: өлім жазасына кесілгендерді өмір бойы бас бостандығынан айыруға немесе 25 жылға бас бостандығына айыруға алмастыру, жаза өтеу мерзімін қысқарту немесе босату, сот қабылдаған шешімін жеңілдету және т.б.

Сотталған азаматтың кешірім беру туралы өтінішін орындау ҚР Президентіні шешім қабылдағанға дейін тоқтатылады. Сотталушының кешірім беру өтінішінен бас тартқан жағдайда, тергеу изоляторының әкімшілігі прокурордың қатысуымен арнайы акт жасайды. Өлім жазасы қабылданған күннен бастап бір жылдан кейін орындалуы тиіс, және де өлім жазасын орындау мораторий болған жағдайда мораторий аяқталған күннен бастап орындалуы керек.

ҚР Президентінің 2003 жылдың 17 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізу туралы» Жарлығы бойынша 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап өлім жазасына мораторий қойылған болатын. Енгізілген мораторий өлім жа-

засын мүлдем алып тастау шешімі қабылданғанға дейін сақталып келеді.

Өмір сүруге құқық — табиғи, әр адамның иеліктен тартып алынбайтын субъективті құқығы, бұл дүниежүзіндегі барлық ел конституциясымен бекітілген адамның ең басты құқығы. 2007 жылғы конституциялық реформа қорытындысы бойынша өлім жазасы тек шекарада болған қылмыстар үшін, қылмыстың ауырлығына байланысты, адам өлімі әскери уақытта жасалған жағдайда, кешірім беру өтінішін жазу құқығын беру арқылы.

Жалпы, халықаралық көпшілік таныған курсты ұстана отырып, мемлекет өлім жазасын кезең-кезеңмен жоюда жүзеге асыруда. Осыған байланысты аталған бағыттан таймау мақсатында Үкімет 2006 жылдың 19 маусымында № 687 қаулысы Ведомствоаралық комиссия құрылып, ҚР өлім жазасын алып тастау мәселесін қарауда.

Республикамызда әр азамат *өз ойының еркіндігіне, ар-ұятына және дінге* құқығы бар. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.

Мемлекет саясатының ең басты шежіресі мемлекет жағынан әр адам мен азаматтың дін қабылдау бостандығы жағынан Конституциямен кепілдік берілген және біздің еліміздің халықаралық міндеттемелерін шығып отыр.

2005 жылы бірінші рет Қазақстан тарихында мемлекеттік уәкілетті органы Әділет Министірлігінің Діни істер бойынша комитеті пайда болды, негізгі мақсаты азаматтардың дінді өз қалауымен қабылдауын қамтамасыз ету, дін арасындағы шыдамдылықты қатайту болды. Тәуелсіздік алған жылдары діни бірлестіктер саны алты есеге өсті. Діни бірлестіктерге 3034 діни ғимараттар тиесілі болды.

Қазақстан Республикасы кеңес дәуірінен кейінгі кеңістікте діни толеранттылық идеясы мен діниазшылықтардың құқықтарын құрметтеу идеясын қозғайтын көшбасшы болып табылады. Қазақстандағы конфессияаралық диалогтың тәжірибесі әлемдік діни

көшбасшыларының, сонымен қатар екі съезд аралығында әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының тарапынан тану мен қолдау тапты. №932 Қазақстан Республикасы Президентінің 12 маусым 2010 жылғындағы Жарлығына сәйкес, Комитеттің функциясы Мәдениет министрлігіне берілген.

Қазіргі таңда осы бағытта дербес орган — болып Дін жұмыстары жөніндегі Қазақстан Республикасының Агенттігі табылады.

Республика Президентіне оның адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына кепіл болуға конституциялық мәртебесін іске асыруда, сонымен қатар адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12 ақпандағы Жарлығымен құрылған *Адам құқықтары жөніндегі комиссия* белсенді ықпал етеді. Комиссия Мемлекет Басшысы тұсында консультативті-кеңесу органы болып табылады.

Комиссия Республика Президентіне және тікелей комиссияға жолданған адамның құқықтары мен бостандықтары жөніндегі арыздарды қарайды, мемлекет басшысына адам құқықтарын сақтау туралы арнайы баяндама ұсынады, республиканың мүддесін қозғайтын адам құқықтары саласында халықаралық-құқықтық актілер бойынша материалдар мен ұсыныстар дайындайды. Комиссияға келіп түскен арыздар, ең алдымен, адам құқықтарымен туындайтын мән-жайларды зерттеу үшін, сонымен қатар мемлекеттік органдардың заң шығару базасы мен құқыққолдану тәжірибесінде кемшіліктерді анықтау үшін қажет. Комиссия Мемлекет басшысы, азаматтық қоғам өкілдері мен мемлекеттік органдар араларындағы байланыс буыны болып табылады.

Комиссияның міндеті:

— адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Мемлекет басшылығына жіберілген шағымдарды қарау;

— адам құқықтарының сақталуы жылдық және арнайы мәліметтер жасау;

— адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизмін жүзеге асыру туралы ұсыныстарды өңдеу;

— Қазақстан Республикасына қатысты адам құқықтары туралы халықаралық құқықтық актілер бойынша сараптама — ұсыныстар қорытындылауын мен ұсыныстарын дайындау;

— халықаралық ұйымдарда адам құқықтары бойынша жұмыстарға қатысу,

Комиссия өзіне қойылған талаптарға сай, міндетті:

— лауазымды тұлғалар мен органдардан қажетті материалдар мен құжаттарды сұрастыруға және алуға;

— адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қатысты өзінің мәжілістерінде лауазымды тұлғалардың ақпараттын тындауға;

— жеке жұмыстар бойынша ғылымдар мен кәсіпкерлерді талаптарға сай тартуға.

Адам құқықтарын қорғау істері бойынша Комиссия қызметі үкіметтік емес ұйымдармен қарқынды жұмыстар жасайды.

Комиссия 23 адамнан құралады, олар түрлі әлеуметтік-экономикалық қабаттағы, ұлттық, саяси, кәсіпкерлік, қазақстандық қоғамның ведомстволық спецификасы, парламент депутаттары, үкімет мүшелері, НПО және діни бірлестіктер өкілдерінен тұрады. Бұл адам құқықтары бойынша толық сөз тартыстар жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Комиссия ТМД — Балтық және Шығыс Еуропа елдерінде ұқсастығы жоқ сандық кітапханаға ие. Республика Президенті жанында Адам құқықтары бойынша Комиссия Хатшылығының меңгерушісі біруақытта Комиссия хатшысы болып та табылады.

10.2. Конституциялық Кеңес — адам және адамзат құқықтары мен бостандығын қорғайтын орган

Кез келген мелекеттің әрекет етуінің негізі болып мемлекеттің Негізгі заңының үстемдігін қамтамасыз ету. Мемлекеттік биліктің барлық органдары, заңды тұлғалары мен жеке тұлғалары ондағы заңда белгіленген ұйғарымдарды қатал түрде сақтап оны орындаулары тиіс. Барлық мемлекеттерде Негізгі заңның үстемдігін қамтамасыз етуге байланысты бағытталған, яғни Конституцияның

құқықтық қорғалуы сияқты арнайы жүйе бар. Конституцияның нормалары мен оның принциптерінің міндетті түрде сақталуы кез келген мемлекетте міндетті атрибут ретінде қалыптасқан.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданып, конституциялық бақылаудың жаңа органы — Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі болып құрылды.

Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Конституцияның үстемдігін барлық аймақтарда қамтамасыз ететін мемлекеттік оран болып табылады. Өз уәкілеттігін жүзеге асыру барысында Конституциялық Кеңес мемлекеттік органдардан, ұйымдардан заңды және лауазымды тұлғалар мен азаматтардан тәуелсіз, тек қана Қазақстан Республикасының Конституциясына бағынып оны басшылыққа алады, саяси және басқа нанымдарды ұстанбайды.

Құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының 29 желтоқсандағы 1995 жылғы Конституциялық заңы № 2737, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету бойынша» Қазақстан Республикасы Президентінің 28 наурыздағы 1996 жылғы қаулысы №2920 болып табылады.

Заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріне қарағанда Конституциялық Кеңес біздің еліміздегі жаңа институт болып табылады.

Ол конституцияның нормаларын талқылау кезінде, заңды Президент қабылдағанға дейін оның Конституцияға сәйкес екендігін тексеруді жүргізеді.

Кеңес, заң нормаларының белгіленген шегінен шықпауға және ешқандай жағдайда саяси көзқарасқа басымдық бермеді тиіс. Конституциялық Кеңес конституциялық бақылау органы болып табылады, бірақ 1992 жылдың шілде айынан 1995 жылдың қазан айы аралығында жұмыс істеген Конституциялық Сотқа қарағанда оның айырмашылығы — оның соттық міндеттері жоқ. Қазіргі жаңа заңға байланысты оның өз бетінше конституциялық өндіріс ісін қозғай алмайды, яғни ондай өкілеттікке ие емес.

Сонымен қатар, конституциялық өндірістің барлық процедурасы мен тәртібі, тараптардың сайыскершілік қағидасын қамтамасыз ету, тәуелсіз сарапшыларды жұмылдыру, Кеңес шешімінің мағынасы мен сипаты толығымен, коллегиялық квазисоттық органға тәуелді екендігін көрсетеді. Сонымен, формалды сипатына сәйкес, Конституциялық Кеңес сот органы емес, бірақ кейбір мағыналық параметрлеріне байланысты, ол — коллегиялық бақылау-қадағалау жүргізетін соттық органға тәуелді сипаттарға ие. Онымен қаралатын мәселелер, олардың ерекшелігі және күрделілігі, сонымен қатар Конституциялық Кеңеске жүгінетін субъектілердің қатарлары, әдеттегі соттық сипатқа қарағанда кейбір ерекшелікке ие. Азаматтар өз кезегінде өздерінің бұзылған Конституциялық құқықтарын әдеттегі соттар арқылы қорғай алады¹.

Конституциялық Кеңес қызметінің бірден-бір бағыты болып тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады. Конституциялық Кеңес Конституцияның 72-бабының 2 тармағына сәйкес, соттардың өтініштерін Конституцияның 78-бабында белгіленген реттерде, егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныстарын қарайды.

Аталған құқықтарды жүзеге асыру соттардың заңдар мен басқа да құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін қарастыру бойынша Конституция Кеңесіне жасаған ұсынысымен жүргізіледі. Әйтпесе соттар нақты бір істерді қарастыру барысында немесе жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда ұсыныс жасауға құқылы. Бұл ереже адамдардың конституциялық құқықтарының тиісті дәрежеде қорғалуына, сондай-ақ басқа да салалардағы конституциялық кепілдіктердің қамтамасыз етілуіне ықпал етеді.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға байланысты мұндай тәртіп сот әділдігін жүргізу саласына конституциялық

¹ Бусурманов Ж.Д. Евразийская концепция прав человека.— Алматы, 2006. 276-277 б.

қағидасын енгізеді, нәтижесінде қоғамда және мемлекетте конституциялық заңдылығының режимін нығайтады. Соттардың өтініштерін қарастыру барысында Конституциялық Кеңес кейінгі қадағалауды жүргізеді. Мұндай қадағалау жүргізу, біріншіден заңшығармашылық қызметке араласпауды және соттар мен органдардың тәжірибелеріне сәйкес заңдар мен басқа да нормативтік актілердің конституцияға қайшы емес екендігін анықтайды¹.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Республиканың экс-президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшелері болып табылады. Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республиканың Президенті тағайындайды және дауыс тең бөлінген жағдайда оның даусы шешуші рөл атқарады. Конституциялық Кеңестің екі мүшесін республиканың Президенті, екі мүшесін Сенаттың Төрағасы және екі мүшесін Мәжілістің Төрағасы тағайындайды. Конституциялық Кеңес мүшелерінің жартысы әрбір үш жыл сайын жаңартылып отырады.

Сондай-ақ Конституциялық Кеңестің мүшесіне 5 жылдық еңбек өтілі бар, жоғарғы заң білімі бар 30 жастан кем емес Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалуы мүмкін.

Конституциялық Кеңес мүшелерінің және төрағасының лауазымының мерзімі біткенде немесе қызметінен босатылғанда олардың орнына қызметке тағайындау Конституцияға және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі» туралы заңында көрсетілген тәртіптерге сәйкес жүргізіледі. Конституциялық Кеңес мүшелерінің және төрағасының лауазымының қызметіне тағайындалу, ол қызмет босағаннан немесе мерзімі біткеннен кейін бір айдың ішінде аталған қызметке тағайындалу жүргізіледі. Егерде аталған мәселе, яғни ондай қызметке тағайындау олардың қызмет істеп жүрген кезінде немесе қызметтен босатылмаған кездерінде туындайтын болса, олардың уәкілеттілігі ол туралы шешім шығарғанға дейін сақталады.

¹ Лукьяненко М.В., Караев А.А. Конституционное право Республики Казахстан. Курс лекций.— Алматы, 2007. 132-141 б.

Конституциялық Кеңестің төрағасы мен оның мүшелері Конституция мен «*Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі*» туралы Конституциялық заңында және мемлекеттік қызмет туралы басқа да нормативтік актілерде уәкілеттілігі белгіленген мемлекеттік лауазымды тұлға болып табылады.

Конституциялық Кеңестің төрағасы мен оның мүшелері өз уәкілеттіктерін жүзеге асыру барысында ешкімге тәуелсіз, тек қана Конституция мен «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңға бағынады. Басқа да ешқандай актілердің оларға байланысты міндетті күші жоқ. Олардың қызметіне қандай да бір нысанда әсер етуге немесе кедергі келтіруге рұқсат етілмейді және ондай кедергі келтірулер заңмен қудаланады.

Ешкім де олардан қызметіне байланысты өз уәкілеттіктерінің жүргізілуі туралы есеп алуға құқығы жоқ. Ешкім конституциялық Кеңес төрағасына немесе олардың мүшелеріне Конституциялық Кеңесте қарастырылып жатқан мәселелерге байланысты шешім шығарылғанға дейін ол мәселелер туралы сұрау жүргізуге құқығы жоқ. Белгіленген уәкілеттілік мерзім ішінде Конституциялық Кеңес мүшелері ауыстырылмайды. Олардың уәкілеттіктері Конституцияда және «Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» заңда белгіленгенен басқа жағдайларда тоқтатылуға немесе тоқтатыла тұрмайды.

Конституциялық Кеңестің бірден-бір негізгі қызметтерінің бірі болып бүкіл мемлекеттегі құқықтық жүйедегі теориялық және практикалық мағынада маңызды болып табылатын Конституцияға түсіндірме береді. Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 4-тармақшас сәйкес ондағы нормаларға ресми түсіндірме беру уәкілеттігі құқығы көрсетілген.

Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме беру деп — Конституциялық Кеңестің сол нормалардың маңыздылығы мен оның мақсаттарын түсіндіру танылады. Себебі Конституциядағы нормалар кейбір өтініш жасаушы субъектілермен дұрыс түсінбей оның тәжірибеде қолданылуы өзгеруі мүмкін, соның нәтижесінде қарама-қайшылықтар немесе заңсыздықтар туындауы мүмкін, сондықтан ол нормаларға кеңеспен түсіндіру жүргізілуі керек.

Конституцияның нормаларын түсіндіру барысында Конституциялық Кеңес тәуелсіз және ешкімге бағынбайды. Конституция нормаларына ресми түрде түсінік беру тек Конституциялық Кеңесі шешімінің заңды күші, оны түсінік беруге итермелеген заң күшіне тең болып саналады. Конституциялық құқық нормалары Конституцияның 4 бабының 1 тармағында әрекет ететін құқықтың қайнар көзі деп танылған ҚР Конституциялық Кеңесінің қаулысына сәйкес ережеге сай қолданылады.

Конституция нормаларына ресми түсінік беру — бұл, Конституциялық Кеңес Конституция нормаларының сөз түсінгінің мағынасына қарай түрлі әдістермен анықтау және суырып салу мағынасын білдіретін нормативті түсінік. Түсініктің көлемін алдын ала бекіту мүмкін емес, Конституциялық Кеңес Конституция ғылыми заңгерлік әдістерді таңдауда тек Конституцияның өзімен байланысты ресми түсіндіруде.

Конституция нормаларының жалпы ережелері мен қағидаларының өзара байланысы мен жанасуы қисынды көңілге түседі. Конституциялық Кеңестің нормативті қаулылары, Конституция нормаларына түсінік беруді тек субъектілердің сұрақтары бойынша негізге алынып, осы нормалардың тікелей конституциялық басқаруы үшін түсінігін толтырады. Сонымен Конституциядан шығып отырған Конституциялық кеңестің құқықтық позициялары Конституцияға сәйкес келеді. Конституциялық Кеңесінің қорытынды шешімдері субъектінің өтініш білдіруінен немесе олардың өкілдері ұсынуынғаннан кейін Конституция қабылданған соң екі күн ішінде, сонымен қатар барлық жағдайда Президентке, Парламент Палаталарына, Жоғарғы Сотқа, Бас прокурорға, республиканың Әділет министрлігіне жіберіледі, және республикалық баспа басылымдарында ресми түрде орыс және қазақ тілдерінде жарияланады.

10.3. Адам құқықтары мен бостандықтарын әкімшілік-құқықтық қамтамасыз ету

Әкімшілік құқық субъектілерінің арасындағы қарым-қатынастарды құқықтық реттеусіз және әкімшілік құқықтық кепілдерсіз мемлекеттік аппараттың барлық буындары тиімді алмайды.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына, сәйкес Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін дамыту тиімді де жинақы мемлекеттік аппарат құруға, жаңа басқару технологияларын енгізуге, әкімшілік рәсімдерді жетілдіруге бағытталған әкімшілік реформаны құқықтық қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Ал бұл — құқықтың әкімшілік тәрізді саласын реттеу аясы, оның маңызды міндеті — биліктің барлық деңгейінде мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Осыған байланысты мемлекеттік басқару саласындағы әкімшілік құқық мемлекеттік басқару органдарының азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге және ұйымдастыруға бағытталуы тиіс.

Әкімшілік құқықты одан әрі дамыту кезінде, мүмкіндігіне қарай, мемлекеттің, азаматтардың және біржақты билік қағидасына негізделген мемлекеттік емес ұйымдардың арасындағы қарым-қатынастардағы қалыптасқан дәстүрлі тәсілдерден бас тартқан жөн. «Билік және бағыну» қағидаларынан толық көлемде бас тарту мүмкін емес, алайда әріптестік-жәрдемдесу, функционалдық-клиенттік, тікелей қорғау қағидаларын қолдану аясын кеңейту керек. Осыған байланысты, тіркеу, рұқсат ету-лицензиялық рәсімдерді оңайлату, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне мемлекеттік органдардың заңсыз араласуына тосқауыл қою жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Азаматтардың мемлекеттік органдарға және мемлекеттің лауазымды тұлғаларына өтініш жасау тетіктерін, олардың мемлекетті басқаруға қатысуының және өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау тәсілдерінің нысандары ретінде жетілдіру керек, оның ішінде мемлекеттің «электрондық үкімет» арқылы ұсынатын қызметтер ауқымын кеңейту қажет.

Осылайша, көптеген арыздар мен өтініштер *әкімшілік органдармен* уақтылы қарастырылып, тез шешімін табуда. 2007 жылдың 12 қаңтарында жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыру және қорғау мақсатында олардың өтініштерін беру мен қарауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған «Жеке және

занды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған болатын. Аталған Заңда жеткілікті деңгейде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мен оның мерзімдері, қабылдау, тіркеу және есепке алу тәртібі қарастырылған.

Сонымен бірге, азаматтардың мемлекеттік емес ұйымдарға өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, оның ішінде қарау мерзімін сақтау, ұйымдар мен олардың лауазымды тұлғаларының өз қызметтерін тұтынушылардың өтініштерін қараудағы жауапкершілігін белгілеу мәселелері бойынша өтініштерімен байланысты қатынастарды реттеу қажет. Осылайша, әкімшілік құқық қазіргі жағдайда мемлекеттік-билік қатынастарының ғана саласын қамтымайды. Әкімшілік құқық аясында мемлекеттік мекемелердің азаматтармен және ұйымдармен жариялы, яғни мемлекеттік қызметтерді ұсыну кезіндегі қатынастары да бар. Бұл ретте мемлекеттік қызметтердің құқықтық табиғаты Конституциялық Кеңестің тиісті шешімінде атап өтілгендей әдеттегі мемлекеттік функциялардан өзгеше.

Іс жүзінде азаматтарға және ұйымдарға мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қатынасты реттейтін әкімшілік құқықтың жаңа институты туындайды. Бұл институттың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін тиісті құқықтық негіз керек. Барабар әкімшілік-құқықтық реттеу мемлекеттік қызметтер көрсетудің стандарттарын толыққанды енгізуді талап етеді. Мемлекеттік қызметтер тізілімін кеңейту, жаңа технологияларды пайдалана отырып, олардың орындалуына тиімді сыртқы бақылау енгізу қажет. Әкімшілік құқықты дамытуды билік пен бағыныстың дәстүрлі сатылас қатынасы арқылы ғана емес, әрі әлеуметтік, көбінесе әр бағыттағы мүдделер арнасы арқылы да қарастыру қажет.

Әкімшілік құқықтың көмегімен азаматтар мен ұйымдардың мемлекет кепілдік берген құқығы іске асырылады, өйткені осы құқықтарды қамтамасыз ету мен қорғау мемлекеттің жариялы мүддесі болып табылады. Бұл ретте әкімшілік құқық субъектілері (органдар және мемлекеттің лауазымды адамдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары) жариялы мүддені жеткізуші болып табылады, олардың міндеті азаматтар мен ұйымдардың құқықтары

мен заңды мүдделерін қорғау және іске асыру. Басқаша айтқанда, азаматтар мен ұйымдардың жариялы мүдде дәрежесіне көтерілген құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және іске асыру, әкімшілік құқықтың құқық қорғау функцияларының қазіргі заманғы мазмұны деген сөз.

Қоғамдық өмірдің көптеген күрделілігіне негізделген қазіргі жағдайда, аралас қатынастар жиі туындайды, соған байланысты әкімшілік құқық әрекетінің шегінің мәселелерін, оның құқықтың басқа салаларымен және ең алдымен әкімшілік құқықтың азаматтық құқықпен аралас (әкімшілік-азаматтық) құқықтық қатынастар туындаған кезіндегі арақатынасы мәселелерін шешу қажет.

Мемлекеттік органдарды бақылау мен қадағалау бір жағынан мемлекеттік басқару функциялары және екінші жағынан заңдылықты қамтамасыз ету тәсілдері бола отырып, әкімшілік құқықтың өзекті мәселесі болып қала береді.

Конституциялық Кеңестің тиісті қаулысымен мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау өкілеттіктерінің арақатынасы туралы мәселе шешілді. Бұл ретте, біздің елде мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде оларға бақылау және қадағалау өкілеттіктерін беруде конституциялық шектеулер жоқтығы расталды. Яғни, қадағалау өкілеттігі прокуратурадан басқа, өзге де мемлекеттік органдарға жүктелуі мүмкін.

Осылайша, прокурорлық қадағалаумен қатар атқарушы биліктің уәкілетті лауазымды тұлғаларының заңда көзделген әкімшілік мәжбүрлеу шаралары жағдайларын қолдана отырып, бағынысты емес субъектілерге — азаматтар мен ұйымдарға қатысты жүзеге асыратын, әкімшілік заңнамамен реттелетін қызмет салаларындағы заңдылықты сақтауды қамтамасыз ету мақсатындағы әкімшілік қадағалаудың болуы заңдылық. Әкімшілік құқықтың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі даму перспективасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жаңартумен байланысты. Негізінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы тікелей қолданыстағы мәнін, мазмұнын анықтайтын және заңдарды қолданумен конституциялық нормаларды тану — әкімшілік-деликтілік құқық болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнама бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге, әкімшілік-құқықтық шаралармен қоғамдағы құқықтық жанжалдардың алдын алуға барынша бағытталуы тиіс. Бұл ретте әкімшілік-құқықтық санкцияларды қалыптастыру кезінде олардың қоғамдық қауіптілік деңгейі мен құқық бұзушылық сипатына сәйкестік қағидасы мүлтіксіз сақталуы тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау жөнінде сот және соттан тыс инстанциялар арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажыратудың, яғни әкімшілік істерді сотта және соттан тыс қарау тәртібі арақатынасының нақты тұжырымдамасын айқындаған жөн. Бұл ретте соттың әкімшілік жаза қолдану жөніндегі өкілеттігін кеңейту мүмкіндігі, сондай-ақ әкімшілік сот өндірісіндегі жарыспалылық қағидатын дамыту туралы тезис өзекті күйінде қала береді. Әкімшілік-деликтілік құқық үшін әкімшілік-деликтілік заңнамамен қорғалатын құқықтық қатынастар ауқымын неғұрлым нақты анықтау және тиісінше әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық санкциялардың аражігін нақты ажырату мәселелері өткір болып табылады.

Тағы бір маңызды бағыт *әкімшілік-іс жүргізу құқығын* дамыту болып табылады, оның нәтижесі Әкімшілік-іс жүргізу кодексін қабылдау болар еді. Бұл ретте әкімшілік-іс жүргізу заңнамасының реттеудің нысанын нақты анықтау қажет. Бұл тұрғыда әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы нақты істерді шешу тәртібін заңнамалық регламенттеу мәселелері өзектілігін сақтайды.

Сондай-ақ әкімшілік-іс жүргізу құқығын дамытумен байланысты мемлекет пен азамат (ұйым) арасында жариялы-құқықтық қатынастардан туындаған құқық туралы дауды шешетін әкімшілік әділет мәселесін қараған жөн. Яғни, іс жүргізу оқшаулау мен жариялы-құқықтық сипаттағы жанжалдарды шешу тәртібінің заңдылығы мәселелері қаралуға жатады. Осылайша, әкімшілік сот ісін жүргізу қылмыстық және азаматтық іс жүргізумен қатар сот төрелігін жүзеге асырудың толыққанды нысаны болуы тиіс.

Азаматтардың құқықтары мен міндеттерінің кепілдемелеріне экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық кепілдемелері жатады. 2001 жылғы 30 қаңтардағы *Әкімшілік құқық*

бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің 16, 17-баптарына сәйкес ешкімді де Кодексте белгіленген негіздер мен тәртіптен өзгеше ретте әкімшілік ұстауға, ішкі істер органына (полицияға) немесе басқа мемлекеттік органдарға алып келуге, жеткізуге, жеке басын және жеке адамның заттарын тексеруге болмайды.

Кодексте белгіленген жағдайларда және тәртіппен тек судьяның қаулысы бойынша ғана әкімшілік жазалау шарасы ретінде қамауға алу қолданылуы мүмкін. Әрбір ұсталған, ішкі істер органына (полицияға) немесе басқа мемлекеттік органға алып келінген, жеткізілген адамға ұстаудың, алып келудің, жеткізудің негіздері, сондай-ақ оған тағылып отырған әкімшілік құқық бұзушылықтың заңдық сипаты дереу хабарланады.

Мемлекеттік орган (лауазымды адам) заңсыз ұсталған, алып келінген, жеткізілген немесе судьяның қаулысында көзделген мерзімнен артық қамауда отырған адамды дереу босатуға міндетті. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысушылардың ешқайсысын зорлық-зомбылық, қатыгездік немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын әрекетке ұшыратуға болмайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу процесінде адамның не оның заңды өкілінің еркіне қарсы жеке басқа қол сұғылмаушылықты бұзатын іс-әрекеттер жасау тек осы Кодексте тікелей көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана мүмкін болады. Өзіне қатысты әкімшілік жаза шарасы ретінде қамауға алу таңдалған адамды, сондай-ақ әкімшілік ұстауға ұшыраған адамды ұстау оның өмірі мен денсаулығына қатер төнуін болдырмайтын жағдайда жүзеге асырылуға тиіс. Заңсыз қамауға алудың, өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдайларда ұстаудың, оған қатыгездікпен қараудың салдарынан жеке тұлғаға келтірілген залал заңда көзделген тәртіппен өтелуге тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу кезінде іске қатысушы адамның ар-ожданын қорлайтын немесе қадір-қасиетін кемітетін шешімдер мен іс-әрекеттерге тыйым салынады, адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді, сол сияқты ол құпия сақтауды қажет деп есептейтін жеке сипаттағы мәліметтерді осы Кодексте

көзделмеген мақсаттар үшін жинауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу барысында соттың, басқа да мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттерімен адамға келтірілген моральдық залал заңда белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.

Бақылау сұрақтары:

1. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуының кепілі кім?

2. Қазақстан Республикасының Президенті қандай өкілеттіктерге ие?

3. Адам құқықтарын қамтамасыз етуде Конституциялық кеңестің рөлі қандай?

4. Адам құқықтары шектелген жағдайда сот не істеуі керек?

5. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі қандай?

11 ТАРАУ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫ ҰЙЫМДАР

11.1. Халықаралық үкіметтік емес құқық қорғаушы ұйымдар

Дамыған мемлекеттерде Конституцияда бекітілген азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жөніндегі институттар мен тетіктердің тиімді жүйесін құру мен қызмет етуінің едәуір тәжірибесі жинақталған. Өзін құқықтық мемлекет ретінде және адамды мемлекеттің ең жоғарғы құндылығы деп таныған демократиялық мемлекеттің өзінің негізгі функцияларын орындау үшін тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдік беретін рәсімдердің, тетіктердің, институттардың жүйесі болуы тиіс.

Мемлекеттер халықаралық құқық дамып бастаған сәттен бастап адам құқықтары мен бостандықтарының аясы әрбір мемлекеттің ішкі ісі болып табылатындығын ескергенімен, адамның негізгі құқықтары тек Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылып, соның Жарғысы қабылданғаннан кейін ғана айтыла бастады. Бастапқыда бұл құжаттың мазмұнында адам құқықтары мен бостандықтарының нақты тізімі және осы құқықтарды сақтау міндеттемесі болмаған, ал БҰҰ-ның Жарғысында көрініс тапқан қағидаларды әр мемлекет өз түсінігі бойынша қабылдады.

1975 жылдың тамыз айында еуропалық мемлекеттердің, КСРО-ның, сондай-ақ АҚШ және Канаданың мемлекет басшылары Финляндияның астанасы — Хельсинкиде жиналып, мәжіліс өткізді. Мәжілістің қорытынды актісіне сәйкес, осы актіге қол қойған мемлекеттер үкіметтерінің адам құқықтары саласындағы стандарттарды ұстануы қажет болды. Бұл — бірқатар мемлекеттердің, соның ішінде КСРО-ның құқық қорғаушы қозғалыстарының жаңа кезеңінің заңи негізін қалады.

Соңғы жылдары *үкіметтік емес ұйымдардың* қызметі неғұрлым ықпалды және тиімді болып келеді. Атап айтар болсақ, ұзақ уақыт бойы мынадай халықаралық үкіметтік емес құқық қорғаушы ұйымдар қызмет етіп келеді: Халықаралық Рақымшылық, Халықаралық Хельсинки Федерациясы, Журналистерді (журналистердің құқықтарын) қорғау комитеті, Пікір білдіру (баспасөз бостандығы) бостандығы жөніндегі Халықаралық Ұйым, «Шектеусіз репортерлар» (журналистердің құқықтарын), Адам құқықтарының Халықаралық Лигасы және т.б.; бұлар адам құқықтары бұзылатын мемлекеттерге қатысты халықаралық қоғамдық пікірді қалыптастырады.

«Халықаралық рақымшылық» (Amnesty International) — халықаралық үкіметтік емес ұйым, оның мақсаты — «адамның физикалық және психологиялық тиіспеушілігіне құқықтарын, ар-ождан және өз пікірін білдіру бостандығына құқығын, дискриминацияланудан бостандығын бұзудың алдын алу мен тоқтатуға бағытталған зерттеулер мен әрекеттерді әзірлеу және қолдану». Оның негізі 1961 жылы Ұлыбританияда қаланған және адам құқықтарын бұзу фактілеріне назар аударып, халықаралық стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді. Оның міндеттері — адам құқықтарын бұзатын тұлғаларға қысым көрсету мақсатында қоғамдастықтың мүшелерін жұмылдыру болып табылады. Өз жұмысы үшін Amnesty International әлемнің Нобель сыйлығын, сондай-ақ адам құқықтары саласындағы БҰҰ-ның сыйлығын иеленген.

Адам құқықтары жөніндегі Халықаралық Хельсинки Федерациясы (ИФ) — халықаралық, үкіметтік емес ұйым болып табылады; ол Хельсинки Комитеті және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) қатысушы-мемлекеттердегі Бірлескен Ұйымдармен құрылған. ИФ жергілікті заңнамалардың Хельсинки Қорытынды актілерінің және кейінгі құжаттардың жағдайларына, Еуропа Кеңесінде және Біріккен Ұлттар Ұйымында қабылданған халықаралық заңи міндеттемелерге, сонымен қатар Еуропалық одақпен ұсынылған адам құқықтарының нормаларына сәйкестігін бақылап-қадағалайды. 1975 жылы Шығыспен Батыстың отыз бес мемлекеті Хельсинкиде — Финляндияның астанасында Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық бойынша Конференцияға жиналды. Аталған мемлекеттердің құра-

мында Совет Одағы және барлық еуропалық мемлекеттер (Албаниядан басқа), Канада және Америка Құрама Штаттары болды. Конференция саяси және адамгершілік тұрғысынан барлық мемлекеттерге міндетті Хельсинки Қорытынды актісін қабылдаумен аяқталды. Сол уақытта аталған Қорытынды акт бейбітшілік пен қауіпсіздікті адам құқықтарын құрметтеумен байланыстыруға ұмтылған жалғыз халықаралық келісім болды. Келісімге қол қойғандар өздерін қазіргі таңда Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) ретінде белгілі болатын ұйым ретінде қалыптастырды.

Мәскеудегі Хельсинки тобы — үкіметтік емес қоғамдық ұйым, адам құқықтары жөніндегі Халықаралық Хельсинки Федерациясының мүшесі; аталған ұйымның жарғылық мақсаты — Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) Хельсинки мәжілісінің Қорытынды актісінің гуманитарлық баптарын, сондай-ақ адам құқықтары саласындағы Ресей Федерациясының халықаралық-құқықтық міндеттемелерін тәжірибе жүзінде іске асыруға көмектесу. 1976 жылы құрылған сәттен бастап Хельсинки тобы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті (МҚК) және советтік мемлекеттің өзге құқық қорғау органдары тарапынан үнемі қудаланып, қысымға ұшырап отырды. 1976 жыл мен 1982 жыл аралығындағы кезеңде топтың сегіз мүшесі қамауға алынып, әр түрлі мерзімге сотталды не қуғын-сүргінге ұшырады, оған қоса топтың тағы да алты мүшесі КСРО-дан кетуге (эмиграциялауға) мәжбүрленіп, азаматтығынан айырылды. Топтың бостандықта қалған үш мүшесі 1982 жылы 6 қыркүйекте күшейіп кеткен қуғын-сүргін себебінен Мәскеу Хельсинки Тобы қызметінің тоқтатылғаны жөнінде жариялауға мәжбүр болды. Топ тек 1989 жылы өз қызметін қайта жаңартуға мүмкіндік алды.

Адам құқықтары жөніндегі Халықаралық Федерация (FIDH) — «Адамның барлық құқықтары — барлығына», «Әрекет ету үшін білу қажет» деген негізгі ұраны болып табылатын халықаралық құқық қорғаушы ұйым. Оның құрамында 100-ден астам мемлекеттерден 155 құқық қорғаушы ұйым бар. Ол адам құқықтарын бұзуға байланысты жәбірленушілерді қорғау, аталған құқық бұзушылықтардың алдын алу және құқық бұзушыларды заңи тұрғыдан қудалау; адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясында жарияланған барлық құқықтарды — азаматтық және саяси,

сондай-ақ экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды нақты қорғау жөніндегі қызметте жүзеге асырады. Адам құқықтары жөніндегі Халықаралық Федерация өзінің құрамына кіретін барлық ұйымдар тәрізді ешқандай партияға немесе дінге жатқызылмайды және барлық үкіметтерден тәуелсіз болады.

Заңгерлердің халықаралық комиссиясы (The International Commission of Jurists (ICJ)) — әр түрлі мемлекеттердің, соның ішінде Австралия, Канада және Оңтүстік Африка мемлекеттеріндегі сот билігінің жоғарғы өкілдерінің беделді 60 заңгерінен (судьялар және адвокаттар) құралған, тұрақты түрде жұмыс атқаратын мемлекеттік емес құқық қорғаушы ұйым. Комиссияның 80 елде ұлттық секциялары мен филиалдары бар. Комиссияның құқықтық бағыттылығын ескере отырып, оның құрылымдық бөлімшелерінің мүшелері негізінен аталған мамандыққа қатысы бар адамдар: заңгерлер, судьялар, құқық саласында маманданған ғалымдар, заң факультеттерінің студенттері болып табылады. Комиссияның Хатшылығы Женевада (Швейцарияда) орналасқан және құқықтық дәстүрлер мен юрисдикцияның мамандары болып табылатын заңгерлерден жинақталған. Хатшылық пен комиссияның жұмысы, тұтастай алғанда адам құқықтары мен заң үстемдігін қорғау және марапаттау ісіндегі адвокаттар мен судьялардың рөлін күшейтуге бағытталған.

Адам құқықтарының Араб хартиясы — 2004 жылы Араб мемлекеттерінің лигасымен (АМЛ) қабылданған және 2008 жылы Лигаға қатысушы 7 мемлекетпен ратификацияланғаннан кейін заңды күшіне енген халықаралық шарт. Хартия исламға негізделді және қатысушы-мемлекеттердің баяндамасын талқылауға өкілеттік берілетін комитетті құруды қарастырады.

Омбудсман институты азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын билік органдары мен шенеуніктердің заңсыз іс-әрекеттерінен қорғау тетіктері арасында ерекше орынды иеленеді. «Омбудсман» терминінің бірнеше этимологиялық нұсқалары бар. Ортағасырлық швед тілінде «ombud» сөзі — «күш пен беделді» білдірген. Шведтер мен өзге скандинавтық халықтар «омбудсман» сөзін «сенім берілген», «істі басқарушы», «сенім білдірілген адам» деп аударылады. Уақыт өте келе «омбудсман» ұғымының негізгі мағынасы — басқа тұлғалардың беделді өкілі, күшті адамдардың

әлсіздердің мүддесін бұзуынан қорғаушы деген ұғымға сәйкес келді¹.

Заңгерлердің халықаралық ассоциациясы омбудсман институтын Конституциямен немесе заң шығару билігінің актісімен қарастырылған және жоғары дәрежедегі тәуелсіз жария лауазымды тұлғамен басқарылатын қызмет ретінде анықтайды, аталған тұлға заң шығару билігі алдында жауапты болады, жәбірленуші тұлғалардан мемлекеттік органдардың, қызметкерлердің, жалға алушылардың әрекеттеріне шағымдар қабылдайды немесе өз қалауы бойынша әрекет етеді, сонымен қатар тергеу жүргізуге, түзетушілік әрекеттер жүргізуге және баяндамалар ұсынуға уәкілетті болады.

Омбудсман институтының басқа да халықаралық анықтамасы бар: «Конституциямен белгіленген және тек қана заң алдында жауапты болатын жоғары дәрежедегі тәуелсіз жария лауазымды тұлғамен басқарылатын мемлекеттік қызмет»².

Омбудсман институты Еуропаның, Американың, Азияның көптеген мемлекеттерінде, Австралия мен Африкада әрекет етеді. Алғаш рет парламенттік уәкілдің лауазымы 1809 жылы Швецияда пайда болған және сол уақыттан бастап әлемнің көптеген мемлекеттерінде кеңінен дамыды. Омбудсман лауазымы әртүрлі мемлекеттерде әр алуан атауға ие болып отыр. Скандинавия елдерінде әділет омбудсманы деген атау, Канаданың ағылшын тілді провинцияларында — парламенттік уәкіл (омбудсман), Ұлыбританияда, Солтүстік Ирландияда, Шри Ланкада — әкімшілік істері бойынша парламенттік уәкіл, Жаңа Зеландияда — тергеу жүргізу үшін парламенттік уәкіл деген атаулар пайдаланылады.

Кейбір елдерде «парламенттік» деген қосымшасыз, тек «уәкіл» деген термин қолданылады: шағымдар жөніндегі уәкіл (Израиль), азаматтардың құқықтары жөніндегі уәкіл (Польша), адам құқықтары жөніндегі уәкіл (Ресей).

Бұдан басқа, «делдал», «медиатор» (Франция), «әділет проведоры (тапсырушысы)» (Португалия), «халық адвокаты» (Румыния) деген терминдер пайдаланылады.

¹ Сунгуров А. Институт омбудсмана: эволюция традиций и современная практика (Опыт сравнительного анализа). — СПб.: 2005. 11 б.

² Лебедев А.И. В аппарате Уполномоченного по правам человека в РФ // Московский журнал международного права. 2000/37. № 1. Янв.-март. 120 б.

Осы институттың атауында «қорғаушы» термині де қолданылады, бұл оның қызметінің азаматтардың құқықтарын тек қорғауға бағытталғанын көрсетеді. Атап айтсақ, халықтық қорғаушы (омбудсман) (Испания), халықтық құқық қорғаушы (Хорватия). Кейде омбудсман функциясын ұжымдық орган — халықты құқықтық қорғау Алқасы (Австрия), адам құқықтары жөніндегі Парламенттік комиссия (Латвия).

Омбудсман институты ЕК (Еуропа Кеңесі) органдарының жүйесіне де енгізілді. Еуропа Кеңесі адам құқықтары жөніндегі Еуропа Кеңесінің комиссары лауазымын қалыптастырды. Еуропа Кеңесін құру туралы Шарт 1992 жылы 7 ақпанда Маастрихт қаласында (Нидерландыда) жасалды (1993 жылдың 1 қарашасында күшіне енді). Негізінен мемлекеттік және жергілікті әкімшіліктің актілері мен әрекеттерін талқылайтын мемлекеттегі омбудсманға қарағанда, ЕК-нің омбудсманы ЕК-нің институттары мен органдарына (ЕК Сотынан басқа) қатысты шағымдарды қабылдайды). Еуропа Кеңесінің бірінші континенталдық құқық қорғаушысы Альваро Хиль-Роблес (Испанияның омбудсманы) болып табылады, ол өз міндеттеріне 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап кірісті¹.

Кеңес құлағаннан кейін омбудсман институты — адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымы ТМД мен Балтиканың барлық мемлекеттерінде құрыла бастады, бұл мемлекеттерде омбудсман лауазымы әр қалай аталады: әзербайжанда, Ресей Федерациясында, Өзбекстанда, Украинада — адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Грузияда — халықтық қорғаушы, Молдовада — парламенттік адвокат, Литвада — Сейм бақылаушысы.

Атаулардың әр алуандығына қарамастан, «омбудсман» термині жинақтаушы ұғым болып табылады және қоғамның әлеуметтік билігін көрсететін арнайы қызмет бейнесін білдіреді, сонымен қатар адам құқықтарын мемлекеттегі шенеуніктердің заңсыздығы мен билікті теріс пайдалануынан қорғауды білдіреді. Омбудсман-дар институты императивті мандаттармен, міндетті бақылаушы-қадағалаушы функциялармен қатар, қоғамдық ұйымдарға тән ұсыныстық сипаттағы функцияларды да иеленеді. Омбудсман конституциялық немесе заңнамалық тұрғыда бекітілмеген құқықтарды да қорғайды, себебі ол құқықтық нормалар мен қағидаларды басшылыққа ала отырып, моральдық көзқарастар мен әділеттілік тұрғысынан да әрекет етуі мүмкін.

¹ Башимов М.С. Институт омбудсмана.— Астана. 2003. 33, 116 б.

Мемлекеттік-құқықтық жүйедегі омбудсман орнын, оны қызметке тағайындау тәртібін, бағыныштылығы мен есептілігін және өкілеттіктердің көлемін ескере отырып, омбудсманның үш үлгісін бөліп көрсетуге болады:

— *атқарушы омбудсман* — Президент немесе үкіметпен тағайындалатын атқарушы билік органы болып табылады (Франция);

— *тәуелсіз омбудсман* — деңгейі заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерінің деңгейіне сәйкес келетін биліктің ерекше тармағы болып табылады. Осы тұста ол Президент немесе Парламентпен тағайындалуы мүмкін, бірақ тағайындалғаннан кейін өзі тағайындаған органға бағынбайды (Португалия, Намибия, Нидерланды).

— *парламенттік омбудсман* — заң шығарушы билік жүйесінде орын алады, бірақ Парламенттен тәуелсіз болатындай кең көлемдегі өкілеттіктерге ие болады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, парламенттік үлгі неғұрлым шектелген, себебі азаматтардың құқықтарын бұзу негізінен мемлекеттік биліктің атқарушы органдарымен өзара қарым-қатынаста орын алады.

Көптеген елдерде омбудсман институты азаматтардың құқықтарын қорғаудың қолданыстағы жүйесіне енгізілген және әділеттілікті қалпына келтірудің өзге жолдарын пайдалануға еш кедергі болмайды. Омбудсман құқықтық институтының елеулі сипаттамасы ретінде тергеу жүргізу кезінде оның биліктің кез келген тармағынан тәуелсіз болуы танылады.

Омбудсмандық қызметтің классикалық дәстүрлі үлгісі скандинавиялық мемлекеттерде (Швецияда, Финляндияда, Данияда, Норвегияда) әрекет етеді. Омбудсман — азаматтық құқықтардың қорғаушысы — жария, сондай-ақ жеке мүдделерді, жеке өмір салаларын қорғайды. Омбудсманның Парламентпен сайланатынына қарамастан, олар заң шығарушыдан саяси тұрғыдан тәуелсіз болады. Осы мемлекеттерде омбудсмандар кең юрисдикцияға ие болады. Швеция мен Финляндияда олар соттарға да бақылау жүргізеді. Дания мен Финляндияда омбудсмандар құзыретінің саласы министрлерге де тарайды екен. Олар өздеріне қажетті сұрақтарды іздеуге, инспекциялауға, тергеу жүргізуге бастамашылық танытуға құқылы.

Скандинавияда омбудсман басқару саласындағы лауазымды тұлғалардың жүріс-тұрысы туралы өз пікірін білдіруге, әкімшілік органдардың қызметіндегі нақты заң бұзушылықтарға да қатысты, сондай-ақ қолданыстағы заңдарды, қаулыларды өзгертуге де қатысты ұсыныстар жасауға құқылы болады. Омбудсман қызметтік өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында өзінің жеке қабілетін көрсете отырып, тергеуді қозғау, жүргізу және аяқтау жөнінде шешімдер қабылдау процесінде белгілі бір бостандыққа ие болады.

Омбудсманның жоғары дәрежедегі жария жағдайы және қоғамдық беделі оның жалақысының белгіленген мөлшеріне байланысты болады. Мәселен, Швеция мен Данияда омбудсманның жалақысы Жоғарғы сот судьясының жалақысына теңестіріледі.

Данияда омбудсман жоғарғы және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік билікті жүзеге асырумен байланысты кез келген сұрақты (сотпен шешілетін сұрақтарды қоспағанда) іс жүзінде қарауға қабылдауы мүмкін. Омбудсман институты қоғамның әлеуметтік тұрғыдан қорғалмай қалған мүшелерінің шағымдарын қарауға кепілдік береді.

Адамның жеке және өзге құқықтарына деген терең бекітіліп қойған құрмет — Швецияның құқықтық жүйесінің ажырамас элементі болып табылады. Швециядағы омбудсмандық қызметтің бірден-бір және таңқаларлық сипаттамасы — хаттамалар мен құжаттарға шектеусіз қолжетімді болуы. Егер лауазымды тұлға қандай да бір ақпаратты ұсынбаса не ұсынудан бас тартса, омбудсман 1000 швед кронасы мөлшерінде айыппұл тағайындау туралы өкім ете алады. Жалпы алғанда ресми құжаттардың көпшілігі баспасөз өкілдері мен азаматтарға қол жетімді болып табылады. Егер құжаттар Баспасөз бостандығы актісіне немесе Құпиялылық Актісіне сәйкес құпия болып есептелмесе, кез келген әкімшілік мекеменің мұрағаты қоғам мүшелері үшін ашық болып табылады. Қандай да бір ресми құжатпен қандай мақсатта танысу қажеттілігі туралы ешбір адам түсіндірме беруге міндетті емес.

Скандинавиялық аумақтағы омбудсмандар қызметінің тәжірибесі құқықтық қорғаудың өзге заңи тетіктеріне жүгінбей-ақ, олардың тұлғаны қорғаудың маңызды қосымша кепілдігі болып табылатынын көрсетті.

Құқықтық негіздері ерекше болып келетін скандинавиялық төрт мемлекеттегі омбудсмандардың жемісті, табысты қызметі омбудсман үлгісінің алуан түрлі жағдайларға бейімделу мүмкіндігі туралы куәландырады¹.

Осы саладағы неғұрлым елеулі іс-шара — омбудсмандардың Халықаралық институтының Бас Ассамблеясының жұмысы және Еуропалық аумақтағы омбудсмандардың кездесуі болып табылады. Омбудсмандардың Халықаралық институты (The International Ombudsman Institute) Еуропа, Азия, Африка, Латын және Солтүстік Америка мемлекеттерінің омбудсмандар ұйымдарының халықаралық ассоциациясы ретінде 1978 жылы құрылған.

Әлемнің барлық мемлекеттерінде омбудсман институты — не бақылаушы, не қадағалаушы орган болып табылады. Әлемнің, соның ішінде ТМД мен Балтика мемлекеттерінің омбудсмандары тек Конституцияны, заңдарды, халықаралық құқықтың баршамен танылған қағидалары мен нормаларын, халықаралық шарттарды басшылыққа алады. Омбудсмандар өкілеттік мерзімі ішінде тиіспеушілік пен иммунитетке ие болады, ол қолсұғылмаушылық өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде омбудсмандар қылмыстық немесе әкімшілік қудалаудың объектісі бола алмайды.

Әлем мемлекеттері заңнамаларын талдау омбудсман лауазымының негізінен Конституциялық соттың төрағасы немесе мүшелеріне, не Жоғарғы Соттың төрағасы немесе судьяларына теңестірілетінін көрсетті. Көршілес Өзбекстан республикасы заң шығарушы билік арқылы омбудсман институтын Литва, Грузия және Ресей Федерациясынан кейін іле-шала қалыптастырды.

1997 жылғы 24 сәуірдегі «Адам құқықтары жөніндегі Олий Мәжілістің уәкілі (омбудсмен) туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы Уәкілдің құқықтық мәртебесін анықтады: оны қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібі, құқықтары мен міндеттері, қызмет аясы мен қағидалары, шағымдарды қабылдау және қарау тәртібі, шағымдар бойынша қорытындылар әзірлеу, т.б. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде Уәкіл мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан дербес және тәуелсіз болады және Өзбекстан Республикасының Олий Мәжілісіне ғана есеп береді деп көрсетілген.

¹ Бойцова В.В. Служба защиты прав человека и гражданина. М., 1996. 40-96 б.

11.2. Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл — омбудсман институты

Қазақстан тәуелсіздік және егемендік алған сәттен бастап, адам құқықтарын заң жүзінде жария ету, тәжірибелік тұрғыдан қамтамасыз ету және қорғау мемлекеттің ең өзекті міндеттерінің бірі болды. Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясында жария етілген негізгі ережелердің барлығы дерлік Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапқаны баршамызға белгілі. Сондай-ақ қолданыстағы заңнамаларда адам құқықтарына қатысты императивті нормалар аз емес. Мемлекет дербестік пен тәуелсіздік алған сәттен бастап «омбудсман» сөзі кеңінен тарап, біздің қоғам үшін үйреншікті ұғымға айналды.

Адам құқықтарын қолдау мен қорғаудың мемлекеттік және қоғамдық тетіктерін күшейту мақсатында 1994 жылы 12 ақпанда *Республика Президентінің Жарлығымен алғаш рет Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия* құрылды. Сол сәттен бастап Мемлекет басшысы жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның құзыреті мен жұмыс бағыты бірнеше мәрте жетілдіріліп отырды.

1998 жылың ақпан айында ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен БҰҰДБ (Біріккен Ұлттар Ұйымын Дамыту Бағдарламасы — UNDP) арасында келісім жасалып, оған сәйкес Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі ұлттық институтты — омбудсман институтын құру жөнінде дайындық жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар 1998 жылдың 2 желтоқсанында Республика Үкіметі мен ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі Бюросы (ДИАҚБ) арасында өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды, бұл актіге сәйкес Қазақстанда омбудсман кеңсесін құру үшін техникалық көмек көрсету жобасы жүзеге асырылды.

2002 жылдың 19 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президентінің *«Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл лауазымын белгілеу туралы» № 947 Жарлығы қабылданып*, сонымен бір уақытта Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл туралы ереже бекітілді.

Ережеге сәйкес, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл — өз құзыреті шегінде адамның және азаматтың бұзылған құқықтары

мен бостандықтарын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау өкілеттіктері берілген, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға.

Сонымен қатар Уәкіл өз қызметімен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын қолданыстағы мемлекеттік құралдарды толықтырады. Уәкілдің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасына сәйкес адамның құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын басқа мемлекеттік органдардың құзыретін шектемейді. Уәкіл қызметке Қазақстан Республикасының Президентімен 5 жыл мерзімге тағайындалады және бір адам қатарынан екі реттен артық Уәкіл қызметіне тағайындала алмайды. Ережеге сәйкес, уәкіл өз қызметін жүзеге асыру барысында тәуелсіз болады. Алайда, оның өкілеттіктері біршама шектелгенін аталған құжаттан көруге болады.

Егер лауазымды тұлғаның нақты құқықтары болмаса, онда оның тәуелсіздігі еш маңызды болмайды. Осылайша, Ережеге сәйкес Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің және оның депутаттарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Конституциялық Кеңестің, Бас прокурордың, Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы соттарының іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарамайды.

Уәкіл шағымды қарауға қабылдай отырып:

1) арыз берушіге оның өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауда пайдалануға құқығы бар тәсілдер мен құралдарды түсіндіруге;

2) шағымды мәні бойынша шешу өз құзыретіне жататын тиісті органдарға арыз беруге құқылы.

Өтініштерді тексеру нәтижелері бойынша Уәкіл іс-әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) арыз берушінің құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды тұлғаға бұзылған құқықтарды қалпына келтіру үшін қолдануға тиіс шараларға қатысты ұсынымдар жіберуге құқылы. Уәкілдің ұсынымдарын алған лауазымды тұлға олар келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде ұсынымдарды қарауға және оларды қараудың нәтижелері туралы хабарлауға міндетті.

Уәкілдің қызметін мемлекеттік мекеме болып табылатын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген

мері мен бланкілері және мемлекеттік тілде жазылған өзінің атауы, сондай-ақ банк мекемелерінде тиісті шоттары бар Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық қамтамасыз етеді. Ұлттық орталық Уәкіл қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және басқа да қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Ұлттық орталықтың қызметкерлері өз қызметін мемлекеттік қызмет туралы заңнама негізінде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер болып табылады.

Ережеден белгілі болып отырғандай, Уәкілдің тәртіптік іс жүргізу қозғауға құқығы белгіленбеген. Ол тек қана адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды тұлғаға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді не қылмыстық іс қозғау туралы қолдаухатпен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жүгінуге құқылы. Басқаша айтсақ, жоғарыда аталған құқықтарды кез келген заңды немесе жеке тұлға да иелене алады, яғни мемлекеттік органдарға шағым беруге, нақты лауазымды тұлғаны қылмыстық немесе тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы өтініш жасауға, сондай-ақ бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді сұрауға құқылы болады.

Уәкілдің Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің және оның депутаттарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Конституциялық Кеңестің, Бас прокурордың, Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы соттарының іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарамауы оның адам құқық қорғау мүмкіншіліктерін азайтады, себебі көп азаматтар республикалық деңгейдегі осы жоғарыда аталған ведомстволардың шешімдері мен жауаптарына қанағаттанбаған жағдайда омбудсманға шағым береді.

Осылайша, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің қандай да бір императивті сипаттағы өкілеттіктері әлі де жеткіліксіздеу сияқты. Сол себептен болуы керек күнделікті тәжірибеде Уәкілдің қызметкерлерінің өздеріне берілген өкілеттіктерді де жеткіліксіз пайдаланатыны. Сондықтан болар азаматтардың құқықтарын бұзғаны үшін Уәкілдің бастамашылығы бойынша аудандық деңгейдегі болсын лауазымды тұлғаның орнынан түсуі туралы мәліметтер белгісіздігі.

Қазіргі таңда мемлекеттегі адам құқықтары жөніндегі құрылып жатқан ұлттық мекемелердің — омбудсман институты қыз-

метінің тиімділігін бағалаудың критеріі — Париждік қағидалар болып табылады. 1991 жылы қазан айында Парижде БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі орталығымен бірлесе отырып, адам құқықтарын қорғау жөніндегі 35 ұлттық мекеменің қатысуымен халықаралық конференция өтті. Үш күндік пікірталастардан кейін кездесуде бірқатар қорытындылар жөнінде келісімдер жасалды, кейінірек олар БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комиссиямен және 1993 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен бекітілді.

«Адам құқықтарын марапаттау және қорғаумен айналысатын ұлттық мекемелердің мәртебесіне қатысты қағидалар» немесе «Париждік қағидалар» деген атпен белгілі халықаралық құжат адам құқықтарын марапаттау және қорғау мақсатында кең өкілеттіктері болатын ұлттық мекемелерді енгізу қажеттілігін көрсетті. Париждік қағидалар — олардың негізінде қолданыстағы, сонымен қатар құрылу процесіндегі адам құқықтары жөніндегі ұлттық мекемелердің тәуелсіздік дәрежесі бағаланатын ең төменгі стандарттардың жиынтығы болып табылады. Олар адам құқықтарын марапаттау және қорғау жөніндегі ұлттық мекемелердің тиімді қызмет етуі үшін қажетті негіздерді айқындады.

Париждік қағидаларға сәйкес келмейтін тәуелсіз ұлттық мекемелер тәуелсіз және демократиялық емес деп танылды, сәйкесінше халықаралық қауымдастықтың сенімін иелене алмады. Омбудсман қызметі тәуелсіздігінің басты кепілі — адам құқықтары жөніндегі уәкіл өкілеттіктерінің Конституцияда немесе арнайы заңда бекітілуі болып табылады, бұл актілерде омбудсманды қызметке тағайындау және қызметтен босату рәсімі, оның құзыреті және қаржылық тәуелсіздігі нақты белгіленуі тиіс. Париждік қағидаларда омбудсманның тәуелсіздігі оны қызметке тағайындау және қызметтен босату рәсімі, тағайындау тәртібі мен негіздері, қызметте болу ұзақтығы, лауазымнан кетіру себептері мен рәсімі, артықшылықтары мен иммунитеттері арқылы анықталатыны айқын көрсетілген.

Омбудсман мен оның орынбасарларының қызметін қолдаудың негізін қамтамасыз ету үшін ЕҚЫҰ оларды Парламент мүшелерінің 2/3 даусының көпшілігімен сайланауы және қызметтен босатылуы мүмкін деген ережені ұсынды.

Біздің пікірімізше, Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық еткені, оның жұмысына белсене араласқандығы жағдайларында респуб-

ликадағы омбудсман институтының халықаралық стандарттарға сәйкестендірілуі туралы мәселеге тағы да оралуы қажет сияқты. Тиісті заңдарды қабылдау қазақстандық уәкілдің мәртебесін жоғарылататыны сөзсіз және ол омбудсман Халықаралық институтының лайықты мүшесі болатынына күмән келтірмейді.

Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің — ұлттық омбудсманның өкілеттіктерін кеңейту мемлекеттік органдардың қызметіне теріс ықпал етеді немесе заң шығарушы биліктің күшеюіне әкеп соғады деген қауіпке ешқандай негіздер жоқ. Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, адам құқықтары жөніндегі уәкілдің (ұлттық омбудсманның) өкілеттіктерін Конституцияда немесе омбудсманды қызметке тағайындау және қызметтен босату рәсімі, оның құзыреті және қаржылық тәуелсіздігі нақты белгіленетін арнайы заңды бекіту қажеттілігі туралы қорытындыға келуге болады.

Көптеген мемлекеттерде «мамандандырылған омбудсмандардың» лауазымы белгіленгендіктен, адам құқықтарын қорғаудың нақты бағыттары бойынша жұмыс атқаратын аумақтық омбудсмандарды құру мүмкіндігін де қарастыру қажет. Атап айтар болсақ:

— қылмыстық әділет шеңберіне тартылған азаматтардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл;

— пенитенциарлық жүйедегі азаматтардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл;

— әлеуметтік саладағы азаматтардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл;

— әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл;

— әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл;

— ұлттық азшылық өкілдерін қорғау жөніндегі уәкіл;

— сөз және ар-ождан бостандығын қорғау жөніндегі уәкіл.

Қазақстанда омбудсман Президентке тікелей бағынатын агенттік төрағасының деңгейіне теңестірілген, әрине бұл ТМД мен Балтикадағы басқа омбудсмандардың деңгейінен едәуір бөлек. Біздің пікірімізше, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну құқығын иеленіп, мемлекеттік баж төлеуден босатылуы тиіс.

11.3. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдары және азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін пайдалану

Қазақстанның өмір сүру сапасының жоғары стандарттары бар динамикалық мемлекет ретінде дамуы адамдық мүмкіндіктерді белсендендіру, азаматтық қоғамды әрі қарай жетілдіру негізінде ғана мүмкін болады. Азаматтық қоғамның міндеті — индивид пен мемлекет арасында делдал болу.

Демократиялық дәстүрлері қалыптасқан мемлекеттерде үкіметтік емес ұйымдар тұлғаны басып-жаншуға, күш көрсетуге бейім мемлекет және жеке адам арасындағы дәнекер рөлін атқарады.

Үкіметтік емес ұйым (ҮЕҰ) болып жергілікті, мемлекеттік немесе халықаралық деңгейде ұйымдастырылған азаматтардың ерікті, коммерциялық емес одағы танылады. Нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағдарланған үкіметтік емес ұйымдар алуан түрлі міндеттерді шешеді және көптеген гуманитарлық функцияларды атқарады. Мысалы, олар адамдардың мұң-мұқтаждықтары туралы үкіметтің қарауына жеткізеді, полицияның қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асырады және жергілікті деңгейдегі саяси өмірге халықтың белсенді қатысуына ықпал етеді, мәдениет, қоршаған орта және денсаулық сақтау мәселелерін шешуге ат салысады. Олар саяси мәселелердің анализі мен сараптамалық бағалануын қамтамасыз етеді, алдын алу тетіктері ретінде әрекет етеді және халықаралық келісімдердің орындалуына бақылауды жүзеге асыруға көмектеседі.

Кейбір үкіметтік емес ұйымдар адам құқықтары саласындаға нақты мәселелерді шешу мақсатында құрылады. Үкіметтік емес ұйымдардың жинақтаушы атауы — үшінші сектор — заңда тыйым салынбаған өзінің тәсілдері, құралдары және әдістері арқылы азаматтардың әртүрлі мүдделерін қорғауды жүзеге асырады. Үшінші сектор — барлық жеке ұйымдар: әлеуметтік тұрғыда құрылған, және пайда үшін құрылмағандар, немесе үкіметтік емес (коммерциялық емес, «пайдасыз») ұйымдар.

Коммерциялық емес ұйым деп негізгі мақсаты табыс табу болып табылмайтын және алынған таза табысты қатысушылары арасында бөлмейтін заңды тұлғаны айтамыз. Әдетте, коммерциялық емес ұйымдар әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру, қайырым-

дылық, басқарушылық мақсаттарға қол жеткізу үшін; азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау; даулар мен келіспеушіліктерді шешу үшін; азаматтардың рухани және өзге қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін; азаматтардың денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау, дене шынықтыру мен спортты дамыту үшін; заң көмегін көрсету, сондай-ақ қоғамдық құндылықтар мен өз мүшелерінің (қатысушыларының) құндылықтарын қамтамасыз етуге бағытталған өзге де мақсаттарда құрылады.

Коммерциялық емес ұйымдар мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, қордың тұтыну қоры, діни бірлестік, ассоциация (одақ) түріндегі заңды тұлғалардың бірлестігі және заңнамалық актілермен қарастырылған өзге де нысанда құрылуы мүмкін.

Бұл анықтама ағылшын тілінен енген және қазіргі заманғы демократиялық мемлекеттердегі әлеуметтік-экономикалық белсенділікті 3 секторға бөлумен байланысты. Осындай типологияға сәйкес, бұл — мемлекеттік сектор ретінде анықталатын мемлекеттік және жергілікті әкімшілік. Екінші сектор — бұл бизнес саласы, немесе табыс табуға бағытталған барлық институттар мен ұйымдар, яғни жеке сектор.

Азаматтық қоғамның саяси негізі құқықтық мемлекет және демократия болып табылады, олар тұлғаның барлық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, тұрақтылықты, қауіпсіздікті, әділеттілік пен ынтымақтастықты дамыту мақсатында қоғамды дамыту үшін қажетті болып табылады.

Азаматтық қоғам институттарын жедел түрде дамыту үшін жағдайлар жасау және азаматтық бастамаларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстанда Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі № 154 Жарлығымен бекітілген *«2006—2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы»* қабылданды. Тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру адам құқықтары мен демократиялық бостандықтарды сақтауды қамтамасыз ететін азаматтық қоғам үлгісін іске асыруды көздейді.

2000 жылдың қазан айындағы Президенттің «Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға» атты Қазақстан халқына Жолдауында мүдделерді жүзеге асыруда алуан түрлі халық топтары арасында рөлі күшейе түскен үкіметтік емес ұйымдарды дамыту үшін жағдайлар жасау жөнінде Үкіметке алғашқы тапсырмалар берілді.

2000 жылы Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының конфедерациясы құрылған, олар мемлекеттік билік органдарының өзара әрекет ету тетіктерін қалыптастыру үшін ҰЕҰ-дың күштерін біріктірді. 2000 жыдың желтоқсан айында қабылданған «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы атқарушы билік органдарының өкілдері, жұмыс берушілердің бірлестіктері және жұмыскерлер арасындағы мүдделердің келісімін қамтамасыз етуді мемлекеттік саясаттың деңгейіне жеткізді.

2001 жылы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, ал 2002 жылы — үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау Концепциясы қабылданды.

2003 жылы ел Үкіметі үкіметтік емес ұйымдарды қолдаудың 2003—2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекітті, оған сәйкес облыстық (қалалық) бағдарламалар әзірленді. Дәл осы жылы көптеген белгілі діни қайраткерлердің, әртүрлі конфессия өкілдерінің қатысуымен Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының бірінші съезі өткізілді, мұнда «Бейбітшілік пен келісімге» атты Декларация қабылданып, бейбітшілік пен тұрақтылық форумы қалыптастырылды.

2003 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен бірінші *Азаматтық форум* өткізілді. Ол үкіметтік емес секторды саяси тұрғыдан танып, азаматтық қоғам институттарының мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасының жүйелі тетігінің қалыптасуына негіз салды. 2005 жылы бизнес-ассоциациялардың мемлекеттің қоғамдық өміріне тартуға ықпал еткен екінші Азаматтық форумы өткізілді.

Орталық және жергілікті деңгейде «билік — қоғам» атты әріптестіктің ұзақ мерзімді, тұрақты тетіктерін құру жөнінде белсенді жұмыс жүргізіле бастады. Нәтижесінде 2005 жылдың сәуірінде «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, аталған заң нормалары билік пен ҰЕҰ-дың өзара қарым-қатынасының түбегейлі жаңа жүйесін құру үшін мүмкіндіктерді ұсынды.

2003—2005 жылдарда, бір-бірін ауыстыра отырып, азаматтық қоғамды әрі қарай демократияландыру және дамыту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу туралы тұрақты жұмыс атқаратын кеңес және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Демократияландыру және дамыту кеңесі құрылды.

кратия мен азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия қызмет атқарды.

Осылайша, өткен жылдары мемлекетте тұтастай алғанда мемлекеттік емес секторды құраған азаматтық қоғамның институттары — саяси партиялар, коммерциялық емес (үкіметтік емес) ұйымдар, кәсіподақтар, ұлттық-мәдени орталықтар, БАҚ-тың мемлекеттік емес және өзге институттары қалыптасып, қазіргі таңда жан-жақты дамуда. Бүгінгі күні Қазақстанда оншақты саяси партиялар, әртүрлі бағытта қызмет атқаратын бес мыңнан асатын үкіметтік емес ұйымдар, үш мыңнан астам қоғамдық қорлар, мыңдай заңды тұлғалардың ассоциациясы, 40-тан астам конфессиялардың өкілі болатын 3340 діни бірлестіктер, әртүрлі нысандағы 6646 БАҚ ресми түрде тіркеліп, әрекет етуде. Азаматтық қоғамның осы және өзге де институттары мемлекетті әрі қарай демократизациялаудың маңызды ресурсы болады.

Азаматтық қоғам — процестер мен қатынастардың басты тұлғасы және субъектісі өз қажеттіліктері, мүдделері мен құндылықтары бар адам болып табылады. Сонымен қатар бұл ұғым мемлекет пен оның органдарынан тәуелсіз өмір сүретін саяси, экономикалық мәдени, ұлттық, діни, отбасылық және өзге қатынастардың жиынтығын білдіреді, көптеген жеке мүдделерді қорғайды.

Мәселен, шектеулі мүмкіндігі бар адамдарды әлеуметтік қорғаудың қазіргі заманғы жүйесінің қалыптасуы мен дамуы, олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуының мүмкіндіктерін кеңейтуді үкіметтік емес сектордың қатысуынсыз елестету мүмкін болмайды. Шектеулі мүмкіндігі бар адамдардың мәселелерін шешу, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен тығыз байланыс жасайды.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында Үйлестіруші кеңес құрылып, қызмет етуде (2005 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1266 қаулысы), оның құрамына мүдделі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіреді. Кеңес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады және мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ұсыныстар мен шешімдерді әзірлеу, орталық және жергілікті атқарушы органдар-

дың, мүгедектердің ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктерінің өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету үшін құрылған.

О. Таранның пікірінше, егеменді Қазақстандағы алғашқы үкіметтік емес ұйым кеңестік кезеңнен мұрагерлікке қалған кәсіподақтар болып табылады. Келесілері — Ұлы Отан және Афган соғысы ардагерлерінің, Чернобыль апатын жоюшылардың, мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері, т.б. болды. Батыстан келіп қосылған мынадай ҰЕҰ біздің өмірімізге жаңа мән-мағына әкелді: құқық қорғаушы ұйымдар, қоғамдық қорлар, гуманитарлық бағыттағы одақтар және ресми билікке қарсы ашық оппозициялық саяси ұйымдар.

Үкіметтік емес ұйымдардың негізгі мақсаты ретінде табыс табуды алдына қоймайтын және оны өз арасында бөлмейтін жекеше ұйымдар болып табылады. Олардың міндеті — белгілі бір қызметтер көрсету немесе қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық немесе саяси жағдайды жасқарту мақсатында мемлекет не қоғамға ықпал етуге ұмтылу. Үкіметтік емес ұйымдар әлеуметтік қайшылықтарды шешу кезінде билік органдарымен бірлесе қызмет атқарып қана қоймай, кейде олардың орнын да ауыстырады. Бұдан басқа, ҰЕҰ халықтан билікке деген қағида бойынша ғана емес, «кері байланыс» элементі ретінде де жұмыс атқарады. Бұл өз кезегінде саяси режимге өз шешімдерінің тиімділігі туралы объективті мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің ҰЕҰ-ды мынадай жолдармен пайдаланады: әлеуметтік жобаларға тендер бойынша бөлінген сомалардың көмегімен, билік органдары халықпен жұмыс істеу бағыттары бойынша бірқатар міндеттемелерді ҰЕҰ-ға жүктеп қояды және бұл барлығына ыңғайлы болады. Қаражаттары жеткіліксіз болатын үкіметтік емес ұйымдар ақша сомаларын мемлекеттік тапсырыс арқылы алады. Билік органдары мен ҰЕҰ арасындағы өзара қарым-қатынасқа 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық етуі белгілі бір қолдау көрсетті. Әлеуметтік тапсырыстарға да қатысушылардың саны өсті: егер 2003 жылы Қазақстан бойынша 109 ҰЕҰ өтініш берсе, 2007 жылы 154 ҰЕҰ 392 өтініш жасады.

Үкіметтік емес ұйымдардың арасында экологиялық ұйымдар алдыңғы орынды иеленіп отыр — жалпы санының 15 % құрап отыр. ҰЕҰ-дың келесідей бағыттары — денсаулық, балалар мен жастар, гендірлік теңдік — әрқайсысы 13 % құрады, бұлардан

кейін мәдениет пен білім 12,5 % құрады. Қоғамға ең қажетті құқық қорғау мен әлеуметтік қорғау тиісінше 8% және 7% құрап отыр, ал ұйымдардың 6% қоғамдық бастамаларды қолдаумен айналысады. Қалған пайыздар мамандандырылған саладағы ұйымдарға тиесілі болып отыр.

Ауылдық жерлерге қарағанда үкіметтік емес ұйымдар үлкен қалаларда көбірек дамыған. Осылайша, ауылдар мен кішігірім қалаларда өмір сүретін Қазақстан халқының жартысынан көбі елдің қоғамдық өмірінің үкіметтік емес секторын мүлдем пайдаланбауда. Бұған қоса барлық атқарушы органдар үкіметтік емес ұйымдарға көмек беруге әрқашан келе бермейді.

Үкіметтік емес ұйымдар қызметінің негізгі әдістері мен нысандары — ақпараттық орталықтар (49,2%) мен тренинг-орталықтар (37,1%) құру арқылы халықты ақпараттандыру болып табылады. Тегін кеңестер берумен үкіметтік емес ұйымдардың 48,6% айналысады үкіметтік емес ұйымдардың тағы 42,4 % — азаматтардың құқықтарын қорғаумен айналысса, меценаттық және демеушілікке 29,5 % назар аударады.

Сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық немесе саяси ахуалды жақсарту мақсатында емес, өзінің басшысына оң имидж қалыптастыру, белгілі бір саяси капиталға қол жеткізу үшін қызмет атқаратын ұйымдар да бар ¹.

Бақылау сұрақтары

1. Қандай халықаралық құқық қорғаушы ұйымдарды білесіздер?
2. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі қандай әктілермен реттеледі?
3. ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның өкілеттіктері қандай?
4. «Париждік қағидалар» нені білдіреді?
5. Адам құқықтарын қорғау жөнінде үкіметтік емес ұйымдардың рөлі қандай?

¹ Олег Таран. Интернет специально для Gazeta.kz

12 ТАРАУ

АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН СОТ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАУ

12.1. Сот — адам құқықтарын қорғайтын орган

Мемлекет әлеуметтік-саяси ұйым бола тұра, жария билікті жүзеге асырады, яғни барлық қоғамның мүддесінде қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға және адамдардың жүріс-тұрысына ықпал етеді. Өз функцияларын орындау үшін мемлекет өз мәнісі бойынша мемлекеттік билікті құрайтын, оны әртүрлі нысандарда жүзеге асыра отырып, мемлекеттік органдардың жүйесін құрайды. Билікті жүзеге асырудың ерекше міндеті құқықты қолданумен байланысты және сот билігін құрайтын мамандандырылған мемлекеттік органдардың қызметіне мүмкіндік жасау болып табылады.

Сот билігі биліктің тәуелсіз үш тармағының бірі ретінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғайды, Конституцияның, заңдардың, өзге нормативтік құқықтық актілердің, республиканың халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді. Сот билігі құқық қорғау органдарына жүктелген қылмыстылықпен күресуін қамтамасыз етпейді, ол сот қызметінің құқық қолдану жолымен қылмыстылықпен күресу әдістерінің заңдылығына сот бақылауын жүзеге асырады.

Республиканың Конституциясында азаматтардың негізгі құқықтарын берік қорғау мақсатында елімізде тәуелсіз заң шығару және атқару билігімен тең құқылы, бірақ олардан тәуелсіз, сот билігін қалыптастыру үшін конституциялық негіздерді құрайтын «Соттар және сот әділдігі» деп аталатын арнайы тарау көзделген.

Сот билігінің құқық қорғау функциясының идеясы Қазақстан Республикасы Конституциясының жиынтық баптарында көрініс

тапты. Ең алдымен, бұл 12-бап, мұнда Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтары танылады және кепілдік беріледі делінген (1 б), және 13-бапта әркімнің өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар деп жарияланған (2 б.).

Әділетті сот өндірісіне құқық адамның фундаменталды құқығы болып табылады. Құқық қорғау қызметіне мемлекеттік биліктің барлық тармақтары қамтылғанымен, саяси, еңбек, авторлық және өзге мүліктік және мүліктік емес құқықтардың бұзушылықтарының құқықтық салдарын анықтауда шешуші сөз сот әділдігіне тиесілі. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, азаматтардың ең тиімді және қолайлы қорғау тәртібі — сот арқылы. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, дәлме-дәл процессуалдық нысанда реттелінетін сот талқылауы дауларды шешіп, шындықты айқындаудың ең жақсы әдісі.

Жалпыға бірдей адам құқықтарының Декларациясымен және Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактімен (АСҚХП) танылған әділ сот өндірісіне құқық жай халықаралық құқықтың құрамдас бөлігі ретінде барлық мемлекеттердің құқықтық міндеті болып табылды. Ол БҰҰ-мен қабылданған басқа көптеген халықаралық және аумақтық шарттарда арнайы бекітіліп, сонымен қатар аумақтық үкіметаралық органдармен танылған.

Бұл құқық қорғау нормалары құқықтық процедуралардың сан алуандығын ескере отырып, әлемнің барлық құқықтық жүйесіне қатысты әзірленген — мұнда барлық жүйелермен ұсынылатын ең төменгі кепілдіктер келтірілген. Мәселен, ЕҚЫҰ құжаттарында қатысушы-мемлекеттер құқықтарды қамтамасыз ету үшін әділ сот өндірісін құру керек екендігі туралы қажетті шарттар қалыптастырылған. Олардың ішінде:

— соттардың тәуелсіздігі және мемлекеттік сот қызметінің мінсіз қызмет етуі;

— қылмыстық айыптау бойынша сот арқылы санкцияланған қамау немесе ұстау;

— заң негізінде құрылған құзыретті, тәуелсіз және мінсіз сотпен әділ және ашық сот талқылауын жүргізу;

— кедергісіз білікті заң көмегін алу мүмкіндігі, соның ішінде сот тәртібінде қудаланатын тұлғаның материалдық дәрменсіздігі жағдайында тегін көмек алу;

— кінәсіздік презумпциясы; заңның ұлықтылығы мен сот жүйесінің тәуелсіздігі.

Құқықтық мемлекет деп бекіту сот билігінің тәуелсіздігін — адамның конституциялық құқықтарын қорғайтын басты құқықтық институтты білдіреді. Тек қана сот, нақты дауларды шеше отырып, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғайды, онымен заңдылық режимін бекітеді, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын заңсыздық пен зорлық-зомбылықтан бас тартуын қамтамасыз етеді. Құқықтар мен бостандықтарды сот арқылы қорғаудың өзіне тән ерекшеліктері бар.

Біріншіден, сот әділдігін жүзеге асыру мемлекет пен қоғам үшін жоғары құндылыққа ие болатын қоғамдық қатынастардың бірыңғай жүйесі кіретін ерекше мемлекеттік әсер ету объектісімен ерекшеленеді.

Екіншіден, соттық қорғау тек сотпен күрделі, тармақталған және барлық юрисдикциялық рәсімдердің ішінде дәлме-дәл реттелген айрықша процессуалдық нысанда жүзеге асырылады.

Үшіншіден, сот органдарының құқық бұзушыларға «күшпен» әсер етудің тәжірибелік шексіздігі сот арқылы қорғау сипатының маңыздылығы мен ерекшелігі туралы куәландырады.

Сот қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі 2000 жылғы 25 желтоқсандағы **«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы»** № 132-ІІ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен реттеледі. Соттың құқық қорғау міндеті осы заңның 1 бабында бекітілген, мұнда «әркімге Конституция мен Республика заңдарында көзделген құқықтарды, бостандықтарды және заңды мүдделерді бұзатын немесе шектейтін мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге тұлғалардың кез келген құқыққа қайшы шешімдері мен әрекеттерінен сот арқылы қорғауға кепілдік беріледі». Сот тетіктері ғана мемлекетке маңызды әлеуметтік құндылықтарды қорғауға мүмкіндік береді (өмір, ар-намысын, денсаулығын және басқа құқықтары мен бостандықтары). Сот әділдігімен

тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғау көптеген жағдайда осы саладағы сот құзыретінің заң шығару регламентінің нақтылығымен және толықтығымен анықталады.

Сот билігінің құқық қорғау функциясы оны азаматтар бұзған жағдайда ғана емес, сонымен қатар биліктік өкілеттігі бар мемлекеттік лауазымды адамдары, сонымен қатар тұтастай мемлекет өзінің жалпыға міндетті шешімдерімен немесе кез келген басқа әдістермен азаматтардың табиғи және ажырамас құқықтарын, сондай-ақ Республиканың Конституциясымен биліктің құқықтық ұйымдастыру және қызмет ету тәртібін бұзған жағдайда да таралады.

«Сот — бұл субъектілеріне — азаматтарға, лауазымды тұлғаларға, қоғамдық ұйымдар немесе заң шығару және атқару билік органдарына қарамастан, барлық бұзушылықтардан құқықтарды қорғайтын және оны сақтайтын орган»¹.

Мемлекеттік немесе өзге органның заңға қайшы актілерінен сот арқылы қорғау Республика Конституциясының 78-бабында көзделген, мұнда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді қолданбауға соттарды міндеттейді. Егер, қолдануға жататын мұндай заң немесе нормативтік құқықтық акт Конституцияда бекітілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін болса, сот іс бойынша өндірісті тоқтатуға және Конституциялық Кеңеске бұл конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен жолдануға міндетті.

Сот билігі соттың көптеген әрекеттерінде көрініс табады, сондықтан ол сот әділдігінен әлдеқайда кең. Мәселен, Жоғарғы Соттың пленарлық отырысы сот тәжірибесін зерттейді және оны жалпылау қорытындысы бойынша республика соттарына сот әділдігін жіберу барысында заңдылықтың сақталу мәселесін қарастырады: сот тәжірибесінде заңнаманы қолдану мәселесі бойынша талқылау беретін нормативтік қаулыларды қабылдайды.

¹ Нерсесянц В.С. Идеи и конструкции правовой государственности: история и современность.// В кн.: Социалистическое правовое государство: концепция и пути развития.— М., 1990. 49 б.

Облыстық соттар сот статистикасын жүргізеді, сот тәжірибесін зерттейді және оны жалпылау қорытындысы бойынша облыс соттарына сот әділдігін жіберу барысында заңдылықтың сақталу мәселесін қарастырады. Сонымен қатар соңғы жылдары қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларында соттың бақылау функцияларын кеңейту мәселесі талқыланады. Сот билігі сот әділдігінде іске асырылады және сот отырыстарында нақты істерді қарауын және сотпен тиісті шешімдердің қабылдауын көздейді.

Судьялардың тәуелсіздігі: заңмен көзделген сот әділдігін жүзеге асыру процедурасымен; судья сот әділдігін жүзеге асыру барысында оның қызметіне араласқаны үшін және сот пен судьяға құрмет көрсетпегені үшін заңмен жауапкершіліктің белгіленуі; судьяларға қол сұқпаушылық; судьяны қызметке тағайындау, оның өкілеттілігін тоқтату және тоқтата тұру, судьялардың отставкаға кету құқықтарының заң тәртібімен белгіленуі; мемлекет есебінен судьяларға олардың мәртебесіне сәйкес келетін, материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру, сонымен қатар оны нашарлатуға жол бермеу жолымен қамтамасыз етіледі. Судьялар, олардың отбасы мүшелері мен мүлкі мемлекеттің қорғауында болады. Қазақстанда сот өндірісінің тиімділігі мен объективтілігін жоғарлату, сот рәсімдерінің ашықтығы мен айқындылығын барынша қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделері бойынша міндеттерді жүзеге асыру, *сот жүйесін дамыту* жөнінде шаралар қабылданады.

2008 жылғы 17 қарашада «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Конституциялық заңда мемлекеттің сот жүйесі елеулі түрде түпкілікті өзгеріске тап болды. Конституциялық жаңалық болып қамауға санкция беру жөніндегі функцияны соттарға беру табылды.

Жаңа конституциялық нормаларға сәйкес, судьяларды тағайындаудың жаңа тәртібі енгізілді. Егер оған дейін жергілікті соттардың судьялары әділет министрлігінің, яғни биліктің атқару тармағының төрағасының ұсынысы бойынша тағайындалатын болса, бүгінгі таңда судьялардың барлық кадрлары тәуелсіз және автономды орган болып табылатын Жоғарғы Сот Кеңесінің ұсынысы бойынша тағайындалады.

Облыстық және оларға теңестірілген соттарда кассациялық инстанция енгізілді. Мемлекеттің жоғарғы сот органы — ҚР Жоғарғы Соты қадағалау инстанциясы соты ретінде ғана анықталады. Мамандандырылған соттарға әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәсіптікке толмағандардың істері бойынша және басқа соттар жатады.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының *тұжырымдамасында 2010—2020 жылдар аралығында* Қазақстанның сот жүйесі ұйымдар мен мемлекеттердің заңды мүдделерімен қорғалатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы тиімді қорғауды қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келетіндігі көрсетілген.

Тұжырымдамаға сәйкес, сот-құқықтық жүйесін дамыту мираскорлық және кезеңділік негізінде жүзеге асырылады және келесі бағыттар бойынша ұсынылады.

Оның негізгі даму векторы — соттар мен судьяларды мамандандыру болып табылады, соның ішінде ювеналды соттарды дамыту, қылмыстық істерді қарау жөніндегі мамандандырылған соттарды құру, ал кейін салықтық және басқа да мамандандырылған соттардың құрылуы мүмкін. Мұнда ювеналды соттар елімізде құрылып жатқан ювеналды әділет жүйесінің орталық буыны болуы тиіс. Сонымен қатар болашақта қолданыстағы әкімшілік соттардың негізінде жалпы юрисдикциядағы соттардың ведомстволық бағыныштылығына әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді берумен жария-құқықтық дауларды қарайтын әкімшілік әділет жүйесін құру қажет.

Сот жүйесін жетілдіру нәтижесінде әртүрлі сот инстанцияларының функцияларын қайталауға жол берілмеуі керек. Сот жүйесін дамыту перспективалары, сондай-ақ сотқа дейінгі өндірісте сот бақылауының шеңберін аздап кеңейту мүмкіндігімен байланысты. Аралық және арбитражды соттардың жүйесі дами бастайды.

Қоғам сот билігі қызметінің толық, объективті және әділ болуында мүдделі. Осы мақсатта сот жүйесінің ашықтық және айқындылық деңгейін, соның ішінде соттардың қызметі туралы ақпаратқа халықтың айтарлықтай кеңірек қол жетуі жолымен көтермелеу қажет.

Сот ақпаратын қазіргі құралдармен бекітуді нығайту сот өндірісінде сайыскершілік қағидасын іске асыруына ықпал етеді. Сот жүйесін жоспарлы ақпараттандыру сот әділдігін жөнелту процесін жедел ақпараттық-құқықтық қолдауды қамтамасыз етуге, істерді қарау мерзімдерін қысқартуға, сот шешімінің орындалу тиімділігін жоғарлатуға мүмкіндік береді.

Судьялардың кадрларын іріктеу тәртібін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар қажет, өзекті мәселелердің бірі болып судьяға үміткерлердің біліктік талаптарын күшейту табылады, өйткені судьялардың кәсіпкерлігі мен жоғарғы моральдық деңгейі сапалық сот корпусының қалыптастыру негізі болып табылады.

Сонымен қатар, сот қауымдастығының тарапынан судьялардың этикасы кодексінің талаптарын сақтауына, барлық жол берілген бұзушылықтарға барабарлық және тез арада елеуіне қатаң бақылау жүргізу қажет.

Судьялардың тәуелсіздігі кепілдігін нығайту үшін, соттарды қаржыландыру және судьяларды тұрғын-үймен қамтамасыз ету «сот әділдігін толық және тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет» деген Конституцияның талаптарын толық іске асыру маңызды мәселе болып табылады, ал оның өзі мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін және судьялардың әлеуметтік қорғалу деңгейін аздап көтермелеуді көздейді. Сот әділдігін жүзеге асыру барысында сот ісіне араласушылық, сотқа құрмет көрсетпегені үшін кінәлі тұлғалар заңмен белгіленген жауапкершілікте болуы қажет.

Осы Тұжырымдаманы іске асыру азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы тиімді қорғауға оңтайлы ықпал етеді.

12.2. Мемлекеттік органдардың әрекеттері мен шешімдеріне жүргізілетін сот бақылауы

Сот әділдігі — азаматтардың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен лауазымды тұлғалардың маңызды құқықтары

мен заңды мүдделерін іске асыруға елеулі ықпал ететін құқық қорғау қызметінің функциясы. «Сот әділдігі» термині деп осы соттардың құзыретіне жататын тиісті санаттағы істерді сот отырысы талқылауында және сот үкімдері, шешімдері, қаулылары және т.б. орындалуынан туындайтын сұрақтарды процессуалдық тәртіпте жүзеге асыру түсіндіріледі.

Сот органдары мемлекеттік институттардың арасында адам құқықтарымен тығыз және тікелей байланыста болатын орган. Бұл орган құқықтар бұзылған жағдайда тікелей қорғау функцияларын жүзеге асырады. Сот арқылы қорғау тиімді болып табылады, өйткені сотта мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, өзге ұйымдардың кез келген құқыққа қайшы шешімдеріне және әрекет (әрекетсіздігіне) сотта наразылық келтіруі мүмкін.

Наразылықты сот арқылы қарау тәртібі қабылданған шешімнің объективтілігін, жариялылығын, және жетерліктей жоғары беделдігін қамтаамсыз етеді. Сот шешімінің болуы бұзылған құқықтарды нақты қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Мәселен, ҚР ҚІЖК 109-бабына сәйкес, жеке басының құқықтары мен бостандықтарын прокурордың, тергеу және анықтау органдарының іс-әрекеті (әрекетсіздігі) және шешімі тікелей қозғайтын тұлға, егер мұндай іс-әрекеттердің (әрекетсіздіктердің) және шешімдердің заңдылығын тексеруді сот талқылауы кезеңіне дейін кейінге қалдыру адам мен азаматтың нұқсан келтірілген құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді қиындатса немесе оның мүмкіндігін жоққа шығарса, қылмыс туралы арызды қабылдаудан бас тартылуына, сондай-ақ қылмыстық істі қозғаудан бас тарту, қылмыстық істі қозғау, тоқтата тұру және тоқтату, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, тінтуді және (немесе) алуды жүргізу, мүлікке тыйым салуды қолдану, кепілді қолдану, өзге де іс-әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасау және шешімдерді қабылдау кезіндегі заң бұзушылыққа шағымданып сотқа жүгіне алады. Шағым тиісті шешіммен танысқаннан кейін не осыған ұқсас шағымды прокурор қанағаттандырмай тастаған жағдайда тікелей сотқа беріледі.

Шағым тұлғаның келіспейтін шешіммен танысқан күнінен бастап он бес тәулік ішінде не прокурордың өзінің атына берілген шағымды қанағаттандырудан бас тартатыны туралы хабарламасы алынғаннан кейін сол мерзімде немесе, егер прокурорға берілген шағымға жауап алынбаса, ол берілгеннен кейін он бес тәулік өткен күннен бастап қылмыстық процесті жүргізетін орган тұрған жердегі аудандық сотқа берілуі мүмкін.

Азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңызды кепілдігі болып сот алқа заседательдерінің сотында азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыру табылады. Алқа заседательдерінің соттарын енгізу төңкерісті оқиға болып табылды. Қазақстанның сот жүйесінің дамуындағы жаңа саты болып табылады. Сот әділдігін жүзеге асыруға кең қоғамдастықтың өкілдерінің қатысуы, сөзсіз, азаматтардың сот шешімдеріне сенімінің ұлғаюына ықпал етеді.

Қазіргі таңда заңдардың және өзге нормативтік құқықтық актілердің конституциялығына бақылау жүргізу кеңінен дамыды, өйткені мемлекеттің қызмет етуінің фундаменталды негізі болып Конституцияның ұлықтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Оның болуы кез келген мемлекет үшін міндетті атрибут болып табылады, өйткені мұнда Конституцияның нормалары мен қағидаларын сақтау талассыз сипатқа ие.

Қазақстанның тәуелсіздігі адамдардың азаматтық құқықтарын қорғау саласында істердің жағдайына түпкілікті әсер етті. Егер ертеректе соттарда, негізінен, некені бұзу, алименттік, тұрғын-үй сияқты, сонымен қатар жұмысқа қайта орналастыру және зиянды өтеу туралы *азаматтық істердің* санаттары қарастырылса, қазіргі таңда судьялар азаматтық істердің 42- ден астам санаттарын қарастырады.

Белгілі болғандай, 1992 жылға дейін ұйымдар арасындағы даулар ведомстволық арбитражбен шешілген, ал кейін мемлекеттік арбитраждар арбитраждық сотқа айналды. Дегенмен, шаруашылық дауларды шешу процедурасы қалыпты болып қала берді. Тек 1995 жылы арбитраж соттарының жалпы юрисдикциядағы соттармен бірлескеннен кейін барлық азаматтық-құқықтық қатынас субъектілерінің теңдігі белгіленді (жеке және заңды тұлғалардың

сот алдында теңдігі), және ұйымдар арасындағы дауларды шешуде әділдік қалпына келтірілді. Енді қандай салада немесе аяда, қай учаскіде болмасын, адам өмірінің қай сатысында болмасына қандайда бір құқықтарды бұзуға жол берілмеді және сот тәртібінде наразалық келтірілуі мүмкін¹.

Қазіргі заманда ең маңызды адам құқықтарының бірі болып адамның жеке өмірі (прайвеси) табылады. Жеке өмір — көптеген халықаралық құжаттарда танылған адамның фундаменталды құқығы. Ол адамның адамгершілігі мен басқа да құндылықтар негізінде жатыр, атап айтқанда, жиналыс бостандығы, ар-ұят бостандығы, және барлық демократиялық елдермен танылатын бірлестік және сөз бостандығы.

Азаматтың жеке өмір құпиясын қорғауға, соның ішінде жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, күнделіктерінің, естеліктерінің, жазбаларының, ашыналық өмірінің, бала асырап алу, туу құпиясын, дәрігерлік, адвокаттық құпиясын, банктік салым құпиясын қорғауға құқығы бар. Конституцияның 18-бабында: «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар. Әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар» делінген.

Азаматтардың аталған конституциялық құқықтары заң қорғауында болады. Олар ҚР ӘҚТК-тің 18-бабында, ҚР АІЖК-нің 10-бабында және ҚР ҚІЖК-нің 16-бабында бекітілген. Сонымен қатар ҚР Қылмыстық кодекстің 142,143,144 және 145-баптарында азаматтардың тең құқықтылығын бұзғаны, жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзғаны, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарларының немесе өзге хабарлар құпиясын заңсыз бұзғаны, дәрігерлік құпияны жария еткені, тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленген.

¹ Утешева К.Ш. Защита нарушенных прав, свобод и охраняемых законом интересов граждан и организаций — главная задача правосудия // Судебная власть в РК: становление и развитие.— Астана, 2006. С. 139-143.

Күнделіктерді, жазбаларды, естеліктерді және басқа құжаттарды жариялау тек автордың келісімімен ғана жол беріледі, ал хатты — олардың авторының және адресаттың келісімімен жол беріледі. Сонымен қатар қандай да бір тұлғаның бейнесін оның келісімінсіз пайдалануға, ал қайтыс болған жағдайда — мұрагерлердің келісімінсіз пайдалануға ешкімнің құқығы жоқ.

Сақталуға міндетті кешенді құқықтардың ішінде тұлғаның ар-намысы мен адамгершілігін құрметтеуге құқығы табылады. «Абырой», «қадір-қасиет», «іскерлік-бедел» ұғымы өзара ұқсас адамгершілік критерилері ретінде анықталады. Дегенмен, олардың барлығы жеке мүліктік емес игіліктерге жатқызылатындығы және азаматтық құқықтың объектісі болып табылатындығы біріктіреді. Бұл құқық ҚР Конституциясының 17 және 18 баптарында бекітілген. Жеке өміріне қол сұқпаушылық құқығының ерекшелігі әрбір адамның басқа адамдар үшін өзінің «ашықтық» деңгейін дербес анықтайтын мән-жай табылады. Бір адам үшін қалыпты, күнделікті құбылыс, басқалар үшін мүлдем жол берілмейтін нәрсе болуы мүмкін. Әркім өзінше дербес.

Азамат немесе заңды тұлға сот тәртібінде оның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді жоққа шығаруды талап етуге құқығы бар. Сондықтан ар-намысын және қадір-қасиетін сот арқылы қорғау — ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әртүрлі нысандағы жалған мәліметтерден азаматтар мен ұйымдарды ең басты қорғау құралы болып табылады.

Сот ар-намысын және қадір-қасиетін қорғау туралы талап-арызбен қатар азаматтың немесе заңды тұлғаның жауапкермен оның ар-намысын және қадір-қасиетіне зиян келтіретін шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді тарату нәтижесінде келтірілген моральдық (мүліктік емес) зиянды немесе өзге мүліктік емес зиянды өтеу туралы талаптарын қарауға құқылы.

Жалпыға белгілі болғандай, мемлекеттің адам мен азаматтың жеке өмірі мен бостандықтары саласына араласуы және процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану, қылмыстық сот өндірісі саласында жиі кездеседі. Тергеу барысында жеке тұлғаға қол сұқпаушылықтың конституциялық кепілдіктерді сақтау

қылмыстық тергеу органдары жұмыстарының маңызды критерилерінің бірі болып табылады. Сондықтан қолданыстағы Қылмыстық іс жүргізу кодексінде қылмыстық сот өндірісі қағидалары түрінде барлық негізгі базалық идеологиялық құндылықтардың толық және нақтыланған мазмұны көрініс тапқан.

Егер азаматтық сот өндірісінде диспозитивтік бастама басым болса, қылмыстық сот өндірісінде негізгі қағида болып жариялылық (ресмилік) табылады, ол қылмыстық тергеу органдарынан өз құзыреті шегінде қылмыстың белгілерін анықтаған әрбір жағдайда қылмыс оқиғасын анықтау, қылмыс жасаған тұлғаларды әшкерелеу, оларды жазалау барысында заңмен көзделген барлық шараларды қабылдауды талап етеді.

ҚР ҚІЖК-нің 62 бабына сәйкес, прокурорға өз құзыреті шегінде жедел іздестіру қызметінің, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық ізге түсуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыру қызметі жүктелген. Сонымен бірге, қылмыстық-іс жүргізу заңымен азаматтардың сотқа өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жолдануға құқығы бар екендігі көрсетілген.

Сонғы жылдары соттың қылмыстарды тергеуге бақылау жүргізу шеңбері бірте-бірте кеңеюде. Сот қылмыстық сот өндірісінің сотқа дейінгі сатысында тергеу органдарының заңды сақтауына тікелей бақылауды жүзеге асырады. Процессуалдық әрекеттердің бірқатар өндірісі үшін сот шешімін алу қажеттілігі — олардың орындалуы жеке тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының шектелуімен байланысты. Процессуалдық әрекеттердің өндірісі үшін сот шешімі талап етілген жағдайда, қылмыстық сот өндірісі аясына тартылған тұлғалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, процессуалдық шешімдердің объективтілігі мен әділдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сот бақылауы прокурорлық қадағалауға балама болып табылмайды. Осыған байланысты қылмыстық сот өндірісінің сотқа дейінгі сатысындағы соттың барлық өкілеттілігінің конституциялық бастамасы бар және тағайындалған процессуалдық кепілдіктерді іске асырады.

12.3. Сот әділдігінің қағидалары. Сот әділдігін жүзеге асыру барысында адамның құқықтары мен бостандықтарының процессуалдық кепілдіктері

Сот билігі мемлекеттік қызметтің бір түрі ретінде мемлекеттің арнайы органдарына — Қазақстанның сот жүйесіне жататын соттарға тиесілі. Облыстық сот апелляциялық және кассациялық инстанция ретінде әрекет етеді. Алдыңғы әрекет еткен апелляцияға қарағанда облыстық сот енді бірінші инстанция сотының толық құқықтарына ие болады — ол істің мән-жайын толық қарап, шешім немесе үкім шығарады. Апелляциялық инстанция істі қайта қарау үшін бірінші инстанция сотына қайтармайды, өйткені өзі бірінші инстанция сотының құқықтарымен қамтылған. Осыған байланысты азаматтардың ұжымдық құрамда жоғары тұрған сотпен істі қайта қарауға құқығы бар, апелляциядан кейін «кассациялық» деп аталатын сот инстанциясы әрекетке қосылады, мұнда бірінші инстанция және апелляция сотымен шығарылған шешімдер немесе үкімдер тексеріледі.

Жоғарғы сот қадағалау тәртібінде істі қарайды және материалдық немесе процессуалдық құқық нормалары елеулі түрде бұзылған жағдайда шешімдерді жояды, өзгертеді және жаңа шешімдерді қабылдайды.

Сот шешімі орындалмаған жағдайда оларды орындайтын органдар оларды іске асыру үшін мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы. Заңды күшіне енген сот қаулыларын қатаң орындамау, сонымен қатар оның орындалуына азаматтар, билік өкілдері және қызметкерлер кедергі келтірген жағдайда қылмыстық жауапкершілік көзделеді.

Сот билігі сот әділдігінде іске асырылады және сот отырысында нақты істердің қаралуын және сотпен тиісті шешімдердің қабылдануын көздейді. Сот әділдігі — бұл азаматтардың, мемлекеттердің және мемлекеттік емес ұйымдар мен лауазымды тұлғалардың аса маңызды құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға елеулі ықпал ететін құқық қорғау қызметінің функциясы. Сондықтан, сот әділдігін жүзеге асыру адамзат ғасырлар бойы адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау

мақсатында сот өндірісінде сәйкестендіретін ережелерді, әмбебап ережелерді қалыптастырды. Адамгершілік, жақсылық, ізгілік сияқты мәңгі құндылықтарға негізделген бұл әмбебап ережелер сот әділдігі қағидасы деген атқа ие болды.

«Қағида» термині латын тілінің «principium» — негіз деген сөзінен шыққан. Сот әділдігі қағидасы — бұл барлық сот өндірісі құралатын фундамент. Сот әділдігі қағидасы заңда бекітілген негізгі құқықтық идеяларын, сот өндірісінің ұйымдастырылуын, мазмұнын, мәнісі мен сипатын анықтайды. Құқықтық идеялар көптеген жағдайда құқықтық қатынас қатысушыларына бағытталған талаптар түрінде көрініс тапқан және оларды реттеудің басты құралы болып табылады. Сот әділдігін жүзеге асыру барысында қағидалардың маңыздылығы олардың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілуімен анықталады. Мәселен, Конституцияның 77 бабының 3 тармағында судья заңды қолдану барысында *келесі қағидаларды басшылыққа алуы тиіс*:

— адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

— бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

— өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

— сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

— жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

— айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

— ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;

— адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;

— заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

— қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Конституциямен белгіленген сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады. Сот әділдігінің қағидалары жоғарыда аталған он қағидамен шектеліп қоймайды, олардың шеңбері кең және бірыңғай жүйені құрайды. Барлық қағидалар бір-бірімен тығыз байланыста әрекет етеді және олардың әрқайсысы басқаларын жүзеге асыру кепілдігі болып табылады.

Заңдылық қағидасы — бұл барлық қоғамдық өмірдің бір қалыпты қызмет ету негізі болып табылады, сондықтан ол барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың қызметіне қатысты. Заңдылық — барлық қоғамдық қатынас субъектілері үшін бірыңғай және бәріне міндетті болып табылады. Заңдылық қағидасы барлық сот органдары өз қызметін жүзеге асыру барысында негізгі қағида болып табылады. Істер бойынша сотпен заңды бұзуына жол берілмейді және нәтижесінде қылмыстық жауапкершілік көзделіп, заңсыз актілердің жарамсыздылығы танылады.

Азаматтық істер бойынша даулы құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған жағдайда, сот ұқсас қатынастарды реттейтін құқық нормаларын қолданады, ал мұндай нормалар болмаған жағдайда заңнаманың жалпы бастамасы мен мазмұнына негізделе отырып, дауды шешеді. Егер заң актілерімен немесе дау тараптарының келісімімен тиісті сұрақтарды сотпен шешу көзделетін болса, сот әділдік және парасаттылық критерилердің негізінде бұл сұрақтарды шешуге міндетті.

Сот әділдігін тек қана сотпен жүзеге асыру қағидасы — сот әділдігін жүзеге асыруға уәкілетті органдарының шеңбері Конституцияның 75-бабының 1-тармағымен қатаң шектелгенін білдіреді, оған сәйкес «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады». Сот әділдігін жүзеге асыру мемлекеттік қызметтің бірде-бір нысаны іске асыра алмайтын істер мен дауларды шешуде артықшылығы бар ерекше құқықтық режимде жүргізіледі. Бұл тәртіп заңды және әділ шешім қабылдау үшін үлкен кепілдіктерді қамтиды. Ешбір басқа органдар мен

тұлғалар судьяның өкілеттілігін жүзеге асыра алмайды. Сот өкілеттілігін иеленіп алу заңмен көзделген жауапкершілікке тартылады. Ешкім сот үкімі арқылы және заңға сәйкес жағдайларды ескермегенде, қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп таныла алмайды және қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Іс бойынша сот үкімі мен басқа шешімдері заңда белгіленген тәртіпте тиісті соттармен тексеріліп, қайта қаралуы тиіс.

Соттың құзыреті, оның юрисдикциясының шегі, оның қылмыстық сот өндірісін жүзеге асыру тәртібі заңмен анықталады және өз еркімен өзгертілуге жол берілмейді. Төтенше немесе мамандандырылған соттардың мекемесі қандай атауда болғанына қарамастан қылмыстық істерді қарауға жіберілмейді. Төтенше соттардың, сонымен қатар заңсыз құрылған өзге соттардың үкімдері мен басқа шешімдерінің заңды күші болмайды және орындалуға жатпайды.

Соттардың тәуелсіздігі қағидасы — сот әділдігін жүзеге асырудың қажетті шарты, істің мәнісі бойынша айғақтығын анықтайтын маңызды кепілдігі болып табылады. Судьялардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Ешкім сот әділдігінің жүзеге асырылуына араласуға және судья мен алқа заседательдерге қандайда бір ықпал етуге құқығы жоқ. Мұндай әрекеттер заң бойынша қудаланады.

Олардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Республика Конституциясында судьялар партияларға, кәсіптік одақтарға кіруге, қандайда бір партияларды қолдауға қатысуға құқығы жоқ деп бекітілген. Сот әділдігін жүзеге асыру барысында судьялардың қызметіне қандайда бір араласушылыққа жол берілмейді және заң бойынша жауапкершілікті көздейді. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді. Соттың қызметіне араласушылық деп нақты іс бойынша судьяның объективті және әділ талқылауын жүзеге асыруына кедергі келтіру мақсатында судьяға ықпал етудің кез келген нысандары түсіндіріледі. Араласушылықтың мұндай түрлеріне белгілі бір тұлғаның тарапынан сот процесінің нақты тарапының пайдасына шешім қабылдау туралы тікелей немесе жанама өтініші, судья белгілі бір шешім және басқа ұқсас әрекеттерді қабылдауға мәжбүр болатын жағдайларды қасақана жасау

сияқты әрекеттер жатқызылады. Сонымен қатар сот әділдігін жүзеге асыруға кедергі келтіру мақсатында сот қызметіне араласушылық ретінде сот өндірісіндегі істі мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды тұлғалардың өз бақылауына алу да қарастырылады. Судья қаралған немесе өндірістегі сот істерінің мәнісі бойынша қандайда бір түсініктеме беруге міндетті емес. Кеңесу бөлмесінің құпиясы шексіз барлық жағдайда қамтамасыз етілуі тиіс.

Барлығының заң мен сот алдында теңдігі бастамасы негізінде сот әділдігін жүзеге асыру қағидасы адам мен азаматтың тумысына, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге, пікірлерінің көзқарасына, тұрғылықты жеріне немесе өзге кез келген мән жайларға қарамастан құқықтары мен бостандықтарының теңдігіне кепілдік береді. Заң алдында теңдік қағидасы заңда бекітілген ережелерді барлық азаматтарға қатысты бірдей қолданылады. Мұнда тек құқықтарды ұсыну, оларды іске асыру ғана емес, сонымен қатар міндеттерді жүктеу, сот әділдігін жүзеге асырылуын белгілейтін заң актілеріне сәйкес жауапкершілікті қолдану мүмкіндігі де түсіндіріледі.

Әркімді сот арқылы қорғау құқығымен қамтамасыз ету қағидасы Қазақстан Республикасының 13-бабында бекітілген, мұнда әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Жеке және жалпы сипаттағы актілерге, ұжымдық және жеке шешімдер мен әрекеттерге (немесе әрекетсіздерге) наразылық келтіруге болады. Заңға сәйкес, азаматтың белгіленген тәртіпте заңды бұзған органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдері мен әрекеттеріне сотқа шағымдану құқығы бар. Мемлекет қылмыстан жәбірленген тұлғаға сот әділдігін қамтамасыз етеді. Заң қылмыстық процесте азаматтық талаптарды қарау жолымен есі дұрыс емес тұлғаның қылмыстық әрекетімен немесе Қылмыстық кодекспен тыйым салынған әрекетпен жәбірленушіге келтірілген моральдық және мүліктік зиянның өтелуін көздейді.

Білікті заң көмегін алу құқығы барлық соттарда және сот өндірісінің кез келген сатысында азаматтарға кепілдік беріледі.

Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Олардың атына нұқсан келтіретін, олардың құқықтарын бұзатын негіздер бойынша істің тоқтатылуымен келіспейтін сезікті, айыпталушы (ал айыпталушы қайтыс болған жағдайда оның жақын туыстары) толық оңалу үшін істің сот талқылауын талап ете алады. Қылмыстық процесті жүргізуші орган, соның ішінде сот, оған негіздер болған жағдайда сезіктіні, айыпталушыны толық немесе ішінара заң көмегін төлеуден босатуға құқылы. Мұндай жағдайда адвокаттың еңбегіне төлем мемлекет есебінен жүргізіледі. Сонымен кез келген мүдделі тұлға заңмен белгіленген тәртіпте бұзылған немесе даулы құқықты немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғауға жүгінуге құқылы.

Кінәсіздік презумпциясы қағидасына сәйкес, адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі; адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады; айыптау үкімі болжамдарға негізделе алмайды және шынайы алынған айғақтардың жеткілікті жиынтығымен расталады.

Презумпция сөзі дәлелдемені қажет етпейтін болжам деген мағынаны білдіреді. Бұл объективтік жағдай адамның бастапқыда кінәлі емес екендігін және оған өзінің кінәлі емес екендігін дәлелдеу немесе растау қажет емес екендігін білдіреді: ол оның қасиеті болып табылады. Кінәсіздік презумпциясы қағидасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 77 бап, 3 тармағының 1 тармақшасында және ҚР КІЖК-нің 19 бабында көрініс тапқан, мұнда әр адам оның қылмыс жасағандығы үшін кінәлілігі Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналады. Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Айыпталушының кінәлілігіне сейілмеген күдік оның пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңын қолдану кезінде пайда болған күмәндар да айыпталушының пайдасына шешілуі тиіс. Айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол ақиқат дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс.

Тараптардың бәсекелестігі және тең құқықтылығы қағидасы айыптау функциясы қорғау функциясы мен істі шешу функциясынан бөлек екендігінде көрініс тапқан. ҚР ҚІЖК-нің 23-бабымен қылмыстық сот ісін жүргізу айыптау және қорғау тараптарының бәсекелестігі мен тең құқықтылығы принципінің негізінде жүзеге асырылатындығы бекітілген. Қылмыстық ізге түсу, қорғау және істі соттың шешуі бір-бірінен бөлінген және оларды әртүрлі органдар мен лауазымды адамдар жүзеге асырады. Сотталушыға тағылған айыпты дәлелдеу міндеті айыптаушыға жүктеледі. Қорғаушы сотталушыны қорғаудың заңда көзделген барлық құралдары мен әдістерін пайдалануға міндетті. Сот қылмыстық ізге түсу органы болып табылмайды, айыптау немесе қорғау жағында болмайды және құқық мүдделерінен басқа қандай да болсын мүдделерді білдірмейді. Сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, тараптардың өз іс жүргізу міндеттерін орындауы және өздеріне берілген құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай туғызады.

Сотта іс талқылауының жариялылық қағидасы. Бұл қағидаға сәйкес, қылмыстық істерді талқылау барлық соттар мен барлық сот сатыларында ашық жүргізіледі. Сот талқылауының жариялылығын шектеуге ол мемлекеттік құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келгенде ғана жол беріледі. Сонымен бірге іске қатысушы адамдар өмірінің жеке жақтары туралы мәліметтерді жариялауды болдырмау мақсатында, сондай-ақ оны жәбірленушінің, куәнің немесе басқа да іске қатысушы адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздік мүдделері талап ететін жағдайларда кәметке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша, жыныстық қылмыстар туралы істер және басқа да істер бойынша соттың дәлелді қаулысымен жабық сот талқылауына жол беріледі. Жабық сот отырысында сот процесінің сотқа дейінгі сатысында сот шешетін қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы органның іс-әрекеті мен шешіміне шағымдар да қаралады. Істер мен шағымдарды жабық отырыста қарау ҚР ҚІЖК-те белгіленген барлық ережелер сақтала отырып жүзеге асырылады. Соттың үкімі мен іс бойынша қабылданған қаулылар барлық жағдайларда ашық жарияланады.

Ана тілін пайдалану құқығын қамтамасыз ету қағидасы
Қазақстан Республикасында сот өндірісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда, сот өндірісінде мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі немесе басқа тілдер қолданылады деген конституциялық ережеге негізделген. Бір қылмыстық іс бойынша іс жүргізу қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысымен белгіленген сот ісін жүргізу тілдерінің бірінде жүзеге асырылады.

Іс бойынша іс жүргізілген тілді білмейтін немесе жеткілікті білмейтін іске қатысушы адамдарға сотта өзінің ана тілінде немесе олар білетін басқа тілде өтініш жасау, түсінік және айғақтар беру, өтініш білдіру, шағым жасау, істің материалдарымен танысу, сөйлеу, осы Кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының қызметін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы адамдарға олар үшін заң күшімен қажетті істің басқа тілде жазылған материалдарын қылмыстық сот ісін жүргізу тіліне аудару тегін қамтамасыз етіледі. Сот процесіне қатысушы адамдарға соттағы айтылғандардың басқа тілде болған бөлігінің сот ісін жүргізу тіліне аудармасы тегін қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық процесті жүргізуші органдар процеске қатысушыларға ҚР ҚДЖК-ке сәйкес оларға сот ісін жүргізу тілінде тапсырылуы тиіс құжаттарды тапсырады. Бұл ретте қылмыстық сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдар үшін сот ісін жүргізудің осы адамдар таңдаған тілінде жазылған құжаттарының куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.

Тұлғаның ар-намысы мен адамгершілігін қорғау қағидасы
Қазақстан Республикасы Конституциясының 17, 18, 34 баптарында көрініс тапты. Оған сәйкес, «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар. Әркім

Қазақстан Республикасының басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті». Қадір-қасиет — бұл нақты адамның мемлекетпен танылған әлеуметтік құндылығы. Адамның қадір-қасиеті оның табиғи құқықтары болып табылады, иеліктен шығарылмайды және ешкімге берілмейді. Ол Конституциямен қорғалады және кепілдік беріледі. Тұлғаның ар-намысын қорғау мемлекетпен жүзеге асырылады.

Заңдарда қылмыс ретінде зорлық-зомбылықтың барлық әрекеттерін, қылмыстық процесс барысында оған жол бермеушілікті, сонымен қатар жазаны орындау және оны өтеу қарастыратын нормалар жеткілікті. Адамның абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидасы ҚР ҚІЖК-нің 13-бабында көрініс тапқан. Бұл бапқа сәйкес, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық процеске қатысушы адамдардың абыройын түсіретін немесе қадір-қасиетін кемітетін шешімдер мен іс-әрекеттерге тыйым салынады, адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді, сонымен бірдей ҚІЖК-те көзделмеген мақсаттар үшін адам құпия сақтау қажет деп санайтын жеке сипаттағы мәліметтерді жинауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді. Қылмыстық процесі жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен адамға келтірілген моральдық зиян заңда белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.

Мұндай ұқсас норма ҚР АІЖК-нің 9-бабында көрініс тапқан, оған сәйкес, азаматтық іс бойынша іс жүргізу кезінде азаматтық процеске қатысушы адамның ар-ожданын қорлайтын немесе қадір-қасиетін кемсітетін шешімдер мен іс-әрекеттерге тыйым салынады. Азаматтық сот ісін жүргізу барысында мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерінен адамға келтірілген моральдық зиян заңда белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.

Сот талқылауының тікелейлігі мен ауызша болу қағидасы бәсекелестік және жариялылық қағидасымен тығыз байланысты, өйткені соңғысы сот талқылауының ауызша және тікелейлік талаптарынан тыс іске асырыла алмайды. Тікелейлік қағидасы негізінде сот шешімде немесе үкімде көрініс тапқан өз қоры-

тындыларын өзі сот отырысында зерттеген дәлелдемелердің негізінде ғана жасауға міндетті. Мұнда ерекше мән-жайлар болған жағдайда сотталушының, куәгердің немесе басқа тұлғалардан алған сұрауларын олармен алдын ала берілген жауаптарының хаттамасын жариялаумен алмастыруға жол беріледі.

Бақылау сұрақтары

1. Сот билігі нені білдіреді?
2. Елімізде сот әділдігі қалай жүзеге асырылады?
3. Мемлекеттік органдардың шешімдеріне сотқа шағымдану тәртібі қандай?
4. Соттың тәуелсіздігі қалай қамтамасыз етіледі?
5. Сот әділдігінің қандай қағидаларын білесіз?

13 ТАРАУ

ПРОКУРАТУРА — АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАЙТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН

13.1. Адам құқықтарын қорғау тетігіндегі прокуратураның орны мен рөлі

Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің демократиялылығы дәрежесінің, оның құқықтық бастамалар, ізгілік пен жалпы адамилық құндылықтарды ұстаным ететіндігінің өлшемі болып табылады. Сондықтан адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау — зор саяси және әлеуметтік маңыздағы мақсат. Оны шешу мемлекеттен айтарлықтай күш сарпуды, азаматтық қоғаммен өзара әрекеттесу мен амалдарды ұштастыруды талап етеді. Азаматтардың құқықтарын қорғауда соттардың үлкен рөл атқаратындығы сөзсіз. Сөйте тұра, азаматтардың құқықтарын мемлекеттік қорғаудың ішінде соттан тыс құқық қорғау тетігі — прокуратура да қызмет етеді. Жеке тұлғаның құқықтарын сотқа дейінгі қорғауды жүзеге асыратын органдар жүйесінде прокуратура әдетте мемлекеттің құқықтық жүйесінің құқық қорғау тетігі жүйесіне кіреді және өз қызметі барысында құқықтарды қорғаудың соттық нысанының қайсыбір күрделілігін сәтті өтейді.

Сот сияқты прокуратура да азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша айрықша орган, адам құқықтарын қамтамасыз ете отырып ерекше құралдарды пайдаланады. Прокуратура — құқық қорғау институттарының бірі ретінде тиімді қызмет ететін біздің елде ғана болып табылмайды. Еуропа Кеңесіне мүше 30-дан аса мемлекетте прокуратура өз өкілеттігін қайсыбір дәрежеде қылмыстық-құқықтық аядан тыс жүзеге асыра отырып азаматтардың еңбек, отбасы, тұрғын үй және басқа да құқықтарын қамтамасыз етеді. Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау — прокуратура органдарының ма-

ңызды мақсаттарының бірі, оны жүзеге асыру барысында ол басқа мемлекеттік органдарды алмастырмайды.

Прокуратура бір немесе бірнеше азаматтардың ғана заңды мүдделері мен құқықтарын қорғап қоймай, сондай-ақ бір мезетте көптеген адамдарға қатысты құқық бұзушылықтарға тиімді тосқауыл бола алады. Мемлекеттік билік және өзін-өзі басқару органдары шығаратын құқықтық актілердің заңдылығын қадағалау өкілеттілігінің болуы прокуратураны азаматтардың үлкен тобы немесе жеке тұлғалардың шексіз шеңберінің құқықтары мен бостандықтарын шынайы қорғайтын негізгі құрал етеді.

Прокуратураның адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қайтарымсыз қорғайтын, салыстырмалы түрде азғантай уақытта тегін кәсіби көмек көрсететін мемлекеттік орган екендігі тарихи қалыптасқан. Қоғамның әлеуметтік қауқарсыз азаматтардың санаттары: зейнеткерлер, еңбекке жарамсыз, егде жандар мен кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау прокурорлардың ерекше назарында.

Прокуратура органдарының адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сотқа дейінгі қорғау қызметінің негізгі бағыттары болып бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге шынайы алып келетіндері және соттық әрі соттық емес органдармен қалпына келтіруге алғышарт болатындары табылады. Бұл мынадай өкілеттіктер: заңдардың қолданылуына қадағалау; адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау; жедел-ізвестіру қызметін, анықтау мен алдын-ала тергеуді жүзеге асыратын органдармен заңдардың атқарылуын қадағалау; сот жасауылдарының заңдарды атқаруын қадағалау; жазаны атқаратын және сотпен тағайындалған мәжбүрлеу сипаттағы шараларды қолданатын органдар әкімшіліктерінің, ұстау мен қамау орындарының әкімшіліктерінің заңдарды атқаруын қадағалау; прокуратура органдарында арыздарды, шағымдарды және басқа да жүгінулерді қарастыру және шешу.

Прокурор билік органдарының, мекемелердің және ұйымдардың бөлмелеріне келіп кетуге, құжаттарды тексеруге, лауазымды тұлғаларды түсініктеме беру үшін шақыруға құқылы. Ол беті ашылған бұзушылықтарды жою жөнінде ұсыным жолдауға, заңға қайшы құқықтық актілерге наразылық білдіруге, оларды жарам-

сыз деп тану туралы сотқа жүгінуге, лауазымды тұлғаға заңды бұзуға жол бермеуі туралы сақтандыру жариялау, және сонда тиісті талаптарды көрсетуге құқылы. Қажет болған жағдайда, прокурор әкімшілік құқық бұзушылық туралы өндіріс немесе қылмыстық іс қозғайды. Белгілі бір жағдайларда ол бұзылған құқықтарды азаматтық сот өндірісі тәртібімен қалпына келтіреді. Прокурорға мұндай өкілеттік беру азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуларды жедел әрі тоқтатпай жою мүддесінен туындап отыр, өйткені көптеген жағдайларда олардың зардаптары қайтымсыз сипат алады немесе бейнет шегу, жан күйзелісі, адамның қалыпты өмір сүру пайымымен үйлеспейтін әртүрлі шектеулерді ілестіреді.

Жұртқа мәлім, құқықтық мемлекеттің басты мақсаты болып жеке адамның барынша бостандығын қамтамасыз ету, заңмен белгіленген оның бостандық ауқымын бұзуды болдырмау, және құқықтық емес шараларды қолдануға жол бермеу болып табылады. Құқықтық мемлекетте билік пен саясат құқыққа тәуелді, ал құқық айқын, тұрақты және көпке мәлім болуы тиіс. Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты, имандылықты, денсаулықты, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, мемлекеттің қорғаныс қабілеттілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатына қажетті шекте, тек заңмен ғана шектелуі мүмкін.

Сондықтан Қазақстан Республикасы өзін-өзі құқықтық, демократиялық мемлекет ретінде орнықтырып, адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат құндылық деп жариялай отырып, өзіне билік органдарының күшімен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау міндетін алды. Егер құқықтық мемлекет қалыптастырудың тірек-тұғыры заңдылық болса, онда Қазақстан Конституциясының 83-бабына сәйкес, мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалау прокуратура органдарына жүктелген. Прокуратура заңдылықтың кезкелген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде

шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады.

Сөйтіп, Қазақстанның прокуратура органдары адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мен қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар жүйесінде маңызды орында тұр. Прокуратура заңдылықты қадағалаушы сирек те бірегей орган, құқық қорғау жүйесінің маңызды буыны, өйткені ол өзінің қызметі барысында қоғам өмірінің барлық қырын қамтитын елдегі бірден-бір мекеме.

Қазақстан Республикасының Президенті елдің Негізгі заңына сәйкес Конституцияның, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұлжымастығының кепілі болып табылатындығына орай прокуратура билік тармақтарының үшеуінен де бірдей алшақ жатқан, тікелей мемлекет басшысына есеп беретін мемлекеттік орган ретінде Президенттің өкілеттіктерін іс жүзіне асыруға белсене қатысады.

Конституцияда бекітілген адам құқықтары жалпылама және әмбебап сипатта, сондықтан елдің алдыңғы саптағы құқық қорғау органы ретіндегі прокуратура функциялары, шын мәнінде, сан түрлі болып келеді. Прокуратураны ұйымдастыру мен қызметі Конституциямен, «Прокуратура туралы» Заңмен, заңнамалық актілермен, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен, сондай-ақ, Бас Прокурордың бұйрықтарымен реттелген.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы төменгі прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына бағынатын органдар мен мекемелердің біртұтас орталықтандырылған жүйесін құрайды. Прокуратура органдарының ұйымдастырылуы мен қызметі біртұтастық, орталықтандыру, тәуелсіздік, заңдылық және жариялылық қағидаларына сай жүзеге асырылады. Сонымен бірге прокуратура баршаның заң алдындағы теңдігі, мемлекет тарапынан кепілдендірілген адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі конституциялық қағидасын қатал басшылыққа алуы тиіс. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлік-

тік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

Құқық қорғау қызметін жүзеге асыру барысында прокурорлар соттық және соттан тыс әсер ету шараларын пайдалануға құқылы. Прокуратура соттық қорғаумен салыстырғанда адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін айтарлықтай мүмкіндіктерге ие, өйткені ол қайсыбір саладағы атқарушы билік орган қызметінің заңдылығын, олардың қызметін алмастырмай, тексере алады.

Прокурорлық қадағалау азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуын болдырмау мен олардың құқықтарын қалпына келтірудің жедел құралы. Мұндай қадағалаудың жеделдігіне прокурорға заңмен берілген кезкелген нормативтік-құқықтық актінің қолданысын тоқтата тұру құқығы ықпал етеді. Осыған орай және белгіленген мемлекеттік баждың болуына, ұзын-сонар сот өндірісіне байланысты азаматтар ең алдымен прокуратураға жүгінуге тырысады. Ал сотқа ондай бастама тән емес.

Ең бастысы, прокурорлық қадағалау шаралары арқылы азаматтардың құқықтарын жедел әрі тиімді қорғауға болады, соған қоса прокурор өз әрекеттерімен азаматтардың сотқа шағымдану және өз мүдделерін сот арқылы қорғау құқығына қысым келтірмейді. Өзіне жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыру барысында прокурор азаматтардың құқықтарының бұзылуы туралы шағымын тексереді және жәбірленушіге бұзылған құқықты азаматтық сот өндірісі арқылы қорғауға болатындығын түсіндіреді. Прокурорлық қадағалау адам құқықтарын қорғаудың соттық нысанын жеңілдетеді әрі толықтырады.

Және ең бастысы, прокурордың құқық қорғау қызметі екі адамның арасындағы жанжалды сот арқылы қарастыруға қарағанда, заңдардың бұзылуының тек жекелеген жағдайларына ықпал ету шараларымен ғана шектеліп қалмайды. Сондықтан прокурордың құқық қорғау қызметін айтарлықтай сандағы адамдардың, еңбек ұжымдарының немесе денсаулығына немесе жас мөлшеріне байланысты өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғай

алмайтын адамдардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты жаппай сипат алған заңдылықтың бұзылуларын жоюға пайдаланған абзал. Ондай жағдайларда прокурор өз актісімен көп адамның бұзылған құқықтарын қалпына келтіре алады. Атап айтқанда, прокурорлық ықпал ету арқылы жалақыны төлеуді жиі-жиі кешеуілдету, кейбір құрылыс компанияларынан өз ақшаларынан ала алмай жүрген үлескерлер мәселесі сияқты азаматтардың құқықтарын жаппай бұзушылықтар жиі қалпына келтіріледі.

Прокуратура органдары әлеуметтік қорғалмаған азаматтар, әсіресе кәмелетке толмағандар, сондай-ақ дене және жүйке кемістігі бар жандарды құқықтық қорғауға ерекше көңіл бөледі. Мәселен, ҚР ҚІЖК 33-34 баптарына сәйкес прокурор егер әрекет дәрменсіз немесе басқаға тәуелді жағдайдағы не басқа да себептер бойынша өзіне тиесілі құқықтарды өз бетінше пайдалануға қабілетсіз адамдардың мүдделерін қозғайтын не басқа адамдардың, қоғамның немесе мемлекеттің елеулі мүдделерін қозғайтын болса, жеке-жариялы айыптау ісі бойынша жәбірленушінің шағымы болмаған кезде де іс қозғауға құқылы.

Соңғы жылдары өзіне тиесілі құқықтарды өз бетінше пайдалануға қабілетсіз адамдардың мүдделерін қозғайтын не басқа адамдардың құқықтарын қорғау бойынша прокурордың азаматтық-құқықтық жүгіну нысанындағы қызметі айтарлықтай жандана түсті, оның ішінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдерін заңсыз деп тану туралы әрекеттері де.

2010 жылдан 2020 жылға дейінгі ҚР Құқықтық саясат тұжырымдамасында прокуратура елдің бүкіл құқық *қорғау жүйесінің жұлдыны* әрі маңызды бөлігі ретінде мойындалған. Осыған орай, қазіргі таңда Бас Прокуратураның үйлестіруші рөлін күшейту бойынша нақты шаралар қолға алынған. Атап айтқанда, тұрақты жұмыс атқаратын құқық қорғау органдарының Үйлестіруші кеңесінің хатшылығы құрылды.

Прокуратура органдарына республиканың бүкіл аумағында заңнаманың қолданылуын қадағалау бойынша күрделі әрі жауапкершілікті міндетті жүктей отырып, заңнамада осы міндеттер мен қызметтерді атқару үшін тиісті өкілеттіктер көзделген.

Прокуратураға ақпарат әртүрлі көздерден келіп түседі. Прокурорлардың құқық қорғау қызметіне лауазымды тұлғалар мен сайланбалы билік органдарының қайсыбір әрекеттеріне (шешім-

деріне) келіспеушілік білдірген азаматтар мұрындық болады. Бұл заң бұзылуы туралы азаматтардың, мекемелер мен ұйымдардың арыз-шағымдары; бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәлімдемелер; заңдылықтың жай-күйі туралы материалдар мен статистикалық деректер; азаматтық, әкімшілік істердің, сот статистикасының деректері және басқа да мәліметтер.

Азамат өзінің конституциялық құқығын жүзеге асыру барысында әр деңгейдегі мемлекеттік басқару органдарымен бетпе-бет келіп, заңсыздық пен озбырлық нышандарына ұшырайды. Егер атқарушы орган немесе ондағы лауазымды тұлға өз міндеттерін орындамай адамның құқықтары мен бостандықтарын бұзса, онда азаматтар олардың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдануға құқылы. Жоғарыда атап өткеніміздей, мемлекеттің міндеті әркімнің билік органдарынан өзінің құқықтары мен бостандықтарын талап ету құқығымен шендесіп жатады.

Прокурор, заңдылықтың бұзылуы туралы ақпаратты алған соң, алынған мәліметтерді нақтылау мақсатында қажетті тексеруді өткізу үшін берілген өкілеттікті пайдаланады. Мемлекеттік тетікте бағынысты мекемелер мен ұйымдардың заңдарды сақтауын қадағалау бойынша қызметті тұрақты жүзеге асыруға міндетті тиісті бақылау органдары бар. Бұдан бөлек, атқарушы билік органдарының міндетіне азаматтардың мемлекет істеріне қатысу үшін (қоғамдық бірлестіктерге бірігу, ақпарат алу және т.б. құқықтарын жүзеге асыру) қажетті жағдайларды жасау кіреді.

Прокуратураға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті статистикалық және басқа ақпарат, әртүрлі анықтамалар мен құжаттар, «Прокуратура туралы» Заңның 6-бабының 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, прокуратура органдарына тегін ұсынылатынын атап өту қажет.

13.2. Адам құқықтарын қорғау бойынша прокурорлық қадағалаудың басым бағыттары

Прокуратура туралы Заңда *адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау* прокуратура тарихында алғаш рет оның қызметінің өз алдына бөлек бағыты болып дербестелді. Ол туралы заңда арнайы тарау көзделген,

онда қадағалау пәні, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының анықталған бұзылуларына прокурорлық әсер ету шаралары мен прокурор өкілеттігі айқындалған.

Зандағы бұл жаңашылдық адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын прокурорлық қадағалауды жетілдіруге ықпал етеді. Прокуратура, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғай отырып, бір мезетте қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді де қорғайды.

Қазіргі кезде адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау прокуратура қызметінің ажырамас әрі басты мақсаттағы қызметі, сондықтан оның құқық қорғау қызметін күшейту мақсаты алдыңғы қатарға шығып отыр. Адам және азаматтардың, лауазымды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру прокураторлық қадағалаудың құқық қорғаушылыққа бағытталуының дәлелі болып табылады. Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қорғау бойынша прокуратура қызметі мынадай үш сатыда жүзеге асады:

- заңның бұзылуы сипаттарын табу;
- заңның бұзылғандығы жөніндегі материалдарды тексеру;
- белгілі болған бұзушылықтарды жою шараларын қабылдау, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарта отырып бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды болдырмау.

Прокурор, келіп түскен ақпаратта заң бұзылғандығы туралы мәліметтер болған жағдайда, қызметтік куәлігін көрсете отырып, қадағалауындағы мемлекеттік органдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан ұйымдардың аумағына, тұрғын-жайларына кедергісіз кіруге құқылы. Ол адам құқықтары бұзылу фактілері туралы келіп түскен ақпаратқа орай олардың құжаттарымен және материалдарымен танысуға, заңдардың қолданылуын тексеруге құқығы бар.

Бұдан бөлек, прокурор лауазымды тұлғаларды шақыруға және олардан жүргізілген тексеруге байланысты сұрақтар бойынша жауап алуға, басшылардан және басқа да адамдардан тексеру өткізуге қажетті, оның ішінде адам құқықтарының сақталуы жөнінде де материалдарды, құжаттарды және басқа да мәліметтерді берулерін талап етуге құқылы. Сонымен қатар, тексеру-

ге қатысу және қорытынды беру немесе туындаған сұрақтардың анық-қанығын анықтау үшін мамандардың бөлінуін талап ете алады.

Келіп түскен ақпаратты жинақтап, үнемі талдау арқылы прокурор адам құқықтары қайда және қандай мәселелер бойынша бұзылатындығын нақты айқындауға және заңдылықтың бұзылуын болдырмау мен ескерту үшін прокурорлық қимыл нысандарын дұрыс таңдауға қол жеткізеді.

Адам құқықтарының бұзылу фактілері анықталған жағдайда прокурор тиісті прокурорлық қимыл тәсілдерін қолданады. Тексеру нәтижесі бойынша прокурор наразылық енгізуге құқылы. Прокурор Конституцияның, заңдардың және ҚР Президенті актілеріне қайшы келетін нормативтік және басқа да құқықтық актілерге, шешімдерге және мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне наразылық білдіреді.

Адам және азаматтың құқықтарын бұзатын актілерге, оны шығарған орган немесе лауазымды тұлғаға прокурордың немесе оның орынбасарының наразылық білдіруі заңмен көзделген. Заңсыз актіні, шешімді қабылдаған органға не лауазымды адамға немесе жоғары тұрған органға не жоғары тұрған лауазымды адамға наразылық келтіріледі. Осындай тәртіппен лауазымды адамның шешімдері мен іс-әрекеттеріне наразылық жасайды. Прокурордың наразылығын тиісті орган немесе лауазымды адам күнтізбелік он күн ішінде қарауға тиіс.

Адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, прокурор заңдардан басқа заңсыз актінің күшін тоқтата тұрады, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары енгізген тыйым салу-шектету сипатындағы шаралардың күшін жояды немесе алып тастайды. Прокурор сондай-ақ органға немесе лауазымды адамға заңдылықты бұзуды болдырмау, адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы ұсыныс енгізеді. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы қылмыстық сипатта болған жағдайда, прокурор тіпті қылмыстық іс те қозғай алады.

Прокуратураның құқық қорғау қызметі тек әлеуметтік-экономикалық саладағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалаумен шектелмейді. *Жедел-іздексіру*

қызметі мен алдын-ала тергеуді жүзеге асыруға өкілетті органдар мен лауазымды адамдардың актілері мен іс-әрекеттерінің заңдылығы қадағалау барысында да азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша айтарлықтай жұмыстар қажет етіледі.

Қылмыстылықпен күрес әдетте жедел-ізвестіру іс-шараларын белсенді жүргізуді талап етеді. «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» ҚР Заңының 2-бабына сәйкес осы қызметтің міндеттерінің бірі болып азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін және меншікті (нысандарына қарамастан) заңға қарсы қол сұғулардан қорғау табылады. Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізудің алдында сақталуы міндетті болып табылатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты заңдық кепілдіктер жүйесі заңмен айқындалған. Жедел-ізвестіру қызметі — арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жария және жасырын жүзеге асыратын қызмет түрі ретінде анықталған.

Өкінішке орай, әртүрлі жағдайларға байланысты жедел-ізвестіру іс-шаралары мен алдын-ала тергеуді жүргізу барысында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау толықтай қамтамасыз етілмейді. Тергеу тәжірибесі көрсеткендей, қылмыстық әділет аясына тап болған азаматтар, бір жағынан, қылмыстан моральдық, дене не материалдық залал шексе, ал екінші жағынан — қылмыстық іске қатысуға орай көптеген әрі көбіне негізсіз мәжбүрлеу шараларынан күйзеледі. Көп жағдайда бұл адамдар заңда көзделмеген не тікелей тыйым салынған шектеулер мен айыруларға душар болады.

Осыған байланысты прокурордан азаматтардың жеке бостандыққа, жеке өмірге, тұрғын-жайға қол сұғылмау және басқа да конституциялық құқықтарын қамтасыз ету талап етіледі. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру, жедел-ізвестіру шараларын жүргізу барысында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы, сондай-ақ жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруға өкілетті органдар мен лауазымды адамдардың актілері мен іс-әрекеттерінің заңдылығы — жедел-ізвестіру қызметін прокурорлық қадағалаудың мәні болып табылады.

Қазіргі таңда прокуратура заңсыз тыңдау және құқық қорғау органдарының азаматтардың жеке өміріне басқалай негізсіз

килігуінің жолын кесу үшін шынайы тетіктерге қол жеткізді. Бақылаушы және қадағалаушы органдар тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қабылдаған кезде, жеке және заңды тұлғалардың банктік шоттарындағы шығыс операцияларын тоқтатқанда міндетті түрде прокурорды құлағдар етеді.

Азаматтардың арыз-шағымдарына салғырт қарау, қылмыстық іс қатысушыларына мәжбүрлеу және психикалық қысым көрсету, заңсыз қамауға алу және қамауда ұстау, негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тарту, лауазымды адамдардың дәрежі қатынасы және басқа да жағымсыз жайлар азаматтардың құқықтарын бұзудың кең таралған нышандарына жатады.

Прокурор тергеу барысында зәбір, зорлық, басқа да ар-ұятқа қайшы қиянат көрсетулерді болдырмауға, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған барлық шараны қабылдауға міндетті. Анықтау мен алдын-ала тергеу өндірісі кезіндегі кезкелген заңның бұзылуын уақтылы анықтау мен жою — қылмысты тергеуге байланысты қатынастардың барлық қатысушыларының актілері мен әрекеттерінің заңға дәлмедәл сәйкестігіне қадағалауға жауапты прокурор міндеті. Сондықтан прокуратура органдары күш көрсету, тергеудің рұқсат етілмеген тәсілдерін құқық қорғау органдары тарапынан қолдану фактілері туралы хабарламаларға ерекше назар аударады.

ҚР Бас Прокурорының 2008 жылғы 27 тамыздағы №47 Бұйрығына сәйкес тергеу мен анықтаудың заңдылығын қадағалаудың басым бағыттары болып қылмыстық іс жүргізу барысында адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау айқындалған. Қылмыстық іс жүргізу барысында адам және азаматтың жеке басының бостандығына, жеке өмірге қол сұғылмаушылық, жеке және отбасылық құпияға, жеке салымдарының, хат алмасу, пошта, телеграф және басқа хабарламалардың құпиялылығына, тұрғынжайға қол сұғылмаушылық конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен бұзылғандарын қалпына келтіру прокуратура органдары қызметкерлерінің міндеті болып табылады.

Қалалық, аудандық және соларға теңестірілген прокурорлар анықтаушы не тергеушінің адамды ұстау жүргізгені туралы жазбаша хабарламасын алғаннан соң, ұстаудың заңдылығы мен

негізділігін дереу тексереді. Егер де ұстау негізсіз деп танылса, прокурор күдіктіні ұстау мерзімі аяқталмай-ақ босатады, сосын кінәлі лауазымды адамдарға қадағалау шарасын қолданады. Кәмелетке толмағандар, мүгедектер, әйелдер, шетел азаматтарын ұстаудың негізділігіне айрықша назар аударылады.

Қалалық, аудандық және соларға теңестірілген прокурор камераларда, уақытша оқшаулау изоляторларында, қызметтік және басқа да бөлмелерде құқық қорғау органдары қызметкерлерімен қылмыстық іс жүргізу заңнамасы талаптарын сақтауын тұрақты, бірақ үш тәулікте бір реттен кем емес, тексереді, тексеріс нәтижелері арнайы есепке алу журналына жазылады. Сондай-ақ, түнгі уақытта, мерекелік және демалыс күндері, соның ішінде бейне түсіруді қолдану арқылы да тексеріс жүргізу тәжірибеде бар.

Заңдылықтың бұзылуы анықталған жағдайда анықтама толтырылып, онда тексеріс барысында анықталған фактілер көрсетіледі. Сонымен бірге әр адамның ұсталуының заңдылығы анықталады. Қылмыстық қудалау органдары бөлмелерінде негізсіз ұсталып отырған адамдар белгілі болған жағдайда, тексеріс жүргізуші прокурор оларды өзінің қаулысымен дереу босатады және ол туралы жоғары тұрған прокурорға дереу хабарлайды.

Тергеушінің (анықтау органының) айыпталушыны (күдіктіні) қамау және оның мерзімін ұзарту туралы ұсынымын қарастыру құқығы Бас Прокурорға, Бас әскери прокурорға, облыстық және соған теңестіріліген прокурорларға, олардың орынбасарларына, қалалық, аудандық және соған теңестіріліген прокурорларға, сондай-ақ олардың міндеттерін атқаратын адамдарға тән. Қамау және оның мерзімін ұзартуға рұқсат туралы ұсынымды сотта қарастыруға әдетте тергеу мен анықтаудың заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын қызметкерлер де қатысады. Прокурорлар қамауға, оның мерзімін ұзартуға рұқсат беру туралы ұсынымды қолдау туралы қаулының уақтылы әрі дер кезінде шығарылуына жеке басымен жауап береді.

Белгілі бір жағдайларда прокурор қылмыстық іс қозғауға, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға құқылы. 2007 жылғы 21 мамырдағы конституциялық өзгерістерге және ҚР Конституциясының 84 бабын жою туралы шешімнің қабылда-

нуына байланысты, прокурордың қылмысты тергеу құқығын шектейтін заңнамалық кедергілер алынып тасталып, оның қылмыстық қудалауды жүзеге асыру мүмкіндіктері кеңейе түсті.

Енді прокуратура органдары, кем дегенде, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен жасалған қылмыстарды тергеумен айналысатын бөлімдерді құруға құқылы. Сондай-ақ, қажет болғанда ең маңызды деген істерді, айталық, Елбасының не Парламент тапсырмасы бойынша, азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың жекелеген шағымдары бойынша, қоғамдық-саяси маңызы бар күрделі қылмыстық істерді өз өндірісіне қабылдап алуға мүмкіндік береді. Ең бастысы, тергеу аппаратының болуы болашақ прокурорларға тәжірибе жинақтап, өз бетінше прокурорлық жұмысты кәсіби түрде атқаруларына көмегі зор.

Заңға сай прокурор, қылмыстық процесті жүргізетін басқа да орган сияқты, азаматтардың, сот өндірісі қатысушыларының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, олардың жүзеге асуына жағдай жасауға, процесс қатысушыларының заңды мүдделерін қанағаттандыру үшін шараларды қабылдауға міндетті. Қылмыстық іс бойынша өндіріс барысында азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзу нәтижесінде келтірілген зиян, қылмыстық процессуалдық заңнамада көрсетілген негізде және тәртіпте орнын толтыруға жатады. Жәбірленушіге, куәгерге және қылмыстық процеске қатысушы өзге де адамдарға, сондай-ақ олардың отбасына не өзге жақын туыстарына өлтіру, жәбір көрсету не мүлкін жою не бүлдіру, басқа да құқыққа қайшы әрекеттермен қатер төндіргендігі туралы жеткілікті негіздер болғанда, прокурор өз өкілеттігі шегінде және тергеу органдары арқылы осы адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-ожданын және мүлкін қорғау бойынша заңда көзделген шараларды қабылдауға міндетті.

13.3. Соттың қылмыстық және азаматтық істерді қарау, сондай-ақ әкімшілік және атқарушылық өндіріс барысында азаматтардың құқықтарын қорғау

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау *қылмыстық істерді қарастырғанда* да бекем қамтамасыз етіледі. Заңға сай прокурор жеке айыптау істерінен басқа барлық қылмыстық істер

бойынша сотқа қатысады. Қылмыстық және азаматтық істерді қарастыру кезіндегі заңдылықты қамтамасыз ету саласындағы прокуратура міндеттері сот органдарының мақсатымен ортақ, оның мәні әділ сот пен заңды дұрыс қолдануға келіп саяды. Мемлекеттік айыптаушы мемлекеттік айыптауды сапалы қолдау арқылы соттың заңды, негізді және әділ шешім шығаруына жан-жақты ықпал етуі тиіс. Мемлекеттік айыптауды қолдау кезінде прокурор өз ұстанымын өз бетінше айқындап, оны тек тікелей сот зерделеген дәлелдемелерге негіздейді.

Прокурор сотта ұстанған позициясының дұрыстығы үшін жеке дара жауап береді. Ол тіпті өзі бекіткен айыптау қорытындысының қорытындыларына байланып қалмайды. Прокурор сотталушыны қалай да айыптауы міндетті емес, егер сотталушының кінәлілігіне жеткілікті дәлелдеме болмаса, онда ол соттағы айыптаудан бас тартуы тиіс, прокурордың шынай құқық қорғау қызметі де, міне сонда. Сөйте тұра ол жәбірленушінің де құқықтарын шектемейді. ҚР ҚІЖК 317-бабының 7-тармағына сай, прокурор айыптаудан бас тартып, жәбірленуші айыптауды талап етсе, сот істі жалпы тәртіпте қарастырып шешеді. Прокурор мұндай жағдайда бұдан былайғы процеске қатысудан босатылады, ал айыптауды жәбірленуші өзі не өкілі арқылы қолдайды.

Прокурордың сөзі дәлелді, заң жағынан сауатты және профилактикалық әсер ететіндей болуы қажет. Белгілі сот қайраткері А.Ф. Кони айыптаушының сабырлылық, сотталушыға деген жеке ызасының болмауы, айыптау тәсілдерінің жинақылығы, сезімге бой ұрмау, іс мәліметтерін бұрмаламау, дауыс мәнерінде, ымдауында жасандылық болмауы қажет және өзін-өзі сотта ұстай білуі тиіс сияқты қасиеттерін ерекше атаған.

Прокурор іс бойынша әділетсіз сот актілерін анықтаса, ондай актіге наразылық келтіруге құқылы ғана емес, процессуалдық заңнама нормалары бойынша міндетті де. Прокурор азаматтардың құқықтарын қорғау мақсатында соттан заң күшіне енген шешім, үкім және басқа қаулыларды талап етуге құқылы. Прокурор заң күшіне енген ондай актілерге қадағалау тәртібімен наразылық білдіреді. Наразылық келтіру оның өкілеттігінен тыс болса, тиісті қаулымен жоғары тұрған прокурорға жүгінеді.

Арызда не хабарламада заңсыз не негізсіз сот үкімі не қаулысының шығарылуына алып келген жәбірленушінің не куәгердің дәлелдерінің, сараптама қорытындысының жалған екендігі, заттай айғақтардың қолдан жасалғандығы, тергеу және сот әрекеттері хаттамалары және басқа құжаттардың көпе-көрінеу жалғандығы, көпе-көрінеу жалған аударма жасалғандығы көрсетіліп, олардың жеке дара не басқа да жағдайлармен бірге сотталушының кінәсіздігін растайды.

Мұндай жағдайда прокурор жаңадан белгілі болған мән-жайларға орай өндіріс қозғау туралы қаулы шығаруға және алдынала тергеу органына тергеу жүргізуді тапсыруға құқылы ғана емес, міндетті де. Жаңадан белгілі болған мән-жайларға орай тексеріс не тергеу аяқталысымен және іс бойынша өндірісті қайта жалғауға негіздер жеткілікті болғанда, прокурор істі өзінің қорытындысымен, үкім көшірмесімен, тергеу материалдарымен бірге тиісті сотқа жібереді. Жаңадан белгілі болған мән-жайларға орай айыптау үкімін сотталушының пайдасына қайта қарастыру ешқандай мерзімдермен шектелмеген.

Жаңадан белгілі болған мән-жайларға орай өндірісті қайта жалғау туралы прокурор қорытындысымен сот келіссе, үкімнің күшін жою және істі жаңа тергеу не сот өндірісін жүргізуге беру туралы қаулы шығаруы тиіс. Ондай қайта қарау қажет болмаса, сот үкім күшін жою не істі тоқтату туралы қаулы шығарады.

ҚР АДЖК 55-бабына сәйкес, азаматтық сот өндірісінде заңдардың дәл әрі бірыңғай қолданылуын жоғары қадағалауды мемлекет атынан ҚР Бас прокурор өз атынан не өзіне бағынысты прокурорлар арқылы жүзеге асырады. Заңмен көзделгенде не сот солай деп ұйғарса, азаматтық сот өндірісіне прокурордың қатысуы міндетті болып саналады. Прокурор іске өз бастамасымен не сот бастамасымен кіріседі, іс бойынша қорытынды береді және ұйымдардың, қоғамдық не мемлекеттік мүддені қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, заңды мүдделерін қорғау үшін өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асырады.

Прокурор ұйымдардың, қоғамдық не мемлекеттік мүддені қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, заңды мүдделерін қорғау туралы талап арызбен жүгіне алады. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, заңды мүдделерін қорғау

туралы талап мүдделі тараптың өтінішімен, егер ол өзі белгілі себептермен сотқа жүгіне алмаса, прокурормен беріледі. Әрекет қабілетінсіз азаматтың құқықтары мен бостандықтары, заңды мүдделерін қорғау туралы талап мүдделі тараптың өтінішіне карамастан, прокурормен беріледі.

ҚР Конституциясы, «*Прокуратура туралы*» Заңына сай, әкімшілік өндірістің заңдылығын қадағалау прокуратура органдары қызметінің дербес саласы және қадағалаудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Қадағалаудың бұл түрі заң арқылы дербес салаға бөлектенуі тегіннен-тегін емес. Әкімшілік құқықбұзушылықтарға ықпал етуші маңызды құрал есебінде әкімшілік жауапкершілік қоғамдық қатынастарды әкімшілік-құқықтық реттеу саласындағы заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге елеулі әсер етеді.

Прокуратура органдары қадағалау кезінде әкімшілік істің қозғалуының, азаматтардың әкімшілік жауапкершілікке тартылуының заңдылығын тексеруі, оларға әкімшілік жазаны заңсыз қолданылуына батыл қарсылық қимыл көрсетуі тиіс. Әкімшілік өндірістің заңдылығын қадағалау кезінде, уәкілді лауазымды адамдар мен органдардан әкімшілік құқық бұзушылық туралы мәліметтерді, құжаттар мен істерді талап етуге; құзыретіне әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау мен жаза қолдану кіретін лауазымды адамдар мен органдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне берілген шағымдарды қарауға; азаматтарды әкімшілік ұстау мен қамаудың заңдылығын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылыққа ықпал етудің өзге де шараларының негізділігін тексеруге құқылы.

Прокурор сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға қатысуға, өтініштер жасауға, істі қарау кезінде туындаған мәселелер бойынша қорытындылар беруге; әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуын тексеруге; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделерін бұзуға жол берген лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолдануға да құқылы.

Прокурор прокурорлық қадағалаудың тиісті актілерін қолдану арқылы адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен

бостандықтарын қалпына келтіруге шаралар қабылдауы тиіс. Тексеріс нәтижелері бойынша прокурор:

- 1) сотқа, өзге өкілетті органға немесе лауазымды адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыға наразылық енгізуге;
- 2) уәкілді лауазымды адамдар мен органдарға (соттан басқа) іске қосымша тексеру жүргізу туралы жазбаша нұсқаулар беруге;
- 3) уәкілді органдардан өздерінің бақылауындағы немесе қарауындағы ұйымдарға тексеру жүргізуді талап етуге;
- 4) заңмен белгіленген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді тоқтатуға;
- 5) әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулының орындалуын тоқтата тұруға;
- 6) әкімшілік жолмен заңсыз ұсталған адамды босату туралы қаулы шығаруға;
- 7) жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда өз міндеттерін орындауға байланысты өкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары қолданған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы кез келген шараларды алып тастау туралы қаулы шығаруға немесе талап қоюға;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жөнінде қаулы шығаруға хақылы. **Қылмыстық-атқару жүйесінде** түзету мекемелерінің, оның ішінде әсіресе бас бостандығынан айыру орындарының қызметіне прокурорлық қадағалау қарышты және тұрақты атқарылуы тиіс. Прокурор сот тағайындаған жазалау мен мәжбүр ету сипатындағы өзге де шаралардың атқарылуы кезінде адамдардың бас бостандығынан айыру орындарында болуының заңдылығын; аталған мекемелерде сотталған адамдарды ұстаудың заңда белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын; бас бостандығынан айыруға қатыссыз жазаларды атқарудың заңдылығын; азаматтық және өзге істер жөніндегі сот шешімдерін атқару заңдылығына қадағалауды жүзеге асырады.

Қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор өз құзыреті шегінде адам құқықтары туралы, қамалғандар мен сотталғандарға мейірбандық тұрғыдан қарау жөнінде Конституцияның, заңдар-

дың және Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының дәл және бірыңғай қолданылуын талап етуге құқылы.

Азаматтың, мемлекеттің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша, сондай-ақ прокурордың талабы мен өтініштері бойынша атқарушылық істер жүргізілуін талап етіп және тексере алады. Прокурор сот тағайындаған жазалау және мәжбүр ету сипатындағы өзге де шараларды атқарушы бас бостандығынан айыру орындары мен мекемелерінде тексеру мақсатымен кез келген уақытта бола алады.

Қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор өз құзыреті шегінде: ұсталғандардан, қамалғандардан, сотталғандар мен мәжбүр ету сипатындағы шаралар қолданылған адамдардан жауап алуға; осы адамдарды ұстауға, қамауға, жазасын өтеуге, сондай-ақ оларға мәжбүр ету сипатындағы шараларды қолдануға негіз болған құжаттарды талап етуге; мәжбүр ету шараларын атқарушы бас бостандығынан айыру орындарында немесе мекемелерінде заңсыз отырған әрбір адамды өз қаулысымен дереу босатуға; бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарға заңды бұза отырып, қолданылған тәртіптік шаралардың күшін жоюға, оларды өз қаулысымен айыптық изолятордан, камералық үлгідегі орындардан немесе карцерге қамаудан босатуға; заңда белгіленген жағдайларда жазалауды атқарушы мекемелер әкімшілігінің актілерін санкциялауға және заңдарда белгіленген жағдайларда атқарушылық іс жүргізу органдарының борышкердің банкроттегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшасына және басқа мүлкіне тыйым салу туралы актілеріне санкция беруге құқылы.

Азаматтық сот ісін жүргізуде заңдардың дәлме-дәл және бір үлгіде қолданылуына жоғары қадағалау жүргізу ісін мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас прокуроры тікелей өзі және өзіне бағынатын прокурорлар арқылы жүзеге асырады.

Прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы бұл заңда көзделген, прокурордың осы іске қатысу қажеттілігін сот таныған жағдайларда, сондай-ақ прокурордың бастамасы бойынша қозғалған, мемлекеттің мүдделерін қозғайтын, жұмысқа қайтадан алу,

жалақыны өндіріп алу, азаматты басқа тұрғын үй-жай берместен тұрғын үйден шығару, өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы істер бойынша міндетті.

Прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін процеске өз бастамасы бойынша немесе соттың бастамасы бойынша қатысуға құқылы. Прокурордың көрсетілген өкілеттіктері соттың қарауға белгіленген барлық істер туралы уақтылы хабарлауы арқылы қамтамасыз етіледі.

Прокурор азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы талап қойып, арыз беріп сотқа жүгінуге құқылы. Әлеуметтік саладағы шектелмеген адамдар тобының еңбек, тұрғын үй және өзге де құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы, сондай-ақ әрекетке қабілетсіз азаматтың мүдделерін қорғау үшін прокурор мүдделі адамның өтінішіне және арызына қарамастан талап қоюы мүмкін. Егер талап қоюшы прокурор мәлімдеген талапты қолдамаса, егер үшінші тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері қозғалмаса, онда сот талап қоюды (арызды) қараусыз қалдырады.

Талап қойған прокурор, бітімгершілік келісім жасау құқығынан басқа, талап қоюшының барлық іс жүргізу құқықтарын пайдаланады, сондай-ақ барлық іс жүргізу міндеттерін мойнына алады. Прокурордың басқа тұлғаның мүдделерін қорғау үшін талап қоядан бас тартуы ол тұлғаны істің мәнісі бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайды.

Сот қарайтын дауда талап қоюшы немесе жауапкер ретінде прокуратура органдарының мүддесін білдіретін прокурор тараптардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін пайдаланады.

Жоғарыда айтылғандар прокуратура өкілеттігінің көлемдігін және оның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін үлкен мүмкіндіктерге ие екендігін көрсетеді.

Бақылау сұрақтары

1. Прокуратураның ең басты тағайыны қандай?
2. Прокуратураның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы рөлі қандай?
3. Прокуратура органдарының қызметі қандай заңдармен реттеледі?
4. Адам құқықтарын қорғау саласында прокуратураның өкілеттіктері қандай?
5. Прокуратура органдарының құқық қорғау қызметінің мәні неде?

14 ТАРАУ

АДВОКАТУРА — АДАМ ҚҰҚЫҒЫН КӘСІБИ ҚОРҒАЙТЫН ҚЫЗМЕТ

14.1. Азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығы

Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, оны жүзеге асыруда мемлекет пен азаматтардың арақатынасы заңды түрде реттелмей шын демократиялық мемлекет құру мүмкін емес. Азаматтардың білікті заң көмегін алуда, олардың конституциялық құқығын қамтамасыз ету, мемлекеттің құқықтық саясатының бір маңызды жағы болып есептеледі. Оған қол жеткізудің жолы — адам құқықтарын, бостандықтарын және оның заңды тілегін ең тиімді қорғайтын қызметпен қамтамасыз ету. Азаматтық қоғамда әр адамның жеке праволық қатынастарын қарайтын, оған білікті заң көмегін көрсететін бірден-бір қызмет орны — ол адвокатура болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Оның үстіне әркімнің білікті заң көмегін алуға да құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі деп жазылған.

Адвокатура институты қазіргі өмірде адам құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын азаматтық қоғамның негізгі тірегі мен іргетасы болып саналады. Белгілі заңгер И.Я. Фойницкий жиырма-сыншы ғасырдың басында: «Адвокатсыз тиісті сот әділдігіне қол жеткізу мүмкін емес»¹ деп көрсеткен. Бұл сөз осы уақытқа дейін әлі өз маңыздылығын жойған емес.

Азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығы тек қана ұлттық заңнамада ғана емес, ол халықаралық деңгейдегі құқықтық құжаттарда да белгіленген. Адам құқықтарының негізі халық-

¹ Фойницкий И.Я. Курс уголовного судопроизводства.— М., 1912. Т.1.— 428 б.

аралық қауымының осы салада қабылданған ең бір маңызды құжаты — Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында бекітілген. Осы Декларацияда белгіленген ережелер адам құқықтары мен бостандықтары жөнінде жан-жақты қабылдаған конвенция, пактілер, хаттамалар және басқа халықаралық құжаттардың негізгі көзіне айналған. Сол сияқты азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығының біршама жағы көрсетілген тағы бір ең бір маңызды құжат — ол Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт.

Осы Халықаралық Пактінің 2-бабында:

— Пактіге қатысушы әрбір мемлекет, осы Пактіде танылған құқықтарды өзінің аумағының шегінде және юрисдикциясына қарасты аумақта тұратын барлық жұртты нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси, немесе басқа да наным-сеніміне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік жай-күйіне, туу немесе өзге де жағдаяттарына қарамастан, еш алаламай аталған құқықтарды құрметтеуге және қамтамасыз етуге міндеттенеді;

— мұндай міндеттер қолданыстағы заң жүзінде, немесе басқа шаралар түрінде ескерілмеген жағдайда, осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет, өзінің конституциялық процедуралары мен осы Пактінің ережелеріне сәйкес, осы Пактіде танылған құқықтарды жүзеге асыру үшін қажет болатын заң шығару немесе басқа да шараларды қабылдау үшін қажетті шаралар қабылдауға міндеттенеді деп көрсетілген. Осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет:

а) осы Пактіде танылған құқықтары мен бостандықтары бұзылған кезкелген адамға, олардың құқықтары мен бостандықтарын ресми тұлғалар бұзған күннің өзінде де, тиімді құқықтық қорғау амалын қамтамасыз етуге;

б) құқығын қорғауды талап еткен кез келген адамның құқықтық қорғау құқығы мемлекеттік құқықтық жүйесімен көзделген құзыретті сот, әкімшілік, заң шығару биліктері немесе басқа құзыретті орган арқылы белгіленуін және сот арқылы қорғалу мүмкіндігінің дамуын қамтамасыз етуге;

с) құқықтық қорғау құралдары берілген күнде, оларды құзыретті өкімет орындарының пайдаланып қолдануларын қамтамасыз етуге міндеттенеді деп белгіленген¹.

¹ Сборник стандартов и норм ООН в области предупреждения преступности и уголовного правосудия.— ООН, Нью-Йорк, 1992.— 381 б.

Қазақстан Республикасы адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған деген Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында көрсетілген қағиданы мойындаған соң әрі Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіні 2005 жылы 28 қарашада ратификациялаған соң адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, оны қорғау мемлекеттің міндеті болып табылады.

Оның үстіне Қазақстан Республикасы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің бірінші факультативтік хаттамасында ратификациялағандықтан біздің азаматтардың халықаралық деңгейдегі сатыларға да шағымдануға мүмкіндігі қарастырылған. Халықаралық Пактінің қосымша хаттамасының 1-бабы бойынша Пактінің қатысушы мемлекеттері осы Хаттаманың да қатысушысына айналады, Комитеттің өз юрисдикциясына қарасты адамдардың өздерін қатысушы мемлекет тарапынан болған құқықбұзушылықтардың құрбандары болып табылатындығын мазмұндаған жолдауларын қабылдау және қарастыру өкілеттігін мойындайды. Адамдар осы баптың ережелерін сақтай отырып, Пактіде аталған құқықтардың бірі бұзылды деп есептесе, және өз елінде құқықтық қорғаудың барлық мемлекеттік құралдарынан өткен соң Комитеттің қарауына жазбаша жолдау жібере алады.

Бұл біздің елімізден ұлттық заңнамамызды халықаралық стандарттық үлгіге сәйкестендіруді, адам құқықтарын қорғауда мемлекеттің ішкі мүмкіндіктерін жетілдіруді талап етеді. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажеттілігі аумақтық халықаралық құжаттарда да — Адам құқығы мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияда, «Азаматтық, сауда және әкімшілік істер бойынша заңгерлік көмек туралы» Еуропалық Кеңестің министрлер комитетінің 1996 жылғы 18 ақпандағы резолюциясында да көрсетілген.

Заң көмегін көрсету қызметі, кең тұрғыдан алғанда барлық уақыттарда да, әртүрлі мемлекеттік және қоғамдық формаларда да болған. Жеке адамдардың дәрігерге зәру болуы сияқты, оның заң саласында да көмекті қажет етуі бәріне айқын. Сол себептен, кез келген ұйымшыл мемлекет сол жеке адамдарды заң саласындағы көмекпен қамтамасыз ету үшін қоғамда білікті заңгерлер ұйымын қарастыруды көздеген.

Конституциялық құқық бойынша азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығы ол мемлекеттің негізгі міндетімен шектесіп жатады. Мемлекет осы міндеттерді орындауды және азаматтардың конституциялық құқығын алуды қамтамасыз ету мақсатында заң аясында тиісті кепілдіктерді белгілеген. Конституциялық деңгейде мойындалған азаматтардың заң көмегін алу құқығы конституциялық кепілдіктердің жүйесін талап етеді.

Оған жататындар:

— заң көмегін алу құқығының барлық кепілдіктердің негізгі болатындай құқықтық институттарды белгілеу;

— осы құқықты конституциялық деңгейде бекітіп, оның орындалуын қамтамасыздандыру;

— адам құқықтарын қорғауға міндетті мемлекеттік органдардың заң көмегін көрсетудегі іс-әрекетін бақылауды қамтамасыз ету.

Заң көмегін көрсетудің түрі мен тәсілі экономикалық мүмкіндік пен саяси жағдайға байланысты әр уақытта өзгеріп отырған. Қоғам — заң көмегін көрсетудің түрі сол кезеңдегі тарихи жағдайға лайықты болуын қалаған.

Әр адам тек қана мемлекеттің өкілдерімен ғана емес, жеке адамдардың да мүдделерін байланысты қатынастар жүйесіне тартылады. Сол себептен осындай үлкен таласқа араласып, оның үстіне татуландыру мәселелерін жеке де және сот арқылы шешілуіне ықпал жасайтын бірде-бір қызмет — ол адвокаттарыға тиесім талап етеді. Сол себептен адвокаттар мемлекеттік институттармен қарым-қатынасқа түсіп жариялылық қатынастар жүйесіне тартылады. Негізінен адвокаттың қызметі жалпы халықтың қамы емес, жеке адамның тілегін орындауға бақытталған. Міне, адвокаттың қоғамға қажеттілігі сол жеке адамның құқығын қорғаудан білінеді.

Адвокаттың қызметінің маңыздылығы оның жалпыхалықтық мемлекеттің мүддесін ойлағанда емес, оның әр адамның жеке құқығын ең жоғары деңгейде кәсіби түрде қорғауында. Азаматтардың жеке құқықтарын қорғау мемлекеттің міндетінде болғандықтан, ол тәуелсіз қоғамдық ұйым адвокатураны құрған.

Заң шығару орны адвокатура қызметін аса маңызды құқықтық-жариялылық институт есебінде қарайды. Адвокаттың жариялылық тұрғыдығы қызметі, оның табиғатына, мәніне, оған

жүктелген міндеттеріне сәйкес. Азаматқа арналған заңды көмек ол адамның жеке құқығы мен бостандығын және оның тілегін жоғары қанағаттандырушылық деңгейде тікелей кәсіби көрсетілген қызмет.

Адамға заңды көмек көрсету — адам құқығын қорғау қызметінің бір түрі және жариялылық биліктің қызметіне қоғамдық бақылаудың бір тетігі болып табылады. Оның басқа құқық қорғау қызметтерінен негізгі айырмашылығы, адвокаттың заңды көмек көрсетуі ол тек қана заңда көрсетілген жолдармен ғана жүреді.

Сонымен, қоғамда адамның құқығын қорғау тек қана мемлекеттік органмен емес, қоғамдық ұйымдармен де қамтамасыз етіледі. Адам құқығын жан-жақты кәсіби түрде қорғайтын арнайы бірден-бір қоғамдық ұйым — ол адвокатура. Сол себептен мемлекет адвокатураны адамның құқығын қорғау жүйесінде жетекшілік орнын мойындап, оның халыққа қызмет көрсетудегі өзектілігін атап көрсеткен.

Адвокатура қызметінің даму деңгейі, қоғамымыздағы демократия жағдайының қалың көрсетеді. Әр азаматтың қоғамымызда өзінің аман-есен болатынын, жалпы мемлекетімізде заңдылықтың сақталатын сенімді болуы, сол адвокаттар мәртебесінің жоғарылығынан, оның қызметінің заңменен тыянақты қорғалғанынан білуге болады. Адвокатура — мемлекеттік құқық қорғау органдарынан, басқару жүйесінен бөлек тәуелсіз кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін қоғамдық ұйым. Бұл институттың қызметі заң көмегін көрсетуі барысында жеке адамға да, адвокаттың өзіне де зиян келтірмейтіндей болуы керек. Адам құқығы мен бостандығын тыянақты қорғайтындай және тиімді тетіктері көзделген жөн.

Қазақстан Республикасы Құқықтық саясатының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында құқықтықтық мемлекетті құру адамның құқығын қорғайтын адвокаттар қызметі сияқты арнаулы қоғамдық ұйымдарды жетілдіру қажет етеді деп көрсеткен.

Азаматтардың заң көмегін алудағы конституциялық құқығы олардың сот әділдігіне қол жеткізуі принципінің сақталу кепілдігі болып табылады. Сот әділдігіне қол жеткізу мен әділетті сот талқылауында болу құқығы демократиялық қоғамның бір белгісі, сол себептен адамның заң көмегін алу құқығындағы ең

бастысы, оның тиянақты және білімді адвокатқа қол жеткізу мүмкіндігі болуы. Яғни, Қазақстан Республикасы адвокатурасы адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға көмектесетін орган.

Адвокатура қылмыстық істер бойынша қорғау, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, әрі заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету бойынша адвокаттардың қызметін ұйымдастырады.

БҰҰ қылмыстың алдын алу жөніндегі VIII Конгресінде (1990 г., Нью-Йорк) қабылданған «Адвокаттардың маңыздылығы туралы негізгі ережеде» үкімет адвокаттардың кәсіби қызметіне ретсіз араласпай, олардың өз міндетін кедергісіз, қорықпай орындауына мүмкіндік жасау керек деп көрсетілген. Онан басқа, адвокаттардың өздерін-өздері басқаратын ассоциациялық ұйым құрып, міндеттерін сырттан араласпайтындай жағдайда қалыптастыру қажет деленген.

Адвокатураның тәуелсіздігі — азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудің кепілі. Осы мақсатта 2012 жылғы 20 қаңтарда «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді.

Заң ережелері адвокатура қызметін ұйымдастыруды одан әрі жетілдіруге және адвокат кәсібіне қол жетімділігі мәселелері бойынша сыйбайлас жемқорлықты азайтуға бағытталған. Заңда тікелей тағылымдамадан және аттестаттаудан өту тәртібінің негізгі ережелері бекітіліп, сондай-ақ адвокаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлғалар үшін аттестаттауды қабылдау жүйесін орталықтан көзделген.

Адвокаттық қызметпен айналысу үшін лицензия алуға үміткер тұлғаларға қатысты қойылатын талаптар күшейтілді. Оның ішінде, тағылымдамадан өту мерзімі ұзартылып, бүгінгі таңда ол алты айдан бір жылға дейін белгіленді. Лицензия алу рәсімі әлемдік стандарттарға сәйкестендірілді, яғни азаматтар лицензия алу үшін

бірінші сатыда тағылымдамадан, одан кейін аттестаттаудан өтеді. Сонымен қатар, Қазақстан тарихында бірінші рет аумақтық адвокаттар алқалары міндетті түрде мүшелігіне енетін Республикалық адвокаттар алқасы құрылады. Республикалық деңгейдегі осындай құрылымның болуы адвокатураның бірігуіне, сондай-ақ тәуелсіздігі мен өзін-өзі басқару институтының нығаюына әсер етеді. Заңның елеулі құқықтық ережелерінің бірі ауылдық жерлерде адвокаттық қызметпен айналысқысы келген тұлғаларды бастапқы мүшелік жарнадан босату болып табылады, ол ауыл халқын білікті заңгерлік көмекпен қамту мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

14.2. Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің қағидалары

Адвокат — жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы. *Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызмет туралы* 1997 жылы 5 желтоқсанда қабылданған заң Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Заңнама осы заңнан және Қазақстан Республикасының адвокаттық қызметті реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда жазылғаннан өзгеше ережелер көзделсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Жеке және заңды тұлғалардың істері бойынша қорғау мен өкілдік етуді жүзеге асырған кездегі адвокаттардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметі:

1) адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігі;

2) адвокаттық қызметті заңдарда тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыру;

3) заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, соттар, анықтау және алдын ала тергеу органдары, басқа мемлекеттік органдар, өзге ұйымдар мен лауазымды адамдар тарапынан адвокаттардың қызметіне араласуға жол бермеу;

4) кәсіби мінез-құлық нормаларын ұстану және адвокаттық құпияны сақтау принциптеріне негізделеді.

Адвокатураның тәуелсіздігі прокуратура, сот, анықтау және алдын ала тергеу органдары, өзге мемлекеттік органдар, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, басқа ұйымдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан, тікелей заң актілерінде көзделген реттерді қоспағанда, оның қызметіне ешбір араласпауына жол берілмейтіндігі жөніндегі заңда белгіленген тәртіптерді білдіреді. Адвокат өзінің кәсіптік құзыретінің шеңберінде шешімін дербес өз бетімен қабылдайды.

Адвокаттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында заңда олардың қызметіне белгілі бір кепілдіктер белгіленген.

Адвокаттық қызметтің *кепілдіктері*:

1. Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын адвокаттық қызметке араласуға не осы қызметке қандай да болмасын тәсілмен кедергі жасауға тыйым салынады;

2. Адвокатты ол заң көмегін көрсетіп отырған адаммен теңдестіруге тыйым салынады;

3. Адвокаттан өз кәсіби міндеттерін жүзеге асыруға байланысты оған мәлім болған мән-жайлар туралы куәгер ретінде жауап алуға тыйым салынады;

4. Адвокаттардан, олардың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілерінен, адвокаттар алқасы төралқасының, заң консультацияларының, адвокаттық кеңселердің басшылары мен қызметкерлерінен, заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда, белгілі бір адамға заң көмегін көрсетуге байланысты қандай да болмасын мәліметтер беруді талап етуге тыйым салынады;

5. Адвокаттық іс жүргізу, онымен байланысты өзге де материалдар мен құжаттар, сондай-ақ адвокаттың мүлкі, оның ішінде ұялы байланыс құралдары, аудиоаппаратурасы, компьютерлік техникасы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен басқа жағдайларда, тексеруге, қарауға, алуға, алып қоюға және тексеріске жатпайды;

6. Адвокатқа өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығудың құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайларда осылайша жолығуына рұқсат беруден бас тартуға, сондай-ақ олардың саны мен ұзақтығына шек қоюға тыйым салынады;

7. Анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттар адвокатты іске қатысуға жіберген сәттен бастап оған өзі қорғайтын адам қамауда болатын бүкіл кезеңге іске қатысуға жіберілгені туралы дереу жазбаша растау беруге міндетті;

8. Анықтау және алдын ала тергеу органдары, іс жүргізу заңында көзделген жағдайларда, адвокатпен келісілген мерзімде тергеу және өзге іс жүргізу әрекеттеріне оның қатысуы қажеттігі туралы адвокатқа хабарлауға міндетті;

9. Мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік емес ұйымдардың басшылары адвокаттың нақты іс бойынша заң көмегін көрсетуіне байланысты өтінішіне он күн мерзімнен кешіктірмей жазбаша жауап беруге міндетті;

10. Адвокаттардың қызметіне заңсыз араласуға жол берген немесе осындай қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін адамдар заңға сәйкес жауапқа тартылады.

Адвокаттың көмекшілері мен тағлымдамадан өтушілері болуы мүмкін.

Адвокаттың көмекшілері еңбек шартының негізінде заң консультациясында, адвокат кеңсесінде немесе адвокаттық қызметпен жеке айналысатын адвокатта жұмыс істеуі мүмкін.

Адвокаттың көмекшілері адвокаттың нұсқауы бойынша және соның жауапкершілігімен адвокаттың тапсырмаларын орындауға құқылы. Жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматы адвокаттың тағылымдамадан өтушісі бола алады.

Тағылымдама кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттың басшылығымен жүзеге асырылады. Тағылымдаманың ұзақтығы алты айдан бір жылға дейінгі мерзімді құрайды. Бір адвокатта тағылымдамадан бір мезгілде екіден көп емес тағылымдамадан өтуші өте алады. Тағылымдамадан өтуші ретіндегі жұмыс кезеңі заң мамандығы бойынша жұмыс өтіліне есептеледі. Тағылымдамадан өтпеген адам жалпы негіздерде тағылымдамаға қайта жіберіледі.

Адвокаттың көмекшілері еңбек шартының негізінде заң консультациясында, адвокат кеңсесінде немесе адвокаттық қызметпен

жеке-дара айналысатын адвокаттың жанында жұмыс істей алады. Адвокаттың көмекшілері адвокаттың нұсқаулары бойынша және соның жауапкершілігімен адвокаттың тапсырмаларын орындауға құқылы.

Жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары ғана адвокаттың тағылымдамадан өтушілері бола алады. Тағылымдамадан өтушілер адвокаттар алқасы төралқасы қаулысының негізінде кемінде бес жыл адвокаттық қызмет стажы бар адвокаттарда үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге тағылымдамадан өтеді. Тағылымдамадан өту адвокаттар алқасы мен тағылымдамадан өтуші арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады. Тағылымдамадан өтуші ретіндегі жұмыс кезеңі заң мамандығы бойынша жұмыс стажына есептеледі. Тағылымдаманың тәртібін, мерзімі мен шарттарын адвокаттар алқасы белгілейді.

Тағылымдамадан өткен адамдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары жанынан құрылатын адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды *аттестаттау жөніндегі комиссияда* аттестаттаудан өтеді.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия жеті мүшеден, оның ішінде кандидатураларын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың адвокаттар алқаларының төралқалары айқындайтын үш адвокаттан тұрады. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның жеке құрамы және олардың жұмыс регламенті Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрықтарымен бекітіледі.

Қазақстан Республикасының Жоғарығы Сот Кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірін алған адамдар; «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 1-1), 2), 8) және 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар; теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда, прокурор немесе тергеуші лауазы-

мында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, прокуратура және тергеу органдарынан босатылған адамдар аттестаттаудан өтуден босатылады.

Әділет аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі берген **адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияларын** лицензияда көрсетілген адамның адвокаттық қызметпен айналысуына рұқсат беру болып табылады. Лицензия адвокаттар алқасында үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде тағылымдамадан өткен адамдарға олар аттестаттаудан өткен жағдайда беріледі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітетін «Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың мемлекеттік тізілімі туралы» ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі осы тізілімді жүргізеді және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына тарайтын мерзімді баспа басылымдарында адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияларын беру, лицензияларының қолданылуын тоқтата тұру, лицензияларынан айыру және қолданылуын тоқтату туралы мәліметтерді жариялайды.

Лицензияның күші адвокаттың мемлекеттік қызметке тұруы, оның Парламент депутаты болып сайлануы (тағайындалуы), мерзімді әскери қызметте болуы, осы Заңның 31-бабы 1-тармағының 4), 7) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ лицензиялау туралы заң актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша адвокаттар алқасының мүшелігінен шығарылуы кезеңінде тоқтатыла тұрады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның **қолданысын тоқтата тұру тәртібі** Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жалпы негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы:

- 1) адам мемлекеттік қызметте болған;
- 2) ол Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының, өз қызметін бюджет қаражаты есебінен төленетін, тұрақты немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутатының өкілеттіктерін атқарған;
- 3) мерзімді әскери қызметті өткерген;

4) ол осы Заңның 31-бабы 1-тармағының 4) және 7) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша адвокаттар алқасының мүшелігінен шығарылған;

5) заңды тұлғаны тіркемей кәсіптік қызметін жеке жүзеге асыратын адвокаттың іс жүзінде қызметтік үй-жайы болмаған;

6) оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметті қоспағанда, адвокат кәсіпкерлік немесе өзге де ақы төленетін қызметпен айналысқан;

7) тоқтата тұру мерзімі көрсетілетін өзінің өтініші негізінде адвокат өз өкілеттіктерін орындамаған кезеңде тоқтатыла тұрады.

Заңда көрсетілген жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын лицензиар адвокаттар алқасы төралқасының ұсынымы немесе аумақтық әділет органының ұсынысы негізінде не адвокаттың өтініші негізінде тоқтата тұрады. Қабылданған шешім туралы адвокат, соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысының қайта жалғастырылғаны туралы адвокат, соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігі *ордермен* куәландырылады. Ордердің нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді. Ордерлердің берілуін бақылау мен есепке алуды адвокаттар алқасының төралқасы жүзеге асырады.

Өзінің қызметін Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарт негізінде жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттігі жеке басын, адвокат мәртебесін және заң көмегін көрсету өкілеттігін белгілейтін құжатпен расталады.

Адвокат кеңсесі мекеме нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады. Адвокат кеңсесі адвокаттардың заң көмегін көрсетуінің материалдық, ұйымдастырушылық-құқықтық және өзге де шарттарын қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Адвокат кеңсесін адвокаттар алқасының мүшесі (мүшелері) құрады. Адвокат тек бір ғана адвокат кеңсесінің құрылтайшысы (тең құрылтайшысы) бола алады. Бір адвокат құрған адвокат кеңсесі өз қызметін Жарғының негізінде жүзеге асырады.

Адвокат кеңсесін бірнеше адвокат құрған жағдайда Құрылтай шарты да, құрылтай құжаты да болуы мүмкін. Адвокат кеңсесінің құрылтайшысы (құрылтайшылары) мемлекеттік тіркеуден өткен

соң он күн мерзімде бұл туралы тиісті адвокаттар алқасына жазбаша хабарлауға және оның қарамағына адвокат кеңсесінің құрылтай құжаттарын беруге міндетті.

Адвокат кеңселерін құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты керек емес.

Кәсіби қызметті жеке-дара жүзеге асыруға шешім қабылдаған адвокат бұл туралы адвокаттар алқасын хабардар етеді. Хабарламада адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты, оның тұрақты тұратын жері көрсетіледі. Кәсіби қызметті заңды тұлға құрмай жеке-дара жүзеге асыратын адвокат банктерде есеп айырысу және өзге де шоттар, жеке мөр, мөртабандар, жеке бланкілер иеленуге құқылы.

Тиісті әкімшілік бірлік аумағында адвокаттық қызмет ететін бірлестік *адвокаттар алқасы* болып табылады. Адвокаттар алқасын адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар адамдар құрады. Адвокаттар алқасы жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, осы Заңда белгіленген өзге де міндеттерді орындау үшін құрылатын адвокаттардың коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттардың бір ғана алқасы құрылып, жұмыс істеуі мүмкін, оның басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқығы жоқ. Адвокаттар алқасын құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді. Адвокаттар алқасының атауы аумағында өзі құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктің атауын қамтуға тиіс. Адвокаттар алқалары *Республикалық адвокаттар алқасына* бірігеді.

Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттар алқаларының міндетті мүшелігіне негізделген, коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіптік, өзін-өзі басқаратын, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады. Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттық өзін-өзі басқару ұйымы ретінде Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі мемлекеттік және өзге де ұйымдарда адвокаттар алқалары мен адвокаттардың мүдделеріне өкілдік ету және оларды қорғау, адвокаттар алқаларының қызметін

үйлестіру, адвокаттар көрсететін заң көмегінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Республикалық адвокаттар алқасын Адвокаттар алқалары делегаттарының республикалық конференциясы құрады.

14.3. Адвокаттың құқықтық мәртебесі. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері

Адвокат (лат. advocatus, advoco — шақыру) — жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы.

Адвокатура — екіжақты маңызы бар шетелдік сөз. Біріншіден, белгілі бір топ заңгерлерің әрекет түрі болса, екіншіден — адвокаттар алқасы, заң консультациясы және адвокаттық кеңсе түрінде ұйымдастырылған жүйе.

Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесуге арналған.

Адвокатура қылмыстық істер бойынша қорғау, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және басқа да істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастырады.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауда тиісті деңгейде заң көмегін көрсетуі үшін адвокатқа төмендегі *міндеттер* жүктелген:

Адвокат:

— өзінің кәсіптік міндеттерін орындаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын және **Адвокаттардың кәсіптік әдеби** кодексiнiң нормаларын сақтауға;

— өзінің кәсіптік қызметінде адвокатураны ұйымдастыру мен оның қызметінің қағидаттарын басшылыққа алуға;

— заң көмегін көрсетуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді құпия сақтауға және көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз оларды жария етпеуге;

— адвокаттар алқасына мүше болып кіргеннен кейін, сондай-ақ коммерциялық ұйым құрылғаннан кейін бір ай ішінде, өзіне заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, өз меншігіндегі, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлесті (акциялар топтамасын) және пайдаланылуы табыс алуға әкелетін өзге де мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беруге міндетті. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты нотариатта куәландыруға жатады. Адвокат өзіне тиесілі облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын сенімгерлікпен басқаруға бермеуге құқылы. Адвокаттың сенімгерлікпен басқаруға берілген мүліктен табыс алуға құқығы бар;

— сенім білдірушінің құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған іс жүзіндегі мәнжайларды анықтау бойынша заңмен тыйым салынбаған кез келген іс-әрекетті орындауға міндетті.

Адвокат, егер заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамның мүддесіне қайшы келетін істің нәтижесінде жеке мүддесі болса; Қазақстан Республикасының процессуалдық заңнамасында көзделген негіздер болса, заң көмегін көрсету туралы тапсырмадан бас тартуға міндетті.

Адвокаттың іс бойынша көмек сұрап өтініш жасаған адамның жағдайын нашарлататын құқықтық ұстанымда болуына, өз өкілеттігін, өзі мүдделерін қорғайтын немесе білдіретін адамға нұқсан келтіріп пайдалануына тыйым салынады.

Адвокаттың қылмыстық іс бойынша қабылданған тапсырмадан бас тартуға құқығы жоқ және қорғалатын адамның немесе адвокаттың өзінің көзқарасы бойынша сот төрелігіне сай емес үкім шығарылған жағдайда, оған белгіленген тәртіппен шағым жасауға міндетті.

Азаматтардың құқықтарын қорғауда адвокаттың өз міндеттерін тиянақты атқаруы үшін заңда оған біршама **құқықтар белгіленген.**

Онда адвокат Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, сондай-ақ, егер бұл қабылдаған тапсырманы орындау үшін қажет болса және тиісті мемлекеттердің заңдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қайшы келмесе, оның аумағынан тыс жерлерде адвокаттық қызметпен айналысуға құқылы екені көрсетілген. Соның ішінде адвокат көмек сұрап келген адамға ол мұқтаж болған кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы.

Адвокат, қорғаушы немесе өкіл ретінде әрекет жасай отырып, іс жүргізу заңына сәйкес:

1) барлық соттарда, құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және білдіруге;

2) барлық мемлекеттік органдардан және мемлекеттік емес ұйымдардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұратуға;

3) заң көмегін көрсету үшін қажетті нақты мәліметтерді дербес жинауға және дәлелдерді табыс етуге;

4) көмек сұрап өтініш жасаған адамға қатысты материалдармен, соның ішінде іс жүргізу құжаттарымен, тергеу және сот істерімен танысуға және олардағы ақпаратты заң актілерінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен белгілеп алуға;

5) іске қатысуға жіберілген сәттен бастап жолығулар санын, олардың ұзақтығын шектемей және мұндай жолығулардың құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайларда өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығып тұруға;

6) заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын және ғылым, техника, өнер мен басқа да қызмет салаларында арнайы білімді қажет ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға;

7) өтініштер мәлімдеуге, әділет, прокуратура, анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттың лауазымды адамдарының, сондай-ақ көмек сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтарына және заңдармен қорғалатын мүдделеріне қысым жасайтын өзге де лауазымды адамдардың әрекеттеріне белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

8) мемлекеттік құпияларды құрайтын ақпаратпен, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратпен, егер бұл анықтау, алдын ала тергеу кезінде және сотта қорғау немесе өкілдік ету үшін қажет болса, заң актілерінде көзделген тәртіппен танысуға;

9) заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңдарда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;

10) заңдарға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам адвокаттың заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамның мүддесін білдіру құқығын танудан бас тарта алмайды. Адвокаттың мемлекеттік органдардың, соттардың, прокуратураның, анықтау және алдын ала тергеу органдарының әкімшілік үйлеріне кіруі осы органдар мен соттар белгілеген тәртіппен өзінің адвокаттық куәлігін көрсетуі бойынша жүзеге асырылады. Адвокаттың ұсталғандар, тұтқынға алынғандар және жазасын өтеп жатқандар отырған орындарға кіруі белгіленген рұқсаттық режимге сәйкес жүзеге асырылады.

Адвокат өзінің кәсіби қызметінде әртүрлі заң көмегін көрсетеді. Әсіресе оның заң көмегінің ерекше қажеттілігі *қылмыстық іс жүргізуде* байқалады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі әрбір адамға білікті заң көмегін алудың үлкен және тең мүмкіндігін береді. Бұл жағдайда заң көмегі өзінің мазмұны бойынша іс-әрекеттің үлкен шеңберін қамтиды, оның ішінде анықтау, алдын ала тергеу, сот органдарында заңды және жеке тұлғаларға өкілдік ету мен қорғауды жүзеге асырады. Кодексте білікті заң көмегін құқықты қамтамасыз ету қылмыстық процестің ең бір маңызды қағидаларының бірі болып табылатыны көрсетілген. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 28-бабында қылмыстық процесс барысында осы кодекстің ережелеріне сәйкес білікті заң көмегін алуға әркімнің құқығы бар. Оның үстіне заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі деп белгіленген.

Заң бойынша қорғаушы — заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.

Қорғаушы ретінде адвокат қатысады. Шетелдік адвокаттардың іске қорғаушылар ретінде қатысуына, егер бұл Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасасқан халықаралық шартында өзара негізде көзделсе, заңнамада белгіленген тәртіппен жол беріледі. Адвокат айып тағылған адам сезікті деп танылған кезден бастап, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізудің кез келген келесі сәтінде іске қатысуға жіберіледі. Бір адам, егер сезіктінің, айыпталушының біреуінің мүддесі екіншісінің мүддесіне қайшы келетін болса, олардың екеуіне бірдей қорғаушы бола алмайды. Адвокаттың өзіне қабылдаған сезіктіні немесе айыпталушыны қорғаудан бас тартуға құқы жоқ.

Қорғаушы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге міндетті түрде мына төменгі жағдайларда қатысады. Егер:

- 1) ол туралы күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам өтініш жасаса;
- 2) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам кәмелетке толмаса;
- 3) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса;
- 4) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам сот ісі жүргізілетін тілді білмесе;
- 5) адам жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айырылу, өмір бойы бас бостандығынан айырылу не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмысты жасағаны үшін айыпталса;
- 6) айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылса немесе ол мәжбүр етіліп стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға жіберілсе;
- 7) күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталған адамдардың, ақталған адамдардың мүдделері арасында қайшылық болып, олардың біреуінің қорғаушысы болса;
- 8) қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жәбірленушінің (жеке айыпталушының) немесе азаматтық талапкердің өкілі қатысса;
- 9) іс сотта қаралған кезде прокурор (мемлекеттік айыптаушы) қатысса;

10) айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болса және алдын ала тергеу органдарына келуден жалтарса.

Қылмыстық процесті жүргізуші органның қорғаушы ретінде белгілі бір адамды шақыруға ұсыныс жасауға құқығы жоқ. Қылмыстық іс жүргізу кодексі адам құқығын шектемеу мақсатында адвокаттан бас тарту мүмкіндігін де белгілеп қойған. Сезікті, айыпталушы іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде қорғаушыдан бас тартуға құқылы. Заңгерлік көмекке ақы төлеу үшін қаражаттың жоқтығы себепті қорғаушыдан бас тарту қабылданбайды. Бас тарту жазбаша нысанда ресімделеді немесе тиісті тергеу не сот әрекетінің хаттамасында көрсетіледі.

Адвокаттан бас тарту айыпталушыны немесе сезіктіні кейін қорғаушының іске қатысуына рұқсат ету туралы өтініш жасау құқығынан айырмайды. Адвокаттың іске қатысуы осы уақытқа дейін тергеу немесе сот талқылауының барысында жасалған әрекеттерді қайталауға әкеп соқтырмайды. Адвокаттың қылмыстық іс жүргізу барысындағы өкілеттігі Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 74-бабында белгіленген.

Әрбір адамның **азаматтық процесс** барысында да білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Қазақстан Республикасы Конституциясы және Қазақстан Республикасының Азаматтық істер жүргізу кодексінің қағидаларына сәйкес әрбір адам бұзылған немесе даулы конституциялық құқықтарын, бостандықтарын немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы. Азаматтық процеске негізгі қатысушы тараптар болып талапкер мен жауапкер жатады.

Адвокаттық қызметтің маңызды жақтарының бірі — сотта азаматтық істі қарау кезінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын және мүдделерін білдіру, оны қорғау. Адвокат тек өзіне заң көмегі үшін жүгінген тұлғаның заңды мүддесін ғана қорғайды.

Ата Заңда және де Қылмыстық іс жүргізу кодексінде тиісті көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі деп жазылғандықтан адвокаттардың **ақшасыз да, тегін заң көмегін көрсету** тәртібі адвокаттар алқасының жарғысында белгіленеді.

Мысалы, адвокаттар сенім білдірушілердің өтініштері бойынша:

— алимент өндіріп алу туралы, асыраушысының қайтыс болуына, жұмыспен байланысты мертігуіне немесе денсаулығының өзгедей бұзылуы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді жүргізу кезінде бірінші сатыдағы соттарда талап қоюшыларға;

— Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдарға, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, I және II топтағы мүгедектерге, жасы жөнінен зейнеткерлерге, егер бұл кәсіпкерлік қызмет мәселелеріне байланысты болмаса, консультациялар беру кезінде;

— зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау туралы өтініштерді дайындау кезінде азаматтарға;

— ақтау мәселелері жөнінде кеңестер беру кезінде адамдарға заң көмегін тегін көрсетеді.

Адвокаттар мемлекет есебінен заңгерлік көмек көрсету барысында азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша барлық шараларды қабылдауда. Тек қана 2011 жылы 65 мыңнан астам азаматтар өздерінің ақысыз заңгерлік көмек алу құқығын пайдаланды (2010 жылы 62 мыңнан астам азамат). Адвокаттар сотта бұл көмекті республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетті.

Сонымен, адвокатура бүгінгі таңда сот әділдігін атқаруға, адам құқығы мен бостандығын қорғауға өзінің үлесін қосып жүрген тарихи даму жолы және мол дәстүрі бар институт. Азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығының тиімділігін жетілдіре беру үшін адвокаттық қызметтің мәртебесін әлі де көтере беру қажет.

Бақылау сұрақтары

1. Қандай азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығы бар?
2. Адвокатура тәуелсіздігі қалай қамтамасыз етіледі?
3. Адвокаттардың тегін заң көмегі қандай жағдайда көрсетіледі?
4. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің қандай түрлерін білесің?
5. Қандай құжаттармен адвокаттың өкілеттігі куәландырылады?

15 ТАРАУ

ИСЛАМДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

15.1. Ислам негіздері

Ислам — ең жас дін. Бұл планетадағы кең таралған діндердің бірі. Жердегі мұсылмандардың саны 1,2—1,5 млрд. Оның үстіне мұсылмандар саны 2030 жыл қарсаңында әлем халқының төрттен біріне тең болатыны айтылуда. Әлемнің 120 аса елінде мұсылман қауымы өмір сүреді. Ал 35 мемлекетте мұсылмандар халық санының басым бөлігін құрайды. Египет, Сауд Арабиясы, Марокко, Кувейт, Иран, Ирак, Пәкістан және басқа әлемнің 28 елінде ислам мемлекеттік дін болып жарияланған. Ең көп мұсылмандар Батыс, Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс Азия және Солтүстік Африканы мекендейді.

Ислам Арабияда пайда болған. Географиялық жағынан Арабия — Азия континентінің батысындағы үлкен түбек. Ол 1.230 аршы миль аумақты алып жатыр. «Арабия» атауы «Араба» сөзінен шыққан — аралдың оңтүстік бөлігіндегі Тихамада орналасқан мекеннің атауы. Араб түбегі үш жағынан теңізбен: батысынан — Қызыл теңіз, оңтүстігінен — Үнді мұхиты, шығысынан — Араб теңізі мен Парсы шығанағы, солтүстік-шығысынан — Ефрат өзенімен шайылып жатыр.

Арабияның орталық және солтүстік бөлігінің тұрғындары көшпелі тіршілік кешкен ел, ал Мекке мен Ясриб (Мәдинә) қалалары отырықшы болған.

Мұхаммед пайғамбар келгенге дейін Арабияда шағын иудей және христиан қауымдары өмір сүрді, сондай-ақ, пұтқа табынушылық та дами берді. Біздің эрамыздың 610 жылы Мұхаммед шамамен 40 жаста болғанда, ол өз отандастарын, Мекке қаласының тұрғындарын және барлық арабтарды көптеген тайпалық пұттарға табынудан бас тартып, бір құдай — Аллаға ғана сыйынып, имандылық жолына үндеді. Келе-келе Мұхаммед

жақтаушыларының саны өсіп, Арабиядағы тайпалық қауымдардың көп бөлігі мұсылмандық жолын таңдады. Енді мұсылмандықты ел сыртына насихаттау мақсаты қойылды. Алайда 632 жылы пайғамбар көз жұмып, оның ісін халифтер жалғастырды.

Мұхаммедке бір ғана құдай — Аллаға сыйыну жолы мұсылмандардың қасиетті кітабы Құранда көрініс тапты. Құранда теңдік — құдай алдындағы тең жауапкершілік туралы айтылған, ол қоғамдағы әділетсіздік атаулыны түзуді қамтамасыз етуі тиіс.

Әрбір мұсылман исламның бес парызын, негізгі бес міндетті біліп, орындауы тиіс. Оның ең алғашқысы — жалғыз құдай — Аллаһ, ал Мұхаммед оның елшісі деп сену.

Екінші міндет — намаз. Әр мұсылман тәлігінде дәрет алып тазаланып, бес уақыт намазын өтеуі тиіс. Одан бөлек аптаның жұма күні мұсылман жамағаты мешітке жиналып, жұма намазын өтейді.

Мұсылманның үшінші парызы — ораза тұту. Ораза тұту — күн шыққан батқанға дейін ауыз бекітіп, жамандық атаулыдан тыйылу. Оразадан бөлек, исламда көптеген тыйымдар бар: ішімдік ішпеу, шошқа етін жемеу, құмар ойын ойнамау, өсімқорлық жасау.

Төртінші міндет — денсаулығы мен материалдық жағдайы сай болса, қажылыққа бару. Қажылық парызын өтеу үшін Меккеге аттанып, қасиетті Қаабаны тәубе етеді.

Мұсылманның бесінші парызы — зекет беру, дүние-мүліктің белгілі бір бөлігін жетім-жесірдің пайдасы үшін үлестіру¹.

Ислам — әлемдік дін. *islam* деген түсініктің өзі араб тілінде өзіңді Құдайға сеніп тапсыру, соның еркіне мойынсұну дегенді білдіреді. Дінтану тұрғысынан, иудаизм, христиан діндері секілді ислам діні де құдайдың бірлігін мойындайды, яғни теистік сипатта. Сөйте тұра, христиан дініне үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Мұнда үш құдайшылдық, үштік догматы дегендер мүлдем жоқ. Ол керісінше көпқұдайшылдық ретінде күнә саналады.

Ислам негізінің айқындауынша, құдай біреу ғана емес, ол жалғыз. Сондықтан мұсылманшылықта айналып кету идеясы жат саналады. Исламда Иса — пайғамбар ғана. Ол құдай емес.

Ислам ілімі бойынша құқық Аллаһ тарапынан берілген, елші Мұхаммед арқылы адамзат баласына аян етілген. Адамзат бала-

¹ Ислам. Краткий справочник. — М., 1983. 5-12 б.

сына құқық Аллаһтан мәңгіге сый етілген. Сондықтан үнемі өзгеріп тұратын қоғамға икемделіп құқықты өзі қолдан жасамай, құдай тарапынан берілген ережеге мойынсұнған абзал. Сөйтіп, исламдағы адам құқығы тұжырымдамасы құқық пен заң адамға Аллаһ тарапынан беріледі, барлық адам құқықтарының бастауы сонда деген түсінікке негізделген. Жаратушы Аллаһ адам баласына сый ретінде ұсынған құқықтар билік, үкімет, басшы тарапынан қысқартылып, шектеліп не жоюлуы тиіс емес.

Құран — Аллаһ тарапынан Мұхаммед елшісі арқылы адам баласына жіберілген қасиетті кітап. Құран 114 сүре, 6225 аяттан тұрады. Олардың 500 аяты азаматтық және қылмыстық мәселелерді қамтиды.

Сунна — Мұхаммед пайғамбардың өмірі, іс-әрекеттері туралы хадистер. Құран, сунна және олардың тәпсірі негізінде шарифат қалыптасты. Шарифат мұсылмандар ұстанатын діни, құқықтық ережелер жиынтығы. Исламдағы адам құқықтары туралы білу үшін осы діндегі құқық теориясын білу қажет. «Хақ» сөзі — «құқық» төркіні арабтікі, нақ мағынасы «төзімді болу», «тұрақты», «әділдік» дегендерге келіп саяды. Шарғиатта «хаққ»: адамға құдай берген және бөтенге ауыспайтын сый ретіндегі «пайда» (манфаат) деп түсіндіріледі.

Төркіні бойынша құқық үш түрге жіктеледі:

1. Аллаһ құқығы (үлесі) (адамның Аллаһ алдындағы міндеттері). Оған: бес уақыт намаз, отыз күн ораза, мал-мүлкіңнен зекет беру, қажылыққа бару, жихад (дін жолына күресу, күш жұмылдыру), ант, тыйылу жатады. Өз кезегінде, бұл аталғандар қылмыстарды ескерту және онымен күресті де қамтиды. Ұрлық, зинақорлық, тонау, өтірік айту, мас қылатын заттарды пайдалану және т.б. әрекеттерді жазалау, көптің пайдалануындағы су, жол және т.б. игіліктерді таза әрі оңды қалпында сақтау да қамтылады. Аллаһ құқығы (үлес) болып табылатын мәселелерде іс әкім (басшы) құзырына жетсе, онда тиісті жазаны қолдану қажет. Мұнда кешірім, келісім, рақымшылыққа жол жоқ. Айталық, ұрыны жәбірленуші ұстап алса, кешірім беріп жібере салуына болады, ал егер де іс әкім (басшы) қарауына берілсе, кері шегінуге жол жоқ, қылмыскерді жаза ғана күтіп тұр.

2. Адам (құдайдың құлы) құқығы (үлесі). Мұнда жалғыз адамның мүддесін қорғау көзделген. Айталық, денсаулық, бала-шаға, мал-мүлік, ар-намыс қорғау, сондай-ақ, мемлекет қамтамасыз еткен жалпыға ортақ игіліктерді пайдалану: аналық, әкелік, балалық және т.б.

3. Ортақ (жалпы) құқық, яғни бір затқа адамның да Аллаһтың да қажысы бар. Бұл екеуі алма-кезек ауысып үстемдік алуы мүмкін. Жан, байлық, ақыл, денсаулық — осының мысалы бола алады. Өйткені бұлар туралы адамның өзі де, қоғам да мүдделілік танытады. Ақиқаты сол: қоғам неге мүдделі болса, Аллаһ құқығы (үлесі) да сонда, өйткені оның пайдасы — ортақ игілік.

Сондықтан, мұсылман өз-өзіне қол жұмсай алмайды, денсаулығына зиян келтіретін әрекеттерге бара алмайды, байлығын қоғамға зиян мақсатта пайдалана алмайды.

Назар аудару тұрғысынан құқық қайнар-көзі үш түрге бөлінеді:

1. Мүліктік құқықтар, мүліктік емес құқықтар.

2. Жеке құқықтар, дербес құқықтар.

3. Бөлек құқықтар, бөлек емес құқықтар.

«Қазыға» (сотқа) қатыстылығына байланысты құқық екі типке бөлінеді:

1. «Қазы» соттылығына жататын құқық. Бұл қазыға жүгіну арқылы, қазы шешімімен алуға болатын құқық.

2. «Қазы» соттылығына жатпайтын құқық.

Оған қатысты «қазы» шешім шығара алмайтын құқықтарды дийани хаққ — «діни құқық» деп атайды, яғни, бұл дінге сәйкес бекем орныққан құқық. Құқықты бұзған адам қазы алдында жазаға тартылмаса да, өзінің ожданы алдында, ал ең бастысы — Аллаһ алдында жауап береді және кінәлі болып табылады. Бұл зайырлы құқық жүйесінде таптырмас, тек Исламда ғана бар маңызды құқық. Айталық, біреуден борышкер алған қарызын мойындамаса, талапкер қазыға жүгінгенімен, борышкердің алған-алмағаны дәлелденбей, ол жауапкерден талапкер қарыздың қайтарылуын талап ете алмайды деп шешім шығарып береді. Ал діни құқық бұл талапкердің құқық мойындайды және былайша айтылған: «Бөтеннің мүлкін заңсыз иеленген адам Жаһаннам отына жансын!»¹.

¹ Мухаммад Садик Мухаммад Йисуф Права человека в исламе.— СПб.: Изд-во «Диля», 2008. 196. (-2886).

Өкінішке қарай, Ислам діні, Ислам әлемі туралы қоғамдық пікір негізінен «ислам фундаментализмі» түсінігі төңірегінде қалыптасады. Сөйтіп ұстанушыларының саны жағынан әлемде екінші орындағы дін туралы, исламдық қоғамның асыл құндылықтары жайында теріс пікір қалыптасады.

Ислам — адамдар қабылдаған құжаттардан бұрын адам абыройын бекіткен алғашқы әрі бірден-бір сенім ілімі. Исламтанушылардың пікірінше, егер саяси мағынасындағы адам құқықтары туралы алғашқы еуропалық мектеп XVIII ғасырда пайда болса, ал Ислам адамзат баласына адам құқықтары туралы мінсіз ережені он төрт ғасыр бұрын жасап берген. Бұл ереженің басты мақсаты — адамзат баласына оның ар-ұят, ожданының, абыройының кепілдігін сыйға тарту, жәбірлеу, қиянат, әділетсіздік атаулыны біржола жою.

Исламда адам құқықтары ислам жүйесінің ажырағысыз бөлігі саналады, барлық мұсылман үкіметтері мен ұйымдары оның талаптарын дәлме-дәл бұлжытпауы тиіс. Аллаһ барлық адам баласын нәсіліне, терісінің түсіне және әлеуметтік жағдайына қарамастан құрметке бөледі. Ислам тұрғысынан, адам құқықтары жалпыға ортақ болуы тиіс, оны адамдар тек билікпен ғана емес, өзара қарым-қатынаста да пайдаланады.

Жалпыға мәлім, ислам заңнамасында барлық құқықтың қайнар көзі болып шариғат табылады, оның шегінен шығатын адам құқығы болмайды. Осыған орай, шариғат құқықтың негізі, бастауы, тірегі, сақталуының кепілі болып табылады. Ислам дініндегі адамның кезкелген құқығы шариғат ережелерінде, Құранда не пайғамбар сүннетінде бекітілгеннің нәтижесінде пайда болады. Ол еуропалық ойлаудағыдай қоғамдық не саяси дамумен байланыстырылмайды.

Шариғатта мұсылмандардың жерінде өмір сүретін мұсылман еместердің де құқықтары реттелген, мұсылман қоғамында келісіммен өмір сүріп жатқан не ислам қоғамынан тыс бейбіт өмір кешкен оларға өмір сүру құқығы, жан, тән, ар-ұят, мүлкіне қолсұғылмаушылық кепілдендірілген.

Шариғаттағы адам құқығы адам еркінен, уақыт пен кеңістіктен, әр қилы ілімнен тыс әрі тәуелсіз бір ақылдан өрбиді, яғни өз заңы мен тәртібі бар түрлі елдер қилы тәжірибе өлшемдерінен тыс қалыптасқан.

Ислам адамдардың, тұтас халықтың бір-бірінен байлығына, билігіне, нәсіліне қарай артық болғандығын мойындамайды. Күдай адамдарды теңдей жаратты, олар бір-бірінен тек имандылығы және көркем мінезімен ғана артық бола алады.

Кенес Одағы ыдыраған соң және дербес даму уақытында біздің еліміз ислам әлемінің түрлі елдерімен елшілік қатынас орнатып, сан салада келісімдер мен шарттарға қол қойды. 1995 жылы Қазақстан Ислам Ынтымақтастық Ұйымы атты үкіметаралық ірі мұсылман ұйымының белді мүшесіне айналды. 2011 жылы 28 маусымда Астанада өткен ИКҰ СІМК 38-сессиясында бұл ұйымның атауы Ислам Ынтымақтастық Ұйымы болып қайта аталды. Бұл ең ықпалды әрі ең ірі үкіметтік мұсылман ұйымы болып саналады. Қазіргі таңда бұл ұйым 1,5 млрд тұрғыны бар 57 елдің басын қосып отыр.

Соңғы жылдары «дәстүрлі емес ислам» туралы жиі айтылып жүр. Исламдағы «уахабизм» сектасы дәстүрлі емес ислам ағымына жатады. Уахабизм (арабшадан «әл-уахабият») — XVIII ғасырда қалыптасқан Исламға жат секталардың бірі. Ол Ибн Тәймиәнің (1263—1328) ізбасары Мұхаммед ибн Әбд әл-Уаххаб ат-Тамимидің (1703—1792) есіміне қатысты атала бастаған.

Мұхаммед ибн Әбд әл-Уаххабтың ойынша, нағыз Ислам Мұхаммед пайғамбар мен сахабаларының үшінші ұрпағына («Әл-Сәләф Әс-Салих») дейін ғана қолданыста болған, одан кейінгілер дінге жаңалық («бидға») енгізіп, бұрмалаған. Уахабшылар қасиетті қабірлерді тәу ету қате, ол өлгендерге табыну деп қарастырды. Олар сондай-ақ, тәуәссұл жасауға қарсы, пайғамбардың туған күнін атап өтуге болмайды деп санайды. Олар кәпірлерге («дінсіздер», «мұсылман еместер») және мұсылмандар ішіндегі екіжүзді мұнафиқтерге қарсы қарулы бас көтеруді (ғазаят) уағыздайды.

«Уахабшылардың» түпкі астам пиғылы — бүкіл посткеңестік мемлекеттердің кеңістік жерін Исламға мойынсұндыру, сол арқылы бұрынғы КСРО тұрғындарының санын Батысқа қолайлы 20-30 млн. «мұсылманға» дейін азайту.

15.2. Исламдағы адам құқықтары

Ислам адамға көптеген құқықтар береді. Қасиетті Құранда адам құрметтелгендігі туралы аят бар. Адам-Атадан тарайтын адамның құқықтары нәсіліне не тері түсіне қарай алаламайды, исламның заңнамалық жүйесі ретіндегі шарифаттан өрбиді және сенім ілімі және ізгілік қағидаларымен төркіндес. Адам құқықтары Құран мен Сүннәһ арқылы кепілдендірілген, оларда тек құқықтар бекітіліп қана қоймай, оның бұзылуы үшін жаза да көзделген. Шарифатта адамдар арасындағы теңдік сияқты адам құқығы да жазылған, өйткені қасиетті Құранда адамдар өзара имандылық деңгейі мен сауапты амал-әрекеттері арқылы ғана бәсекелесе алатындығы туралы айтылған.

Құран түсірілген уақыттан бері адам абыройы жалпылама ұран емес, ислам ілімі мен адамгершілігінің құрамдас бөлігі ретіндегі заңнамалық жүйе. Бұл жүйенің ең маңызды айрықша сипаты сонда, бұл жүйе қоғамды құрудың жалпы теориясына арқа сүйейді. Адамның абыройы адам құқықтары ішіндегі бастапқысы әрі маңыздысы, бұл исламда бірқатар уәждерден өрбиді, олардың ішіндегі ең маңыздысы адамның жаратылғандардың ішінде ең құрметке ие деп мойындалғандығында. Адам баласына туылған сәттен бастан көз жұмғанға дейін абырой тән. Адам туылған кезінде оның ата-анасына Аллаһ сыйлаған шапағаты, сондықтан ол қоғамда барлық игіліктерді пайдаланып өмір сүруге лайық. Ол көз жұмғаннан кейінде құрметтеледі: жуындырып, жаназасын шығарады, адамдар марқұмның күнәларының кешірілуі мен Алладан оған рақым тілейді.

Ислам құқықсыз адам тәніне қол тигізуге де тыйым салады, сондай-ақ, жансыз дене болса да сиқын бұзуға қарсы. Пайғамбар марқұмның сүйегін қоратуға қатаң тыйым салған, өйткені Аллаһ адамға сый еткен абыройы оған туғаннан өмір бойы, тіпті, о дүниелік болғанда да тән. Адам мұсылман болсын-болмасын, ислам мемлекеттерінде оның өмірі мен меншігіне қол сұғылмайды. Сондай-ақ, Исламда адамның ар-ожданы қорғалып, адамдардың тең құқықтығы жария етілген. Сөйтіп, Алланың адамды қошеметтеуі қайсыбір ұран емес, керісінше, бұл исламға о бастан тән, және ол Қасиетті Құранның ондаған аяттарымен бекітілген.

Мұсылмандық әлемде адам құқықтары мен бостандықтары шариғатпен ислам пайда болғалы қорғалып келеді. Шариғаттың маңызды қайнар-көзі Құран, ол мұсылмандардың қасиетті кітабы. Шариғаттың қалыптасуындағы маңызды рөл Мұхаммедтің қызметі және бірінші төрт тақуа ғалифтар атқарды, сол кезде пайғамбардың тәмсілдері, айтқан сөздер және қаракеттерін түсіндірме беру арқылы мұсылмандардың қасиетті кітабы — Құран және сүндет қалыптасты.

Құран — Мұхаммедтің оның өлімінен бірнеше жылдардан кейін қосып жасалған сөздерінің жинағы,— мұсылман құқығының алғашқы қайнар-көзі. Құран 6219 аятқа бөлінген 114 сүреден тұрады. Бұл өлеңдердің үлкен бөлігі мифологиялық сипатқа ие, және тек қана 500 өлеңдерде мұсылмандардың жүріс-тұрыстары, ережелерге жататын ұйғарымдар бар. Ол негізінен дәл және айқын заң нормалары емес, жалпылама сипаттағы ізгілік ережелерден құралған. Айталық, Құран мұсылманды әлсіз және кедейлерге жанашырлық көрсет, адал кәсіпкерлікпен шұғылдан, өсім алушылықтан және құмарлық ойындардан аулақ бол деп үйретеді.

Елеулі саналатын құқықтың екінші бастауы **Сунна** болып табылады — Мұхаммед туралы, оның болмысы және мінез-құлқы туралы аңыздар жинағы, Құранның түсіндірмесінің өзінше қорытындысы.

Мұсылман құқығының үшінші қайнар-көзі **Иджма** — Құран мен Суннаға негізделген ислам ғұламаларының ортақ шешімі. Иджманың пайда болуының екі себебі бар. Құран заң ережелерінің жинағы емес, ал Сунна казустық ережелерінен тұрды, сондықтан қарапайым мұсылманға және судьяға оларды өз бетінше қолдану қиынға соқты.

Мұсылман құқығы — «заңгерлер құқығының» жарқын үлгісі¹. Оны дінтанушы-ғалымдар қалыптастырды. Мемлекет емес, заң ғылымы заң шығарушы рөлін атқарады, ал маман пікірі нормативтік-міндетті маңызға ие болып танылады. Істі қарауда судья Құран мен Суннадан гөрі беделді құқықтанушы пікіріне жүгінеді.

¹ Теория государства и права: учебник /А.С.Пиголкин, А.Н. Головистикова, Ю.А. Дмитриев; А.С.Пиголкин, Ю.А. Дмитриев ред.— 2-е бас.— М.:Высшее образование, 2008.— 743б.

Исламда адам құқығы туралы айтылғанда, Аллаһ жаратқан ең жоғарғы жандының құқықтары деп ескеріледі. Осындай жан ретінде қарастырылып, жер бетіндегінің барлығы соған бағынып және қызмет етеді.

Мұхаммед Садық Мұхаммед Иусуфтың пікірінше, дәл Мұхаммед пайғамбар мен оның әділетті халифтарының уақытында ислам халқы адам құқығы саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Бұл 15 ғасыр бұрын болған. Өйткені Исламдағы адам бастауы — бір құдай. Исламда адамдардың бір тобы жиналып, адамдарға қандай құқықтар берілетіндігін кеңесуі және сол үшін қызылкенірдек болуы жоққа шығарылған. Және Исламда адамға құқықтары ұжым болып ұйысқан ортақ шешім негізінде беру, кеңес еркімен белгілі адамдар тобына ғана құқықтар ұсыну жоқ.

Әркім туылғаннан бастап тең құқықты. Бұл дінде адамдарға құқықтарды Жаратушы — Аллаһ нәсіп етеді. Жаратушы Аллаһ адамға қандай құқықтар қажет екендігін жақсы біледі және оған қажетті әрі пайдалы құқықтарды береді¹.

Адам құқықтарын айқындағанда оның өзіне деген көзқарас маңызды. Сөзсіз, адамды маймылдан адам еткен еңбек дейтіндер оған сол пайымына лайық құқықтар ұсынып көрсін.

Исламда адамды маймылдан жаратылды деудің өзі оның құқығын шектеудің шыңы ретінде қарастырылады. Кейбір діни пайымдау бойынша, адам деген жерде күнәсін өтеу үшін ғана жүрген бір мақұлық. Ал Ислам бойынша, Адам ата күнә жасап, сол сәтте-ақ опық жеп тәубеге келді және Аллаһ оны кешірді, осыдан бастап әркім күнәдан пәк күйінде туылады.

Ислам оған Аллаһ құрметті орын берген тұтас адам ұрпағының құқықтары туралы пайымдайды. Сондықтан, адам құқығын бұзған Аллаһ еркіне қарсы келген, оның жердегі өкілінің құқығын кемсіткен болады. Өкінішке қарай, көпшілік қауым Исламды идеологиялық әсіреқызыл жойқын күш деп түсінеді. Адамдардың көбі оны шынайы мұсылман тұрғысынан емес, ислам деп ұрандатқан кейбір радикалды саяси күштердің жалаулатуы бойынша қабылдайды. Ислам жолындағылар Шарифаттың мақсаты дінді, адам жанын, ақылын, өмірін, ұрпағын және оның мүлкін қорғау екендігін бірауыздан мақұлдайды.

¹ Мухаммад Садиқ Мухаммад Йисуф Права человека в исламе.— СПб.: Изд-во «Диля», 2008. 9 б. (-288 б.).

1981 жылдың 19 қыркүйегіндегі Адам құқықтарының Әмбебап Ислам Декларациясында Ислам адам баласына он төрт ғасыр бұрын адам құқықтарының мінсіз кодексін сыйлады деп көрсетілген. Бұл құқықтар адамның ар-ожданы мен абыройын жақтап, қанау, қысым көрсету мен әділетсіздікке қарсы бағытталған. Исламдағы адам құқықтары тек бір құдай адам құқығын беруші бастау деген пайымға негізделген.

1990 жылғы 5 тамызда қабылданған *Исламдағы адам құқықтарының Каир Декларациясында* Исламдағы негізгі құқықтар мен әмбебап бостандықтар ислам дінінің ажырағысыз бөлігі саналады, ешкімнің де оны толықтай не ішінара жоюға, бұзу не шектеуге құқығы жоқ деп бекітілген.

Барлық адамдар бір отбасын құрайды, оның мүшелері құдайға табынуымен бірігеді және Адам-атаның ұрпағы болып саналады. Барлық адам нәсілі, тілі, діні, саяси көзқарасы, әлеуметтік жағдайы және басқа негіздерге қарамастан адами абыройы, негізгі міндеттемелері мен міндеттерінде ешқандай алалаусыз тең.

Өмір — құдайдың берген сыйы, өмір сүру құқығы да әркімге кепілдендірілген. Дене қолсұғылмаушылығы кепіл етілген құқық. Мемлекет оны қорғауы тиіс, шариғаттан тыс құқықты бұзуға тыйым салынады.

Әркім өмір бойы және көз жұмғаннан кейін де жеке басы абыройына, ар-ожданына қол сұғылмауына және олардың қорғалуына құқылы. Мемлекет пен қоғам адамның сүйегін және жерленген орнын қорғайды.

Әйелдің ер азаматпен абыройы тұрғысынан келсек, олар тең құқылы. Күйеуі отбасының молшылығы мен амандығы үшін жауапты, біліммен қамту — мемлекет пен қоғамның парызы.

Исламдағы шариғатта адам абыройын балағатаудың барлық түріне тыйым салынған. Басқаны келемеждеу, мазақ ету күнәлі саналады. Адамның есіміне лақап қосу, жеке басына теріс қасиеттер таңу және әлдекім жөнінде өсек-аяң тарату және тағы басқалар үлкен күнәлардың қатарына жатқызылады.

15.3. Исламдағы жекелеген адам құқықтарының сипаттамасы

Ислам ілімі бойынша, Алла адамды ардақты етіп жаратқан. Қасиетті Құранның «Исра» сүресінде: «Расында Адам бала-

сын ардақтадық. Сондай-ақ оларды құрылықта да, теңізде де көліктендірдік. Әрі оларды жақсы нәрселермен қоректендірдік. Әм оларды жаратқандарымыздың көбінен не құрлым артық жараттық»¹. Назар аударайықшы, бұл жерде тек мұсылмандар ғана емес, тұтас адам баласы туралы айтылған.

Бұдан бөлек адамның артықшылықтарына Құранның басқа да аяттары бағышталған. «Ғафир (Мумин)» сүресінде: «Ол Алла сендерге жерді тұрақ, көкті күмбез қылды. Сондай-ақ сендерді бейне-легенде көркем бейнеледі. Және де таза нәрселерден қорек берді. Міне осы Алла, Раббыларың. Төтенше ұлы Алла, бүкіл әлемнің Раббы»² делінген.

Исламдағы құқықтардың негізгісі *өмір сүру құқығы* болып табылады. Әр адам өмір сүруге құқылы, бұл құқықты басқа құқықтармен Алланың Өзі тарту етті. Сонымен қатар Алла адамға сүрген өмірі үшін жауапкершілік жүктеді. Бұл дегеніміз ең алдымен сауапты, ізгі амалдарды көптеп істеу қажет дегенге саяды. Бұл игілік — өмір сүру құқығы алдында барлық адам тең. Мұнда дәулетіне, қызметіне, нәсіліне және басқа қандай да бір артықшылығына қарай адамды алалау жоқ. Ешкімге басқа адамның өміріне қол сұғып қастандық жасауға құқық берілмеген. Жаратушының Өзі ғана өмірден айыра алады. Адам өз өміріне өзі қол сұға алмайды, бұл Исламда үлкен күнә саналады.

Исламда өзін-өзі өлтіру ғана емес, өз басына өлім тілеуге де тыйым салынған. Адам өмірі ең жоғарғы құндылық саналғандықтан, жасанды түсік дінімізде кісі өлтірумен пара-пар қылмыс деп есептеледі. Ислам үшін кезкелген адамның өмірі қымбат саналғандықтан, қазіргі дінтанушылар адамның көзі тірісінде белгілі бір мүшесінен айыруға және бөтен адамға ауыстыруға қарсы шығып отыр. Мұндай ота жасауға тыйым салған пәтуа да шығарып қойған. Адамға өмір сүру құқығын беретін де және одан айыратын да Алланың Өзі болғандықтан, барлығы табиғи жолмен жүзеге асуы қажет. Немесе Алла әмірімен өлім жазасы туралы үкімді орындау жолымен де орын алуы мүмкін. Ал Ол тек көпшіліктің амандығы үшін ғана болатын өлім жазасын құптаған.

Бостандыққа құқықты кейбіреулер өзінше түсініп, оны құлдыққа қамалуға қарсы қояды. Ал енді біреулер бостандықты

¹ 17 қоран Сура, 70 аят.

² 40 Қоран Сура, 64 аят.

өзімбілемдік деп түсінеді. Ислам елдерінің сөздіктерінде «бостандық» дегеніміз «бүлінбегендік» деп түсіндірілген. Азат адам дегеніміз туғаннан бергі табиғи пәк қалпын сақтап қалған адам.

Исламда адамның таза қалпын бұзатын жағдайлардан арылған жанды азат адам деп түсінеді. Дінтанушы ғалымдар бостандықты адамның жанына жағымды, көңіліне қонымды, өзгелерге зиян шектірмейтін іспен айналысуы деп түсіндіреді. Яғни, ойына келгенін істеу бостандыққа мүлдем жатпайды. Адам өзі секілді адамдармен қатар өмір сүреді және сондықтан олардың да бостандығын есінен шығармауы және оны құрметтеуі тиіс.

Ислам дінінде бостандық та адам өмірі сияқты қасиетті саналады, және оның өмірінің соңына дейін бірге сақталмақ. Басқаның бостандығына қол сұғуға ешкімге де құқық берілмеген.

Діни наным-сенім құқығы — адамның маңызды құқықтарының бірі. Өйткені көкейінде құдайға деген сенімі жоқ, діни наным-сенімі жоқ адам өзінің өмірдегі жауапкершілігін де, нағыз бостандықтың шынайы мәнін де сезіне алмайды. Ал бұл өз жүрек қалауымен іске асуы тиіс. Дінді қабылдауда және дінді таңдауда зорлық жоқ.

Ислам дін бостандығын мүлтіксіз сақтап келеді. Айталық, тіпті Ислам билігінің орнағанына 1400 жыл өтсе де, Мысыр, Сирия, Йордания, Иран сияқты елдерде халықтың белгілі бір бөлігі өздерінің ата дінін ұстанып келеді. Үндістан мен Ливия ұзақ уақыт ислам билігінде болса да, бұл елдерде мұсылмандар саны жағынан азшылықты құрайды.

Ислам дінінде одан адамның өзіне пайдасы тисе, **ойлау және сөз бостандығын** пайдалануды талап етеді. Ал егер адамға пайдасынан гөрі зияны көп болса, онда оған тыйым салынады. Адамның санасында ақылдың көмегімен қалыптасқан ой басқаларға сөз арқылы тарайды. Ойлау және ойын білдіру кезіндегі бостандық еркін ойлау және сөз бостандығы деп аталады.

Ислам қоғамында мазмұны қоғамдық құрылыс рухына қайшы келетін кітаптарды өртеу, ал авторларын итжеккенге айдау болған жоқ. Цензура және «әдеби кеңес» те болмады. Әркім өзінің құлығы тұрғысынан өзінің пікірін білдірді: көпшіліктің қолдауына ие болғаны әрі қарай дамып, ал қоштаушылары болмаса сол күйінде ұмыт қалған.

Ислам іліміне сай, Алла адамды ардақты етіп жаратты. Ол адамдарға тең көлемде басқа тірі жан иелерінен мәртебесін үстем ететін **ар-ождан мен абырой** берді.

Шын мұсылман басқаның діни сезімін төмендетпей, оған шын көңілімен Ислам қағидаларын түсіндіріп береді. Адамды нәсіліне және әлеуметтік тегіне қарай ар-намысын балағаттауды Ислам жоққа шығарады. Басқаны келемеждеу, мазақ ету күнәлі саналады. Адамның есіміне лақап қосу, жеке басына теріс қасиеттер таңу және әлдекім жөнінде өсек-аяң тарату және тағы басқалар үлкен күнәлардың қатарына жатқызылған.

Ислам адамның ар-ождан, абыройын көзі тірісінде ғана емес, көз жұмғаннан кейін де қорғайды. Марқұмды төмендету тірі адамнан да зор жазаланады.

Білім алу құқығына келсек, Ислам діні ғылым мен білімге негізделген ілім жүйесі екендігін айту парыз. Білім арқасында жазу-сызудан жұрдай надан ел ғылымның көкжиегін бағындырды.

Исламның Қасиетті Кітабы — Құран «оқы» деген сөзбен басталған. Неге? Өйткені Ислам діні ғылымға, білімге негізделген. Білім алу әрбір мұсылманның міндетті парызы саналады.

Алғашқы арнайы білім ошақтары дәл осы Ислам әлемінде пайда болған. Алғашқы университет те осы ислам әлемінде тарихта тұңғыш есігін ашқан. Айтылғанның барлығы Исламдағы адамның білім алу құқығының толық сақталып, жоғары дамығандығын дәлелдейді.

Ғылыми пікір-сайыс жүргізу құқығы ғалымдардың айтуынша, діни ғылым төңірегінде болса, Құран мен хадистерде мақсатына дәлме-дәл түсініктер қолданылады, ал басқа ғылым түрлері төңірегінде орын алса, «ғылымның» жалпы ұғымы берілген.

Ислам ғылым мен кәсіптің барлық саласы үшін қоғамға қажетті сан мен сападағы мамандарды дайындау мен оқытуды «парыз» (міндет) ретінде айқындаған. Мұсылман ғалымдары ғылыммен айналысуға үндейтін пәтуа шығарумен ғана шектеліп қалмай, өздері де ғылыммен белсенді айналысқан. Мұсылман басшылары ғылыммен айналысуды өздеріне абырой санаған.

Ислам дінінде кәсіп пен еңбек абырой саналады. Ислам әдебиетерінде «жұмыс істеу», «мамандық алу» түсініктері «амал» («әрекет», «іс», «қызмет») сөзімен белгіленген. Құранның «Тәубә»

сүресінің 105 аятында: «(Мұхаммед F.C.) оларға: «Істейтіндерінді істеңдер. Істерінді Алла, Пайғамбар және мүміндер көреді. Сондай-ақ көмес, көрнеуді білуші Аллаға қайтарыласындар да сендерге не істегендерің білдіріледі де»¹ делінген.

«Амал» сөзі ауқымды: намаз оқу, ораза тұту, Құранды дауыстап оқу сияқты рухани-ізгілік істер, мамандық алу, материалдық ақаттылыққа байланысты, сондай-ақ, көпшілік мүддесі үшін дене еңбегін де қамтиды.

Пайғамбарымыз әр халықты, ру-тайпаны, ұлтты құрметтеу қажет деп санаған. Бір адамның басқа адамнан үстем болуға ұмтылуы ізгілікке қайшы әрекет саналады. Аллаһ Құранда басқа адамнан үстем болуға ұмтылмағандар үшін жұмақты уәде етті. «Қасас» сүресінде: «Міне ақырет жұрты: Оны, жер жүзінде өзін-өзі көтеріп, бүліншілік ізденбегендерге нәсіп етеміз. Негізінде соңғы табыс тақуалар үшін»² деп жазылған.

Құран бойынша, бір руды екінші рудың балағаттауына тыйым салынған. «Хужурат» сүресінде: «Әй мүміндер! Бір ел, бір елді тәлкек қылмасын. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ әйелдер, әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Бір-бірінді міндемендер; жаман ат тағыспандар. Иман келтіргеннен кейін сүркей ат нендей жаман. Ал кім тәубе қылмаса, міне солар залымдар»³ деген үндеу бар.

Ізгі дін ретінде Ислам адамға ауру және бейнет келтіруге, балағаттауға, орынсыз мадақтауға тыйым салып, күнә санайды. Шынайы мұсылман болу үшін ешкімге сөзімен және қолымен зиян келтірмесін деген талап қойылады. «Мұсылманмен ұрсысу — тәрбиесіздік, ал төбелесу — арсыздық». Сондықтан, ислам бойынша, басқа адамға зәбір көрсету күнәлі әрекет саналған. 15 ғасыр бұрын жария етілген бұл қағиданы адам баласы 1948 жылы ғана бекітті. Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында: «Ешкім де қинауларға немесе мейірімсіз, адамгершіліксіз немесе оның қадірін кемсітетін жазаға душар болуға тиісті емес» деп бекітілді.

Адам білместікпен қылмыс жасап қойған күннің өзінде, оны қылмыс істегені сотпен дәлелденгеннен кейін ғана, ол заңда көрсетілген жазаға тартылуы тиіс.

¹ 9 Коран: сура, 105 аят

² 28 Коран: сура, 83 аят

³ 49 Коран: сура, 11 аят

Адам құқықтарының сақталуындағы маңызды мәселе олардың заң алдындағы теңдігі. «Мәида» сүресінде былай делінген: «Әй мүміндер! Алла үшін куәлікте туралық үстінде мықты тұрындар. Және бір елдің өшпенділігі сендерді әділсіздікке тартпасын. Әділдік істендер. Сол тақуалыққа жақынырақ. Және Алладан қорқындар. Күдіксіз Алла не істегендеріңнен толық хабар алушы»¹. Бұдан келіп шығатыны, мұсылман адам жек көретініне де, дұшпанына да әділ болуы тиіс. Ғәкім Абай да «Досыңа — достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол» деп жырлаған. Ниса сүресінде: «Әй мүміндер! Әділдікте мықты тұрып, егер өздеріңнің, әкешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да, Алла үшін айғақ болындар; бай немесе кедей болса да. Өйткені Алла, екеуіне де тым жақын. (Олардың халін біледі) Ендеше әділдік істеу нәпсіге ермендер. Егер тілдеріңді бұрып, шындықты бұрмаласаңдар, шәксіз Алла не істегендеріңді толық білуші»² деп бекітілген.

Осындай сипаттарға қаныққан заңдар үстем еткенде ғана адам құқықтары мысқалдай болса да бұзылмайды.

Адамның қолсұғылмаушылыққа құқығы туралы Ислам адамның беделін түсіру мен төмендетуді күнәлі істер қатарына жатқызады. «Хужурат» сүресінде: «Әй мүміндер! Бір ел, бір елді тәлкек қылмасын. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ әйелдер, әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Бір-біріңді міндемеңдер; жаман ат тағыспаңдар. Иман келтіргеннен кейін сүркей ат нендей жаман. Ал кім тәубе қылмаса, міне солар залымдар»³ делінген. Сөйтіп, Исламда әркімнің қолсұғылмаушылығы, ар-ожданы мен беделі толық қорғалған, кімді де болмасын балағаттауға, төмендетуге жол берілмейді.

Ислам діні тұрғын үйдің қолсұғылмаушылығын да кепілдендіреді. «Нұр» сүресінде: «Әй мүміндер! Өз үйлеріңнен басқа үйге рұқсат алмайынша әрі үй иесіне сәлем бермейінше кірмендер. Бұл сендер үшін қайырлы. Әрине түсінерсіңдер»⁴ деп айтылған.

Исламдағы әйел құқығы туралы. Қыз баланы өсіру, тәрбиелеу, қажетін қамтамасыз ету — әкенің міндеті. Тұрмыс құрған соң бұл

¹ 5 Коран: сура, 8 аят

² 4 Коран: сура, 135 аят

³ 49 Коран: сура, 11 аят

⁴ 24 Коран: сура, 27 аят

міндеттер күйеуіне ауысады. Әкесіз не күйеусіз әйелге оның бауыры не басқа да туыс көмек беруі тиіс.

Ислам тұрғысынан, бала тәрбиесі мен отбасының беріктігі олардың түзде жұмыс істеп, ақша табуынан да сауаптырақ. Кейде олар табиғатына жат: әскери қызмет не жол құрылысы сияқты ауыр еңбек түрлерін атқарып жататыны да рас.

Исламға дейін әйел мұрагерлік құқынан толық айырылған болатын, керісінше, оны күйеуі өлгеннен соң, туыстарының бірі әменгерлікке алған. Қаламаса — басқаға қайта ұзатқан. Ислам бұның бәрін жоққа шығарды, әйелдің мұрадан үлес алу құқығын да жария етті. «Ниса» сүресінде: «Әке-шеше және жақындардың қалдырған нәрселерінен еркектерге де үлес бар. Әке-шеше және жақындардың қалдырған нәрселерінен әйелдерге де үлес бар. Аз немесе көп болса да, одан өлшеулі несібе бар»¹ деп айтылған.

Исламдағы бала құқығы. Ислам бала құқығының әлеуметтік және құқықтық кепілдемесінің және оның дұрыс тәрбиеленуінің іргетасын қалады, өйткені — бала ұрпақты жалғастырушы және отбасының сәні.

Ислам бала туылмай тұрып оның құқықтарын қорғайды. Одан бөлек, туылмаған баланың медициналық күтімге ғана емес, мұрагерлік мүліктен үлес алуға да құқылы.

Қазіргі ғылыми зерттеулер ананың ішіндегі шарананың да лүпілдеп жүрегі соғып жататындығын дәлелдеді, яғни, жасанды түсік тірі жан иесін өлтіру деген сөз; заңсыз түсік жасату кісі өлтіру болып есептеледі, ал кісі өлтіру — Жаратушының ғана алдындағы емес, бүкіл қоғам алдындағы қылмыс. Шарана дәрменсіз, өзін қиянаттан қорғай алмайды. Дәл осы себеппен, ислам діні олардың жынысына, нәсіліне не тегіне қарамастан, баланың өмір сүрі мен денсаулығына құқығын әуелден қорғауына алған. Әкесі баланы асырауға, ал анасы оның тәрбиесіне жауапты.

Егер неке бұзылса, ұл бала жеті жасқа дейін, ал қыз бала тоғыз жасқа дейін, не тұрмыс құрғанша, анасымен қалады. Алайда, мұндай жағдайда әкесі баларды кәмелетке толғанша қамқорлық көрсетіп, асырауға міндетті. Егер әкесі өлсе, оның міндеті еркек кіндікті жақын туысқандарының біріне көшеді. Егер шешесі

¹ 4 Коран: сура, 7 аят

жаңа некеге тұрса, ал күйеуі, балалардың жақын туысы болмаса, балалар әке туысқандарына беріледі.

Ислам баланың негізгі мүдделерін қорғайды, ал отбасы оған аялы алақан мен қамқорлық және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін табиғи орта. Ата-ана баланың дене және рухани қажеттіліктеріне салғырт болмауы тиіс. Ата-анасы балаларының жақсы тәрбиесі үшін жауапты, ол үшін үлгі бола білулері қажет. Хадиске сай, ілім үйрену әрбір мұсылманның парызы. Жасөспірім шақ — балалықтан ересек өмірге ауысатын шетін кез. Шарифат бойынша, ұл мен қыз жыныстық жетілгеннен кейін ересек саналады. Бұл олардың намаз, ораза секілді діни парызды өтейтін жасқа толғандығын білдіреді. Бұл кезде олар құқықтық жағынан қабілетті және өз әрекеттері үшін толықтай жауапты. Белгілі жасқа толғанда адамның кәмелетке толуы әлемдік үрдіс (әдетте 18 жас). Ол жасқа дейін адам бала деп саналып, заң бойынша жасаған әрекеті үшін жауапқа тартылмайды.

Балалардың тағы бір ажырағысыз құқығы оларды телебағдарламалардағы, ойындардағы, жарнамадағы және мерзімді баспа-сөздегі порнографиялық, зорлық-зомбылық және басқа да адамгершілікке жат ағыннан қорғау болып табылады.

Исламда ұл мен қыз жыныстық жетілгеннен кейін ересек саналады. Бұл кезде олар құқықтық жағынан қабілетті және өз әрекеттері үшін толықтай жауапты. Ол мүлік иеленуге, некеге тұруға толық құқылы. Бала үшін отбасы, азаматтық қоғам және мемлекет жауапты.

Бақылау сұрақтары

1. Ислам қашан және қайда пайда болды?
2. Мұсылман құқығының қайнар-көздері қандай?
3. Шарифат деген не?
4. Исламдағы адам құқықтары туралы Каир Декларациясы қашан қабылданған?
5. Исламдағы жекелеген адам құқықтарын сипаттап беріндер?

ҚОРЫТЫНДЫ

Адам құқығы, оның әлеуметтік тамыры мен міндет-мақсаты — адамзаттың тарихи және мәдениеттері дамуында мыңжылдар бойы мәңгі-бақи бітпейтін үлкен мәселе. Адамзаттың барлық материалдық емес құндылықтарының ішінде ең бағалысы — ол адам құқығы мен бостандығы. Адамзат дамуының әр сатысында жаңа ұрпақ өз құқықтарын қорғай отырып, өз өмірлерін аямай, сол адам құқығы мен бостандығының кеңеюіне және оны барынша кең субъектілердің шеңберіне таратуға, сонымен қатар мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың өз бетінше әрекеттерін шектеуге қол жеткізді. Қоғамымыздың әрбір даму сатысында адам құқығының әрбір жаңалық сапасы басқа да кең құқық субъектілерін қамтып отырды. Адам құқығын құрметтеудің қағидасы бүгінгі таңда халықаралық правоның негізгі қағидасының бірі болып табылады.

2000 жылы қыркүйек айында болған мыңжылдық Саммитте көптеген мемлекет басшылары ХХІ ғасырдағы халықаралық қатынаста адам құқығы мен бостандығы қазіргі қоғамымыздың мәдени дамуында ең басты, зор құндылықтарының маңыздылығын атап өтті.

Біріккен Ұлттар Ұйымы 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасын өз мүшелігіне бірауыздан қабылдаған еді. Сол уақыттан бері Қазақстан адам құқығы мен бостандығын қорғауын қамтамасыз ету бағытында көп шаралар өткізіп, халықаралық мемлекеттер қоғамдастығының құрылымының жұмыстарына жиі араласуда.

Адам құқықтары жоғары мәдени құндылықтардың бірі болып табылғандықтан себептен Қазақстан Республикасы адам тұлғасын қоғамдық дамудың барлық процестерінің орталығына қойып, оның бостандықтары мен тең құқықтылығын қамтамасыз етуге тиісті шараларды белгіледі. Бүгінгі таңда адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету елдің ішкі және сыртқы саясатының басымды бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан егеменді және тәуелсіз мемлекет есебінде азаматтық қауымдастық пен құқықтық мемлекетті құруды басшылыққа алды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт және осы пактінің Факультативтік Хаттамасын, Экономикалық, әлеуметтік және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіні және де басқа адам құқығы мен бостандығы жөнінде қабылданған көптеген халықаралық құжаттарды ратификациялап, оны мойындады.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында елде құқықтық мемлекет принциптерін одан әрі бекіту процесінде, бір жағынан, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың ең жоғары ықтимал кепілдігіне қол жеткізу, ал екінші жағынан барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, азаматтар мен ұйымдардың конституциялық міндеттерді бұлжытпай және толық орындауы маңыздылығы атап өтілген.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін біздің Конституция талап ететіндей, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қатыссыз құқықтары мен бостандықтарының теңдігіне кепілдік беретін жағдай жасау болып табылады. Сол себептен Конституцияның принциптері мен нормаларын, ең алдымен, мемлекеттік билік органдары мен оның лауазымды адамдарының қызметінде толыққанды іске асыру, бұл ретте Конституцияны тікелей қолданумен қатар ағымдағы заңнама және құқық қолдану арқылы оның әлеуетін қамтамасыз ету маңызды міндет болып табылатыны аталған.

Әр азамат осы басылымда көрсетілген адам құқықтары мен бостандықтарды біліп қана қоймай, оны қорғай білуі де қажет. Мемлекеттің кепілдігімен Конституцияда және республиканың салалық заңдарында бекітілген және Құқықтық саясат тұжырымдамасында белгіленген жоғарыда көрсетілген құндылықтардың қамтамасыз етілуіне мүдделі болуы керек.

ҰСЫНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕР

1 тарауға

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.— Алматы: Норма-К, 2010.
2. Права человека. Учебник. // Е.А. Лукашеваның ред.— М., 1999.
3. Утченко С.Л. Политические учения Древнего Рима.— М., 1977.
4. Локк. Д. Избранные философские произведения. Т. 2.— М., 1960.
5. Монтескье Ш. Избранные произведения.— М., 1955.
6. Кант И. К вечному миру. Трактаты о вечном мире.— М., 1963.
7. Венгеров А.Б. Теория государства и права.— М., 1998.

2 тарауға

1. Общая теория прав человека / Е.А. Лукашеваның ред.— М.: Норма-Инфа, 1996.
2. Мальцев Г.В. Права личности; юридическая норма и социальная действительность. Конституция СССР и правовое положение личности.— М., 1979.
3. Алексеев С. С. Проблемы теории права. Т. 2. Свердловск, 1972.
4. Тугаринов В. П. Личность и общество.— М., 1965.
5. Кучинский В. А. Личность, свобода, право.— М., 1978.
6. Копаев В.С. Права и свободы человека и гражданина в социальном правовом государстве. // Проблемы совершенствования прокурорск. надзора.— М., 1977.
7. Еременко Ю. П. Советская конституция и законность. Саратов, 1982.

3 тарауға

1. Международные акты о правах человека.— М., 1998.
2. Общая теория прав человека // Е.А. Лукашеваның ред.— М., 1996.
3. Международные акты о правах человека. Сборник документов.— М.: Норма, 1998 г.
4. Лист Ф. Международное право в систематическом изложении.— Юрьев, 1917.

5. Права человека. Теория и практика./Л.Ч. Сыдыкова, Б.Н.Малабаевтың ред.— Бишкек, КРСУ, 1998.

6. Права человека накануне XXI века.— М., 1994.

7. Гроций Гуго. О праве войны и мира, три книги.— М., 1956.

4 тарауға

1. Теория государства и права.— М., 1970

2. Шибаева Е. А. Правовой статус межправительственных организаций.— М., 1972.

3. Курс международного права. В 7 т. Т. 1.— М., 1989.

4. Черниченко С. В. Личность и международное право.— М., 1974.

5. Мовчан А. П. Международная защита прав человека.— М., 1958.

6. Черниченко С. В. Международное право: современные теоретические проблемы.— М., 1993.

7. Захарова Н.В. Индивид — субъект международного права// Советское государство и право. 1989. № 11.

5 тарауға

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.— Алматы: Норма-К, 2010.

2. Амандықова С.К. Становление доктрины конституционализма в Казахстане.— Караганда, 2002.

3. Бейбитов М.С. Институт Конституционного контроля в РК.— Алматы, 2005

4. Коваленко А.И. Правовое государство: концепция и реальность.— М., 1993.

5. Конституционное право Республики Казахстан. Учебник / М.С.Нарикбаевтың ред.— Алматы, 2010. С.33. (652 с.).

6. Баймаханова Д.М. Проблемы прав человека в системе конституционализма в Республике Казахстан.— Алматы, 2010.

7. «ҚР конституция заңдарының жағдайы туралы» Конституция Кеңесінің жолдамасы. 2001 ж.

6 тарауға

1. Права человека. Окулық, М.А. Сарсембаевтың ред.— Алматы, 1999.

2. Қазақстан Республикасының 2009—2012 ж. адам құқықтары жөніндегі ұлттық жоспар.— Астана, 2009 ж.

3. «Еркектер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңдар 2010 ж.

4. Әйелдердің саяси құқықтары туралы Конвенция. 1952 ж.

5. Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік нысандарын жою туралы Конвенция» 1979 ж.

6. Қазақстанның гендерлік саясат Концепциясы. 2003 ж.

7. 2006—2016 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік Стратегиясы.

7 тарауға

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.— Алматы: Норма-К, 2010.

2. Права человека. Итоги века, тенденции, перспективы. Е.А.Лукашеваның ред.— Норма, М., 2002

3. Исакаова Г. Права человека в Республике Казахстан.— Алматы: «Білім», 1999.

4. Қазақстан Республикасының 2009—2012 ж. адам құқықтары жөніндегі ұлттық жоспары.— Астана, 2009 ж.

5. Абайдильдинов Е.М. Соотношение международного и национального права Республики Казахстан (проблемы становления приоритетности).— Алматы, 2002.

6 Доклад неправительственных правозащитных организации Казахстана о выполнении МППиГП, 2001.

7. Баланың құқықтары туралы Конвенция. 1989 ж.

8 тарауға

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.— Алматы: Норма-К, 2010.

2. Права человека и процессы глобализации современного мира. Е.А.Лукашеваның ред.— М.: НОРМА, 2007.

3. Қазақстан Республикасының 2009—2012 ж. адам құқықтары жөніндегі ұлттық жоспары.— Астана, 2009 ж.

4. Отчет о деятельности Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан за 2010 год. Астана. 2011 г. Интернет-ресурс.

5. Мухтарова А.К. Права женщин и детей.— Алматы, 2004.
6. Сман А. Правовой статус гражданина.— Астана, 2009.
7. Алауханов Е. О. Криминология. Оқулық.— Алматы, 2008.

9 тарауға

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.— Алматы: Норма-К, 2010.
2. 2007—2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының қылмыстық — атқару саясатын жетілдіру Концепциясы, 2006 ж.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық — атқару Кодексі, 1997 ж.
4. Правоохранительные органы / А.В. Ендольцевой, О.А. Галустьяна, А.П. Кизлыка ред.— М.:Юнити, 2009.
5. Рябинин А.А. Исправительно-трудовое право РФ.— М., Юристъ, 1995.
6. Минимальные стандартные правила обращения с заключенными.
7. Приказ Генерального Прокурора РК от 28 ноября 2002 г. №62 «О прокурорском надзоре за законностью исполнения наказаний и реабилитации граждан.

10 тарауға

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.— Алматы: Норма-К, 2010.
2. Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан.— Алматы, 1996.
3. Сапарғалиев Г.С.Конституционное право Республики Казахстан.— Алматы, 1998.
4. Баймаханов М.Т., Аюпова З.К., Ибраева А.С. Становление правового государства и конституционный процесс в РК. Монография.— Алматы: КазГЮА, 2001.
5. Малиновский В.А. Глава суверенного Казахстана.— Алматы, 1998.
6. Бусурманов Ж.Д. Евразийская концепция прав человека.— Алматы, 2006.
7. Лукьяненко М.В., Караев А.А. // Конституционное право РК.— Алматы, 2007.

11 тарауға

1. Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясы. 1948 ж.
2. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт. 1966 ж.
3. Права человека. Учебник. // Е.А. Лукашеваның ред.— М., 1999.
4. Башимов М.С. Институт омбудсмена.— Астана, 2003.
5. Бойцова В.В. Служба защиты прав человека и гражданина.— М., 1996.
6. Сунгуров А. Институт омбудсмена: эволюция традиций и современная практика (Опыт сравнительного анализа).— СПб.: 2005.
7. Баймаханова Д.М. Проблемы прав человека в системе конституционализма в Республике Казахстан.— Алматы, 2010.

12 тарауға

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.— Алматы: Норма-К, 2010.
2. Мами К.А. Суд и судебная власть в Республике Казахстан.— Астана. 2001.
3. Нарикбаев М.С. Основные этапы становления судебной системы суверенного Казахстана.— Астана, 2001.
4. Мами К. А. Становление и развитие судебной власти в РК.— Астана, 2001.
5. Баишев Ж.Н. Судебная защита Конституции.— Алматы, 1994.
6. Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» заң. 2000.
7. Касимов А.А. Судебная власть: уголовно-процессуальное исследование.— Караганда, 2001.

13 тарауға

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.— Алматы: Норма-К, 2010.
2. Прокурорский надзор в Республике Казахстан.— Алматы, 2010.
3. «Прокуратура туралы» заң. 1995.

4. Бессарабов В.Г. Прокуратура России в системе государственного контроля.— М., 1999.

5. Вицин С. Прокуратура в правовом государстве. М., 1997.

6. Бахтыбаев И.Ж. Конституционный надзор прокуратуры РК.— Алматы, 1997.

7. Бахтыбаев И.Ж. Концептуальные основы деятельности прокуратуры Республики Казахстан по обеспечению законности.— Алматы, 2008.

14 тарауға

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.— Алматы: Норма-К, 2010.

2. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт. 1966 ж.

3. Сборник стандартов и норм ООН в области предупреждения преступности и уголовного правосудия.— ООН, Нью-Йорк, 1992.

4. Кучерена А.Г. Адвокатура.— М., 2005.

5. Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» заңы. 1997 ж.

6. Алауханов Е.О. ҚР адвокатура және адвокаттық қызмет. 2010.

7. Тыныбеков С.Т. Организация и деятельность адвокатуры.— Алматы, 1997.

15 тарауға

1. Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясы. 1948 ж.

2. Каирская декларация о правах человека.

3. Ислам. Краткий справочник.— М., 1983.

4. Мухаммад Садик Мухаммад Йисуф. Права человека в исламе.— СПб. 2008.

5. Теория государства и права: учебник / А.С.Пиголкин, Ю.А.Дмитриевтың ред.— М., 2008.

6. Универсальная исламская декларация прав человека.

7. Права человека в исламе.

ГЛОССАРИЙ

Азаматтық бостандықтар (Гражданские свободы, Civil liberties)

Еркін қоғамның өмір сүруі үшін қажетті деп қарастырылатын жеке дара бостандықтар. Олар ар-ождан бостандығын, сөз бостандығын, дін ұстау еркіндігін, бейбіт жиналыстар өткізу еркіндігін, сонымен қатар әділ сот құқығын қамтиды. Азаматтық бостандықтар жәй заңның бір бөлігі болып табылады не болмаса құқықтар туралы билльмен кепілденеді.

Адам құқықтарын өрескел бұзу (Грубые нарушения прав человека, Gross human rights violations)

Адам құқықтары бұзылуының ең қауіптілері адам өміріне қол сұқпау, яғни өмір сүру құқығымен байланысты. Оларға: саяси астарлы кісі өлтіру (сотсыз), жоғалып кету және азаптау жатады. Сонымен қатар, бұл ұғымға соттың үкімінсіз ұзақ уақыт қамауда ұстауға әкеп соқтыратын заңсыз тұтқынға алу да кіреді.

Кемсітушілік (Дискриминация, Discrimination)

Адамдардың, ұйымдардың немесе мемлекеттің басқаларға қарағанда құқықтарының және заңды мүдделерінің әдейілеп қысымға ұшырауы. Қоғам өмірінің барлық салаларында жыныс белгісі (немесе гендерлік белгі) бойынша құқықтарды шектеу немесе құқықтардан айыру, олар: еңбек, әлеуметтік-эконокалық, саяси, рухани, отбасы-тұрмыстық салаларда алалау. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының 2-бабында: «әр адам, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық, немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық, немесе басқа да жағдайларға қарамастан осы Декларацияда жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарға алаланбай, бірдей тең ие болуы тиіс» делінген.

Үй-жайды тінту (Домашний обыск, House-search)

Тұрғын үйге тінту жасау мақсатымен басып кіру. Әрине, мұндай басып кіру жеке өмірге қол сұғылмауы құқығына қайшы келеді. Сондықтан бұндай әрекетке заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

Иммунитет (Immunity)

Халықаралық термин, мағынасы артықшылық немесе қандай да бір нәрседен босату. Белгілі бір жағдайларда мемлекетке,

халықаралық ұйымдарға және мемлекетке не ерекше жағдайда азаматтарға берілетін кейбір жалпы заңдарға бағынбау құқығы.

Өтемақы (Компенсация, Compensation)

Келтірілген зиянның орнын толтыру үшін төленетін шығын. Өтемақы — бұл заңсыз әрекеттің салдарын бейтараптандыру және жағдайды қалпына келтіру үшін қажет. Өтемақы ақшалай түрде беріледі.

Мәдени құқықтар (Культурные права, Cultural rights)

Бұл құқықтар адам құқықтары туралы бірнеше құжатта бекітіліп, анықталған:

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 27 бабының 1 тармағында: «Әр адам қоғамның мәдени өміріне еркін қатысуға, өнерден рахат-ләззат алуға, ғылыми прогреске ат салысуға, әрі оның игілігін пайдалануға құқылы» десе, ал Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пактінің 15 бабының 1 тармағында: «Осы Пактке қатысушы мемлекеттер әрбір адамның:

а) мәдени өмірге қатысуы;

ә) ғылыми прогресс пен тәжірибенің нәтижелерін іс жүзінде қолдануы;

б) ғылыми жұмыстар мен әдеби және көркем еңбектердің авторы ретінде сол еңбектердің нәтижесі болып саналатын рухани және материалды мүдделерін қорғау құқықтарын мойындайды» делінген. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактінің 27-бабы: «этникалық, діни және тіл азшылығы бар елдерде, осындай азшылық құрамындағы адамдар өз тобының басқа мүшелерімен бірге өз мәдениетін пайдалану, өз дінін тұту, дінінің салт-жораларын ұстану және ана тілінде сөйлеу құқығынан айырылмауы тиіс» деп бекітеді.

Легитимділік (заңдылық) (Легитимность, Legitimacy)

Легитимділік тұжырымдамасы билік пен құқық арасындағы өзара қатынасты қамтиды. Ол мемлекеттің өкілеттігін, яғни мемлекеттің өз азаматтарына қатысты билік жүргізуге құқық беретінін көрсетеді.

Азаматтығы жоқ адамдар (Лица без гражданства, Stateless persons)

Ешбір мемлекеттің азаматтығына ие емес және қандай да бір шетел мемлекетіне тәндігін куәландыратын құжаты жоқ адам.

Азаматтығы жоқ жағдай адамның өз азаматтығын жоғалтқан және жаңа азаматтық алмаған кездерінде болады.

Адам құқықтары туралы халықаралық билль (Международный билль о правах человека, International bill of human rights)

Біріккен Ұлттар Ұйымының қамқорлығымен қабылданған адам құқықтары саласындағы негізгі төрт халықаралық құжатқа қатысты қолданылатын ортақ термин:

Адам құқықтары туралы халықаралық Билль: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактті, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт пен соңғысына қарасты Факультативті хаттаманы қамтиды. Бесінші құжат — Нәсілдік кемсітудің барлық нысандарын жою туралы Халықаралық конвенция да кейде Адам құқықтары туралы халықаралық Билльдің бір бөлігі деп саналады.

Жаза (Наказание, Punishment)

Құқық бұзушыға жасаған қылмысы немесе теріс қылығы үшін қолданылатын шара.

Адамның ажырамас құқықтары (Неотъемлемые права, Inalienable rights)

Бұл — адамдар құқықтарға белгілі бір мемлекеттің азаматы болған соң ғана емес адам болып туылғаннан бастап ие болады деген түсінік. Құқықтар бұлжымас, себебі олар әрбір адамға тумысынан тән болады.

Айнымас құқықтар (Неумалые права, Non-derogatory rights)

Адам құқықтарының кейбіреулері соншалық маңызды, тіпті төтенше жағдайлардың өзінде де олардың жүзеге асырылуы үкіметтің заңды актілерімен де тоқталуы мүмкін емес. Оларға:

— өмір сүру құқығы;

— азаптауға және басқа да қатыгездікке, адамға қарсы немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын қиянаттарға немесе жазаларға тыйым салу;

— құлдыққа, құл қылуға, құл саудасына тыйым салу;

— ой, ар-ождан бостандығы, дін ұстау еркіндігі құқықтары.

Қоғамдық қауіпсіздік (Общественная безопасность, Public safety)

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының ел ішіндегі қылмыстық және саяси топтар тарапынан болатын шабуылдардан және әскери (жартылай әскери) қауіптерден қорғалған жағдайы.

Өмір сүру құқығы (Право на жизнь, Right to life)

Бұл адамның дүниеге келуінен бастап, өзіне тиесілі бөлінбейтін ажырамас негізгі құқығы. Өмір сүру құқығы өз ерік-жігерін еркін танытып, өз мүддесіне, талап тілегі мен нанымына, құнды қасиеттеріне сәйкес тіршілік ететін әрбір адамның табиғи мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Ешкім де өмірден еріксіз айырылуға тиісті емес. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт қатысушы-мемлекеттерге өлім жазасын жоюды міндеттемейді, бірақ ұлттық заңнамаға және халықаралық құқықтың нормаларына сәйкес тек аса ауыр қылмыс жасағандарға қатысты қолданылуын көздейді. Өлім жазасы 18 жасқа толмағандарға және жүкті әйелдерге қолданылмайды.

Білім алу құқығы (Право на образование, Right to education)

Білім алу құқығы мынадай қағидаларды қамтиды: орта білім міндетті және тегін болуы қажет. Техникалық, кәсіби және жоғары білім барлығына бірдей ешқандай кемсітушіліксіз қолжетімді болуы қажет. Біртіндеп тегін білім алу енгізіледі. Ата-аналардың өз балалары үшін білім берудің кез келген түрін (егер ол білім берудің жапыға міндетті стандарттарына сай болса) таңдау құқығы бар.

Жеке өмірге қол сұғылмау құқығы (Право на частную жизнь, Right to privacy)

Бұл азаматтардың заңның қорғауындағы жеке өмірі, жеке және отбасылық құпиясы. Әркімнің жеке салымдар мен жинақтардың, хат жазысудың, телефон арқылы сөйлесудің, пошта, телеграф және өзге де хабарлардың құпиясына құқығы бар. Бұл құқықтарды шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

Кінәсіздік презумпциясы (Презумпция невиновности, Presumption of innocence)

Бұл — құқықтық қағида, мағынасы: сот арқылы кінәсі белгіленіп дәлелденбейінше, адам қылмыскер деп саналмайды. Сондықтан да судья заңды қолданған кезде төмендегі қағидаларды басшылыққа алуы тиіс: адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша, ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі; айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес; адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады.

Азаптау (Пытка, Torture)

Біріккен Ұлттар Ұйымының азаптауға қарсы конвенциясының (1984) I бабы азаптауға мынадай анықтама береді: «кісіден немесе үшінші адамнан мәлімет алу немесе оны мойындату мақсатында қасақана, мейлі тәни немесе адамшылығына болсын, адамға аса қатыгездік жасау немесе жәбірлеу». Конвенцияның мақсаты — «лауазымды қызметкер немесе ресми қызмет атқаратын басқа бір адамның үнсіз келісімінен болған арандату салдарынан немесе келісуінен туындаған азаптауға жол бермеу және ол үшін жазалау. Басқа сөзбен айтқанда, ол мемлекеттік шенеуніктер тарапынан болған азаптауды ғана емес, сонымен қатар олардың жағдай туғызуынан немесе тыйым салмауынан қиянат жасайтын жеке адамдарды немесе топтарды да қамтиды.

Дін ұстану еркіндігі (Свобода религии, Freedom of religion)

Бұл құқық өз таңдауы бойынша жеке немесе басқалармен бірлесе дінді немесе бір наным-сенімді қабылдау не құлшылық ету еркіндігін білдіреді. Дін ұстану еркіндігі кейде дінге тыйым салумен, белгілі бір дінге құлшылық етуді қатаң талап етумен, бұл құқықты жүзеге асыруда шектеулердің бекітілуімен бұзылып отырады.

Өлім жазасы (Смертная казнь, Capital punishment)

Заңға сәйкес құзырлы сотпен өлім жазасына кесілген үкім шығарылғаннан кейін мемлекеттің адамды өмір сүру құқығынан айыруы. Қазіргі таңдағы тәсілдері: дарға асу арқылы өлім жазасы, тоқ орнатылған орындық арқылы өлім жазасы, газбен толтырылған камерада ұстау, ату жазасы, өлтіретін дәрі салу. Өлім жазасы жойылмаған мемлекеттерде өлім жазасы қылмыс жасалған уақыттағы сол елдің заңдарына сай ерекше ауыр қылмыстар үшін қолданылады және ол Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (1966) ережелеріне қайшы келмеуі қажет.

Әлеуметтік құқықтар (Социальные права, Social rights)

Әлеуметтік құқықтар Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пактінің реттеу пәні болып табылады. Ол жеткілікті тұрмыс деңгейінде өмір сүру, демалу, ереуілдерге қатысу, білім, алу тазалық пен қауіпсіздік талаптарына сай еңбек ету құқықтарын қамтиды.

Өмір сүру деңгейі (Уровень жизни, Standard of living)

Бұл өмір сүрудің материалдық жағдайлары. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы әр адамның өзінің және

отбасы мүшелерінің денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ететіндей, тамақты, киімді, баспананы, медициналық күтімді қамтитын, өмір сүру деңгейіне құқылы және де жұмыссыз қалған, науқас, мүгедек, жесір болып қалған күнде, қартайған шағында, немесе өзіне байланысты емес басқа да себептермен тіршілік ету мүмкіншілігінен айырылып қалған жағдайда қамсыздандырылуына құқылы деп бекітеді.

Цензура (Censorship)

Баспасөзді және бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекет тарапынан бақылау жасаудың жүйесі. Алғаш рет ежелгі Римде енгізілген. Ал қазіргі таңда әртүрлі қоғамдық құрылыста зайырлы, азаматтық немесе әскери билікпен не болмаса діни мекемелермен қолданылады. Цензураның азаматтық, әскери немесе шіркеулік деген түрлері ажыратылады.

Адамның қадір-қасиеті (Человеческое достоинство, Human dignity)

Адам құқықтарын қорғауда негізге алынатын (тең және ажырамас құқықтар тұжырымдамасымен қатар) тұжырымдамалардың бірі. Адамның қадір-қасиеті адамға тумысынан тән және ешкім де оған қол сұға алмайды. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының преамбуласында адамның қадір-қасиеті, тең және ажырамас құқықтары бостандық пен әділеттіліктің және жалпыға бірдей бейбітшіліктің негізі болып табылады деп айтылады.

Кедейшілік шегі (Черта бедности, Poverty line)

Республикада экономикалық мүмкіндіктерге қарай белгіленетін адамның ең аз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет табыс шегі. К.ш.— бұл кедейшілікті анықтаудың құралы. Ол табыс пен тұтынудың көрсеткіштері бойынша есептеледі.

Абсолютті кедейшілік шегі ретінде тамақ өнімдерінің ең аз мөлшерін сатып алу үшін қажет табыс деңгейі белгіленеді. *Салыстырмалы кедейшілік шегі* үй шаруашылықтарының әдетте орташа баламалы табысына, тіркелген пайыздық арақатынастағы мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, күнкөріс минимумына қатысты анықталған деңгейде белгіленеді¹.

¹ Сайт <http://delerminor.ru/distionaru/540/symbol/%cf>

БАҒДАРЛАМА

«Адам құқықтары және оларды қорғаудың тетіктері» оқу курсы

1-тақырып. Адам құқықтары: түсінігі мен мәні

Адам құқықтарының түсінігі мен генезисі. 1215 жылы қабылданған «Ұлы Еркіндіктер Хартиясы» адам құқықтары кепілдіктерін күшейту және билік еркіндігін шектеу саласындағы келесі қадам. 1679 жылы қабылданған Хабеас корпус акті. 1776 жылы 4 шілдеде Филадельфияда жарияланған АҚШ тәуелсіздігінің декларациясы. 1789 жылы 27 тамызда қабылданған Франция Адам және азаматтар құқығының Декларациясы. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі адам құқықтары мен бостандықтары. Адам құқықтары және құқықтық мемлекет. «Құқықтық мемлекет» теориясының дамуы. Адам құқықтары және әлеуметтік мемлекет. Әлеуметтік және экономикалық құқықтардың басты қағидасы.

2-тақырып. Тұлғаның құқықтық мәртебесі

Құқықтық мәртебе: ұғымы және құрылымы. Адамның табиғи құқықтары — тумысынан берілген табиғи құқықтар. Адамның бостандықтары. «Қорғау» және «сақтау» ұғымдары.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт, азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактің факультативтік хаттамалары. Адам құқықтары туралы Халықаралық Билль. Жеке (азаматтық) құқықтар мен бостандықтар. Саяси құқықтар мен бостандықтар. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар. Азаматтық. Азаматтықты алу және тоқтату. Адам құқықтарының «ұрпақтары».

3-тақырып. Адам құқықтарын қорғау тетіктері мен халықаралық институттары

Халықаралық қатынастар тарихындағы адам құқықтары. Адам құқықтары туралы халықаралық құжаттар. Адам құқықтарын қорғау жөнінде халықаралық институттар. Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық тетіктері. Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысы.

Бас Ассамблея — халықаралық ұйымның барлық мүшелерін — мемлекеттерді біріктіретін БҰҰ органы. БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі комиссиясы. Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитет. Баланың құқықтары жөніндегі комитет. Еуропа Кеңесі. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық комиссиясы және Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот (Страсбург соты).

4-тақырып. Халықаралық құқықтағы индивидтің құқықтық жағдайы

Индивидтің халықаралық құқықсубъектілігі. Халықаралық құқық тарихы. Индивидтің құқықсубъектілігі және оның халықаралық құқықты бұзу қылмыстары үшін жауаптылығы. 1980 жылы 4 қарашада қабылданған Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенция. Халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларын бұзғаны үшін жауаптылық. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық құқық. Халықаралық гуманитарлық құқық. Халықаралық Қылмыстық Сот. Құрылуы мен өкілеттіліктеріне алғышарттар

5-тақырып. Адам құқықтары және Қазақстан Республикасының Конституциясы

Адам құқықтарының сақталуы жөнінде мемлекеттік бақылау жүйесі. Қазақстанның бірінші Конституциясы. Қазақстанның 1937 жылы қабылданған екінші Конституциясы. Қазақ ССР нің 1978 жылы қабылданған үшінші Конституциясы. Тәуелсіздік Қазақстанның 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған бірінші Конституциясы. 1993 жылы 30 тамыздағы Конституция. Адам құқықтары мен бостандықтырын шектеу үшін жалпы негіздер. Шектеулердің басты мақсаты қоғамдағы негізгі құндылықтарды сақтау. Адам құқықтарын қамтамасыз ететін негізгі қағидалар.

6-тақырып. Қазақстан Республикасында әйелдердің құқықтарын қорғаудың ұлттық тетіктері

Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету құқығы. «Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік нысандарын жою туралы Конвенция». 2006—2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы-

ның гендерлік теңдік Стратегиясы. Қазақстан Республикасында гендерлік теңдікке жету бойынша шаралар. «Еркектер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» 2009 ж. 8 желтоқсандағы заңы. Әйелдерге зорлық-зомбылық көрсетудің қылмыстық-құқықтық мәселелері. Жанұяда және тұрмыста әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» 2009 ж. 4 желтоқсандағы заңы.

7-тақырып. Қазақстан Республикасында баланың құқықтарын қорғаудың ұлттық тетіктері

Бала құқықтарын халықаралық-құқықтық қорғау. Біріккен ұлттар ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ). 1959 жылғы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы Бала құқықтарының Декларациясы. Қазақстан Республикасында баланың құқықтарын қорғау. ҚР Білім және ғылым министрлігінің жанынан балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комитеттің жұмысы. Балалар өмірінің әлеуметтік және құқықтық кепілдерін қамтамасыз ету мәселелері 2011—2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Балалардың қылмыстылығы және профилактика мәселелері. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік саясат.

8-тақырып. Мүмкіндіктері шектелген тұлғалардың құқықтарын қорғаудың ұлттық тетіктері

Мүгедектердің құқықтарын халықаралық-құқықтық қорғау. Мүгедектердің құқықтары туралы декларациясы. 2006 жылы 13 желтоқсан қабылданған мүгедектер құқықтары туралы конвенция. Науқас тұлғаларды қорғау және психиатриялық көмекті жақсарту қағидасы. Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қорғау. «Қазақстан Республикасы халқын әлеуметтік қорғау концепциясы». «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы заң. Мүгедек балалардың және қариялардың құқықтарын қорғау. «Мүмкіндігі шектелген балаларды әлеуметтік және медикопедагогикалық коррекциялық қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы Заң.

9-тақырып. Қазақстан Республикасында сотталғандардың құқықтарын қамтамасыз ету

Пенитенциарлық жүйе саласындағы адамның құқықтары. Сотталғандармен қарым-қатынас жасаудың Ең Төменгі стандарттық ережелері. Адамның қамауда тиісті дәрежеде ұсталуына құқығы. Соттың үкімдері мен қаулыларын орындау кезіндегі азаматтың құқықтары. Бас бостандығынан айыру орындарында адам құқықтарын қамтамасыз ету. Қылмыстық-атқару кодексіне сотталғандардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғайтын нормалар. 2007—2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару саясатын жетілдіру тұжырымдамасында жазаларды атқару кезінде жаңа көзқарастарды пайдалану қажеттілігі.

10-тақырып. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар

ҚР Президенті — адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету кепілдігі. Президенттің Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына кепілдік ету функциясы. ҚР Президентінің арнайы кешірім беруді қарастыратын комиссиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның рөлі. Конституциялық Кеңес — адам және адамзат құқықтарын қорғайтын орган. Адам құқықтары мен бостандықтарын әкімшілік-құқықтық қамтамасыз ету. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

11-тақырып. Халықаралық және ұлттық үкіметтік емес құқық қорғаушы ұйымдар

Халықаралық үкіметтік емес құқық қорғаушы ұйымдар. Халықаралық Рақымшылық, Халықаралық Хельсинки Федерациясы, Журналистерді (журналистердің құқықтарын) қорғау комитеті, пікір білдіру (баспасөз бостандығы) бостандығы жөніндегі халықаралық ұйым. Қазақстандағы Адам құқықтары

жөніндегі уәкіл — омбудсман институты. 2002 жылдың 19 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің «Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл лауазымын белгілеу туралы» Жарлығы. Омбудсман институты қызметінің тиімділігін бағалайтын Париждік қағидалар. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдары және азаматтық қоғамның мүмкін-діктерін пайдалану.

12-тақырып. Адам құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау

Сот — адам құқықтарын қорғайтын орган. 2000 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңы. Мемлекеттік органдардың әрекеттері мен шешімдеріне жүргізілетін сот бақылауы. Сот әділдігінің қағидалары. Заңдылық қағидасы. Соттардың тәуелсіздігі қағидасы. Әркімді сот арқылы қорғау құқығымен қамтамасыз ету қағидасы. Білікті заң көмегін алу құқығы. Тараптардың бәсекелестігі және тең құқықтылығы қағидасы. Тұлғаның ар-намысы мен адамгершілігін қорғау қағидасы. Сот әділдігін жүзеге асыру барысында адамның құқықтары мен бостандықтарының процессуалдық кепілдіктері.

13-тақырып. Прокуратура — адам құқықтарын қорғайтын мемлекеттік орган

Адам құқықтарын қорғау тетігіндегі прокуратураның орны мен рөлі. Адам құқықтарын қорғау бойынша прокурорлық қадағалаудың басым бағыттары. 2011 жылғы 6 сәуірдегі Бас прокуратураның «Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығының маңызы. Тергеу мен анықтаудың заңдылығын қадағалаудағы прокуратураның рөлі. Соттың қылмыстық және азаматтық істерді қарау, сондай-ақ әкімшілік және атқарушылық өндіріс барысында азаматтардың құқықтарын қорғау.

14-тақырып. Адвокатура — адам құқығын кәсіби қорғайтын қызмет

Азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығы. Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің қағидалары. Адвокаттың құқықтық мәртебесі. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы заң көмегін көрсету міндеттері. Адвокаттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету кепілдіктері. Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» заңы. Адвокаттардың ақшасыз, тегін заң көмегін көрсету тәртібі. Адвокатураның қылмыстық істер бойынша қорғау, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және басқа да істер бойынша өкілдік етуі.

15-тақырып. Исламдағы адам құқықтары

Ислам негіздері. Исламдағы адам құқықтары. Исламдағы жекелеген адам құқықтарының сипаттамасы. Құран — мұсылман құқығының алғашқы қайнар-көзі. 1981 жылдың 19 қыркүйегіндегі Адам құқықтарының Әмбебап Ислам декларациясы. Исламдағы құқықтардың негізгісі өмір сүру құқығы. Ислам дінінде ойлау және сөз бостандығын пайдалану Исламдағы әйел құқығы туралы. Ислам іліміндегі адамдарға тең көлемде берілетін ар-ождан мен абырой мәртебесі. Исламда бала құқығының әлеуметтік және құқықтық кепілдемесінің және оның дұрыс тәрбиеленуі.

**«Адам құқықтары және оларды қорғаудың тетіктері»
атты оқу құралына пайдаланылған
НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж.
2. Адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясы 1948 ж.
3. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт. 1966 ж.
4. Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах 1966 ж..
5. Баланың құқықтары туралы конвенция. 1989 ж.
6. Әйелдер саяси құқықтары туралы конвенция. 1954 ж.
7. Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік нысандарын жою туралы конвенция. 1981 ж.
8. Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік нысандарын жою туралы конвенцияға Факультативті хаттама. 2000 ж.
9. Конвенция о правах инвалидов 2006 г.
10. Мүгедектердің құқықтары туралы декларация. 1975 ж.
11. Мүгедектер құқықтары туралы конвенция. 2006 ж.
12. «Қазақстан Республикасы халқын әлеуметтік қорғау концепциясы» 2001 ж.
13. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 ж. заң.
14. «Ең Төменгі стандарттық сотталғандармен қарым-қатынас жасаудың ережелері». 1955 ж.
15. Қазақстан Республикасы адам құқықтары туралы ұлттық жоспар әрекеттері. 2009—2012 ж.
16. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң. 1995 ж.
17. «Азаматтық туралы» Қазақстан Республикасының 1991 ж. заңы.
18. «Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл лауазымын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 ж. № 947 Жарлығы.
19. Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. 2000 ж.

20. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» заңы. 1995 ж.
21. Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» заң. 1997 ж.
22. «ҚР Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңы 1995 ж.
23. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі Комиссия. 1994 ж.
24. Қылмыстық істер жүргізу Кодексі. 1997 ж.
25. Қылмыстық-атқару кодексі. 1997 ж.
26. Назарбаев Н.А. В потоке истории.— Алматы: Атамұра.— 1999.
27. Права человека. Учебник для вузов. Ответственный редактор Е.А.Лукашева. Изд-во «НОРМА Норма, М., 2001.
28. Общая теория прав человека. Ответственный редактор Е.А.Лукашева. Норма, М., 1996.
29. Права человека и процессы глобализации современного мира. Ответственный редактор Е.А.Лукашева.— М.: НОРМА, 2007.
30. Права человека. Итоги века, тенденции, перспективы. Ответственный редактор Е.А.Лукашева. Норма, М., 2002 .
31. Права человека. Учебник. Под ред. профессора Сарсембаева М.А.— Алматы, Изд-во «Данекер», 1999.
32. Саидов А.Х. Общепризнанные права человека. Учебное пособие. Под редакцией И.И. Лукашука.— М., 2002.
33. Искакова Г. Права человека в Республике Казахстан. Учебное пособие.— Алматы: «Білім», 1999.
34. Журсимбаев С. Права человека в международно-правовых актах и Конституции Казахстана.— Астана, 1998.
35. Абайдильдинов Е.М. Права человека в РК: соотношение международного права и национального законодательства // Научные труды «Адилет», 2003. №1(13).— С.178.
36. Абайдильдинов Е.М. Соотношение международного и национального права Республики Казахстан (проблемы становления приоритетности).— Алматы, 2002.— 288 с.
37. Амандыкова С.К. Становление доктрины конституционализма в Казахстане.— Караганда, 2002.— 439 с.

38. Авоян А. Совет Европы.— Ереван, 1998.
39. Баймаханов М.Т., Аюпова З.К., Ибраева А.С. Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан. Монография.— Алматы: КазГЮА, 2001.
40. Баймаханов М.Т., Баймаханова Д.М. О деятельности государства по закреплению, обеспечению, защите и содействию в осуществлении прав человека в период построения правового гражданского общества // Научные труды «Адилет», 2004. №1(15).— С.14-22.
41. Баймаханова Д.М. Проблемы прав человека в системе конституционализма в Республике Казахстан.— Алматы, 2010. 368с.
42. Башимов М. Институт омбудсмена в странах СНГ и Балтии. //Государство и право, №2, 2004
43. Башимов М Институт омбудсмена (уполномоченного по правам человека).— Астана, 2003. 310с.
44. Бусурманов Ж.Д. Евразийская концепция прав человека. Новый взгляд на проблему.— Алматы, 2006.- 480с.
45. Бойцова В.В. Служба защиты прав человека и гражданина. М., 1996.
46. Донна Гомьен, Дэфид Харрис, Лео Зваак. Европейская конвенция о правах человека и Европейская социальная хартия. М., 1998.
47. Дженис Марк, Ричард Кэй, Энтони Брэдли. Европейское право в области прав человека. М., 1997.
48. Горшкова С.А. Стандарты Совета Европы по правам человека. М., 2001.
49. Защита прав человека и борьба с преступностью. (документы Совета Европы). М., 1998
50. Национальные омбудсмены (свод правовых положений). Варшава, 1999.
51. Мухтарова А.К. Права человека для всех. Алматы, 2004.
52. Сман А. Правовой статус гражданина. Астана. 2009.
53. Ледях И. Хартия основных прав Европейского Союза.// Государство и право, 2002, №1.
54. Калашников С.В. Система конституционных гарантий обеспечения прав и свобод граждан в условиях формирования в России гражданского общества. //Государство и право, 2002, №10.

55. Международно-правовое обеспечение безопасности человека (По материалам «круглого стола»). //Государство и право, 2001, №6.
56. Тер-Акопов А.А.. Юридическая безопасность человека в Российской Федерации. //Государство и право, 2001, №9.
57. Крусс В.И. Актуальные проблемы злоупотребления правами и свободами человека. // Государство и право, 2002, №7.
58. Права человека в России: декларации, нормы и жизнь. //Государство и право. 2000, №3,4.
59. Поленина С.В. Права женщин в системе прав человека: международный и национальный аспект. М., 2000.
60. Крусс В.И. Личностные («соматические») права человека в конституционном и философско-правовом измерении: к постановке проблемы. //Государство и право, 2000, № 10.
61. Лапчинский М.В. Некоторые аспекты исследования понятия «Юридическое средство охраны гражданских прав»././ Государство и право, 2003, №5.
62. Бегаева А.А.. //Развитие специализированного института Уполномоченного по правам человека в Российской Федерации. Право и политика, 2004, №5.
63. Крусс В.И. К теории пользования конституционными правами. //Государство и право, №6, 2004.
64. Габоев А.Б. Защита прав и свобод человека — важнейший составной элемент при осуществлении государственной национальной политики //Гос. и право, №1, 2005
65. Сунгуров А. Институт омбудсмана: эволюция традиций и современная практика (Опыт сравнительного анализа). СПб.: 2005. С.11
66. Лукъяненко М.В., Караев А.А. // Конституционное право Республики Казахстан. Курс лекций.— Алматы, 2007. С.132-141.
67. Мухаммад Садик Мухаммад Йисуф. Права человека в исламе.— СПб.: Изд-во «Диля», 2008. 288с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

1-бап

1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ

10-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады.

2. Республиканың азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды.

3. Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды.

11-бап

1. Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды.

2. Республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді.

12-бап

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

3. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

5. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

13-бап

1. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

2. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.

3. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

14-бап

1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.

2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

15-бап

1. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.

2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

16-бап

1. Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.

2. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

3. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

17-бап

1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

18-бап

1. Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар.

2. Әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

19-бап

1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы.

2. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.

20-бап

1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.

2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

21-бап

1. Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар.

2. Әркімнің Республикадан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар. Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

22-бап

1. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар.

2. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.

23-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі.

2. Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс.

24-бап

1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

3. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

4. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

25-бап

1. Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі.

26-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады.

2. Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

3. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүліктен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін.

4. Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

27-бап

1. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу — ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

28-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, наукастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

2. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады.

29-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.

2. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы.

3. Мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдардан ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

30-бап

1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.

2. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

3. Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

4. Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек.

31-бап

1. Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.

2. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

32-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, ше-

рулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

33-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар.

2. Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.

3. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

4. Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және заңмен белгіленеді.

34-бап

1. Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

2. Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

35-бап

Занды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады.

36-бап

1. Қазақстан Республикасын қорғау — оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті.

2. Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады.

37-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті.

38-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.

39-бап

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

2. Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

3. Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді. Конституцияның 10; 11; 13-15-баптарында; 16-бабының 1-тармағында; 17-бабында; 19-бабында; 22-бабында; 26-бабының 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс.

СОТТАР ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІ

75-бап

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

2. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады.

3. Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады.

4. Республиканың сот жүйесі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

76-бап

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

2. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

3. Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

77-бап

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады.

2. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

3. Заңды қолданған кезде судья төмендегі принциптерді басышылыққа алуға тиіс:

1) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

2) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

3) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

4) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

5) жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

6) айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

7) ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;

8) адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;

9) заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

10) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

4. Конституциямен белгіленген сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.

78-бап

Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.

79-бап

1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідіртілуі мүмкін.

2. Судьяны тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Республика Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Конституцияның 55-бабының 3)-тармақшасында белгіленген жағдайда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

3. Республиканың жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары судья бола алады. Республика соттарының судьяларына заң бойынша қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.

4. Судьяның қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

80-бап

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және ол сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

81-бап

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық, жергілікті және басқа да соттарда қаралатын өзге де істер жөніндегі жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады.

82-бап

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды.

2. Жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды.

3. Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін. Сот алқалары төрағаларына өкілеттіктер беру тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

4. Жоғары Сот Кеңесі Республика Президенті тағайындайтын Төрағадан және басқа да адамдардан құралады.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі және жұмысын ұйымдастыру заңмен белгіленеді.

83-бап

1. Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздістіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады.

2. Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне ғана есеп береді.

3. Республиканың Бас Прокурорын өз өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Бас Прокурор өкілеттігінің мерзімі бес жыл.

4. Республика прокуратурасының құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі заңмен белгіленеді.

84-бап Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-III Заңымен алынып тасталды.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

1 бап

Барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді. Адамдарға ақыл-парасат, ар-ождан берілген, сондықтан олар бір-бірімен туыстық, бауыр-малдық қарым-қатынас жасаулары тиіс.

2 бап

Әр адам, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық, немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық, немесе басқа да жағдаяттарға қарамастан осы Декларацияда жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарға алаланбай, бірдей тең ие болуы тиіс.

Сонымен қатар, ешкім де өзі тұратын елінің, не болмаса территорияның саяси, құқықтық, немесе халықаралық мәртебесінің негізі бойынша, және де ол территория тәуелсіз, әлде біреудің қарамағында, әлде өзін-өзі басқарушы емес, немесе оның егемендігі әртүрлі нысанда шектеулі болған күннің өзінде де, алаланбауы тиіс.

3 бап

Әр адам өмір сүруге, бостандықта болуға және оның жеке ба-сына қол сұғылмауына құқылы.

4 бап

Ешкім де құлдықта немесе кіріптарлықта ұсталуы тиіс емес. Құлдық пен құл саудасына, қандай түрде болса да, тыйым салынады.

5 бап

Ешкім де азапталуға немесе қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірленуге, немесе жазалануға тиіс емес.

6 бап

Әр адам қай жерде жүрсе де, құқықтық субъектісі ретінде танылуына құқылы.

7 бап

Заң алдында жұрттың бәрі тең және де заң арқылы алаланбай, бірдей тең қорғалуға құқылы. Барлық адам осы Декларацияның ережелерін бұзатын кемсітуден және кемсітуге арандатушылықтың барлық түрінен тең қорғалуға құқылы.

8 бап

Әр адам, конституциямен, немесе заңмен берілген негізгі құқықтары бұзылған жағдайда, құқығын құзыретті ұлттық сот арқылы тиімді түрде қалпына келтіруге құқылы.

9 бап

Ешкім де негізсіз тұтқындалуға, қамауда ұсталуға немесе қуғынға ұшыратылуға тиіс емес.

10 бап

Әр адам, өзінің құқықтары мен міндеттерін анықтап, өзіне тағылған қылмыстық айыптаудың негізділігін белгілеу үшін, ісі толық теңдік негізінде, әділеттік талаптарға сай, тәуелсіз және әділ сот арқылы ашық қаралуына құқығы бар.

11 бап

1. Қылмыс жасады деп айыпталған әр адам, қорғану құқығы қамтамасыздандырылып, заңды және ашық сот талқылауы оның кінәсін толық анықтағанға дейін, кінәсіз деп есептелуге құқығы бар.

2. Ешкім де жасаған әрекеті немесе әрекетсіздігі негізінде, егер ол әрекеті ұлттық заңдар мен халықаралық құқық бойынша қылмыс болып саналмаса, жауапқа тартылмайды. Сонымен қатар қылмыс үшін берілген жаза, қылмыс жасалған кезде заңмен көзделген жазадан ауыр болмауға тиіс.

12 бап

Әр адам жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше араласуынан, озбырлық жасап баспанасына, хат жазысып-алысу құпиясына қол сұғуынан, ар-намысы мен абырой беделіне нұқсан келтіруінен қорғалуға құқығы бар.

13 бап

1. Әр адамның әр мемлекеттің ішінде жүріп-тұруына және өз қалауынша тұратын мекен-жайды таңдауына құқығы бар.

2. Әр адам кез келген елден, соның ішінде өзінің туған елінен басқа елге қоныс аударуға және өз еліне қайтып оралуға құқылы.

14 бап

1. Әр адамның қуғынға ұшыраған жағдайда, басқа елдерден ба-спана іздеп және сол баспананы пайдалануға құқығы бар.

2. Бұл құқық шынтуатында саяси емес қылмыстың негізінде, немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаларына қайшы келетін әрекеттері үшін қуғындалғандарға жүрмейді.

15 бап

1. Әр адамның азаматтыққа құқығы бар.

2. Ешкімді де азаматтығынан немесе азаматтығын өзгерту құқығынан еріксіз айыруға болмайды.

16 бап

1. Кәмелеттік жасқа толған ерлер мен әйелдер өздерінің нәсіліне, ұлтына, дініне қарамастан некеге тұрып, отбасын құруға құқылы. Олар некеге тұрған, некеде болған және ажырасқан кезде бірдей құқықтарды пайдаланады.

2. Неке, тек екі жақтың өзара еркін және толық келісімі бойынша ғана қиылады.

3. Отбасы қоғамның табиғи және негізгі ұясы болып табылады, және қоғам мен мемлекет тарапынан қорғалуға құқылы.

17 бап.

1. Әр адамның дүние мүлікті жеке өзі, немесе басқалармен бірлесіп иемденуге құқығы бар.

2. Ешкім де өз мүлкінен еріксіз айрылмауға тиіс.

18 бап

Әр адам ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар; бұл құқық өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі, немесе басқа адамдармен бірігіп тұтып, жария түрде, немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды.

19 бап

Әр адам наным-сенім бостандығына және өз көзқарасын еркін білдіруіне құқығы бар; бұл құқық өз наным-сенімін кедергісіз ұстану еркіндігін және мемлекеттік шекаралар тәртібіне тәуелді болып қалмай, ақпараттар мен идеяларды еркін іздеп, кез-келген құралдар арқылы тарату бостандығын да қамтыйды.

20 бап

1. Әр адамның бейбіт жиналыстар және ассоциацияларды құру бостандығына құқығы бар.

2. Ешкімді де белгілі бір ассоциацияға зорлықпен кіргізуге болмайды.

21 бап

1. Әр адамның, өз елін басқару ісіне тікелей өзі, немесе ерікті түрде сайланған өкілдері арқылы қатысуға құқығы бар.

2. Әр адам өз елінде мемлекеттік қызметке тең дәрежеде қол жеткізуге құқылы.

3. Халықтың еркі үкімет билігінің негізі болуы тиіс; бұл ерік мерзімді және бұрмаланбаған сайлау арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сайлау жалпыға бірдей тең сайлау құқығы негізінде, жасырын дауыс беру жолымен, немесе осы сияқты сайлау бостандығын қамтамасыз ететін басқа да, осы мәндес әдістер арқылы өткізілуі тиіс.

22 бап

Әр адам, қоғам мүшесі ретінде, әлеуметтік жағынан қамсыздандырылуына және оның қадір-қасиеті қолдау табуына, жеке басы еркін кемелденуіне қажетті экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалар бойынша құқықтары әрбір мемлекеттің құрылымы мен ресурстарына сай, ұлттық ықпал және халықаралық ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылуына құқығы бар.

23 бап

1. Әр адамның еңбек етуге, жұмыс түрін еркін таңдауға, әділ және қолайлы еңбек жағдайына, жұмыссыздықтан қорғалуына құқығы бар.

2. Әр адамның құндылығы тең еңбегі үшін, нендей бір кемсітудің, тең еңбекақы алуына құқығы бар.

3. Жұмыс істеп жүрген әр адам өзінің және отбасының ылайықты өмір сүруін қамтамасыз ететіндей әділ және қанағаттанарлық және қажет болған кезде, басқа әлеуметтік қамсыздандыру құралдары арқылы толықтырылып отыратын, сый-сияпатқа құқылы.

4. Әр адам кәсіподақтарын құруға және өз мүдделерін қорғау үшін, кәсіподақтарына кіруге құқылы.

24 бап

Әр адам тынығуға және мәдени демалуға, оның ішінде ақылға қонымды шектеулі жұмыс күніне және мерзімді ақылы демалысқа, құқылы.

25 бап

1. Әр адам өзінің және отбасы мүшелерінің денсаулығын, әл-ауқатын қамтамасыз ететіндей тамақты, киімді, баспананы, медициналық күтімді қамтитын өмір сүру деңгейіне құқылы және де жұмыссыз қалған күнде, науқас болған кезде, мүгедек болып қалған, жесір болып қалған күнде, қартайған шақта, немесе өзіне байланысты емес басқа да себептермен тіршілік ету мүмкіншілігінен айырылып қалған жағдайда қамсыздандырылуына құқылы.

2. Ана және нәресте болу жағдайы айрықша қамқорлық пен көмек алуға құқық береді. Балалардың бәрі, некелі немесе некесіз туған, бірдей әлеуметтік қорғауды пайдаланады.

26 бап

1. Әр адамның білім алуға құқығы бар. Білім беру, ең болмағанда бастауыш және жалпы білім, тегін болуы тиіс. Бастауыш білім баршаға міндетті болуы тиіс. Техникалық және кәсіптік білім көпшіліктің қолы жетерліктей болуы тиіс және жоғары білім де, әркімнің қабілетіне қарай көпшіліктің қолы жетерліктей болуы тиіс.

2. Білім беру адамның жеке басының толық кемелденуіне және құқықтары мен негізгі бостандықтарына деген құрметті арттыруға бағытталуы тиіс. Білім беру барлық ұлттар, нәсілдік және діни топтары арасында түсіністік, шыдамдылық пен достық қарым-қатынас орнатуға ықпал жасап және Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қуаттау жолындағы жұмысына ықпал жасап, дем беруі тиіс.

3. Ата-аналардың өздерінің жас балаларына білім беру түрін таңдауда құқығы басымды

27 бап

1. Әр адам қоғамның мәдени өміріне еркін қатысуға, өнерден рахат-ләззат алуға, ғылыми прогреске атсалысуға әрі оның игілігін пайдалануға құқылы.

2. Әр адам өзі автор болып табылатын ғылыми еңбегінің, әдеби немесе көркем шығармаларының нәтижесінде туындайтын рухани және материалды мүдделерін қорғауға құқылы.

28 бап

Әр адам осы декларацияда баянды етілген құқықтар мен бостандықтарды толық жүзеге асыра алатын әлеуметтік және халықаралық тәртіпке құқылы.

29 бап

1. Әр адамның, адам баласының еркін және толық кемелденуіне мүмкіншілік беретін қоғам алдында міндеттері бар.

2. Өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда әр адам тек басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде тану және құрметтеу мақсаты көзделген жағдайда ғана және демократиялық қоғамдағы моральдің, қоғамдық тәртіп пен игіліктің әділетті талаптарын қанағаттандыру мақсаты көзделген жағдайда ғана, заңмен белгіленген шектеуге ұшырауы тиіс.

3. Осы бостандықтар мен құқықтардың жүзеге асырылуы Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаларына қайшы келмеуі тиіс.

30 бап

Осы Декларациядағы ешбір қағида қайсыбір мемлекетке, адамдар тобына немесе жеке адамдарға аталмыш Декларацияда баянды етілген құқықтар мен бостандықтарды жоятын қызметпен айналысу немесе іс-әрекет жасау құқығын береді деп пайымдалуы тиіс емес.

АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАКТ

(Нью-Йорк, 1966 ж. 19 желтоқсан)

2005 ж. 28 қарашадағы 91-III ҚР Заңымен ратификацияланды

1-бап

1. Барлық халықтар өзінің мемлекеттік құрылысын өздері шешуге құқылы. Осы құқық бойынша олар өз елінің саяси мәртебесін еркін белгілеп, оның экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын еркін түрде қамтамасыз етеді.

2. Барлық халықтар алдарына қойған мақсат-мұраттарына жету жолында халықаралық экономикалық ынтымақтастықтан туындайтын, өзара тиімділік қағидаттары мен халықаралық құқыққа негізделген қандай да болсын міндеттемелерге нұқсан келтірместен, өз елінің табиғи байлықтары мен ресурстарын еркін игере алады. Бірде-бір халықты меншігіндегі тіршілік етуге қажетті заттардан еш уақытта айыруға болмайды.

3. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттердің бәрі, соның ішінде өзін-өзі басқарушы емес және қамқорлығындағы аумақтарды басқаруда жауапты мемлекеттер де, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының ережелеріне сәйкес, мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығын жүзеге асыруын көтермелеуге және ондай құқықты құрметтеуге тиіс.

2-бап

1. Осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет, осы Пактіде танылған құқықтарды өзінің аумағының шегінде және юрисдикциясына қарасты аумақта тұратын барлық жұртты нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси, немесе басқа да наным-сеніміне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік жәй-күйіне, туу немесе өзге де жағдаяттарына қарамастан, еш алаламай аталған құқықтарды құрметтеуге және қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Мұндай міндеттер қолданыстағы заң жүзінде, немесе басқа шаралар түрінде ескерілмеген жағдайда, осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет, өзінің конституциялық процедуралары мен осы

Пактінің ережелеріне сәйкес, осы Пактіде танылған құқықтарды жүзеге асыру үшін қажет болатын заң шығару немесе басқа да шараларды қабылдау үшін қажетті шаралар қабылдауға міндеттенеді.

3. Осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет:

а) осы Пактіде танылған құқықтары мен бостандықтары бұзылған кезкелген адамға, олардың құқықтары мен бостандықтарын ресми тұлғалар бұзған күннің өзінде де, тиімді құқықтық қорғау амалын қамтамасыз етуге;

б) құқығын қорғауды талап еткен кез келген адамның құқықтық қорғау құқығы мемлекеттік құқықтық жүйесімен көзделген құзыретті сот, әкімшілік, заң шығару биліктері немесе басқа құзыретті орган арқылы белгіленуін және сот арқылы қорғалу мүмкіндігінің дамуын қамтамасыз етуге;

с) құқықтық қорғау құралдары берілген күнде, оларды құзыретті өкімет орындарының пайдаланып қолдануларын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3-бап

Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер осы Пактіде көзделген барлық азаматтық және саяси құқықтарды пайдалану құқығы ерлер мен әйелдерге тең болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4-бап

1. Мемлекеттегі төтенше жағдай ұлт өміріне қауіп төндірген күнде, және ол ресми түрде жарияланған болса, осы Пактіге қатысушы мемлекеттер осы Пакті бойынша өз міндеттерінен жалтару шараларын қиын жағдайдың шиеленісі талап ететін дәрежеде ғана және бұл шаралар халықаралық құқық бойынша басқа да міндеттемелеріне қайшы келмейтін жағдайда және нәсілге, түртүске, жынысқа, тілге, дінге немесе әлеуметтік текке негізделген кемсітуге әкеліп соқпайтын жағдайда ғана қолдана алады.

2. Бұл ереже 6, 7, 8 (1, 2-тармақтар), 11, 15, 16 және 18-баптардан қандай да бір жалтаруға негіз бола алмайды.

3. Жалтару құқығын пайдаланып отырған осы Пактіге қатысушы кез келген мемлекет, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы арқылы, осы Пактіге қатысушы басқа мемлекеттерді қандай ережелерден жалтарғанын және мұндай шешім қабылдауға мәжбүр еткен себептерді айтып, дереу хабардар етуге тиіс. Сонымен қатар,

сол дәнекер арқылы, жалтару құқығының пайдалану мерзімі қай уақытта аяқталатыны да хабарлануы тиіс.

5-бап

1. Осы Пактідегі ешбір қағида, қайсыбір мемлекетке, қайсыбір топқа, немесе қайсыбір адамға аталған Пактіде танылған кезкелген құқықтар мен бостандықтарды жоюға, немесе оларды осы Пактіде көзделген дәрежеден тыс шектеуге бағытталған қандай да бір жұмыспен айналысуға немесе қандай да бір іс-әрекет жасауға құқық береді деп пайымдалуы тиіс емес.

2. Осы Пактіде танылған немесе осы Пактіге қатысушы қайсыбір мемлекетте заң, конвенция, ереже, немесе әдет-ғұрып жүзіндегі қандай да бір негізгі адам құқықтарын осы Пактіде танылмайды немесе, танылған күнде де, кем ауқымда танылады деген сылтаумен ешқандай шектеуге немесе кемсітуге жол берілмейді.

6-бап

1. Өмір сүру құқығы әрбір адамның ажырамас құқығы болып табылады. Бұл құқық заңмен қорғалады. Ешкімнің де өмірі еріксіз қиылуға тиіс емес.

2. Өлім жазасы жойылмаған елдерде, өлім жазасы тек қана айрықша ауыр қылмыс жасағаны үшін, қылмыс жасалған уақытта қолданыста болған заңға сәйкес және осы Пактінің, сондай-ақ Геноцид қылмыстарының алдын алу және жазалау туралы конвенцияның қаулыларына қайшы келмеген жағдайда ғана, ең ауыр жаза ретінде беріледі. Бұл жаза тек қана құзыретті сот шығарған ақтық үкімді орындау үшін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Өлім жазасы геноцид қылмыстары үшін берілген болса, онда осы баптағы ешбір қағида осы Пактіге қатысушы мемлекеттерге Геноцид қылмыстарының алдын алу және жазалау туралы конвенцияның қаулылары бойынша қабылдаған кезкелген міндеттемелерінен қайсыбір жолдармен жалтару құқығын бермейтіндігін ескеру керек.

4. Өлім жазасына кесілген әрбір адамның кешірім беруді немесе шығарылған үкімді жеңілдетуді сұрап арыздануға хақысы бар. Барлық жағдайда да рақымшылдық, кешірім беру немесе өлім жазасы туралы шығарылған үкім ауыстырылып берілуі мүмкін.

5. Он сегіз жасқа толмаған адамдар жасаған қылмыстары үшін өлім жазасына кесілмейді және де өлім жазасына кесілген әйелдің аяғы ауыр болса, өлім жазасы жүзеге асырылмайды.

6. Осы баптағы ешбір қағида осы Пактіге қатысушы қайсыбір мемлекеттер үшін өлім жазасын жою мәселесін болдырмауға, немесе өлім жазасын жоюды кейінге қалдыруға негіз бола алмайды.

7-бап

Ешкім де азапталуға немесе оның қадір-қасиетін қорлайтын-дай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолымен жәбірленуге немесе жазалануға тиіс емес. Ішінара, ешбір тұлға өзінің ерікті түрдегі келісімінсіз медициналық немесе ғылыми зерттеу тәжірибесіне ұшыратылуы тиіс емес.

8-бап

1. Ешкім де құлдықта ұсталуы тиіс емес; құлдық пен құл саудасының барлық түріне тыйым салынады.

2. Ешкім де кіріптарлықта ұсталуы тиіс емес.

3. а) ешкім де ықтиярсыз немесе міндетті еңбекке мәжбүрленуі тиіс емес.

ә) азапты жұмыстарды қолданатын елдерде, жасалған қылмыс үшін тағайындалатын бас бостандығынан айыру жазасы азапты жұмыстармен ілесетін болса, осындай жазаны тағайындаған құзыретті соттың үкімін орындау үшін, азапты жұмыстарды қолдануға 3а) тармағы бөгет бола алмайды.

б) осы баптағы «ықтиярсыз немесе міндетті еңбек» деген термин қамтымайтын жұмыс пен қызметтің түрлері:

1) тармақшасында көрсетілмеген, әдетте соттың заңды ұйғарымы негізінде тұтқында жүрген немесе тұтқыннан шартты түрде босатылған адам атқаруға тиіс жұмыс пен қызметтің қай түрі болмасын;

2) әскери сипаттағы қызметтің қай түрі болмасын, ал саяси және діни этникалық себептермен әскери қызметтен бас тарту танылған елдерде, осындай себептермен әскери қызметтен бас тартқан адам үшін заңды түрде белгіленген қызметтің қай түрі болмасын;

3) жұрттың өмірі мен игілігіне қауіп төндіретін төтенше жағдай немесе апат кезінде міндетті түрде атқарылатын қызметтің қай түрі болмасын;

4) әдеттегі азаматтық міндеттерге жататын жұмыс пен қызметтің қай түрі болмасын.

9-бап

1. Әрбір адамның бостандыққа және жеке басының өміріне қол сұғылмауына құқығы бар. Ешкім де еріксіз қамауда немесе тұтқында ұсталуға тиіс емес. Әркім өз бостандығынан тек қана заң негізінде және сол заңда белгіленген процедураға сәйкес айырылуы мүмкін.

2. Қамауға алынған әрбір адамға қамалған кезінде оның қамауға алынған себептері мен өзіне тағылған кез келген айып жедел түрде хабарланады.

3. Қамауға алынған немесе қылмыстық айыптау бойынша ұсталған әрбір адам судьяның немесе заң бойынша сот билігін жүзеге асыру құқығы бар және ақылға қонымды уақыт ішінде істі сотта қарауға немесе босатуға құзыреті бар басқа лауазымды адамның алдына жедел жеткізілуі тиіс. Сотта ісі қаралуын күтіп отырған адамдарды тұтқында ұстау жалпыға бірдей тәртіп болып саналмауы тиіс, бірақ босату, сотқа келу, сотта ісінің қаралуының қай сатысында болмасын келу, керекті жағдайда үкім орындалу кезіне келу кепілдігі берілсе ғана жүзеге асырылады.

4. Қамау немесе тұтқында ұстау арқылы бас бостандығынан айырылған әрбір адамның, оның ұсталуының заңды-заңсыз екендігі туралы сот кідіртпей қаулы шығарып және ұсталуы заңсыз болған күнде оны босату туралы бұйрық беру үшін ісі сотта қаралуына құқығы бар.

5. Қамаудың, не болмаса тұтқында ұсталудың құрбаны болған әрбір адам талаптық күші бар өтемақы төлемдеріне құқылы.

10-бап

1. Бас бостандықтарынан айырылған барлық адамдар өздеріне деген адамгершілікті көзқарасқа және адам баласына тән қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқылы.

2. а) айыпкерлер, ерекше жағдай тумаған күнде, сотталушылардан жеке орналастырылады және оларға жеке, сотталмаған адамдардың мәртебесіне сай, режим беріледі.

б) кәмелетке толмаған айыпкерлер, кәмелетке толған айыпкерлерден бөлек ұсталады және өте қысқа мерзім ішінде, шешім шығарылуы үшін, сотқа жеткізіледі.

3. Тұтқындарға, пенитенциарлық жүйе бойынша, олардың түзелуін және оларға әлеуметтік қайта тәрбие беруді маңызды мақ-

сат тұтатын режим қарастырылады. Кәмелетке жасы толмаған құқық бұзушылар кәмелетке жасы толған құқық бұзушылардан бөлек ұсталады және оларға өздерінің жасы мен құқықтық мәртебесіне сай режим беріледі.

11-бап

Қайсыбір шарттық міндеттемені орындау дәрменсіздігінің жалғыз негізінде ғана ешкім де бас бостандығынан айырылмауы тиіс.

12-бап

1. Кез келген мемлекеттің аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам сол аумақтың шегінде еркін жүріп-тұру және тұрғылықты мекен-жайды өз қалауынша таңдау құқығына ие болуы тиіс.

2. Әрбір адам өзінің туған елін қоса алғанда, кез келген елден кетуге құқылы.

3. Жоғарыда айтылған құқықтар, заңда көзделген, мемлекеттік қауіпсіздікті немесе қоғам тәртібін, жұрттың денсаулығы мен имандылығын немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін және осы Пактіде танылған құқықтармен қабысатын басқа құқықтарды қорғау үшін қажет шектеулерден тыс ешқандай шектеулердің объектісі бола алмайды.

4. Ешкім де өзінің туған еліне қайтып оралу құқығынан еріксіз айырылуы тиіс емес.

13-бап

Осы Пактіге қатысушы мемлекеттердің қайсыбірінің аумағында заңды негізде жүрген шетел азаматын осы аумақтан, заңға сәйкес шығарылған шешімді орындау бағытында ғана қайтаруға болады, және де, егер мемлекет қауіпсіздігінің императивті қажеттілігі басқадай шараларды талап етпесе, ол өзінің қайтарылуына қарсы дәлелдемелерді ұсынып, құзыретті өкімет арнайы тағайындаған, құзыретті өкімет орны, тұлға, немесе тұлғалар арқылы ісінің қайта қаралуын талап етуіне және осы мақсатпен сол өкіметтің, тұлғаның, немесе тұлғалардың алдына келтірілуіне құқығы бар.

14-бап

1. Сот пен трибунал алдында жұрттың бәрі тең. Әрбір адам өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде немесе қайсыбір азаматтық процесте оның құқықтары мен міндеттерін анықтау кезінде заң негізінде құрылған құзыретті, тәуелсіз және

әділ сот арқылы ісі әділетті және ашық қаралуын талап етуге құқылы. Егер істің ашық қаралуы демократиялық қоғамда адамгершілік пен қоғамдық тәртіп, мемлекет қауіпсіздігінің пайымдаулары ескерілген жағдайда немесе азаматтардың жеке өмірінің мүдделері талап етсе немесе соттың пікірі бойынша, жариялылық әділ соттың мүдделерін бұзатын ерекше жағдай тудыратын болса, онда істің сотта қаралуы басынан аяғына дейін немесе оның бір сатысында жабық түрде, баспасөз өкілдері мен жұртшылықты қатыстырмай жүргізілуі мүмкін; алайда, кез келген қылмыстық, не болмаса азаматтық істер бойынша шығарылған қаулылардың бәрі, тек кәметке толмағандардың мүдделері басқа шараларды талап еткен жағдайда немесе матримониалдық дау-дамайлар немесе балаларды қамқорлыққа алу жөніндегі істер бойынша шығарылған қаулыларды қоспағанда, көпшілік алдында жария етілуі тиіс.

2. Қылмыстық іс бойынша айыпталған әрбір адам, кінәсі заң бойынша дәлелденгенге дейін, кінәсіз деп есептелуге құқылы.

3. Әрбір адамның өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде, ең кем дегенде, төменде көрсетілген, толық теңдік негізінде берілетін кепілдіктерге:

а) өзіне тағылған айыптаудың сипаты мен негізі жөнінде өзі түсінетін тілде толық және дереу хабардар етілуіне;

ә) қорғау шараларына дайындық жүргізуге және өзі таңдап алған қорғаушымен жүздесіп-тілдесуге мүмкіндік беріліп, жеткілікті уақытпен қамтамасыздандырылуына;

б) дәлелсіз ұстау негізінде сотталмауына;

в) өз қатысуымен сотталуға және өзін-өзі дербес қорғауына немесе өзі таңдап алған қорғаушы арқылы қорғалуына: егер оның қорғаушысы жоқ болса, онда осындай құқығы бар екендігі жөнінде хабардар етіліп, қандай жағдай болмасын әділ сот мүдделері талап етсе, өзіне тағайындалған қорғаушының көмегін пайдалануына және де қорғаушының еңбегіне төлейтін жеткілікті қаражаты жоқ болса, оның көмегін ақысыз пайдалануына;

с) өзіне қарсы көрсетпе берген куәлардан жауап алынуына немесе осы куәлардан жауап алуды талап етуіне, сонымен қатар өзінің куәлары шақыртылуына және олардан жауап алу шарты өзіне қарсы көрсетпе берген куәлардан жауап алу шартымен бірдей болуына;

д) егер сот жұмысын атқаруда пайдаланатын тілді түсінбесе, немесе сол тілде сөйлей алмаса тілмаштың көмегін ақысыз пайдалануына;

е) өзіне-өзі қарсы жауап беруге немесе өзін-өзі кінәлі деп мойындауға мәжбүрленбеуіне құқығы бар.

4. Кәмелетке толмағандар жайындағы іс, олардың жасы ескеріліп және қайта тәрбиеленулеріне ықпал жасайтын ықылас білдіріліп жүргізілуі тиіс.

5. Қайсыбір қылмыс үшін сотталғандардың қай-қайсысы болмасын өзінің айыпталуы және шығарылған үкім, заң бойынша жоғарғы сот инстанцияларында қайта қаралуын талап етулеріне құқықтары бар.

6. Егер қайсыбір адам қылмыстық іс жасағаны үшін ақтық шешім бойынша сотталып, одан кейін соттың қателігін даусыз дәлелдейтін қайсыбір жаңа немесе бұрын мәлім болмаған мәнжайдың негізінде шығарылған үкім бұзылса немесе оған кешірім жасалса және де жаңадан табылған жағдай кезінде мәлім болмағандығына сотталушының өзі ішінара немесе толық кінәлі еместігі дәлелденсе, онда осындай сотталудың нәтижесінде жазаланған адамға заң бойынша өтемақы төленеді.

Ешкім де, егер жасаған қылмысы үшін әрбір елдің заңы мен қылмыстық іс жүргізу құқығына сәйкес кезінде үзілді-кесілді сотталып немесе ақталған болса, онда осы қылмысы үшін екінші рет сотталуға немесе жазалануға тиіс емес.

15-бап

1. Ешкім де жасаған іс-әрекеті немесе жіберген қателігі негізінде, егер сол іс-әрекет жасалған кезде қолданыстағы мемлекетішілік заң тұрғысынан немесе халықаралық құқық бойынша қылмыстық іс болып саналмаса, қандай да бір қылмыстық іске кінәлі деп айыпталуына жол берілмейді. Сондай-ақ, кесілген жаза, қылмыстық іс жасалған кезде қолданылатын жазадан ауыр болмауы тиіс. Ал егер қылмыс жасалғаннан кейін сондай қылмыс үшін тағайындалатын жазаның түрі, бұрын қолданылып жүрген жазаға қарағанда, заң жүзінде жеңілдетілген болса, онда қылмыскер соңғы заң бойынша айыпталуы тиіс.

2. Осы баптағы ешбір қағида кез келген адамды кез келген іс-әрекеті немесе жасаған қателігі үшін, егер де сол іс-әрекет жасал-

ған кезінде халықаралық қоғамдастық таныған құқық қағидаттары бойынша қылмыстық іс болып табылған болса, сот алдына келтіріп жазалауға кедергі етпейді.

16-бап

Әрбір адам, қай жерде жүрсе де, құқық субъектісі ретінде танылуына құқылы.

17-бап

1. Әрбір адам жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше, немесе заңсыз араласуынан, өз бетінше немесе заңсыз озбырлық жасап, баспанасына, хат жазысып-алысу құпиясына қол сұғылуынан, ар-намысы мен абырой-беделіне нұқсан келтірілуінен қорғалуы тиіс. 2. Әрбір адамның осындай озбырлық пен қол сұғушылықтан заңмен қорғалуына құқығы бар.

18-бап

1. Әрбір адамның ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар. Бұл құқық дінге сену немесе дінді қабылдау және наным-сенімін өз қалауынша тандап алу еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі немесе басқа адамдармен бірігіп тұту бостандығын, жария түрде немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни және наным-сенім мен ілім салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды.

2. Ешкім де дінге сену немесе дін мен наным-сенімдерін өз қалауынша тандап алу еркіндігін кемітетін мәжбүрлікке ұшыратылуы тиіс емес.

3. Дінге сену немесе наным-сенімдерін тұтыну еркіндігі тек қана қоғам қауіпсіздігін, тәртіпті, денсаулық пен имандылықты, сондай-ақ басқалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін заңмен белгіленген шектеулермен ғана шектелуі тиіс.

4. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер ата-аналардың, тиісті жағдайларда заңды қамқоршылардың, балаларына өздерінің наным-сенімдеріне сай діни және имандылық тәрбиені қамтамасыз ету бостандығын құрметтеуге міндеттенеді.

19-бап

1. Әрбір адам өз ой-пікірін еш кедергісіз ұстануға құқылы.

2. Әрбір адам өз пікірін еркін білдіруге құқылы. Бұл құқық мемлекеттік шекараларға қарамастан кез келген ақпараттар мен идеяларды еркін іздеу, тауып алу және оларды өз қалауынша

таңдап алған құралдар арқылы ауызша, жазбаша немесе баспасөз арқылы немесе көркемдік бейнелеу формалары түрінде тарату бостандығын да қамтиды.

3. Осы баптың 2-і тармағында көзделген құқықтарды қолдану ерекше міндеттер мен ерекше жауапкершілікті жүктейді. Сондықтан оларды қолдану кезінде кейбір шектеулердің кездесуі мүмкін, алайда ондай шектеулер заңмен белгіленіп және:

а) басқа тұлғалардың құқықтары мен абырой-беделін құрметтеу;

б) мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, жұртшылықтың денсаулығын немесе имандылығын қорғау қажеттілігінен туындауы тиіс.

20-бап

1. Соғысты қандай түрде болса да насихаттауға заң тұрғысынан тыйым салынуы тиіс.

2. Ұлттық, нәсілдік немесе діни өшпенділікке әкеліп соғатын, өздігінен кемсітуге, араздыққа немесе зорлық-зомбылыққа арандатушылық болып табылатын қандай да бір үгіт жүргізуге заң тұрғысынан тыйым салынуы тиіс.

21-бап

Бейбіт жиналыстарды өткізу құқығы мойындалады. Бұл құқықты пайдалану тек демократиялық қоғамның мемлекеттік, немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, жұрттың денсаулығы мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет етілетін, заңмен көзделген шектеулерден тыс шектелуі тиіс емес.

22-бап

1. Әрбір адамның басқалармен бірігіп қауымдастықтар құру бостандығына оның ішінде кәсіподақтарды құрып оларға өз мүдделерін қорғау мақсатымен мүше болуға құқығы бар.

2. Бұл құқықты пайдалану демократиялық қоғамның мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, жұрттың денсаулығы мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет етілетін, заңмен көзделген, шектеулерден тыс шектелуі тиіс емес. Осы бап бұл құқықты пайдалануда қарулы күштер құрамындағы және полицияда істейтін адамдар үшін заңды шектеулер енгізуге кедергі етпейді.

3. Осы баптағы ешбір қағида Халықаралық еңбек ұйымының қауымдастықтар бостандығы мен ұйымдасу құқығын қорғау жөніндегі 1948 жылғы Конвенциясына қатысушы мемлекеттерге, аталған Конвенцияда көзделген кепілдіктерге нұқсан келтіретін заң актілерін қабылдау, немесе заңды осы кепілдіктерге нұқсан келтіретіндей етіп пайдалану құқығын бермейді.

23-бап

1. Отбасы қоғамның табиғи және негізгі ұясы болып табылады, және қоғам мен мемлекет тарапынан қорғалуға құқылы.

2. Неке жасына толған ер азаматтар мен әйелдер некеге тұруға және отбасын құруға құқылы екендіктері танылады.

3. Бірде-бір неке, некеге тұратын екі жақтың өзара еркін және толық келісімдерінсіз қиылмайды.

4. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер некені қию, некелі болу уақытында және некені бұзған кезде ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігін қамтамасыз ететін тиісті шаралар қабылдауға тиіс. Неке бұзылған жағдайда балалардың бәріне тиісті қорғау шаралары көзделуі қажет.

24-бап

1. Әрбір бала нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, ұлттық, немесе әлеуметтік тегіне, мүлдіктік немесе туу жағдаяттарына қарамастан, ешқандай кемсітусіз отбасы, қоғам және мемлекет тарапынан, өзінің жас шамасы талап ететін тиісті қорғау шараларын иеленуге құқылы.

2. Әрбір бала туғаннан кейін дереу тіркеуден өткізіліп, есімі қойылуы тиіс.

3. Әрбір бала азаматтық алуға құқылы.

25-бап

Әрбір азамат 2-баптағы айтылған қандай да болсын кемсітушілікке және негізсіз шектеуге ұшырамай:

а) тікелей өзі, сондай-ақ ерікті түрде сайланған өкілдері арқылы, мемлекет ісін жүргізуге қатысу;

ә) сайлаушылардың еркін білдіру бостандығын қамтамасыз ететін жасырын дауыс беру жолымен жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы негізінде өткізілетін шынайы мерзімді сайлауда дауыс беру және өзі сайлану;

б) жалпыға бірдей теңдік шарты бойынша өз елінде мемлекеттік қызметке орналаса алу құқығы мен мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

26-бап

Барлық адамдар заң алдында тең және қандай да болсын кемсітуге ұшырамай, заңмен тең қорғалуға құқылы. Бұл орайда кемсітудің қандай түріне болса да, заң тұрғысынан тыйым салынады және заңда барлық адамдар, қандай да бір белгісіне, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық және әлеуметтік тегіне, мүліктік жағдайына, туу және басқа да жағдайына қарай кемсітуден тең болуына және тиімді түрде қорғалатынына кепілдік берілуі тиіс.

27-бап

Саны аз ұлттық, діни және тілдік топтары бар елдерде, осындай азшылық құрамындағы адамдар өз тобының басқа мүшелерімен бірге өз мәдениетін пайдалану, өз дінін тұтыну, дінінің салт-жораларын ұстану және ана тілінде сөйлеу құқығынан айырылмауы тиіс.

АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАКТИГЕ ҚОСЫМША ХАТТАМА

*1966 жылғы 16 желтоқсанда Бас Ассамблеямен қабылданды.
Күшіне енген уақыты: 1976 жылғы 23 наурыз*

Бұл Хаттамаға қатысушы мемлекеттер, Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіні (әрі қарай Пакті) жүзеге асыру мақсатында оның қаулыларын іске асыру үшін Пактінің IV тарауына сай құрылған Адам құқықтары жөніндегі комитетке (әрі қарай Комитет) осы Хаттамада көзделгендей Пактіде мазмұндалған қандай да бір құқықбұзушылықтардың құрбандары болып табылатындығын мазмұндаған жолдауларын қабылдау және қарастыру мүмкіндігін беруді ескере отырып, келесідей ережелерді қабылдады:

1-бап

Пактінің қатысушы мемлекеттері осы Хаттаманың да қатысушысына айналады, Комитеттің өз юрисдикциясына қарасты адамдардың өздерін қатысушы мемлекет тарапынан болған құқықбұзушылықтардың құрбандары болып табылатындығын мазмұндаған жолдауларын қабылдау және қарастыру өкілеттігін мойындайды. Комитет осы Хаттаманың қатысушысы болып табылмайтын, Пактіге қатысушы мемлекетке қатысты болса, ешбір жолдауды қабылдамайды.

2-бап

Адамдар 1-баптың ережелерін сақтай отырып, Пактіде аталған құқықтардың бірі бұзылды деп есептесе, және өз елінде құқықтық қорғаудың барлық мемлекеттік құралдарынан өткен соң Комитеттің қарауына жазбаша жолдау жібере алады.

3-бап

Комитет осы Хаттамаға сәйкес егер жіберілген жолдауда оның авторының аты-жөні көрсетілмесе немесе Пактінің ережелеріне қайшы келеді деп есептесе, оның пікірі бойынша құқықты асыра пайдалану болған жағдайда кез келген жолдауды қабылдаудан бас тарта алады.

4-бап

1. 3-баптың ережелерін сақтау шартымен Комитет осы Хаттамаға сәйкес оған келіп түскен кез келген мәліметті осы Пактіге

қатысатын мемлекетке хабарлауы тиіс. Бұл Пакт ережелерін бұзады.

2. Мәлімет алған мемлекет алты ай мерзім ішінде Комитетке жазбаша түсініктеме немесе арыз береді.

5-бап

1. Комитет осы Хаттамаға сәйкес қатысушы мемлекеттер мүдделі болатын немесе жекелеген адамдардан түскен деректерді қарайды.

2. Комитет келесідей деректерсіз еш мәлімет қарамайды:

а) бұл мәселе басқа халықаралық қаралуы;

б) шағымданушы өз еліндегі барлық қорғау құралдарын пайдалануы.

3. Осы Хаттама көздейтін мәліметтерді қарастыру кезінде Комитет жабық жиналыстар өткізеді.

4. Комитет өз қорытындысын қатысушы мемлекетке және арызданушы тұлғаға хабарлайды.

6-бап

Комитет Пактінің 45-бабына сәйкес, осы Хаттамаға сай жыл сайынғы есебіне өз қызметі туралы деректерді де қосады.

7-бап

Алдағы уақытта БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1960 жылы 14 желтоқсанда қабылдаған Отаршылықтағы елдер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы Декларацияға қатысты 1514 (XV)резолюциясының мақсаттарын іске асыру үшін осы Хаттамаға сәйкес, БҰҰ Жарғысы мен БҰҰ және оның арнайы құрылымдарының халықаралық конвенциялары мен құжаттары бойынша осы халықтарға берілген петициялар беру құқығы бар.

8-бап

1. Осы Хаттама Пактіге қол қойған кез келген мемлекет үшін ашық.

2. Осы Хаттаманы Пактіні ратификациялаған немесе оған қосылған кез келген мемлекеттің ратификациялауына болады. Ратификациялық грамоталар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға беріледі.

3. Бұл Хаттама Пактіні ратификациялаған немесе оған қосылған кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық болып табылады.

4. Қосылу Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына құжатты сақтауға беру арқылы жүзеге асырылады.

5. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Хаттамаға қол қойған немесе оған қосылған барлық мемлекеттерге әрбір ратификациялық грамотаны сақтауға алғаны туралы немесе қосылу туралы құжатты жариялайды.

9-бап

1. Пакт күшіне енген жағдайда осы Хаттама Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына оныншы ратификациялық грамотаны немесе қосылу туралы құжатты сақтауға берген күннен бастап, үш айдан кейін күшіне енеді.

2. Кез келген мемлекет үшін де оныншы ратификациялық грамотаны немесе қосылу туралы құжатты сақтауға берген күннен бастап, үш айдан кейін осы Хаттаманы ратификациялайтын немесе оған қосылатын елдер үшін, осы Хаттама ол мемлекеттің өзінің ратификациялық грамотасын немесе қосылу туралы құжатын сақтауға берген күннен бастап үш айдан кейін осы Хаттама күшіне енеді.

10-бап

Осы Хаттаманың ережелері федеративті мемлекеттердің барлық жерлеріне қолданылады.

11-бап

1. Осы Хаттамаға қатысушы әрбір мемлекет түзетулер жасап, оларды БҰҰ Бас хатшысына ұсына алады. БҰҰ Бас хатшысы ұсынылған кез келген түзетулерді Осы Хаттаманың қатысушы мемлекеттеріне осы ұсыныстарды қарастыру және ол бойынша дауыс беру мақсатында конференция өткізу қажеттілігі туралы сұрақпен жібереді. Егер конференция өткізуді жақтап қатысушы мемлекеттердің үштен бір бөлігі дауыс берсе Бас хатшы конференцияны БҰҰ атынан шақырады. Қатысушы мемлекеттердің көпшілігі қабылдаған кезкелген түзету БҰҰ Бас Ассамблеясына бекітуге жіберіледі.

2. Түзетулер БҰҰ Бас Ассамблеясы бекіткеннен кейін және Осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің көпшілігінің үштен екісі қабылдағаннан кейін конституциялық процедураларға сәйкес күшіне енеді.

3. Түзетулер күшіне енген кезде оларды қабылдаған барлық қатысушы мемлекеттер үшін міндетті болып табылады, ал басқа қатысушы мемлекеттер үшін осы Хаттаманың қаулылары және олар қабылдаған кез келген алдыңғы түзетулер міндетті болып табылады.

12-бап

1. Әрбір қатысушы мемлекет кез келген уақытта БҰҰ Бас Хатшысының атына жазбаша мәлімдеме жіберіп, кез келген уақытта осы Хаттаманы денонсациялай алады. Денонсация Бас Хатшы осы мәлімдемені алған күннен бастап үш ай ішінде күшіне енеді.

2. Денонсация күшіне енгенге дейін 2-бапқа сәйкес берілген кез келген мәліметке осы Хаттаманың ережелерінің қолданылуының жалғасуына кедергі болмайды.

13-бап

Осы Хаттаманың 8-бабының 5-тармағына сәйкес жасалған мәліметтерге қарамастан, БҰҰ Бас Хатшысы Пактінің 48-бабының 1-тармағында аталған барлық мемлекеттерге мыналарды мәлімдейді:

а) 8-бапқа сәйкес, қол қою, ратификациялау және қосылу туралы;

б) 9-бапқа сәйкес, осы Хаттаманың күшіне ену күні туралы және 11-бапқа сәйкес, кез келген түзетулердің заңды күшіне енгені туралы.

14-бап

3. Бірдей мағынада ағылшын, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі осы Пактінің мәтіні БҰҰ мұрағатына сақтауға өткізілуі тиіс.

4. БҰҰ Бас хатшысы осы Хаттаманың куәландырылған көшірмесімен бірге Пактінің 48-бабында көзделген барлық мемлекеттерге жібереді.

БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

1989 жылғы 20 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдады.

1-бап

Осы Конвенцияның жүзеге асу мақсатында, әрбір адам баласы, 18 жасқа толғанға дейін, егер осы бала жөнінде қолданылатын заң бойынша оның кәмелеттік жас шамасы бұдан төмен болмаған күнде, бала болып саналады.

2-бап

1. Қатысушы мемлекеттер, өзінің юрисдикциясы төңірегінде тұратын әрбір баланың Конвенцияда көзделген барлық құқықтарын құрметтеп, ата-анасы немесе заңды қамқоршыларының нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, біліміне, дініне немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық, этникалық, немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік ауқатына байланысты денсаулығы мен туылу немесе өзге жағдаяттар бойынша, қандай да бір кемсітусіз қамтамасыз етеді.

2. Қатысушы мемлекеттер, баланы кемсітудің барша түрінен қорғап, оның ата-аналары, заңды қамқоршылары не отбасының басқа мүшелерінің мәртебесі, қызметі, көзқарасы мен наным-сенімдерінің негізінде жазаланбауын қамтамасыз ету үшін керекті шаралардың бәрін қоланады.

3-бап

1. Балаларға қатысты қолданылатын әрекеттердің бәрі, олар әлеуметтік қамсыздандыру мәселесімен айналысатын мемлекеттік немесе жеке меншік мекемелер тарапынан, сот, әкімшілік немесе заң шығару органдары тарапынан қолданғандығына қарамастан, жүзеге асырылған күннің өзінде де, олар, ең бастысы, бала мүддесін қалайда барынша толық қамтамасыз ету мақсатын көздеуі тиіс.

2. Қатысушы мемлекеттер баланың ата-анасының, қамқоршыларының немесе заң жүзінде жауапкершілік артылатын басқа тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін ескере отырып, баланың амандығы мен игілігіне қажет қорғау мен қамқорлықты қамта-

масыз етуге міндеттеніп, осы талапты көздей отырып, тиісті заң және әкімшілік шараларын қолданады.

3. Қатысушы мемлекеттер балаларға қамқорлық көрсететін немесе оларды қорғауға жауапты мекемелер, қызмет орындары мен органдар белгілеген нормаларға, ішінара қауіпсіздік пен денсаулық сақтау салаларындағы сонымен қатар, қызметкерлер саны мен қажеттілігі жағынан және құзыретті қадағалау тұрғысынан да сай болуын қамтамасыз етеді.

4-бап

Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияда танылған құқықтарды жүзеге асыру үшін заң, әкімшілік және басқа да қажетті барлық шараларды қолданады. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға қатысты шараларды, өздерінің ресурстарын барынша пайдалана отырып, керек болған жағдайда, халықаралық ынтымақтастықтың шеңберінде қолданады.

5-бап

Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияда танылған баланың құқықтарын жүзеге асыру жолында, ата-аналардың, тиісті жағдайларда, жергілікті дәстүр бойынша қалыптасқан кеңейтілген отбасы немесе қауым мүшелерінің, қамқоршылардың немесе заң бойынша бала алдында жауапты басқа да тұлғалардың балаға оның дамып келе жатқан қабілеттеріне сәйкес басшылық етіп, тәлім-тәрбие беру, баулу, құқықтары мен міндеттері және жауапкершілігін құрметтейді.

6-бап

1. Қатысушы мемлекеттер әрбір баланың тартып алынбайтын өмір сүру құқығы бар екендігін мойындайды.

2. Қатысушы мемлекеттер, бар мүмкіншіліктерді толық деңгейде пайдалана отырып, баланың шетінемеуін, денсаулығы мықты болып өсуін қамтамасыз етеді.

7-бап

1. Бала туылған бетте тіркеуден өткізіледі және сол күннен бастап оның есімі қойылып, азаматтық алуына құқығы бар, сонымен қатар, мүмкіндігінше өз ата-анасын білуге және олардың қамқорлығына ие болуға құқылы.

2. Қатысушы мемлекеттер бұл құқықтар өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес жүзеге асырылуын және өз міндеттемелерінің,

ішінара баланың азаматтығы жоқ болған жағдайда да, осы саладағы тиісті халықаралық құжаттарға сай орындалуын қамтамасыз етеді.

8-бап

1. Қатысушы мемлекеттер баланың, заңда көзделген жеке басының даралығын, оның ішінде азаматтығын, есімін және отбасылық байланыстарын сақтау құқығын құрметтеп, бұл құқыққа заңсыз араласып, оны бұзуға жол бермеуге міндеттенеді.

2. Бала заңсыз түрде өзінің жеке басының даралығының бір бөлігінен, немесе барлық элементтерінен заңсыз айырылған жағдайда, қатысушы-мемлекеттер, баланың жеке басының даралығын тез арада қалпына келтіру үшін қажетті көмек пен қорғауды қамтамасыз етеді.

9-бап

1. Қатысушы мемлекеттер, құзыретті органдар сот шешімі бойынша қолданылатын заң мен рәсімдерге сәйкес, баланың ең қажетті мүддесін қорғау үшін оны ата-анасынан айыру керектігі жөнінде ұйғарым шағарған жағдайдан тыс, басқа жағдайларда бала ата-анасынан еріксіз, олардың қалауынсыз айрылмауын қамтамасыз етеді. Осындай ұйғарымның шығарылуын нақты бір жағдаяттар керек етеді. Мысалы: ата-анасы балаға қатал қараса немесе оған қамқорлық көрсетпесе, немесе оның ата-анасы бөлек тұрмыс құрып жатқандарына байланысты, бала кімнің қолында қалу жөнінде шешім шығару қажет болса.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес, мүдделі жақтардың бәріне істің кезкелген қарауына қатысуға және өздерінің көзқарастарын білдіруге мүмкіндік туғызылады.

3. Қатысушы мемлекеттер, ата-анасының біреуінен не екеуінен де ажыратылған баланың ең қажетті мүддесіне қарама-қайшы келетін жағдаятты қоспағанда, ата-анасының екеуімен де тұрақты негіздегі өзара қарым-қатынас пен тікелей байланыс орнату құқығын құрметтейді.

4. Егер осындай айыру қамауға алу, түрмеге қамау, жер аудару, депортациялау, немесе ата-анасының біреуі әлде екеуі де, немесе баланың қайтыс болу (оның ішінде сол тұлғаның, сол мемлекеттің қарауында тұрып жатқан кезде кезкелген себептерге байланысты қайтыс болуы да) жағдайларына байланысты қатысушы-

мемлекеттің қабылдаған шешімінен туындаған болса, онда осы қатысушы-мемлекет ата-анасына, балаға, қажет болса отбасының басқа мүшесіне, олардың өтініші бойынша, жоғалған отбасы мүшесі (мүшелері) жөнінде, оның тұрып жатқан жері туралы ақпарат береді. Мұндай ақпарат баланың игілігіне нұқсан келтірмейтін болса ғана беріледі. Бұдан кейінгі уақытта қатысушы мемлекеттер осындай өтініш берудің салдарынан тұлғаның (тұлғалардың) қолайсыз жағдайға ұшырамауын қамтамасыз етеді.

10-бап

1. Қатысушы мемлекеттердің 9-баптың 1-тармағына сәйкес міндеттемелері бойынша, қатысушы мемлекеттер, баланың немесе оның ата-анасының отбасымен қосылу мақсатын көздеп, қатысушы-мемлекетке кіру немесе одан кету туралы берген арызын қатысушы- мемлекеттер адамгершілік көзқараспен, жағымды және жедел түрде қараулары тиіс. Бұдан кейінгі уақытта қатысушы-мемлекеттер осындай арыз берудің салдарынан арыз беруші мен оның отбасы мүшелері қолайсыз жағдайға ұшырамауын қамтамасыз етеді.

2. Ерекше жағдайды қоспағанда, ата-анасы әртүрлі мемлекеттерде тұрып жатқан бала ата-анасының екеуімен де, тұрақты не-гізде өзара қарым-қатынас пен тікелей байланыс орнатуға құқылы. Осы мақсатқа орай және де мемлекеттердің 9-баптың 2-тармағына сәйкес көзделген, қатысушы-мемлекеттердің міндеттемелері бойынша, қатысушы-мемлекеттер баланың және оның ата-анасының кезкелген елден, оның ішінде өзінің елінен, қоныс аудару және өз еліне қайтып оралу құқығын құрметтейді. Қоныс аудару құқығы жөнінде, заңда көзделген және мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп (*ordre public*) мүдделерін сақтау, жұрттың денсаулығы мен имандылығын немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет ететін және осы Конвенцияда танылған басқа құқықтарға сай келетін шектеулерден тыс шектеулер жүрмейді.

11-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер балалардың шет елге заңсыз жөнелтілуіне және сол елден қайтарылмауына қарсы күрес үшін керекті шаралар қолданады.

2. Қатысушы мемлекеттер осы мақсатты көздеп екі немесе көпжақты келісімдер жасауға, немесе бар келісімдерге қосылуға ықпал етеді.

12-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер өз көзқарасын тұжырымдап беруге қабілеті бар балаға, өзіне қатысты барлық мәселелер бойынша өз көзқарасын еркін білдіру құқығын қамтамасыз етеді және де баланың көзқарасына, оның жас шамасы мен зейінділігіне орай тиісті көңіл аударып, зер салады.

2. Осы мақсатқа орай, балаға қатысты соттың немесе әкімшіліктің істі қарауында, ұлттық заңдарда көзделген іс жүргізу нормалары ретімен, баланың тікелей өзі, я болмаса өкілі, немесе тиісті орган арқылы тыңдалуына мүмкіндік беріледі.

13-бап

1. Баланың өз ой-пікірін еркін білдіруге құқығы бар; бұл құқық мемлекеттік шекаралар тәртібіне тәуелді болып қалмай әртүрлі ақпараттар мен идеяларды еркін іздеу, тауып алу және оларды, бала өз қалауынша таңдап алған әртүрлі құралдар арқылы, ауызша, жазбаша немесе басылым түрінде, өнер туындысы ретінде тарату бостандығын да қамтиды.

2. Бұл құқық жүзеге асырылуда кейбір шектеулерге ұшырауы мүмкін, бірақ, бұл шектеулер тек қана заңда көзделген және де:

а) басқа тұлғалардың құқықтары мен абыройын құрметтеу үшін; немесе;

ә) мемлекеттік қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіп (*ordre public*) мүдделерін сақтау, немесе жұрттың денсаулығы мен имандылығын қорғау қажет ететін шектеулер болуы тиіс.

14-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер баланың өз ой-пікірін еркін ұстану, ар-ождан және дін бостандығына деген құқығын құрметтейді.

2. Қатысушы-мемлекеттер, ата-аналардың, тиісті жағдаяттарда заңды қамқоршылардың, бала құқығын жүзеге асыруда оған оның жетіліп келе жатқан қабілеттерімен үйлесетін тәсілмен басшылық ету құқықтары мен міндеттерін құрмет тұтады.

3. Өз дініне сену немесе наным-сенімдерін ұстану еркіндігі, тек қана заңмен көзделген және мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін немесе жұрттың имандылығы мен

денсаулығын сақтау, немесе басқа тұлғалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет ететін шектеулермен ғана шектелуі тиіс.

15-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер баланың ассоциациялар бостандығы мен бейбіт жиналыстар бостандығына құқығы бар екендігін мойындайды.

2. Осы құқықты жүзеге асыруда заңмен көзделген және мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп (*ordre public*) мүдделерін немесе жұрттың имандылығы мен денсаулығын сақтау үшін, немесе басқа тұлғалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қолданылатын шектеулерден тыс шектеулерді қолдануға жол берілмейді.

16-бап

1. Ешбір бала, өзінің жеке және отбасылық өміріне, хат жазысып-алысу құпиясына, баспанасына қол сұғылмау құқықтарын жүзеге асыру жолында өзгелердің өз бетінше немесе заңсыз араласып, абыройы мен беделіне кір келтіру объектісі болмауы тиіс.

2. Бала мұндай араласушылықтан немесе қолсұғушылықтан заңмен қорғалуға құқылы.

17-бап

Қатысушы мемлекеттер бұқаралық ақпарат құралдарының маңыздылығын мойындап, баланың түрлі ұлттық және халықаралық, әсіресе оның әлеуметтік, рухани және имандылық игілігінің, сондай-ақ жан-тән саулығының ұлғаюына ықпал етуге бағытталған ақпарат пен құжат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік туғызады. Осы мақсатта қатысушы-мемлекеттер:

а) бұқаралық ақпарат құралдары балаға әлеуметтік және мәдени жағынан пайдалы, сондай-ақ 29-баптың желісіндегі, ақпарат пен құжаттарды таратуын қолдайды;

ә) осы тектес ақпарат пен құжаттарды, түрлі мәдени, ұлттық және халықаралық бастауларды пайдалана отырып дайындау, алмасу және тарату тарапындағы халықаралық ынтымақтастықты қолдап, дем береді;

б) балалар әдебиетін шығарып, таратуды қолдап, дем береді;

с) бұқаралық ақпарат құралдары қайсыбір жергілікті халық немесе саны аз ұлттық топқа жататын баланың тіл қажеттілігін қанағаттандыруға назар аударуын қолдайды;

д) 13 және 18-баптардың ережелерін ескере отырып, баланы оның игілігіне нұқсан келтіретін ақпарат пен құжаттардан оқшаулау негіздерін айқындайтын тиісті шараларды қолдап, дем береді.

18-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер балаға тәлім-тәрбие беруде, оның өсіп-жетілуі жолындағы жауапкершілік әкесі мен шешесінің екеуіне жалпы және бірдей жүктелетін принциптің танылуын қамтамасыз етуге мүмкіндігінше ықпал етеді.

2. Қатысушы-мемлекеттер осы Конвенцияда баян етілген құқықтарға кепілдік беру және оларды жүзеге асыруға ықпал ету мақсатын көздеп, ата-аналар мен заңды қамқоршылар балаға тәлім-тәрбие беруде өз міндеттерін орындау үшін оларға тиісті қамқорлық көрсетіп, балалар мекемелері торабының дамуын қамтамасыз етеді.

3. Қатысушы-мемлекеттер ата-аналары жұмыс істейтін балалардың, оларға күтім беруге арналған қызмет орындары мен мекемелердің мүмкіндіктерін пайдалана алу құқығын қамтамасыз етуге керекті шаралардың бәрін қолданады.

19-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер баланы ата-анасы, заңды қамқоршылары немесе балаға қамқорлық көрсететін басқа тұлғаның тарапынан жан-тәніне көрсетілетін зорлық-зомбылық, қорлау мен қиянаттың барлық түрлерінен, тиісті қамқорлықтан айрылуынан, немесе немқұрайды, дөрекілікпен қараудан, қанаудан, оның ішінде нәсіпқұмарлық қиянаттан қорғау мақсатын көздеп керекті заң шығарушылық, әкімшілік, әлеуметтік және ағартушылық шаралардың бәрін қолданады.

2. Осындай қорғау шаралары, қажет болған жағдайда, балаға және оны қамқорлығына алған тұлғаларға тиісті қолдау көрсету мақсатымен әлеуметтік бағдарламаларды дамытудың тиімді рәсімдерін қамтиды, сонымен қатар, жоғарыда айтылған балаға қатыгездікпен қарауға байланысты жағдаяттардың алдын алу және айқындау, олар туралы хабарлау, істі қарауға, тергеуге жіберу, баланы емдеу және осы шаралармен жалғасатын шаралардың басқа формаларын жүзеге асыру, қажет болған жағдайда, сот рәсімін қозғау шараларын да қамтиды.

20-бап

1. Отбасы ортасынан уақытша не мәңгі айырылған не ең қажетті мүддесін қорғау мақсатында бұл ортадан кетуге мәжбүр болған бала, мемлекет тарапынан көрсетілетін ерекше қорғау мен көмекті пайдалануға құқылы.

2. Қатысушы-мемлекеттер осындай баланың күтімінің орнын толтыруды өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес қамтамасыз етеді.

3. Бұл күтім, ішінара, баланы біреудің тәрбиесіне беруді, Ислам құқығы бойынша «кафала», асырап алуды, немесе қажет болған жағдайда, балаларға күтім көрсететін тиісті мекемелерге өткізуді қамтуы мүмкін. Күтімнің орнын толтыру түрлерін қарастырған кезде баланың тәлім-тәрбие сабақтастығын қалауы және оның этникалық тегі, діни және мәдени және ана тілі тиісті түрде ескерілуі тиіс.

21-бап

Бала асырап алу жүйесі болуын мойындайтын немесе оған рұқсат беретін қатысушы-мемлекеттер баланың ең қажетті мүдделері маңдайалды түрде ескеріліп отырылуын қамтамасыз етеді және де олар:

а) баланы асырап алу іс жүзінде құзыретті өкіметтердің рұқсаты бойынша және қолданылып жүрген заң мен рәсімдерге сәйкес, сондай-ақ, ата-анасы мен туыстары және заңды қамқоршыларына баланың статусы оны асырап алуға болатынын айқындайтын іске қатысты нақты ақпарат негізінде жүргізілуін, және жағдайдың талаптарына қарай, мүдделі тұлғалардың асырап алуға тиісті кеңес негізінде, өздерінің саналы келісімін берулерін қамтамасыз етеді;

ә) егер баланы туған елінде біреудің тәрбиесіне беру, сондай-ақ оны тәрбиелеуге алып немесе асырап ала алатын отбасына тапсыру, және де лайықты күтіммен қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда, онда баланы басқа елге асырап алуға беру — балаға күтім берудің баламалы тәсілі ретінде қаралуы мүмкін деп таниды;

б) бала басқа елге асырап алуға берілген жағдайда, өз еліндегі асырап алу жөнінде берілетін кепілдіктер мен нормалардың сақталып қолданылуын қамтамасыз етеді;

с) бала өзге бір елде асырап алынған күнде, бұл жағдай оны орналастыруға дәнекер болған тұлғаларға ақталмаған қаржылық пайда табу көзі болмауын қамтамасыз ету үшін бар керекті шараларды қолданады.

д) тиісті жағдайларда осы баптың мақсаттарына екі жақты және көпжақты шарттар мен келісімдер жасасу арқылы жетуді көздей отырып, солардың негізінде баланы басқа елде орналастыру — құзыретті өкіметтер немесе органдардың құзырында болуын қамтамасыз етуге көмек көрсетеді.

22-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер, босқын дәрежесіне ие болғысы келген я болмаса, қолданылып жүрген халықаралық немесе ішкі құқық пен рәсімдерге сәйкес, босқын болып саналатын балаға, мейлі оны ата-анасы немесе кезкелген басқа тұлға ертіп жүрсе де, немесе жеке өзі жүрсе де, осы Конвенцияда және адам құқықтары жөніндегі басқа халықаралық құжаттарда немесе гуманитарлық құжаттарда баян етілген құқықтарды пайдалануда, осы құжаттарға қатысушы болып табылатын аталған мемлекеттер тиісті қорғау мен гуманитарлық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін керекті шаралар қолданады.

2. Осы мақсатта қатысушы мемлекеттер, өздері қажет деп санаған жағдайда, Біріккен Ұлттар Ұйымының және Біріккен Ұлттар Ұйымымен ынтымақтас басқа құзыретті үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдардың осындай баланы қорғау жөнінде және оның отбасымен қайта қосылуы үшін кезкелген босқын баланың ата-анасын немесе отбасының басқа мүшелерін іздеп, қажет ақпараттарды тауып алуға деген ұмтылыстарын қолдап, көмек көрсетеді.

23-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер жарымжан не ақыл-ой кемістігі бар баланың өзіне сенімділігін арттырып, беделін өсіретін және қоғам өміріне белсенді араласуына жағдай туғызатын ортада толыққанды және лайықты өмір сүруі керек екендігін мойындайды.

2. Қатысушы-мемлекеттер, жарымжан баланың ерекше қамқорлыққа құқылы екендігін мойындап, көмек сұралып арыз берілген жағдайда және де, егер баланың денсаулығы мен ата-анасы не-

месе балаға қамқорлықты қамтамасыз ететін басқа тұлғалардың хал-ахуалы арызға сәйкес болған күнде, бала мен оның қамқоршысына, ресурс мүмкіндіктеріне қарай, жәрдем беруді қолдап, қамтамасыз етеді.

3. Осы баптың 2-тармағына сай, жарымжан баланың ерекше мұқтаждығы ескеріліп, ата-анасы немесе балаға қамқорлықты қамтамасыз ететін басқа тұлғалардың қаржылық мүмкіндіктері ескеріліп, мүмкіндігінше тегін көмек беріледі және жарымжан баланың білім беру, мамандандыру, медициналық қызмет, денсаулығын сауықтыру, еңбеккерлік қызметіне дайындау салалары мен демалыс орындары көрсететін қызметтеріне тиімді түрде қолын жеткізе отырып, сөйтіп баланың әлеуметтік өмірге мүмкіндігінше толық араласуына ықпал етіп, оның рухани және мәдени дамуын қамтитын тұлғалы ірілеуіне септігін тигізу мақсатында көрсетіледі.

4. Қатысушы мемлекеттер, халықаралық ынтымақтастық рухында профилактикалық денсаулық сақтау саласына, жарымжан балаларды медициналық, психологиялық және функционалды емдеу саласына қатысты ақпараттармен алмасуға, оның ішінде, реабилитация, жалпы білім беру және мамандандыру тәсілдері жөніндегі ақпараттарды таратуға жағдай туғызып, қатысушы-мемлекеттердің осы мәселе жөніндегі мүмкіндіктері мен білімін, сондай-ақ тәжірибесін кеңейту үшін бұл ақпараттарға оңай қол жеткізуіне ықпал етеді. Бұл ретте дамушы елдердің сұранысына ерекше көңіл аударылуы тиіс.

24-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер әр баланың неғұрлым жетілдірілген денсаулық сақтау жүйесінің қызметімен және денсаулығын сауықтыру, сондай-ақ емдеу тәсілдерімен пайдалану құқығын мойындайды. Қатысушы мемлекеттер ешбір баланың осы іспеттес денсаулық сақтау жүйесі қызметіне қол жеткізу құқығынан айырылмауын қамтамасыз етуге тырысады.

2. Қатысушы-мемлекеттер осы құқықтың толық жүзеге асуын қадағалап, ішінара:

а) нәрестелердің шетінеуі мен бала өлімінің деңгейін төмендету үшін;

ә) алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамытуға басым көңіл аудара отырып қажетті медициналық жәрдем көрсету және барлық балалардың денсаулығын сақтау жүйесін қамтамасыз ету үшін;

б) ашығуға және дертке қарсы күрес, оның ішінде алғашқы медико-санитарлық көмек шеңберінде, қоршаған ортаның ластану қаупі мен қатерін ескере отырып, оңай қол жететін технологияны қолдану арқылы барынша құнарлы тағамдармен, сондай-ақ таза ас суымен қамтамасыз ету үшін;

с) бала көтеріп жүрген кезден бастап, босанғаннан кейінгі мерзімде аналардың денсаулығын сақтау мақсатында тиесілі қызмет көрсету үшін;

д) қоғамның қалын бұқара тобының бәрі, ішінара ата-аналар мен балалардың, баланың денсаулығы мен тамақтануы жайлы, баланы ана сүтімен емізіп асыраудың артықшылығы жайлы, баланы қоршаған ортаның гигиенасы мен тазалығы жайлы және келеңсіз оқиғалардың алдын алу жайлы сауатты болуын, сондай-ақ білім алуға қол жеткізуін қолдап, олардың сол ілімін іске асыруын қамтамасыз ету үшін;

е) ағартушылық жұмысты және алдын алу медициналық жәрдем саласындағы қызметті дамыту, сонымен қатар, отбасы мүшелерінің санын жоспарлау қызметін реттеу үшін бар керекті шараларды қолданады.

3. Қатысушы мемлекеттер баланың денсаулығына зиян келтіретін дәстүрлі ем тәжірибесін болдырмау мақсатын көздеп, кез келген тиімді және керек шараларды қолданады.

4. Қатысушы мемлекеттер халықаралық ынтымақтастықты қолдап, және оны осы бапта танылған құқықтың бірте-бірте толық жүзеге асырылуы мақсатында дамытуға міндеттенеді. Бұл ретте дамушы елдердің сұранысына ерекше көңіл аударылуы тиіс.

25-бап

Қатысушы мемлекеттер, құзыретті органдарымен күтім беру, қорғау, жан-тәнін емдеу мақсатында қамқорлыққа алынған әр баланың, өзіне көрсетіліп жатқан тиесілі емге оқтын-оқтын мерзімдік баға беру құқығы және баланы қамқорлыққа алған жағдайда қарастырылатын басқа да міндеттерді мойындайды.

26-бап

1. Қатысушы мемлекеттер, әрбір баланың әлеуметтік қамсыздан дыру, оның ішінде әлеуметтік сақтандыру игіліктерін пайдалануға құқығы бар екендігін мойындайды және осы құқықты, өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес жүзеге асыру үшін барлық керекті шараларды қолданады.

2. Бұл игіліктер керектігіне қарай, қолдағы бар ресурстар мен баланың және оны күтіп-бағуға жауапты тұлғалардың, сондай-ақ баланың өзі немесе оның атынан игіліктерді иеленуге байланысты кез-келген іс-әрекеттің мүмкіндіктері ескеріліп беріледі.

27-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер, әр бала, баланың дене бітімі, ақыл-ойы жетілуіне, рухани, әлеуметтік, имандылық жағынан дамуына қажет өмір сүру деңгейіне құқылы екендігін мойындайды.

2. Бала тәрбиелеп отырған ата-ана немесе басқа тұлғалар негізінен өздерінің қабілеттері мен қаржылық мүмкіндіктерінің шеңберінде баланың дамуына қажет өмір сүру деңгейін қамтамасыздандыруға жауапты.

3. Қатысушы-мемлекеттер, бала тәрбиелеп отырған ата-ана мен басқа тұлғаларға осы құқықты жүзеге асыруда ұлттық жағдай мен өздерінің ресурстарына орай көмек көрсету шараларын қолданып, қажет жағдайда материалдық жәрдем көрсетіп, түрлі бағдарламаларды, әсіресе баспана, киім және тағаммен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларды қолдайды.

4. Қатысушы мемлекеттер өзінде болсын, сондай-ақ шетелде тұрғанына қарамастан, баланың алдында қаржылық жауапкершілігі бар ата-ана немесе басқа тұлғалардың бұл жауапкершілігін үзбей өтеп тұруын қамтамасыз етуге керекті шаралардың бәрін қолданады. Ішінара, егер бала алдында қаржылық жауапкершілігі бар тұлға мен бала екеуі әр мемлекетте тұрып жатса, қатысушы мемлекеттер халықаралық келісімдерге қосылуға немесе осындай келісімдерді жасасуға, сондай-ақ тиісті басқа да келісімдерге келуге ықпал етеді.

28-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер баланың білім алу құқығын мойындап, бұл құқықты тең мүмкіндіктер негізінде дәйекті түрде жүзеге асыру мақсатын көздеп, ішінара:

а) тегін және міндетті бастауыш білім беру жүйесін енгізеді;
б) орта білімнің барлық түрінің дамуын, жалпы біліммен қатар мамандандырылған білім беру түрлерін қолдап, оған барша балалардың қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етуде тегін білім беруді енгізу және қажет болған жағдайда, қаржылық көмек көрсету сияқты шараларды қолданады;

с) жоғары білім әркімнің қабілетіне қарай баршаның қолы жетерліктей болуын барлық қажет құралдар арқылы қамтамасыз етеді;

д) мамандандыру және білім беру салаларына қатысты ақпараттар мен деректерге барлық баланың қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етеді;

е) оқушылардың мектепке барып, сабаққа үзбей қатысуына, мектепті тастап кеткен оқушылар санының азаюына ықпал ету шараларын қолданады.

2. Қатысушы-мемлекеттер, мектептегі тәртіпті орнату жұмыстары баланың адами беделін құрметтеуге бағытталған тәсілдер арқылы және осы Конвенцияға сәйкес жүргізілуін қамтамасыздандыратын шаралардың бәрін қолданады.

29-бап

1. Қатысушы мемлекеттер балаға білім беру оның:

а) тұлға ретінде қалыптасуына, бойындағы дарынын және ақыл-ой мен дене бітімдік қабілеттерін толық ашуына;

ә) адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жария етілген ұстамдарды қадір тұтуға;

б) ата-анасын, төл мәдениетінің құндылықтарын және өзі тұрып жатқан мемлекеттің ұлттық құндылықтарын, сондай-ақ басқа өркениеттерді құрмет тұтуға;

в) баланы еркін қоғамдағы саналы өмірге түсіністік, бейбітшілік, шыдамдылық, әйел мен ер-азаматтардың құқылық теңдігі және барлық халықтар, этникалық, ұлттық және діни топтар достығы, сондай-ақ жергілікті халықтың өкілдерімен достықта болу рухында дайындауға;

г) қоршаған табиғатты аялауға бағыт беру керек деп келіседі;

2. Осы баптың немесе 28-баптың қай бөлімі болмасын, жеке тұлғалар мен ұйымдардың, осы баптың 1-тармағында баян етіл-

ген қағидалар сақталған жағдайда, білім беру орындарын құру және басқару еркіндігін шектеу және мұндай оқу орындарында білім беру талаптары мемлекет тарапынан белгіленген минималды нормалардың талаптарымен сәйкес болуын орындамау деп пайымдалуы тиіс емес.

30-бап

Саны аз ұлттық, діни не тілдік топтар немесе жергілікті халық өкілдері бар мемлекеттерде, сондай саны аз топтың немесе жергілікті халықтың өкілі болған бала өз тобының басқа мүшелерімен бірге өз мәдениетін пайдалану, өз дініне сену, оның салт-жораларын ұстану және ана тілінде сөйлеу құқығынан айырылмауы тиіс.

31-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер баланың тынығуға және мәдени демалуға, түрлі ойын-сауықтарға қатысуға, мәдени өмірге еркін араласып, өнермен айналысуға құқығы бар екендігін мойындайды.

2. Қатысушы-мемлекеттер, әр баланың мәдени және шығармашылық өмірге жан-жақты қатысу құқығын құрметтеп қолдайды және оның мәдени және шығармашылық қызметімен айналысуына, тынығуына, мәдени демалуына тиесілі және тең дәрежелі мүмкіндік туғызуға ықпал етеді.

32-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер, әр баланың экономикалық қанаудан, оның денсаулығына қауіп төндіретін немесе білім алуына кедергі ететін немесе денсаулығына зиян келтіріп, дене бітімінің, ақыл-ойының жетілуіне, рухани, имандылық, әлеуметтік жағынан дамуына нұқсан келтіретін кез келген жұмыстардан қорғалуға құқығы бар екендігін мойындайды.

2. Қатысушы-мемлекеттер, осы бапты жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін заң шығарушылық, әкімшілік, әлеуметтік шаралармен қоса, білім беру саласында да тиісті шаралар қолданады. Осы мақсатта басқа халықаралық құжаттардың тиісті ережелеріне сүйене отырып, қатысушы-мемлекеттер ішінара:

а) жұмысқа қабылдаудың ең төменгі жас мөлшерін не жас мөлшерлерін;

б) жұмыс уақыты мен еңбек ету жағдайын айқындайтын негізгі талаптарды анықтайды;

с) осы баптың тиімді түрде жүзеге асырылуын қамтамасыздандыру үшін жазаның тиісті түрін немесе басқа да санкцияларды қарастырады.

33-бап

Қатысушы-мемлекеттер балаларды тиісті халықаралық шарттарда анықталған заңға қарсы есірткі мен психотроптық заттар қабылдаудан қорғау, сондай-ақ осындай заңсыз заттар өндірісіне және саудасына оларды қатыстыруға жол бермеу үшін тиісті заң шығарушылық, әкімшілік, әлеуметтік шаралармен қоса, білім беру саласында да тиісті шаралар қабылдайды.

Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция

Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенцияны БҰҰ Бас Ассамблеясының 1979 жылғы 18 желтоқсанда №34/180 қарарымен қабылдаған. 1981 жылғы 3 қыркүйекте күшіне енді:

1-бап.

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін «әйелдерге қатысты кемсіту» ұғымы әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез келген басқа салалардағы адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын олардың отбасылық жағдайына қарамастан, ерлер мен әйелдердің теңдігі негізінде пайдалануын немесе іске асыруын әлсіретуге немесе мойындалуын жоққа шығаратын жыныс белгісі бойынша кез келген айырмашылық, қоспай қою немесе шектеу дегенді білдіреді.

2-бап.

Қатысушы-мемлекеттер әйелдерге қатысты барлық нысандағы кемсітулерді айыптайды, әйелдерге қатысты кемсітулерді жою саясатын кідіріссіз барлық тиісті тәсілдерімен жүргізуге келіседі және бұл мақсатта мыналарға міндеттенеді:

а) ерлер мен әйелдердің тең құқықтық принципін өз ұлттық конституцияларына немесе басқа да тиісті заңнамасына қосуға, егер де бұл әлі жасалмаса, заңның және басқа да тиісті құралдардың көмегімен осы принципті жүзеге асыруға;

ә) әйелдерге қатысты кезкелген кемсітуге тыйым салатын тиісті заңнамалық және керек жерде санкцияны қоса алғандағы басқа да шараларды қабылдауға;

б) әйелдердің құқықтарын ерлермен тең негізде заңгерлік қорғауды қалыптастыруға және құзырлы ұлттық соттар мен басқа да мемлекеттік мекемелер көмегімен әйелдерді кез келген кемсіту актісіне қарсы тиімді қорғауды қамтамасыз етуге;

в) әйелдерге қатысты қандай да бір кемсіту актілерін немесе іс-қимылдарын жасаудан қалыс қалуға және мемлекеттік орган-

дар мен мекемелердің осы міндеттемелерге сәйкес әрекет ететіне кепілдік беруге;

г) қандай да бір тұлға, ұйым немесе кәсіпорын тарапынан әйелдерге қатысты кемсітуді жоюдың барлық тиісті шараларын қабылдауға;

ғ) әйелдерге қатысты кемсіту болып табылатын қолданыстағы заңдарды, қаулыларды, әдет-ғұрыптарды және практиканы өзгерту немесе жою үшін барлық тиісті шараларды, соның ішінде заңнамалық шараны қабылдауға;

д) өзінің қылмыстық заңнамасының әйелдерге қатысты кемсіту болып табылатын барлық қағидаларын жоюға.

3-бап

Әйелдерге адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ерлермен теңдік негізінде іске асыруына және пайдалануына кепілдік беру үшін қатысушы-мемлекеттер барлық салаларда, және ішінара алғанда саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларда әйелдердің жан-жақты дамуы мен прогресін қамтамасыз ету үшін барлық тиісті шараларын, заңнамалық шараларын қоса қабылдайды.

4-бап

1. Қатысушы-мемлекеттердің ерлер мен әйелдердің іс жүзіндегі теңдігін орнатуды жеделдетуге бағытталған уақытша арнайы шараларды қабылдауы, осы Конвенцияда анықталғанындай, кемсітушілік болып табылмайды, алайда ол ешқандай да жағдайда теңсіздік немесе кемсітушілік стандарттардың сақталуына жол бермеуге тиіс; бұл шаралар мүмкіндіктер теңдігі мен теңқұқылы қатынастар мақсатына қол жеткен кезде жойылуға тиіс.

2. Қатысушы-мемлекеттердің ана болуды қорғауға бағытталған осы Конвенциядағы шараларды қоса алғандағы уақытша арнайы шараларды қабылдауы кемсітушілік болып табылмайды.

5-бап

Қатысушы-мемлекеттер мына мақсаттарда барлық тиісті шараларды қабылдайды:

а) Толыққанды емес немесе бір жыныстың басымдылығы, немесе ерлер мен әйелдердің рөлінің стереотиптігі идеясына негізделген ерлер мен әйелдердің мінез-құлқының әлеуметтік және мәдени моделін ескішілдікті жоюда, салттарды және басқа дағдыларды қысқартуда жетістікке жету мақсатында өзгерту;

ә) Ұрықтық тәрбиелеу әлеуметтік функция ретінде ана болуды дұрыс түсінуді қамтуын қамтамасыз ету және өз балаларын тәрбиелеу мен өсіруіне ерлер мен әйелдердің ортақ жауапкершілігін барлық жағдайда балалардың мүддесі жоғары болу шарты орындалғанда мойындау.

6-бап

Қатысушы мемлекеттер әйелдер саудасының барлық түрін және әйел жезөкшелігін жоюға, заңды түрді қоса, барлық тиісті шараларды қолданады.

7-бап

Қатысушы-мемлекеттер еліміздің саяси және қоғамдық өміріндегі әйелдерге қатысты кемсітуді жоюға сәйкес шаралар қолдануда және көбінесе, әйелдерге ерлермен тең жағдайда құқық берілуде:

а) барлық сайлауда және ашық референдумдарда сайлауға қатысуы, және барлық халық сайланатын органдарға сайлануына;

б) үкімет саясатының құрылуы мен іске асуына қатысу және мемлекеттік қызмет орындарына орналасуға, сонымен қатар мемлекеттік басқарудың барлық деңгейінде мемлекеттік қызметті атқаруға;

с) елдің саяси және қоғамдық өмірінің проблемасымен айналысатын мемлекеттік емес ұйымдар мен ассоциациялардың ісіне қатысуға.

8-бап

Қатысушы мемлекеттер әйелдерге халықаралық деңгейде өз үкіметінің өкілі болуға және халықаралық ұйымдардың жұмыстарына қатысуға ешқандай кемсітусіз, ерлермен тең құқық беру мүмкіндігін қамтамасыз етуге барлық шараларды қабылдайды.

9-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер әйелдерге азаматтығын алуға, өзгертуге немесе сақтап қалуға ерлермен тең құқық береді. Олар, шетел азаматымен некелескенде және некеде тұрғанда күйеуінің азаматтығының ауысуы бірден әйелінің азаматтығының ауысуына, азаматтығы жоқ тұлғаға айналуына жол бергізбеуді қадағалайды және күйеуінің азаматтығын қабылдауға мәжбүр еткізе алмайды.

2. Қатысушы-мемлекеттер әйелдерге олардың балаларының азаматтығына байланысты ерлермен бірдей құқық береді.

10-бап

Қатысушы-мемлекеттер білім саласында әйелдерге ерлермен тең құқық беру үшін әйелдерге қарсы кемсітуді жоюға барлық шараларды қабылдайды, көбінесе ерлер мен әйелдердің тең құқығын мына негізде қамтамасыз етеді:

а) барлық санатта, ауылды және қалалы жерлерде кәсіпті немесе мамандықты таңдап оқуға түсуіне және диплом алуына тең мүмкіндігін; бұл теңдік мектепалды, орта, арнайы және техникалық білімді және де кәсіби дайындықтардың барлық түрінде қамтамасыз етіледі;

ә) бірдей оқу бағдарламасын алуға, бірдей емтихан тапсыруға, бірдей білікті оқытушылар тобында оқуға, тең сапалы жабдықтарды қолдану мен мектептерде оқуға мүмкіндігі;

б) оқытудың барлық түрлерінде және деңгейінде ерлер мен әйелдердің рөлінің кез келген стереотипті тұжырымдамасын бірге оқыту және бұл мақсатқа жетуге көмектесетін оқытудың басқа түрлері жолымен, көбінесе оқу құралдарын және мектеп бағдарламаларын қайта қарау және оқу әдістеріне бейімделу жолымен жою;

в) стипендия және басқа білім жәрдемақыларын алуда бірдей мүмкіндігі;

г) оқуды жалғастыру бағдарламаларына, үлкендер арасына сауаттылықты тарату бағдарламасы және ерлер мен әйелдердің арасындағы білімнің алшақтығын қысқартуға арналған функционалдық сауаттылық бағдарламасын қосқандағы тең мүмкіндіктері;

ғ) мектеп бітірмеген қыздар санын қысқарту және мерзімінен бұрын мектептен кеткен қыздар мен әйелдерге бағдарлама дайындау;

д) белсенді спортпен айналысуда және дене тәрбиесінде бірдей мүмкіндіктер;

е) білім сипатындағы арнайы ақпаратты жанұяның тұрмыс халін және денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында алу, сонымен қоса жанұяның көлемді жоспары туралы ақпарат және консультация алу мүмкіндігі.

11-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер әйелдерге қарсы кемсітуді жойып, жұмыспен қамту саласында ерлер мен әйелдердің тең құқығы

негізінде құқығын беру үшін барлық шараларды қабылдайды, соның ішінде:

а) жұмысқа құқығын адамдардың тартып алынбайтын құқығы ретінде;

ә) жұмысқа қабылданғанда бірдей мүмкіндікке құқығы, сонымен жұмысқа қабылдау кезінде бірдей критерий қолдану;

б) мамандықты немесе жұмыс түрін еркін таңдау, қызметінің алға басуы және жұмыспен қамту кепіліне, сонымен қатар жұмыс жеңілдіктері мен шарттарын қолдану, кәсіби дайындық және қайта дайындық алуға, үйренушілікті қоса, біліктілігін арттыруға кәсіби дайындау және уақтылы қайта даярлану құқығы;

в) тең сыйақы алуға, жеңілдік алуды қоса, тең бағалы еңбекке байланысты тең шарттар, сондай-ақ жұмыс сапасын бағалауда тең әдістемелеу құқығы;

г) зейнетке шығуға, жұмыссыздыққа, ауруға, мүгедектікке, кәрілікке және де басқа жағдаймен жұмыс қабілетін жоғалтуына байланысты әлеуметтік қамтамасыз етілу құқығы, сонымен қатар ақы төленетін демалысқа шығу құқығы;

ғ) денсаулықты қорғауға және қауіпсіз жұмыс шарттарына, сонымен қатар ісін жалғастыру функциясын сақтауға құқығы.

2. Күйеуге шығуын немесе ана болуына байланысты әйелдерге қарсы кемсітудің алдын алу үшін және оларға еңбекке тиімді құқығына кепіл беруге қатысушы-мемлекеттер үйлесімді шараларды қабылдайды:

а) санкция қолдану қаупімен жүктілікке байланысты немесе жүктілік демалысқа шығуына және тууына байланысты жұмыстан шығаруды немесе отбасы жағдайына байланысты жұмыстан шыққанда болатын кемсітуге тыйым салу;

ә) жұмыс орнын, қызмет дәрежесін немесе әлеуметтік жәрдемақыларды жоғалтпайтындай етіп, жүктілігі және тууына байланысты ақы төленетін немесе әлеуметтік жәрдемақыларымен салыстыруға болатын демалыстарды енгізу;

б) Ата-аналардың отбасылық міндеттері мен еңбек қызметін және қоғамдық өмірге қатысуын бірлестіру үшін керекті қосымша әлеуметтік қызметтерді көтермелеу, әсіресе балаларды күту мекемелері жүйесін құру және кеңейту көмегімен;

в) әйелдерге жүкті кезінде денсаулығына зиян келтіретіні дәлелденген жұмыс түрлерінде арнайы қорғауды қамтамасыз ету.

3. Осы бапта айтылған құқықты қорғауға қатысты заңнамалар қайта-қайта ғылыми-техникалық тұрғыдан қаралады, сонымен қатар керектігіне қарай қайта қарастырылады, өзгертіледі немесе кеңейтіледі.

12-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер әйелдерге қарсы кемсітуді жойып, денсаулық сақтау салаласында ерлер мен әйелдердің тең құқығы негізінде әйелдерге медициналық қызмет көрсетуі үшін барлық шараларды қабылдайды, соның ішінде отбасы көлемін жоспарлауға қатысты.

2. Осы баптың 1-тармағының қағидасына байланыссыз қатысушы-мемлекеттер жүктілік, туу және туғаннан кейінгі мерзімде тиісті қызмет көрсетеді, керек болған жағдайда тегін қызмет, сонымен қатар жүкті және емізулі мерзімінде керекті тағамдармен қамтамасыз етеді.

13-бап

Қатысушы-мемлекеттер әйелдерге қарсы кемсітуді жойып, әлеуметтік және экономикалық өмірдің басқа салаларында ерлер мен әйелдердің тең құқығы негізінде құқығын беру үшін барлық шараларды қабылдайды, соның ішінде:

- a) отбасылық жәрдемақыға құқығы;
- b) қарыздар, жылжымайтын мүлікке ссудалар және басқа да қаржы несиелерін алуға құқығы;
- c) демалу, спортпен шұғылдану және мәдени өмірдің барлық саласындағы шараларға қатысу құқығы.

14-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер ауылды жерде тұратын әйелдер кездестіретін қиын мәселелерге және отбасының экономикалық әл-ауқатын қамтамасыз етуіндегі рөліне, сонымен қатар тауарлы емес шаруашылық саласындағы қызметіне аса назар аударады, және ауыл аймағында тұратын әйелдерге осы Конвенциядағы қағидаларды қолдануды қамтамасыз ету үшін барлық тиісті шараларды қолданады.

2. Қатысушы-мемлекеттер ауыл аймақтарында әйелдерге қарсы кемсітуді жойып, ерлер мен әйелдердің тең құқығы негізінде ауыл

аймақтарын дамытуға қатысуына және мұндай дамытудан пайда алуына барлық шараларды қабылдайды, әсіресе мұндай әйелдерге мынадай құқықтар қамтамасыз етіледі:

а) даму жоспарларын құруға және барлық деңгейде орындалуына қатысу;

ә) тиісті медициналық қызмет көрсетуді, соның ішінде ақпарат, кеңес және отбасын жоспарлау мәселесі бойынша қызмет көрсетуді алу мүмкіндігі;

б) әлеуметтік сақтандыру бағдарламаларының игіліктерін тікелей қолдану;

в) формальды және формальды емес білімнің барлық дайындық түрлерін, соның ішінде функционалды сауаттылықты алу, сонымен қатар қауымдық қызмет көрсетудің, ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша кеңес беру қызметінің, әсіресе олардың техникалық деңгейін көтеру үшін, қызметін қолдану;

г) жұмысқа жалдану немесе тәуелсіз жұмыс қызметі арқылы экономикалық мүмкіндіктерге тең мүмкіндікті қамтамасыз үшін кооперативтер мен өз-өзіне көмектесетін топтарын құру;

ғ) барлық ұжымдық шараларға қатысуға;

д) ауылшаруашылық несиелері мен қарыздарын алу, өтем жүйелеріне, тиісті технологияларға және жер және аграрлық реформаларда, және де жерлерге қайта көшіру жоспарларында тең мәртебе мүмкіндігі;

е) тиісті тұрмыс жағдайларын, әсіресе үй жағдайлары, санитарлық қызметтерді, электр және су жабдықтарын, сонымен қатар көлікті және байланыс құралдарын қолдану.

15-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер заң алдында әйелдердің ерлермен теңдігін мойындайды.

2. Қатысушы-мемлекеттер әйелдер мен ерлерге бірдей азаматтық құқық қабілетін береді және оны орындауға бірдей мүмкіндік береді. Әсіресе олар келісім шарттарын жасағанда және мүлікті меңгергенде тең құқықты, сонымен қатар оларға сотта және трибуналда талқылану кезеңдерінде соттың бірдей көңіл бөлуін қамтамасыз етеді.

3. Қатысушы-мемлекеттер құқықтық салдарынан әйелдердің құқықтық мүмкіндігіне шек қоятын барлық келісім шарттар

және кез келген түрдегі барлық жеке құжаттарды жарамсыз деп саналатынына келіседі.

4. Қатысушы-мемлекеттер тұлғалардың қозғалуына және тұрғылықты орнын және мекен-жайын еркін таңдауға қатысты заңнамаларда ерлер мен әйелдерге тең құқық береді.

16-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер әйелдерге қарсы кемсітуді, некелесу және отбасылық қатынастар туралы мәселелерді жоюды қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдайды, соның ішінде ерлер мен әйелдердің тең құқығы негізінде қамтамасыз етеді:

а) некеге тұруға тең құқылығы;

ә) жарын еркін таңдауға және некеге өзінің еркін және толық келісімімен тұруға тең құқықтары;

б) некеде тұру уақытында және некеден ажырасу кезіндегі тең міндеттері мен құқықтары;

в) балаларға қатысты мәселелерде отбасылық жағдайларға байланыссыз ерлер мен әйелдердің ата-ана ретінде тең құқықтары мен міндеттері;

г) балалардың саны және олардың туылуы арасындағы аралықты еркін және жауапты түрде шешуге тең құқығы және оларға бұл құқықты орындалуына мүмкіндік беретін ақпараттарға, білімге және әдістерге мүмкіндігі болуы;

ғ) балаларға қамқоршы, тәрбиеші, сенім беруші және асырап алушы болу немесе олар ұлттық заңнамаларда қарастырылған ұқсас қызметтерді жүзеге асырғандағы тең құқықтары мен міндеттері, барлық жағдайда балалардың мүдделері басым болады;

д) бірдей әйелі мен күйеуінің жеке құқығы, сонымен қатар тегін, мамандығы мен кәсібін таңдау құқығы;

е) ерлі-зайыптылардың мүлікті тегін және ақылы иеленуге, алуға, менгеруге, қолдануға және басқаруға тең құқығы.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	3
1 ТАРАУ. Адам құқықтары: түсінігі мен мәні	
1.1. Адам құқықтарының түсінігі мен генезисі.....	7
1.2. Адам құқықтары және құқықтық мемлекет.....	19
1.3. Адам құқықтары және әлеуметтік мемлекет.....	23
2 ТАРАУ. Тұлғаның құқықтық мәртебесі	
2.1. Құқықтық мәртебе: ұғымы және құрылымы.....	27
2.2. Азаматтық. Азаматтықты алу және тоқтату.....	37
2.3. Адам құқықтарының «ұрпақтары».....	44
3 ТАРАУ. Адам құқықтарын қорғау тетіктері мен халықаралық институттары	
3.1. Халықаралық қатынастар тарихындағы адам құқықтары.....	49
3.2. Адам құқықтарын қорғау жөнінде халықаралық институттар.....	56
3.3. Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық тетіктері.....	64
4 ТАРАУ. Халықаралық құқықтағы индивидтің құқықтық жағдайы	
4.1. Индивидтің халықаралық құқықсубъектілігі.....	69
4.2. Индивидтің құқықсубъектілігі және оның халықаралық құқықты бұзу қылмыстары үшін жауаптылығы.....	74
4.3. Халықаралық Қылмыстық Сот. Құрылуы мен өкілеттіліктеріне алғышарттар.....	81
5 ТАРАУ. Адам құқықтары және Қазақстан Республикасының Конституциясы	
5.1. Адам құқықтарының сақталуы жөнінде мемлекеттік бақылау жүйесі.....	87
5.2. Адам құқықтары мен бостандықтарын шектеу үшін жалпы негіздер.....	95
5.3. Адам құқықтарын қамтамасыз ететін негізгі қағидалар....	102

6 ТАРАУ. Қазақстан Республикасында әйелдердің құқықтарын қорғаудың ұлттық тетіктері	
6.1. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету құқығы.....	107
6.2. Қазақстан Республикасында гендерлік теңдікке жету бойынша шаралар.....	115
6.3. Әйелдерге зорлық-зомбылық көрсетудің қылмыстық-құқықтық мәселелері.....	121
7 ТАРАУ. Қазақстан Республикасында баланың құқықтарын қорғаудың ұлттық тетіктері	
7.1. Бала құқықтарын халықаралық-құқықтық қорғау.....	127
7.2. Қазақстан Республикасында баланың құқықтарын қорғау.....	134
7.3. Балалардың қылмыстылығы және профилактика мәселелері.....	143
8 ТАРАУ. Мүмкіндіктері шектелген тұлғалардың құқықтарын қорғаудың ұлттық тетіктері	
8.1. Мүгедектердің құқықтарын халықаралық-құқықтық қорғау.....	149
8.2. Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қорғау.....	157
8.3. Мүгедек балалардың және қариялардың құқықтарын қорғау.....	164
9 ТАРАУ. Қазақстан Республикасында сотталғандардың құқықтарын қамтамасыз ету	
9.1. Пенитенциарлық жүйе саласындағы адамның құқықтары. Адамның қамауда тиісті дәрежеде ұсталуына құқығы.....	169
9.2. Соттың үкімдері мен қаулыларын орындау кезіндегі азаматтың құқықтары.....	175
9.3. Бас бостандығынан айыру орындарында адам құқықтарын қамтамасыз ету.....	182

10 ТАРАУ. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар

- 10.1.** ҚР Президенті — адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету кепілдігі.....189
- 10.2.** Конституциялық Кеңес — адам және адамзат құқықтарын қорғайтын орган.....199
- 10.3.** Адам құқықтары мен бостандықтарын әкімшілік-құқықтық қамтамасыз ету.....204

11 ТАРАУ. Халықаралық және ұлттық үкіметтік емес құқық қорғаушы ұйымдар

- 11.1.** Халықаралық үкіметтік емес құқық қорғаушы ұйымдар.....211
- 11.2.** Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл — омбудсман институты.....220
- 11.3.** Адам құқықтарын қорғау жөніндегі Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдары және азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін пайдалану.....225

12 ТАРАУ. Адам құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау

- 12.1.** Сот адам құқықтарын қорғайтын орган ретінде.....231
- 12.2.** Мемлекеттік органдардың әрекеттері мен шешімдеріне жүргізілетін сот бақылауы.....237
- 12.3.** Сот әділдігінің қағидалары. Сот әділдігін жүзеге асыру барысында адамның құқықтары мен бостандықтарының процессуалдық кепілдіктері.....243

13 ТАРАУ. Прокуратура — адам құқықтарын қорғайтын мемлекеттік орган

- 13.1.** Адам құқықтарын қорғау тетігіндегі прокуратураның орны мен рөлі.....253
- 13.2.** Адам құқықтарын қорғау бойынша прокурорлық қадағалаудың басым бағыттары.....259
- 13.3.** Соттың қылмыстық және азаматтық істерді қарау, сондай-ақ әкімшілік және атқарушылық өндіріс барысында азаматтардың құқықтарын қорғау.....265

14 ТАРАУ. Адвокатура — адам құқығын кәсіби қорғайтын қызмет	
14.1. Азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығы.....	273
14.2. Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің қағидалары.....	279
14.3. Адвокаттың құқықтық мәртебесі. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері.....	286
15 ТАРАУ. Исламдағы адам құқықтары	
15.1. Ислам негіздері.....	293
15.2. Исламдағы адам құқықтары.....	299
15.3. Исламдағы жекелеген адам құқықтарының сипаттамасы....	302
Қорытынды.....	310
Ұсынылатын құқықтық актілер және ғылыми әдебиеттер.....	312
Глоссарий.....	318
Бағдарлама «Адам құқықтары және оларды қорғаудың тетіктері» оқу курсы.....	324
Нормативтік актілер мен әдебиеттер.....	330
Қосымшалар.....	334

Майгуль Сагиндыкқызы Кемали

**АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ
ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ
ТЕТІКТЕРІ**

Оқу құралы

Редакторы

Н. Н. Жансеитов

Корректоры

Б. М. Джампеисова

Беттеуші

А. А. Сляднева

Дизайнер

А. В. Милованов

ISBN 9965-830-29-0



Басуға 21.04.2019 қол қойылды. Офсеттік басылыс.
Пішімі 60×84^{1/16}. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».
Шартты баспа табағы 24,75.
Таралымы 700.

«NURPRESS» баспасы
050057 Алматы қ.,
Жандосов к-сі, 58 үй, 204 оф.
Тел.: +7 (727) 226-03-29.
Тел.: +7 (707) 226-03-29.
E-mail: nurpress@mail.ru
www.nurpress.kz

«Курсив» ЖШС баспаханасында басылған